



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ



# БОЛА ШАҚТЫ ЖЕТКІЗЕ

БОЛАШАҚТЫ **ЖЕТКІЗЕ**  
**DELIVERING** FUTURE

Біріктірілген ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

---



# МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| Алғы сөз.....   | 2  |
| «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобының<br>нарықтағы орны ..... | 5  |
| Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі .....                   | 6  |
| Басқарма төрағасының үндеуі .....                             | 8  |
| «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының өсу тарихы ..          | 12 |
| Негізгі оқиғалар .....  | 14 |
| Негізгі индикаторлар .....                                    | 18 |

## 1 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

|   |    |
|---|----|
| «Қазақтелеком» АҚ-ның<br>ұйымдық құрылымы ..... | 23 |
| Еншілес компаниялар .....                       | 26 |
| Бизнес-портфель .....                           | 28 |

## 2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

|  |    |
|--|----|
| Миссия және Пайым.....                       | 32 |
| Негізгі стратегиялық бағыттар.....           | 34 |
| SERPIN трансформация бағдарламасы ..         | 36 |
| Құндылықтар .....                            | 38 |
| Тұрақты даму саласындағы<br>бастамалар ..... | 39 |
| Реттеуші ортаға шолу .....                   | 40 |
| Өзекті ғаламдық тренділер .....              | 42 |
| Телекоммуникация нарығына шолу .....         | 44 |

## 3 БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЛЫҚ ШОЛУ

|   |    |
|---|----|
| Қызмет сегменттері бойынша шолу.....              | 50 |
| Бөлшек бизнес .....                               | 50 |
| Корпоративтік бизнес.....                         | 54 |
| Жаңа бизнестер және инновациялық<br>жобалар ..... | 60 |
| Ақпараттық технологиялар .....                    | 64 |
| Инфрақұрылымды және желіні дамыту ..              | 66 |
| Қызметтің қаржылық нәтижелері.....                | 68 |
| Сатып алу практикасы.....                         | 72 |

## 4 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП

|  |     |
|--|-----|
| Тұрақты дамуды басқару.....  | 76  |
| Тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру бағдарламасы..... | 81  |
| БҰҰ тұрақты даму саласындағы мақсаттар.....                        | 86  |
| Мүдделі тараптармен әрекеттесу.....                                | 91  |
| Маңыздылықты талдау.....   | 94  |
| Қауымдастықтарға мүшелік.....                                      | 94  |
| Әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар.....                   | 96  |
| Персоналды басқару.....  | 98  |
| Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік.....                    | 111 |
| Жарақаттану статистикасы.....                                      | 112 |
| Әлеуметтік жауапкершілік.....                                      | 113 |
| Қоршаған ортаны қорғау.....  | 114 |

## 5 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

|                                   |     |
|-----------------------------------|-----|
| Корпоративтік басқару жүйесі..... | 122 |
| Капитал құрылымы.....             | 124 |
| Дивидендтік саясат.....           | 125 |
| Акционерлердің жиналысы.....      | 125 |
| Ақпаратты ашып көрсету.....       | 125 |
| Директорлар кеңесі.....           | 125 |
| Корпоративтік хатшы.....          | 140 |
| Басқарма.....                     | 141 |
| Ішкі аудит.....                   | 152 |
| Комплаенс.....                    | 153 |
| Корпоративтік әдеп.....           | 153 |
| Тәуекелдерді басқару.....         | 154 |

## 6 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

|  |     |
|--|-----|
| Шоғырландырылған қаржылық есептілік..... | 162 |
|--|-----|

## 7 ҚОСЫМШАЛАР

|  |     |
|--|-----|
| Байланыс ақпараты.....                               | 256 |
| Глоссарий.....                                       | 256 |
| Есеп туралы.....                                     | 258 |
| GRI индексі.....                                     | 259 |
| Қызығушылық туындайтын мәмілелер туралы ақпарат..... | 262 |



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

2020 ONLINE

# БОЛА ШАҚТЫ ЖЕТКІЗЕ





# ТЕЛЕКОМНЫҢ ЖАҢА БОЛМЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РӨЛІ

Өткен 2020 жыл адамзат тарихында жаңа бір сынақ кезеңі ретінде есте қалды – коронавирус пандемиясы адамдардың өзара қарым-қатынасын барынша шектеп қана қоймай, экономиканың кейбір салаларының жұмысын уақытша тоқтатып қойып, басқа секторлардың технологиялық мүмкіндіктеріне басқаша қарауға мәжбүрледі. Кеше ғана әлі бола қоймайтындай көрінген нәрселер – жаппай дерлік қашықтан жұмыс істеп, білім алуға көшу, телемедицина – бір сәтте-ақ айтарлықтай қысқа мерзімге болса да, баламасыз шындыққа айналды.

Қазақстан әлемнің басқа елдері сияқты аз ғана уақытта жаңа өмір талабына бейімделуге мәжбүр болды. Егер еліміздің ең күрделі жағдайда уақыт, қоғам және экономика талабына сай өзгере алатын, өз дамуын жалғастырып, тұрақты даму үрдістеріне мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарынан бастап мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарға дейін өз абоненттерін тартатын, дамыған телеком саласы болмағанда, осы ауыр кезеңдегі экономикалық шығындары әлдеқайда жоғары болар еді.

Былтыр біз дәл осындай алғысөзімізде интернет заттары, ақылды үйлер мен қалалар, киберспорт, бұлтты бейнебақылау және электрондық коммерция түріндегі цифрлық ақиқат қазақстандықтардың қиялынан асып түсетіні туралы айтқан болатынбыз. Бір жылдан соң, бұл цифрлық ақиқат қазақстандықтар үшін күнделікті цифрлық болмысқа айналды деп сеніммен айта аламыз, және бұл тұрғыдан қазақстандық телеком нарығының ең ірі ойыншысы – «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы көп еңбек сіңірді.

Компанияның бірнеше жыл бұрын қабылданған даму стратегиясының тактикасы нарықта жаңа табысты тауашаларды қалыптастыру үшін клиенттердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескеру мүмкіндігін

қарастырды. Пандемия кезінде компанияның осындай тәсілі «Қазақтелекомның» тұрақтылығы мен табыстылығын сақтап қана қоймай, дәстүрлі бизнес жүргізу мүмкіндіктерінен айрылған көптеген нарықтық құрылымдардың жұмысын қолдау үшін негіз болды. Біз кәсіпкерлердің өзара әрекеттесуін жай қолдап қана қойған жоқпыз – біз жасаған ISMET.KZ алаңы олардың контрагенттермен және олардың тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатуға арналған фронт-кеңсемен өзара әрекеттесуі үшін жұмыс платформасына айналды.

Дәл осындай тәсілдер бізге өз абоненттеріміз – жеке тұлғалар үшін таптырмайтын көмекшіге айналуымызға мүмкіндік берді. Оқу, тілдесу, өз бос уақытын ұйымдастыру, сатып алу, жеке банк шоттарын басқару – бұл өткен жылы азаматтарымыздың басым бөлігі бізге сенім артып, біз кепілдей алатын сапамыз бен қауіпсіздігімізге сеніп, онлайн режимде жүзеге асырған күнделікті істердің шағын ғана бөлігі. Біз олардың сенімін толығымен ақтадық. Сондай-ақ цифрлық келешекте ескірген бірақ сәнді болып көрінетін кейбір заттардан бас тарту орынды ма деген мәселедегі ұстанымыңыздың дұрыстығына нақты дәлелдің барлығына көз жеткіздік: өткен жылдың бірінші жартыжылдығында абоненттер сымды байланысты қалпына келтіруге қайта орала бастады.

Адамдардың ұзақ уақыт бойы үйде болуымен байланысты болған бұл үдеріс сымды байланыстың дәуірі әлі бітпегенін көрсетті. Болашақта қашықтан жұмыс істеу тәсілі форс-мажорлық жағдайдың салдарынан одан бетер таралып қана қоймай, жалпыға бірдей нормаға айналары анық. Кәбілдік қосылыс, әсіресе, оны ұялы байланыс, цифрлық ТВ және кең жолақты қолжетімділік қызметімен бірге бір ұсынысқа біріктірілген күйінде алу бұрынғыдай кеңінен сұраныста болады. «Ескі» технологиялар

*Сіздің назарыңызға «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі техникалық, қаржылық және салалық көрсеткіштерімен 2020 жылға арналған жылдық есебі ұсынылып отыр. Онда біздің дамуымызға, сондай-ақ еншілес компанияларымыздың дамуы мен қызметіне әсер еткен маңызды оқиғалар мен шешімдер туралы толық айтылады.*

жаңа өнімдермен ұтымды үйлесіп, бір-бірін толықтыратын осындай топтамаларды біз нарықта табысты сатып келеміз және компания барлық тұрғыдан оңай болмаған өткен жылдың өзінде қол жеткізе алған қаржылық табыстың бір бөлігі болып табылады.

Сіздің назарыңызға «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі техникалық, қаржылық және салалық көрсеткіштерімен 2020 жылға арналған жылдық есебі ұсынылып отыр. Онда біздің дамуымызға, сондай-ақ еншілес компанияларымыздың дамуы мен қызметіне әсер еткен маңызды оқиғалар мен шешімдер туралы толық айтылады. Дәстүр бойынша бұл құжатта ұялы деректер беру саласындағы жаңа технологияларды енгізу және кеңінен пайдаланумен байланысты келер кезеңге арналған жоспарлар қамтылады. Бізде іс жүзінде интернет заттары және Big Data саласында көптеген зерттемелер мен ұсыныстар бар. Бұл ретте біз бұл жобалардың базалық инфрақұрылымсыз іске асырылмайтынын есімізден шығармаймыз, біз нарықтағы ірі ойыншы ретінде аталған базалық инфрақұрылымды барлық абоненттерге, тіпті еліміздің ең шалғай жерлерінде де ұсынуға міндеттіміз.

Осыған байланысты, өткен жылы компаниямыз үшін талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясының көмегімен Қазақстанның ауылдық елді мекендерін интернетке кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жобаның табысты аяқталуы зор мақтанышқа айналды. Карантин тәртібіне байланысты барлық қиындықтарға қарамастан, біз бұл жобамен жұмысты бір күнге де тоқтатқан емеспіз – енді 14,38 мың шақырым оптикалық талшық тартылғаннан кейін, Қазақстан халқының 99,3%-ы жоғары жылдамдықты және үздіксіз интернетке қолжетімділікке ие. Бұл тұста әңгіме біздің аталған ауылдардың 2,5 миллион тұрғынына қаламен бірдей мүмкіндік бергенімізде емес, олардың осы мүмкіндіктерді белсенді пайдаланып, үйреншікті өмір салтын өзгерте бастағандығы әлдеқайда маңыздырақ.

Бұл тұрғыдан біз Алматы облысындағы алғашқы ауылдық интернет-дүкеннің пайда болуын өзіміздің кішкене жеңісіміз деп есептей аламыз, онда бір іскер әйел біздің желіміздің көмегімен интернет-ресурс арқылы тауар жеткізілімін ретке қойып, ауылдастары мен маңайдағы ауыл тұрғындарының

тапсырыстарын WhatsApp мессенджері арқылы қабылдай бастады.

Жақын арада «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2/Altel) ұялы операторлары тұрғындарының жалпы саны 600 мың адамнан тұратын еліміздің тағы 1 000 елді мекенінде біз өткізген оптикалық талшық желілеріне өз базалық станцияларын қосу негізінде кең жолақты қолжетімділікті іске қоспақ. Сонда осындай кішкене жеңістеріміздің саны ондап, жүздеп, мыңдап есептелетін болады.

Адам санасын өзгерту тұрғысынан дәл осындай кішкене жеңістер қазіргі кезде телеком-компаниялардың басты мақсаттарының біріне, олардың жаңа болмыстағы жаңа рөліне айналады: біз өзіміз өзгеріп қана қоймай, бізді қоршаған болмысты да өзгертуіміз керек. Біздің дамуымыз тек айналамыздағы әлем бізбен бірге дами бастаған кезде ғана шынымен қажет болады. Бұл үшін жауапкершілік бүгінде телекоммуникациялық сектордың компанияларына жүктеледі. «Қазақтелеком» еліміздің күнделікті өміріне LoRaWan технологиясы негізінде Smart City инновациялық технологиясын енгізе отырып, аталған жаңа болмыс құрылысын жоспарлы түрде жалғастырып келеді және жаңа 5G стандарты желілерін өрістетуге дайындықты жүзеге асыруда.

Осындай өршіл жоспарларды іске асырудағы біздің мүмкіндіктеріміз бас компанияның қызметі мен оның ұялы активтерінің синергиясы есебінен айтарлықтай кеңейді. Стратегиямыздың іс жүзінде іске асырылуы Fitch Ratings рейтингтік агенттігі тарапынан танылды, агенттік 2020 жылдың маусым айында Топтың нарықтағы орнын бекіту нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингінің деңгейін BBB – инвестициялық деңгейіне дейін («Тұрақты» болжамы) көтерді. Ағымдағы жылы біз қызметіміздің сапасын жетілдіруді жалғастыра отырып, халықаралық бақылаушылар мен қазақстандық клиенттердің сенімін ақтауға ниеттіміз, бұл бүкіл компаниялар тобы үшін қашан да негізгі міндет болып табылады. Сонымен қатар, біз «Қазақтелеком» өз абоненттерінің сауалдары негізінде бейнесін анық суреттеп берген цифрлық болашақтың құрылысын жалғастыру үшін, күшімізді жеке және корпоративтік секторға арналған цифрлық қызметтер портфелін кеңейтуге жұмылдырамыз.



**237**

ҚАЛАЛАР МЕН  
ОРТАЛЫҚ  
ӨҢІРЛЕРДЕ  
БОЛУЫ

**68%**

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ  
КОМПАНИЯЛАР  
ТОБЫНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ  
ҮЛЕСІ

**91%**

ТІРКЕЛГЕН  
ТЕЛЕФОНИЯ

**75%**

ТІРКЕЛГЕН  
ИНТЕРНЕТ

**78%**

МОБИЛЬДІ  
НАРЫҚ

**40%**

АҚЫЛЫ ТВ

**54%**

ОПЕРАТОРЛЫҚ  
БИЗНЕС

**82+** мың км

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
БАРЛЫҚ АУМАҒЫ  
БОЙЫНША ТАЛШЫҚТЫ-  
ОПТИКАЛЫҚ ЖЕЛІЖОЛ

**16%**

АКТ ҚЫЗМЕТТЕР

**81%**

ТҰРҒЫНДАРДЫ LTE  
ЖЕЛІСІМЕН ҚАМТУ  
**13,000+**  
базалық стансы

**25**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ  
ДАТА-ОРТАЛЫҚ

**78%**

ӘЛЕУМЕТТІК  
ТҰРАҚТЫЛЫҚ  
ИНДЕКСІ

**246** <sup>337</sup>  
млн  
тг

ЕБИТДА

**46,7%**

ЕБИТДА MARGIN

«Қазақтелеком» АҚ компаниялар

ТОБЫНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ОРНЫ

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР, КЛИЕНТТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

2020 жыл белгілі себептермен халқымыз үшін, ел бизнесі үшін, жалпы мемлекет үшін оңай болмады. Коронавирус пандемиясы және оған байланысты карантиндік, шектеу шаралары еліміздің телекоммуникация секторы үшін күрделі сын-тегеурінге айналды. Менің ойымша, осындай күрделі жағдай-

да жүктеменің барынша артуына қарамастан, «Қазақтелеком» желінің үздіксіз жұмыс істеуін, сондай-ақ клиенттерге қолдау көрсету мақсатында әртүрлі іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз ету арқылы өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқара алды.

**Бүгінде адамдар әлем енді бұрынғыдай болмайтынын түсінді, айналамыздың бәрі – адамдардың өмір салты мен тұтынушылық талғамдары, бизнес пен мемлекеттің жұмыс форматы сәт сайын өзгеруде. Маңызды өзгерістер бүгінде қарқынды әрі жоғары технологиялық орта болып табылатын бизнес-ландшафттың өзгеруімен қатар жүретіні әбден орынды. Телеком-операторлар жай ғана байланыс қызметін жеткізуші болуын қойып, бизнестің жаңа түрлері үшін толық бағалы экожүйеге айналды.**

Компанияның 2019 жылы жаңартылған Стратегиясы мен SERPIN трансформациялау бағдарламасы аясында «Қазақтелеком» негізгі бизнесті цифрлық трансформациялаудан өткізіп, ірі ойыншылармен серіктестікте байланысты салаларға шығуға қадам жасауда. Компания нарыққа интернет-телевидение сервистерін, бұлтты технологиялар негізіндегі өнімдерді шығарып, мобильді деректер беру желілерінің құрылысын жүргізеді. Сайып келгенде, бұл бізге стратегиялық даму бағыттарында бірінші таңдау бренді, цифрлық платформа және тиімді компания ретінде табысқа жетуге мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» қызметінің маңызды бағыты мемлекетпен серіктестік және өңірлерде цифрлық экономиканы дамыту болып табылады. Мемлекетпен қауымдасудың табысты әрі маңызды үлгілерінің бірі ретінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ауылдық елді мекендердегі талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын атауға болады. Компания қызметкерлерінің күш салуы мен табанды еңбегінің арқасында 837 ауылда 14,3 мыңнан астам шақырымдық «оптика» тартылып, 2,5 мың мемлекеттік орган мен бюджеттік ұйым кең жолақты интернетке қосылды. Бұл жобаны, оның ауқымы мен іске асыру мерзімдерін ескере отырып, бірегей деп атауға барлық негіз бар. Компания бұнымен шектеліп қоймай, мобильді байланыс операторларымен ынтымақтастықта тағы бір әлеуметтік маңызы бар «250+» бағдарламасын іске асыруға кірісіп кетті.

Бұл Қазақстанның ең шалғай жерлеріне жаңа технологиялардың және цифрлық өмір салтының келетінін білдіреді.

Осы шаралардың барлығы компанияның нәтижелеріне әсер етпей қоймайды. Есепті 12 айда барлық дерлік негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер өсті, ал жекелеген санаттар бойынша олардың айтарлықтай асыра орындалуы қамтамасыз етілді.

Қорыта келе, компаниямыздың әр қызметкеріне жаңа биіктіктерге қол жеткізіп, болашаққа зор үмітпен қарауға мүмкіндік берген тиімді әрі жемісті жұмыстары үшін алғыс білдіргім келеді. 2021 жыл біз үшін белсенді даму және жаңа мүмкіндіктер жылы болады деп сенемін. Біз мемлекеттің, халқымыздың және бизнестің таптырмайтын сенімді серіктесі бола аламыз және болуымыз керек. Бұған «Қазақтелекомның» ниеттес кәсіби командасының, озық цифрлық біліктілігі мен технологияларының болуы септігін тигізеді.

Құрметпен,  
«Қазақтелеком» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы  
Н. Байдеулетов



*Есепті 12 айда барлық дерлік негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер өсті, ал жекелеген санаттар бойынша олардың айтарлықтай асыра орындалуы қамтамасыз етілді.*



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР, КЛИЕНТТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Компаниямыз өткен жылы өз акционерлері алдына қойған барлық міндеттерді орындап қана қоймай, теңдессіз күрделі жұмыс жағдайына қарамастан, өзінің цифрлық инфрақұрылымын табысты дамытуын және нарықтағы жаңа тауашаларды игеруін жалғастырды. 2020 жыл адамзат тарихына бүгінге дейін беймәлім болып келген экономикалық сын-тегеуріндер кезеңі ретінде кіретіндігіне сенімдімін, оларға лайық жауап қайтару тек шын мәнінде мықты әрі тұрақты нарықтық құрылымдардың қолынан келді. «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы биылғы жылы солардың қатарында болу құқығын шүбәсіз дәлелдей алды деп зор сеніммен айта аламын!

2020 жыл қазақстандық экономика үшін жаңа коронавирус пандемиясы салдарынан аса күрделі болғаны баршаға мәлім: күрделі эпидемиологиялық жағдай және көбіне соның салдарынан болған биржалық индекстердің күрт төмендеуі және жалпы экономикалық құлдырау әлемнің барлық елдеріне өте жайсыз әсер тигізді. Бұл ретте ғаламдық коронавирус пандемиясы жетекші әлемдік экономикалардың құрылымын түбегейлі өзгертіп, барлық дерлік нарықтарда елеулі өзгерістердің катализаторы болып қалуда. Локдаун толқындарымен ілескен осындай аса күрделі жағдайда телекоммуникация экономика үшін маңызды салаға айналды.

Құрметті достар, өткен жылы «Қазақтелеком» АҚ жаңа сын-тегеуріндерге қарсы тұрып қана қоймай, экономиканың басқа салаларына қызметтерінің жаңа құралдары мен форматын ұсыну арқылы жағымды ықпал ете алатынын іс жүзінде дәлелдеді.

Телекоммуникациялық сектор басқа салаларға қызмет көрсететін кейіпкерден экономиканы одан әрі дамытатын негізгі қозғаушы күшке айналды, себебі пандемия біздің күнделікті өміріміздің барлық бағыттарын цифрландыру үдерістерін жеделдетіп, телеком, IT- және медиаиндустрия үшін жаңа «мүмкіндіктер терезесін» ашты.

Компаниямыз бұл мүмкіндіктерді өз игілігі үшін де, бүкіл ел игілігі үшін де дұрыс пайдалана алды. 2020 жылы қабылданған барлық маңызды оқиғалар мен шешімдер алдарыңызға ұсынылып отырған осы Жылдық есепте көрсетілді. Онда сіз компанияның қызметі бағаланатын негізгі индикаторларды – техникалық, қаржылық және салалық көрсеткіштерді,

нарықтың түрлі сегменттеріндегі жұмыс талдауын, жобаларды іске асыру барысын, сондай-ақ еншілес компаниялардың қызметі туралы ақпаратты және болашақ кезеңдерге жоспарларды таба аласыз. Осы есептің шағын түйіні ретінде тағы бір қайталап өтейін: қай тұрғыдан да оңай болмаған осы жылы алдымызға қойған барлық міндеттерді орындадық, бар мақсатымызға қол жеткіздік!

Пандемия кезінде мәлімденген мақсаттар мен міндеттердің орындалуының өзін-ақ кез келген компания үшін керемет табыс деп есептеуге болады, бірақ біз одан артығына қол жеткіздік: біз осы күрделі кезеңде құзыреттерімізді үдетуді жалғастырдық, оның ішінде Internet of Things, Big Data сияқты салаларда, жүйелі интеграция және т. б. компания ақшалай түсімді табысты үдетіп, мақсатты табыстылыққа жету және акционерлерді табыстылықпен қамтамасыз ету бойынша барлық міндеттемелерді орындау үшін барлық міндеттерді орындайды. Біз 2020 жылды рекордтық қаржылық көрсеткіштермен аяқтап, ақшалай түсімнің өсу қарқынын көрсетіп қана қоймай, телекоммуникациялық сектордан тыс ақшалай түсім үлесін едәуір арттырдық және «Қазақтелекомның» бизнестер экожүйесіне трансформациясын белгіледік.

Біз телеком саласындағы көшбасшылығымызды нығайтуды жалғастырдық – бұл біз үшін бизнесіміздің негізгі бөлігі бізге бұрынғыдай ақшалай түсімнің негізгі үлесін әкеледі. Сапалы қызмет көрсету, оның ішінде бөлсенді өсіп келе жатқан деректер беру сегменті компания үшін сөзсіз басымдылық болып қала береді. Біздің осы тұрғыдан жетістіктерімізді Fitch Ratings рейтингтік агенттігі таныды, коронавирустық дағдарыстың қызған кезінде, 2020 жылдың маусымында аталған агенттік Топтың нарықтық жайғасымын нығайту нәтижесінде, «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингінің деңгейін ВВВ- («Тұрақты» болжамы) инвестициялық деңгейіне дейін арттырды. 2020 жылы нарықта кредиттік рейтингілердің осылайша нығаю мысалдары жоқтың қасы болды.

Компанияның табыстары біз таңдаған бизнес-модельдің орасан зор бейімділігімен байланысты, ол «Қазақтелеком» АҚ-на операциялық тұрақтылықты сақтап, уақыт талабына, адамдардың өмір салты мен тұтынушылық сұраныстың өзгеруіне тиімді жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Біз клиенттерімізбен өзара әрекеттесу нысанын үнемі және жедел ауыстыра



*Өткен жылы «Қазақтелеком» АҚ жаңа сын-тегеуріндерге қарсы тұрып қана қоймай, экономиканың басқа салаларына қызметтерінің жаңа құралдары мен форматын ұсыну арқылы жағымды ықпал ете алатынын іс жүзінде дәлелдеді.*

---

отырып, оны қызметімізді тұтынушымызға барынша ыңғайлы етеміз. Компанияның нарық талабына лезде жауап қайтаруының жарқын үлгісі ретінде өткен жылдың наурыз айында «Қазақтелекомның» абоненттік пункттері офлайн режимінде жұмыс істей алмаған кезде, онлайн-арналар желісін өрістетуі болды. Бұл құралдар бізге абоненттеріміздің тарапынан көп сөгіс естіместен, төтенше жағдай кезеңінен өтуге мүмкіндік беріп қана қоймай, осы уақытқа қарай клиенттер мен

компанияның негізгі байланыс арнасына айналды. Оларды үнемі жетілдіру – «Қазақтелеком» АҚ ұзақ мерзімді перспективада қоғамдық міндеттерді шешуге көмектесу және өсу үшін ашылған жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, активіміздің акционерлік құнын арттыру үшін өткен жылы іске қосқан бизнесті ғаламдық қайта құру бойынша үлкен жұмыстың шағын ғана бөлігі.

**Біз өзіміздің басқарушылық күш-жігерімізді біртіндеп және жоспарлы түрде digital жағына ығыстырып келеміз. Алдымен, бұл ішкі ұйымдық құрылымның атқарымдық құрылымнан өнімге бағдарланған құрылымға дейін дамуында көрініс табады. 2020–2029 жылдарға арналған Стратегиямызда бекітілген осы құрылымдық трансформацияның табысты іске асырылуы 2020 жылы неғұрлым маңызды жетістіктердің бірі болып табылады. Біз жаңа стратегиямыздың базалық қағидаларын нақты орындаймыз, стратегия бойынша компания бірінші таңдау брендіне, цифрлық платформаға және тиімді ұйымға айналуы тиіс.**

Әсіресе шағын және орта бизнеске қатты ықпал еткен дағдарысқа қарамастан, «Қазақтелекомның» корпоративтік сегментіндегі қаржылық көрсеткіштер бойынша жоспар 2020 жылы 102,3%-ға орындалды. Біз бұл өсуді компанияның базалық – телекоммуникациялық бизнесінің тамаша нәтижелерімен ғана емес, үдеп келе жатқан жанама бағыттардан түсетін салымдармен, оның ішінде бұлтты қызметпен, электрондық саудамен, жүйелі интеграциямен, үлкен деректер қоры және жасанды интеллект негізіндегі сервистермен байланыстырамыз. Бұл ретте «Қазақтелеком» еліміздің қор нарығындағы ең тұрақты көк текшелердің бірі және телеком нарығында, әсіресе интернетке қолжетімділік секторында ең көп тұтынылатын компаниялардың бірі болып қалуда: 2020 жылы қарантиндік шараларға байланысты «Қазақтелеком» желілеріндегі интернет-трафик 30%-ға өскен. Біз өткен жылы осы сегменттегі тұтынушыларымыздың базасын едәуір ұлғайтып, республикамыздың ауылдық елді мекендерінде талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу жобасын аяқтадық, осының нәтижесінде ел халқының 99,3%-ы жоғары жылдамдықты және сапалы интернетке қол жеткізді.

Ұсынылатын қызмет сапасы біз үшін басым болып қала бермек: мәселен, кең жолақты қолжетімділік сапасын қамтамасыз ету үшін «Қазақтелеком» өткен жылы контент-провайдерлердің кэш-сер-

верлерін кеңейту есебінен 616 Гбит/с трафикті қосымша шоғырландырды: Google – 256 Гбит/с, Facebook – 200 Гбит/с, Netflix – 40 Гбит/с, Mail.Ru – 40 Гбит/с, V Kontakte – 50 Гбит/с, Akamai – 30 Гбит/с. Сонымен қатар, 2020 жылы біз тәуелсіз өлшеу үшін 17 қалада SpeedTest серверлері желісін құрдық, осы серверлер негізінде абоненттер бүгінде 250 мыңнан астам өлшеулер жасай алды, және біз абоненттеріміздің қолжетімділік жылдамдығы бойынша шынайы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Ал 2020 жылдың IV тоқсанында Қазақстанның рейтингі ғаламторға қатынау жылдамдығы бойынша әлемдік рейтингте 4 позицияға өсті.

Біздің нарықтағы келесі қадамымыз ғаламдық өлеуметтік мәселелерді шешетін жаңа атқарымдық өнімдерді әзірлеу болып табылады. Бұл дәстүрлі телеком-бизнес шеңберінен асатындығына қарамастан, біз 2020 жылы жауапты тұтынууды ескере отырып, сапалы медицинаның және қосымша білім алудың қолжетімділігін арттыруға және қалалардың инфрақұрылымын дамытуға септігін тигізетін жобаларды іске қостық (IoT, Big Data және AI негізінде Smart City саласындағы шешімдер). «Қазақтелеком» қалалық инфрақұрылым және ТКШ, қауіпсіздік және көлік салаларында пайдалануға болатын цифрландыру шешімдерін әзірлеп енгізеді. Өнімдеріміз интернет заттары, бірегей объектілерді танып білу, бұлтты сақтау және деректерді өңдеу,

Big Data сервистері сияқты технологияларды пайдалана отырып жасалады.

Трансформация бағдарламасын іске қосу арқылы біз менеджменттегі икемді Agile-әдіснамасын пайдалана отырып, бизнес-процестерді басқару тәсілдерін қайта қарадық, енді «Қазақтелеком» АҚ-ның құрылымын ішінен де, нарықта да цифрландыру жылдам шешім қабылдау тәжірибесін енгізу және нақты нәтижеге дәл бағдарлану арқылы іске асырылады. Осыған орай, цифрландыру барысында қолданылатын негізгі кадрлық актив (InDigiCo – онлайн-клиенттік жолдарды тікелей әзірлеп енгізетін B2C және B2B командалары) цифрлық құзыреттер орталығына айналуы керек. Біздің SERPIN трансформация бағдарламасын іске асырудан алған қаржылық әсерді де едәуір арттыруы тиіс, ол 2020 жылы 5,07 млрд теңгені құрады. Бұл ретте, сөзсіз, «Қазақтелекомның» табысты дамуының негізі технологиялар емес, оларды жасайтын адамдар болып табылады, сондықтан компания қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысы қағидаларын үнемі ұстанып, олардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін барлық жағдайды жасайды. Кадрларға осындай көзқарас, басқа тәсілдермен қатар, ең ауыр кезеңдерде «Қазақтелеком» АҚ табысының кепіліне айналады.

2021 жылы біз абоненттеріміз үшін телекоммуникациялық қызметтердің үздік провайдері әрі саладағы үздік жұмыс беруші болып қалу үшін бар күшімізді саламыз. Бұл үшін біз абоненттеріміздің сапалық және сандық қажеттіліктерін ескере отырып, тарифтер желісін жетілдіруді, жеке және корпоративтік клиенттер үшін цифрлық қызметтер портфелін кеңейтуді жалғастырамыз. Адал ниетті, жауапты және клиентке бағдарланған телеком-оператор ретінде «Қазақтелеком» деректерді адал ниетпен пайдалануға және ақпаратты қорғауға ерекше көңіл бөлетін болады. Біз төртінші буындағы желілерді дамыту үдерістерін тоқтатпаймыз, бірақ интернет заттары, «ақылды» қалалар, пилотсыз көлік, телемедицина сияқты бағыттар үшін импульс бола алатын және әр қазақстандықтың өмірін жақсартатын 5G стандартын іске қосуға жедел өту мақсатында компанияның инфрақұрылымын белсенді жетілдіретін боламыз.

Қорыта келе, Директорлар кеңесі мен Басқарманың барлық мүшелеріне және компанияның

барлық қызметкерлеріне олардың адал ниеті, пандемия жағдайындағы жанкештігі, креативтілігі мен кәсіпқойлығы үшін шын жүректен алғыс білдіргім келеді. Әр қызметкер, демек «Қазақтелекомның» үлкен отбасының әр мүшесі жалпы мақсатқа – цифрлық болашақты құруға өз жеке үлесін қосады. Мен алдымызда бізді әлі көп қызықты бастамалар, жетістіктер мен жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін! Стратегиямызда көрсетілген өршіл жоспарларымызды іске асыру барысында, компаниямызға әлі көп нәрсені жасау керек: жаңа цифрлық сегменттерде бизнес құру, желілік инфрақұрылымды технологиялық трансформациялау бойынша жаңа бағдарламаларды іске қосу, сөйтіп, «Қазақтелеком» АҚ-ын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару. Мен клиенттеріміздің, серіктестеріміз бен акционерлеріміздің қолдауына сүйене отырып, барлық қойылған мақсаттарымызға қол жеткіземіз деп сенемін.

*Құрметпен,*

*«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы  
Қ. Есекеев*






2014 жыл

2019 жыл

## Кең жолақты интернет



2020 жылы негізгі бизнесті цифрландыруды, жаңа цифрлық бизнестерді дамытуды және желіні цифрлық трансформациялауды көздейтін SERPIN трансформациялау бағдарламасы және жаңа Стратегия іске асырыла бастады.

«Қазақтелеком» LoRa технологиясы бойынша тағы 104 базалық станцияның құрылысын аяқтады. M2M (machine to machine) және IoT-құрылғылар Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Түркістан мен Алматы қалаларында қалалық коммуналдық жүйелерге қосылуы мүмкін. Жалпы желі еліміздің 14 қаласында бар.

Fitch Ratings халықаралық рейтинглік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін BB+ («Оң» болжамы) деңгейінен BBB- («Тұрақты» болжамы) деңгейіне дейін көтерді.

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## ҚАҢТАР

- «Қазақтелеком» АҚ «АЕМ ТОВЖ» жобасының аясында ШҚО-ның 14 ауылында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады;
- Компания краудфандингтік платформаға арналған технологиялық алаңды ұсынды;
- «Қазақтелеком» АҚ «Digital Almaty: ғаламдық экономиканың цифрлық болашағы» халықаралық форумына қатысты.



## АҚПАН

- LPWAN желісі кеңейтілді;
- Gamer киберспортсмендеріне арналған жаңа тариф іске қосылды;
- «Қазақтелеком» АҚ Telecom Infra Project ғаламдық қоғамдастығының мүшесі болды;
- Компания өз қызметкерлері үшін TEDx пішімінде алғаш рет онлайн-конференция өткізді.



## НАУРЫЗ

- «Қазақтелеком» АҚ республикада интернетке цифрлық интерактивтік қолжетімділік картасын ұсынды;
- Клиенттерге танымал мессенджерлерде онлайн-қызмет көрсету арналары жұмыс істеуде;
- Барлық iD TV абоненттері үшін премиялық топтамадағы телеарналарға қолжетімділік ашылды;
- Компания бизнеске карантин кезінде онлайн жұмыс істеуге шешім ұсынды;
- «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы 5 000-нан астам қазақстандық медицина қызметкерлерін тегін ұялы байланыспен және интернетпен қамтамасыз етті;
- «Қазақтелеком» АҚ ТЖ кезінде бизнеске қолдау көрсетуге арналған арнайы бағдарламаны ұсынды;
- Карантин кезінде берешегі бар абоненттерге телекоммуникациялық қызметті тоқтатпау туралы шешім қабылданды;
- Компания қазақстандық шоу-бизнес жұлдыздарының «Жұлдыз карантинде» онлайн-концерттерінің топтамасын бастады. Жобаны Қазақстан Республикасының Президенті жоғары бағалап, бұл бүкіл әлемге үлгі деп көрсетті;
- «Қазақтелеком» АҚ Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы сервис желісі орындары уақытша жабылды;
- Астананың блокпосттарындағы бейнебақылау камераларына арналған деректерді беру арнасы ұсынылды.



# 20

## СӘУІР

- «Қазақтелеком» АҚ желісінде деректерді беру трафигі карантиннің басынан 20%-ға өсті;
- Еліміздің 18 қаласында желілік пункттер уақытша жабылды;
- «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік клиенттерге қызметке өтінімді Ismet.kz порталы арқылы қашықтан беруді ұсынды;
- Chocomart.kz интернет-гипермаркеті өнімдерді есік алдына дейін жеткізіп беруді қолға алды.



## МАМЫР

- Еліміздің барлық өңірлерінде желілік пункттердің жұмысы қайта басталды;
- Карантиннен кейін бизнесті қалпына келтіру үшін ыңғайлы жұмыс тетіктері іске қосылды;
- Бизнеске арналған WhatsApp-бот іске қосылды;
- 15 000-нан астам заңды тұлға Ismet.kz порталында тіркелді;
- «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның 450-ден астам ауылын интернетке кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз етті.




## МАУСЫМ

- Карантин режимінің сақталуын қадағалауға мүмкіндік беретін платформа іске қосылды;
- Бизнеске арналған «Іскер» тарифі іске қосылды;
- «Қазақтелеком» АҚ құрған оптикалық инфрақұрылымның негізінде мобильді операторлар ауылдарда базалық стансалар орната бастады;
- Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингін «BBB+» инвестициялық деңгейіне дейін көтерді;
- Компания Батыс Қазақстан облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады.



## ШІЛДЕ

- «Қазақтелеком» АҚ EGDІ егемен рейтингіне негізгі үлесін қосты;
- Компания жоғары білікті дәрігерлердің тәулік бойы кеңес беру жүйесін іске қосты;
- «Қазақтелеком» АҚ және «Qiang» онлайн-мектебі медицина қызметкерлерінің балаларын ағылшын тіліне оқытуды бастады.



## ТАМЫЗ

- NUR.KZ интернет-порталында «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы К.Б. Есекеевтің онлайн-конференциясы басталды;
- «Қазақтелеком» АҚ Түркістан облысының 82 ауылын жоғары жылдамдықты интернетке қосты;
- «АЕМ ТОБЖ» жобасы аясында Қызылорда облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысы аяқталды;
- Компания COVID-19-дың таралуын тежейтін цифрлық құралдарды ұсынды;
- «Қазақтелеком» АҚ «АЕМ ТОБЖ» жобасы аясында Қарағанды облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады.



## ҚЫРКҮЙЕК

- Желілік пункттер жаңа жұмыс тәртібіне көшірілді;
- «Қазақтелеком» АҚ Павлодар облысында интернетке кең жолақты қолжетімділік желісін жетілдірді;
- «Қазақтелеком» АҚ-на күнделікті 3 мыңға дейін абонент онлайн-байланыс арналары арқылы хабарласады;
- «Қазақтелеком» АҚ еліміздің 7 өңірінде талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады.







# 20

## ҚАЗАН

- Қазақстанның мобильді операторлары «250+» жобасы аясында желілерді бірлесіп пайдалану туралы шартқа қол қойды;
- «Қазақтелеком» АҚ ҚР-да темекі өнімдерін таңбалауды іске қосты;
- «Қазақтелекомның» бейнеконсультанттары жаңа сервистің 2 жұмыс күнінде 1,5 мың қазақстандыққа қызмет көрсетті;
- «Қазақтелеком» АҚ Қостанай облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады;
- 175 студент «Қазақтелеком» АҚ-да машықтануды табысты аяқтады;
- «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Қ.Б. Есекеев қазақстандық ғаламдық инвестициялық форумға қатысты;
- Компания астаналық клиенттермен тағы бір онлайн-коммуникация арнасын іске қосты;
- «Қазақтелеком» АҚ Шығыс Қазақстан облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады.

## ҚАРАША

- Абоненттердің нөмірлерін тексеру бойынша кең ауқымды жоба іске қосылды;
- Интернет заттарына арналған маркетплейс іске қосылды;
- «Қазақтелеком» АҚ Жамбыл облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады;
- Солтүстік Қазақстан облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысы аяқталды;
- Алматы облысында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысы аяқталды;
- Компания LoRa технологиясы негізінде M2M-желісін кеңейтті.



## ЖЕЛТОҚСАН

- «Қазақтелеком» АҚ еліміздің 13 өңірінде талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысын аяқтады;
- Компания абоненттермен өзара әрекеттесудің жаңа мобильді қосымшасын әзірлей бастады;
- «Қазақтелеком» АҚ бүкіл елімізде талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысы бойынша ауқымды жобаны аяқтады;
- «Онлайн-медицина» сервисі іске қосылды;
- «Қазақтелеком» АҚ Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілігімен астананың медицина саласын цифрландыру туралы меморандумға қол қойды.





## ТОП ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

| БАПТАРДЫҢ АТАУЫ   | ӨЛШ. БІРЛ. | 2018      | 2019       | 2020       |
|---|------------|-----------|------------|------------|
| <b>Қаржы көрсеткіштері</b>                                |            |           |            |            |
| Қызметтерді сатудан табыс                                 | млн теңге  | 222 726   | 428 081    | 527 330    |
| Таза пайда  | млн теңге  | 42 883    | 60 276     | 65 263     |
| ЕВІТДА  | млн теңге  | 79 196    | 178 872    | 246 337    |
| ЕВІТДА margin, %  | %          | 35,6      | 41,8       | 46,7       |
| Күрделі қаржы жұмсалымы                                   | млн теңге  | 47 853    | 72 795     | 113 834    |
| <b>Тиімділік көрсеткіштері</b>                            |            |           |            |            |
| Жұмыскерлер саны  | адам       | 22 517    | 24 469     | 25 155     |
| 1 жұмыскерге шаққандағы табыс                             | мың теңге  | 9 891     | 17 495     | 20 963     |
| <b>Активтер туралы мәліметтер</b>                         |            |           |            |            |
| Активтер, барлығы   | млн теңге  | 823 363   | 1 086 020  | 1 115 426  |
| Ұзақ мерзімді кредиттер                                   | млн теңге  | 135 838   | 339 138    | 316 291    |
| Бас ұйымның меншік иелеріне жатқызылатын меншікті капитал | млн теңге  | 380 478   | 427 259    | 482 881    |
| <b>Өндірістік көрсеткіштер</b>                            |            |           |            |            |
| Бекітілген желілер саны                                   | желілер    | 2 978 472 | 2 849 878  | 2 893 529  |
| Бекітілген КЖҚ абоненттерінің саны                        | абоненттер | 1 700 977 | 1 705 495  | 1 833 192  |
| Ақылы ТВ абоненттерінің саны                              | абоненттер | 792 172   | 774 044    | 863 881    |
| Мобильді байланыс абоненттерінің саны                     | абоненттер |           | 15 529 658 | 14 787 566 |
| ARPU  | теңге      | 5 017     | 5 038      | 5 862      |
| ROACE   | %          | 9,2%      | 12,06%     | 11,5%      |
| <b>Макроэкономикалық көрсеткіштер</b>                     |            |           |            |            |
| Қазақстан халқы, барлығы                                  | мың адам   | 18 157.3  | 18 631.1   | 18 877.1   |
| ЖІӨ-нің өсуі  | %          | 4,1       | 4,3        | -2,6       |
| Тұтыну бағаларының индексі                                | %          | 7,1       | 5,4        | 7,5        |
| Теңгенің долларға бағамы, жылына орташа есеппен           | теңге      | 326       | 382.75     | 412.95     |



**527<sup>330</sup>**

МЛН ТЕҢГЕ

ҚЫЗМЕТТЕРДІ  
САТУДАН ТАБЫС

**65<sup>263</sup>**

МЛН ТЕҢГЕ

ТАЗА  
ПАЙДА

**113<sup>834</sup>**

МЛН ТЕҢГЕ

КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ  
ЖҰМСАЛЫМЫ

**25<sup>155</sup>**

АДАМ

ЖҰМЫСКЕРЛЕР  
САНЫ

**20<sup>963</sup>**

МЫҢ ТЕҢГЕ

1 ЖҰМЫСКЕРГЕ  
ШАҚҚАНДАҒЫ  
ТАБЫС

**1115<sup>426</sup>**

МЛН ТЕҢГЕ

АКТИВТЕР

**2893 529**

ЖЕЛІЛЕР

БЕКІТІЛГЕН  
ЖЕЛІЛЕР САНЫ

**1833 192**

АБОНЕНТТЕР

БЕКІТІЛГЕН КЖҚ  
АБОНЕНТТЕРІНІҢ  
САНЫ

**863<sup>881</sup>**

АБОНЕНТТЕР

АҚЫЛЫ ТВ  
АБОНЕНТТЕРІНІҢ  
САНЫ

**14<sup>787 566</sup>**

МОБИЛЬДІ  
БАЙЛАНЫС  
АБОНЕНТТЕРІНІҢ  
САНЫ

**5<sup>862</sup>**


ТЕҢГЕ

ARPU  
Average Revenue Per User  
Бір пайдаланушыға келетін  
орташа түсім

**11,5%**

ROACE  
Return on Average Capital Employed  
Пайдаланылған орташа капиталдың  
кірісі

2020 НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАР



**КОМ  
ПАНИЯ  
ТУРАЛЫ**

$$a^2 + b^2 = c^2$$

$$X = 2/ab$$

$$\sqrt{\frac{a+b}{2}}$$



|   |    |
|---|----|
| «Қазақтөлеком» АҚ-ның<br>ұйымдық құрылымы ..... | 23 |
| Еншілес компаниялар .....                       | 26 |
| Бизнес-портфель.....                            | 28 |

---

*Карантин кезінде 18 000 мұғалім интернетке мобильді қатынау үшін сим-карта алды. Kundelik.kz платформасының сапалы жұмысы үшін 20Гб өткізу мүмкіндігімен интернет желісіне жоғары жылдамдықта қатынау ұйымдастырылды.*



# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы (компания, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком») байланыс қызметін, оның ішінде ауылдық жерлерде байланыс қызметін ұсынуда көшбасшы болып танылған Қазақстандағы бекітілген телефонияның ең ірі операторы, сондай-ақ Ұлттық деректер беру желісінің ірі операторларының бірі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ 1994 жылғы 17 маусымда «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің № 666 қаулысына сәйкес республиканың бүкіл аумағында байланыс қызметінің кең ауқымын ұсынатын, ұлттық ауқымдағы жаңадан құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және телекоммуникация ұйымдарының мүлкін беру арқылы құрылған ұлттық компания.

Компания «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясының құқықтық мирасқоры болып табылады (Қазақстан Республикасының әділет органдары 1994 жылғы 1 желтоқсанда алғашқы мемлекеттік тіркеуден өткізген).

Компания өзінің негізгі мақсаты ретінде акционерлердің мүддесінде табыс табуды көздейтін, қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акцияларын шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады.

Акционерлік қоғамның қызметі оның ұйымдастырылуы мен жұмысының құқықтық негіздерін анықтайтын бекітілген Жарғы шегінде жүзеге асырылады.

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаты:

- коммерциялық қызметтен пайда алу және оны акционерлердің мүддесінде пайдалану;

- Қазақстан Республикасының аумағында заманауи телекоммуникациялық желілерді құру және оларды әлемдік телекоммуникациялар желісіне интеграциялау;
- Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде пайдаланушыларға барлық телекоммуникациялық қызмет түрлерін ұсыну.

«Қазақтелеком» АҚ жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісін және жеке телекоммуникация желісін құру, монтаждау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызмет етеді. Халықаралық электр байланысы одағының регламентіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, басқа мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерімен, компаниялармен, пайдаланушылармен, халықаралық ұйымдармен есеп айырысу құқығы бар жалпы қолданыстағы телекоммуникациялар желісі операторының, оның ішінде қалааралық және халықаралық байланыс операторының қызметін атқарады.

Компания транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды ұлғайтуға баса назар аударады, себебі Қытаймен, Ресеймен, Еуропамен және Орталық Азия республикаларымен байланысты қамтамасыз ете отырып, барлық шекаралас учаскелерді біріктіретін магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілері жүйесіне иелік етеді.

«Қазақтелеком» АҚ еліміздің бүкіл аумағында 248 пункттен тұратын сервис желісіне, 17 деректер орталығынан құралған жекеменшік желіге, сондай-ақ байланыс орталықтарына ие.

**«Қазақтелеком» АҚ 1994 жылғы 17 маусымда  
құрылған ұлттық компания**



АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

БАСҚАРМА

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ



ФИЛИАЛДАР

Корпоративтік бизнес жөніндегі  
дивизион

Орталық өңірлік телекоммуникация  
дирекциясы

Батыс өңірлік телекоммуникация  
дирекциясы

Солтүстік өңірлік  
телекоммуникация дирекциясы

«Алыспен байланыс»  
бірлестігі

Ақпараттық жүйелер  
дирекциясы

«Телеком-Жинақтау»  
дирекциясы

«Сервистік фабрика»

Бөлшек бизнес жөніндегі  
дивизион

«Алматытелеком»  
өңірлік телекоммуникация  
дирекциясы

Шығыс өңірлік  
телекоммуникация дирекциясы

Оңтүстік өңірлік  
телекоммуникация дирекциясы

Телекоммуникация желілерін  
басқарудың бас орталығы

Телекоммуникация және  
инфрақұрылым объектілерінің  
құрылысы жөніндегі дирекция

«Инфокоммуникациялық  
технологиялар академиясы»  
дирекциясы



ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

75%

< «Кселл» АҚ

49%

< «QazCloud» ЖШС

100%

<

«НҰРКАТ+» ЖШС

«Цифрлық экономиканы  
дамыту орталығы» ЖШС

Khan Tengri Holding B.V.

«ШЫҒЫСТЕЛЕКОМ» ЖШС


«КТ-АйИкс» ЖШҚ

«КТ Cloud Lab» ЖШС

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Қазақтелеком» АҚ

# КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



## МОБИЛЬДІ БИЗНЕС

Қызметін Kcell және Activ, Tele2 және Altel брендтерімен жүзеге асыратын Қазақстанның телекоммуникация нарығындағы үздік мобильді операторлар.

«Қазақтелеком» АҚ-мен бірігіп, B2B және B2C сегменттеріндегі қызмет желісін кеңейту.

### Мықты тұстары:

- Кең қызмет аясы
- Инновациялық
- Қамту



## «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚТАН»

«Кселл» АҚ «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен және «КаР-Тел» ЖШС-мен бірлесіп, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын «250+» жобасына қатысу арқылы бүкіл елді мобильді байланыспен қамту аясын кеңейтуде едәуір ілгері жылжыды, аталған жобаның мақсаты 250 және одан көп тұрғыны бар ауылдық елді мекендерде кең жолақты мобильді интернетке қолжетімділікті ұсыну есебінен бүкіл Қазақстан халқын цифрландырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу болып табылады.



## БИЗНЕС ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

- Chocomart.kz тауарлар алаңы арқылы электрондық коммерцияны дамыту.
- «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, жаңа бағытты іске асыру – ҚР-да тауарларды таңбалау және қадағалау.
- Қордың портфельдік компаниялары үшін бірыңғай ақпараттық қауіпсіздік орталығын құру.



## ЖАЙҒАСЫМДЫ НЫҒАЙТУ

- Ауылдық жердегі бекітілген байланыс.
- Ресей Федерациясымен байланыс торабы.
- Аутсорсингілік байланыс-орталығының қызметі.
- Нұр-Сұлтан қаласындағы жаңа деректер өңдеу орталығы (ДӨО).



## Еншілес компаниялар

- «Қазақтелеком» АҚ тобының телекоммуникациялық нарықтың мобильді сегментінде алатын жайғасымын нығайтып, дәстүрлі телекоммуникация қызметін дамытуға өз үлесін қосады, бұл ықпалдасқан оператор болуға мүмкіндік береді;
- «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі қызмет желісін толықтыратын жаңа өнімдер жасады;
- электрондық коммерция (Chocomart және Intermarket) сияқты жаңа бағыттарды дамытады, цифрландыруды және ауқымды деректермен жұмысты қамтамасыз етеді.



## Мобильді байланыс

### «КСЕЛЛ» АҚ (75%)

Соңғы 20 жылда «Кселл» Қазақстандағы ең заманауи, технологиялық тұрғыдан ілгерішіл және ауқымды мобильді байланыс желілерінің бірін қалыптастыра алды. Қазіргі кезде «Қазақтелеком» АҚ-мен бірігу жұмыстары жүргізілуде, бұл B2B және B2C сегменттерінде қызмет желісін айтарлықтай кеңейтуге, сондай-ақ қызмет шығындарын азайтып, сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

«Кселл» компаниясы мобильді дауысты байланыс, қысқа хабарламалар тарату қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қолжетімділік, сондай-ақ деректер беру қызметі, оның ішінде интернет желісіне қолжетімділік сияқты қосымша қызметтер (VAS) ұсынады.

Kcell және Activ брендтері B2B және B2C сегменттеріндегі бәсекеге қабілеттілігі жоғары телекоммуникациялық нарықтарда өздерін жақсы жағынан көрсете білді және өздерінің қызмет көрсету сапасы мен құндылығымен танымал. «Кселл» 2G, 3G және 4G/LTE желілерінде жұмыс істеуге арналған мерзімсіз лицензияға ие.

### «KHAN TENGRI HOLDING B.V.» (100%)

Khan Tengri Holding B.V. басқарушы компания болып табылады және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС – Қазақстанда 2G/3G/4G (LTE/LTE Advanced) мобильді байланыс қызметінің кең аясын ұсынып, Tele2 және Altel брендтерімен қызмет көрсететін мобильді операторға 100% қатысу үлесіне ие.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді дауысты байланыс, қысқа хабарламалар тарату қызметтерін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильді контентке қолжетімділік, сондай-ақ деректер беру қызметі, оның ішінде интернет желісіне қолжетімділік сияқты қосымша қызметтер (VAS) ұсынады.

#### Жылдың негізгі қорытындылары

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (MT-C) жыл ішінде компанияның қызметіне едәуір жағымсыз әсер еткен карантиндік шектеулерге қарамастан, жоспарлы көрсеткіштерге жету мақсатында белсенділік танытты. Бұл ретте MT-C карантин кезінде халыққа қолдау көрсету мақсатында медицина қыз-

#### Жылдың негізгі қорытындылары

2020 жылы «Кселл» АҚ COVID-19 пандемиясына және оның Қазақстан мен бүкіл әлемдегі іскерлік белсенділіктің деңгейі мен көлеміне тигізген ықпалына байланысты күрделі мәселелерге қарамастан, жоғары қаржылық және операциялық көрсеткіштерді көрсете алды. «Кселл» АҚ-ның жалпы ақшалай түсімі 2020 жылы 11,5%-ға көбейді. Жыл бойы EBITDA көрсеткіші, бір жолғы баптарды қоспағанда, ақшалай түсімінің едәуір артуы мен шығындарды оңтайландыру бойынша тұрақты шаралардың арқасында 12,1%-ға өсті. «Кселл» АҚ-ның қызметінен түсетін табыстың өсуі «Кселл» АҚ-ның инновациялық тарифтік жоспарларына жазылушылар санының артуымен, сондай-ақ көбіне онлайн-арналар арқылы сату деңгейінің өсуінің арқасында мобильді құрылғылардың сатылуының көбеюімен түсіндіріледі.

Жыл бойы «Кселл» АҚ бизнесті жүргізу, білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ экономикамыз бен халқымыз үшін осындай аса күрделі кезеңде маңызды байланыс арналарын ұсына келе, өз клиенттеріне және жалпы Қазақстан жұртшылығына белсенді көмек көрсетіп отырды.

меткерлеріне тегін байланыс, білім беру үшін тегін интернет, Free Onnet, Free Kaznet науқандары және т. б. сияқты түрлі кампаниялар өткізді.

2020 жылы MT-C және «Кселл» АҚ технологиялар мен қызметтердің одан әрі жетілдірілуіне септігін тигізетіндей, өздерінің озық тәжірибесімен бөлісуді жалғастыра отырып, барлық әлеуетті синергияларды барынша пайдалану үшін, өз желілерін біріктіру үдерісін бастады. Нәтижесінде компаниялар «Қазақтелеком» АҚ-мен серіктестіктен туындайтын артықшылықтарды өз қызметтерінің барлық салаларында пайдалануын жалғастырады.

Сонымен қатар, MT-C «Кселл» АҚ және «КаР-Тел» ЖШС-мен бірлесіп, 2020 жылы халқының саны 250 және одан артық ауылдық елді мекендерде кең жолақты мобильді интернетке қолжетімділікті ұсыну бойынша жобаны табысты іске асырды.



## Инфокоммуникациялық қызметтер

### «QAZCLOUD» ЖШС (49%)

Компания Қордың компаниялар тобында қызмет көрсететін бірыңғай сервистік провайдер ретінде қызмет етеді. Есепті кезеңде компанияның табыстары 3,4 млрд теңгеден 6,6 млрд теңгеге дейін 2 есеге дерлік артқан.

#### Қызмет аясы:

- IaaS – Инфрақұрылым сервис ретінде;
- Оперативті ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметі, «Киберқалқан» жобасы;
- Лицензиялық бағдарламалық жасақтаманы жалға беру;
- IT-аутсорсинг/аутстаффинг;
- Компьютерлік жабдықты және ұйымдастыру техникасын жалға беру;
- Цифрлық трансформация;
- Техникалық қолдау және SAP жүйелерін дамыту;
- Басқа IT-қызметтер.

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша жобаны іске асыру аясында (ОАҚО) «Киберқалқан» жобасының негізгі бөлігін іске асыру үшін IBM QRadar (SIEM) бағдарламалық жасақтамасы алынып пайдаланылды. Нұр-Сұлтан қаласында жаңа деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысы басталды.

### «KT CLOUD LAB» ЖШС (100%)

Компания «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА-да тіркелген, онда компанияның деректер орталығы орналасқан (TIER II класты). Компанияда Қазақстанның үш қаласында – Алматыда, Нұр-Сұлтанда және Қарағандыда байланыс орталығының үш географиялық алаңы бар.

#### Қызмет аясы

- Республикалық байланыс орталығының қызметін көрсету;
- АТП АЭА-да (ДӨО) деректер орталығының қызметін көрсету;
- IT-аутсорсинг қызметін көрсету.

## Жаңа бизнестер

### «НҰРСАТ+» ЖШС (100%)

«НҰРСАТ+» ЖШС – электрондық коммерция саласында бизнестің жаңа бағыттарын дамытатын «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес компаниясы. 2020 жылы компания электрондық коммерция қызметтерін дамытуды жалғастырды.

#### Chocomart.kz өнімі бойынша:

- chocomart.kz тауарларының сұрыпталымдық матрицасын ұлғайту;
- PWAGoogle негізінде Android платформасы үшін Chocomart қосымшасы әзірленді;
- «Қазақтелеком» АҚ, «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС клиенттерімен www.Chocomart.kz сайтында сатып алынған тауарға теңгеріміне кэшбэк алу мүмкіндігін беретін ниеттестік бағдарламасы іске қосылды.

«НҰРСАТ+» ЖШС Қазақстан Республикасында B2B клиенттері үшін Whatsapp Business API сервисінің агентіне айналды.

### «ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС(100%)

2020 жылдың сәуір айында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы үшін бизнестің жаңа бағытын іске асыру мақсатында, «Info-Net Wireless» ЖШС компаниясының атауы «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС-ға ауыстырылды – «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау және қадағалауды жүзеге асырады.

2020 жылғы 1 қазанда темекі өнімдерін – сүзгісі бар темекіні міндетті таңбалау қолға алынды, ал 2021 жылғы

1 сәуірден бастап темекі өнімдерінің басқа түрлерін таңбалау басталады.

2020 жылы аяқ киім, дәрі-дәрмек, алкогольдік өнімдер мен тондарды таңбалау бойынша пилоттық жобалар өткізілді.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің аяқ киім мен тондарды міндетті таңбалауға қатысты шешімін алу жоспарланып отыр.



## БИЗНЕС-ПОРТФЕЛЬ

«Қазақтелеком» АҚ-ның бизнес-портфелінде телекоммуникациялық қызметтердің толық аясы қамтылған және ол республиканың барлық дерлік өңірлерінде, сондай-ақ одан тыс жерлерде қолданылады.

Компанияның қызметтері байланыс қызметінің бөлшек нарығында да, көтерме нарығында да ұсынылады.

**Байланыс қызметінің көтерме нарығында** Компания қолданыстағы заңнаманың нормалары мен

өзара тиімді серіктестік қағидаларын қатал ұстанып, операторлық сегментте қызмет көрсетеді. Компания бәсекелес артықшылық факторларын сақтауға және дамытуға тырысады – желілер мен операторларды қосу және барлық трафик түрлерін өткізу үшін желілік ресурстардың жеткілікті мөлшерінің, операторлар мен олардың абоненттеріне сапалы әрі сенімді сервисті қамтамасыз ететін, өткізу қабілеті жоғары ең заманауи цифрлық жабдыққа негізделі құрылған тармақталған телекоммуникация желісінің болуы керек.

### ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР (үй шаруашылықтары) ҮШІН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

#### ДҮКЕН

- Chocomart интернет-гипермаркеті.



#### ДӘСТҮРЛІ ТЕЛЕФОНИЯ

- Жергілікті, ҚА/ХА байланыс қызметі;
- «Тарлан» телефон карталары;
- Виртуалдық нөмір;
- Шақырылатын абонент есебінен шақыру;
- Сайттан қоңырау (ClickToCall);
- Виртуалдық Call-Centre.



#### ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

- ADSL, FTTH, WiMAX, WLL, Wi-Fi технологиялары бойынша кең жолақты қолжетімділік;
- Коммутаторланатын қолжетімділік;
- LTE технологиясы бойынша сымсыз жоғары жылдамдықты қолжетімділік;
- «Smart Internet» клиентке тиесілі IP-адресстер бойынша Интернет желісіне Cisco VPN IPSec арқылы қолжетімділікті ұсыну;
- Ата-ана бақылауы – үй желісіне қосылған кез келген құрылғыларда контентті пайдалануға қолжетімділікті шектеу.

#### ТЕЛЕГРАФ БАЙЛАНЫСЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- Мәтіндік хабарламаларды телеграфпен жөнелту.



#### КЕШЕНДІ ҰСЫНЫСТАР

- iD Net. Интернет желісіне жоғары жылдамдықты қолжетімділік;
- iD Phone. SIP-телефония негізінде қызмет;
- iD-TV. Интерактивті телевидение қызметі (IPTV);
- iD Host. «Қазақтелеком» АҚ серверлеріндегі хостинг қызметі;
- Ultra, Black, Silver – барлық қызмет түрлерін қамтитын пакеттік ұсыныстар: телефония, ұялы байланыс, телевидение, интернет.



#### ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР

- 169 анықтамалық-ақпараттық қызметі;
- Зияткерлік желі қызметі (8-800-xxx нөмірлері бойынша ақпараттық-ойын-сауық сервистері);
- Кіреберістегі бейнебақылау;
- Бейнебақылау порталы;
- Ақылды үй;
- БЖ-ға жазылым;
- Музыка НҰР-ға жазылым.



## КӨТЕРМЕ НАРЫҚТАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ НЕГІЗГІ САНАТТАРЫ



### ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

- Телекоммуникация желілерін қосу және желіаралық, жергілікті, қалааралық және халықаралық трафикті өткізу;
- Интернет желісіне қолжетімділік;
- Магистральдық байланыс арналарын жалға беру;
- Кәбілдік арна бойынша желілерді салуға арналған қосымша қызметтер;
- Биллинг қызметі – байланыс операторларына трафик бойынша деректерді есепке алу және өңдеу бойынша қызмет көрсету;
- ТСС желісіне қосу – «Қазақтелеком» АҚ-ның ырғақты желілік синхрондау (ЫЖС) жүйесіне қосу қызметі.



### СЕРІКТЕС БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

- Жергілікті телефон байланысы желілерінің операторларының абоненттеріне Megaline брендімен интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік қызметтерін алу мүмкіндігі;
- Интернет-трафикпен алмасу орталығының жабдығына интернет-қызметтің бастапқы қазақстандық провайдерлерін қосу.

**Байланыс қызметінің бөлшек нарығында «Қазақтелеком» АҚ түпкілікті тұтынушылар – жеке (B2C) және заңды (B2B, B2G) тұлғалар үшін телекоммуникациялық қызмет көрсетеді.**

## ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР (B2B ЖӘНЕ B2G) ҮШІН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР



### ДЕРЕКТЕРДІ ТАРАТУ

- Бизнеске арналған интернет – ДБ ортасын барлық қолжетімді технологиялармен құру;
- Wi-Fi target – желілерге сымсыз технологиялар арқылы қолжетімділік;
- Мобильді кеңсе – қорғалған хаттамалар бойынша кез келген нүктеден корпоративтік желілерге қолжетімділік;
- IPv6 – қорғалған арналар бойынша қолжетімділік;
- Бақылау-кассалық машиналар – ФДО фискалдық деректер сервисі.



### БҰЛТТЫ СЕРВИСТЕР

- Бұлтты бейнеконференция – қатысушылардың шектелмеген санымен бейнеконференция байланысын арнайы жабдықты пайдаланбай ұйымдастыру;
- Бейнебақылау – бейнебақылау сервисінің қызметі;
- Виртуалдық АТС;
- Цифрлық медициналық карта – дәрігерлер мен ұйымдарды іздеу сервисі;
- Цифрлық платформа – ismet.kz кәсіпкерлерге арналған ашық цифрлық платформа;
- Блокчейн – блокчейн-өнімдерге арналған инфрақұрылым.



### ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР

- Ақылды қала – LoRa технологиясы бойынша қызметтер;
- Ақылды ТКШ – су, электр қуаты, газ деректерін жинау және деректерді қызмет жеткізушілерге жолдау;
- Ақылды жарықтандыру – қаланы жарықтандыру жүйелерін бақылау;
- Ақылды люк – ашық люктерді бақылау жүйесі;
- DDoS шабуылдарынан қорғаныс;
- Виртуалдық Firewall.



# СТРАТЕГИЯ ГИЯЛЬЫҚ ЕСЕН

|   |    |
|---|----|
| Миссия және Пайым .....                   | 32 |
| Негізгі стратегиялық бағыттар .....       | 34 |
| SERPIN трансформация бағдарламасы .....   | 36 |
| Құндылықтар .....                         | 38 |
| Тұрақты даму саласындағы бастамалар ..... | 39 |
| Реттеуші ортаға шолу.....                 | 40 |
| Өзекті ғаламдық тренділер .....           | 42 |
| Телекоммуникация нарығына шолу.....       | 44 |

---

*Карантин кезінде «Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен меморандумға қол қойып, оған сәйкес 5000 астам қазақстандық дәрігер тегін байланыспен, сондай-ақ Tele2, Altel, Kcell/Activ желілерінде интернет желісіне қатынаумен қамтамасыз етілді.*



# МИССИЯ ЖӘНЕ ПАЙЫМ

## ПАЙЫМ

**«Инфокоммуникациялар  
нарығындағы  
көшбасшы  
қазақстандық  
ықпалдастырылған  
сервис-провайдер».**

*Стратегиялық бастамалар мен даму бағыттарын іске асыру арқылы Қазақстан Республикасының инфокоммуникация нарығының басты сегменттеріндегі жетекші көшбасшы орнын сақтау, нығайту және қалыптастыру мақсатында, топтың барлық қатысушыларының үйлестірілген іс-қимылдары.*

## МИССИЯ

**ӨЗГЕРЕ,  
ТАҢДАНДЫРА  
ЖӘНЕ ҮМІТ  
ЕТКЕННЕН ДЕ  
АСЫП ТҮСІП,  
ӘРБІР АДАМНЫҢ  
ҚАЙТАЛАНБАС  
ЖӘНЕ ӘДЕТТЕГІ  
ӨМІРІНІҢ  
БӨЛШЕГІ БОЛУ**



## ТОП МИССИЯСЫНДА

КЕЛЕСІ ТҮСІНІКТЕР  
ШЕШУШІ БОЛЫП  
ТАБЫЛАДЫ:

«болу» – оның стратегиясына сәйкес Топтың өзгеруінің негізін қалау

«қайталанбас» – инновациядағы көшбасшы, баға, география және қызметтер кешені есебінен нарықта бірегей ұсыныс жасау арқылы бәсекелестікте болу

«әдеттегі» – қолайлы, қолжетімді, тұрақты

«өмірінің бөлшегі болу» – қарым-қатынас, ақпарат алу және алмасу, білімді басқару, көңіл жадырататын және әлеуметтік бағыт ортасын құру

«әрбір адамның» – барлық сегменттер, саралау арқылы жол табу

«өзгеру» – компанияның технологиялардың, нарықтың, сұраныстың және бәсекелестік ортаның өзгеруіне уақытында және икемді әрекет ету құрылымы мен үрдістері

«таңдандыру» – ерекше клиенттік тәжірибеге қол жеткізу

«үміттен өткеннен де асып түсу» – қажеттілікті қалыптастыру және қанағаттандыру, инновациядағы көшбасшылық

## НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Стратегияның негізгі мақсаты Топтың акционерлік құнын негізгі қызметтен және жанама салалардан түсетін ақшалай түсімді арттыру, сондай-ақ шығын базасын оңтайландыру арқылы ұлғайту.



Мақсаты В2С және В2Х (В2В, В2G және В2О нарықтарын қоса) мобильді байланысы, В2С бекітілген байланысы (КЖҚ өнімдік сегменттерін, телефония мен ақылы телевидениені қоса алғанда), В2Х бекітілген байланысы нарықтарында ұзақ мерзімді көшбасшылықты сақтау, төмендегілер арқылы ақшалай түсімді арттыру және маркетинг шығындарын оңтайландыру болып табылады:

**+ 90-170**  
МЛРД ТЕҢГЕ



Түрлі салалардан алынған көптеген мысалдар экономиканың цифрлық трансформациясы болмай тұрмайтынын көрсетті: ойыншылардың түбегейлі жаңа, әуел бастан цифрлық операциялық модельдермен шығуы дәстүрлі ойыншылардың көрсеткіштеріне қысымның едәуір ұлғаюымен ілеседі. Нарықтағы өзгерістерге барынша төзімділікті дәстүрлі компаниялар – қысқа мерзімде жаңа нарықтық жағдайға бейімделуге қабілетті цифрландыру көшбасшылары танытады.

Бұл тренд әсіресе телекоммуникация саласы сияқты технологиялық тұрғыдан неғұрлым ілгерішіл салаларда байқалады, ондағы осындай өсудің едәуір бөлігі цифрлық және технологиялық компаниялардың үлесіне келеді, ал телекоммуникациялық ойыншылардың үлесі 35%-ға қысқарды. Бүкіл әлем бойынша телекоммуникациялық компаниялардың қаржылық көрсеткіштерінің төмендеуі шығындарды қысқарту және жаңа табыс көздерін іздеу үшін жұмыстың цифрлық әдістері мен аналитиканы жедел енгізу қажеттілігін көрсетеді.

**+ 20-40**  
МЛРД ТЕҢГЕ



Бағыттың негізгі міндеті тиімділікті арттырудың ауқымды бағдарламасын іске қосу және Топтың оңтайлы ұйымдық құрылымына көшу болып табылады, оның ішінде:

**+ 20-40**  
МЛРД ТЕҢГЕ



*Стратегия аясында үш стратегиялық даму бағыты бойынша бастамаларды іске асыру Топтың құнын 580–700 млрд теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік береді.*

**Мобильді операторлар желісін біріктіру 40 млрд теңге көлемінде қосымша синергетикалық әсерді іске асыруға мүмкіндік береді.**

- More For More қағидаты бойынша есіп келе жатқан трафикті монетизациялауда көшбасшылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ бекітілген және мобильді байланыс нарықтарында бәсекелестердің агрессивті баға саясатын бақылау;
- бір-бірін өзара толықтыратын бәсекеге қабілетті өнімдер портфелін құру;
- клиенттерді сегменттеудің озық әдістері негізінде өнімдерді дамыту, баға қалыптастыру және сату;
- маркетинг және сату шығындарын оңтайландыру.

**«Қазақтелеком» АҚ «Цифрлық платформа» бағыты аясында негізгі бизнес пен желіні цифрлық трансформациялауды, сондай-ақ жаңа цифрлық бизнес-үлгілер мен серіктестіктерді пайдалана отырып, бірегей нарықтық жағдайды монетизациялауды өзіне мақсат етіп қояды:**

- клиенттік жолдарды цифрландырумен, цифрлық сату әдістерін қолданумен, қосалқы функцияларды автоматтандырумен және роботтандырумен «Берін Онлайнға!» қағидаты бойынша жұмыс істеу;
- өз сараптамалық білімін, тәжірибесі мен деректерін пайдалана отырып (Топ аясында да, сыртқы монетизациялау үшін де), CVM мен тереңдетілген аналитикадағы көшбасшылықты қамтамасыз ету;
- желілік функцияларды виртуалдау арқылы желіні цифрландыру және 5G буындағы желіні өрістету;
- портфельді әртараптандыру және жанама салаларға шығу үшін бизнес пен серіктестіктердің цифрлық бағыттарын дамыту.

**Стратегия аясында «Цифрлық трансформация» үш бағыт (негізгі бизнестің цифрлық трансформациясы, бизнестің жаңа цифрлық бағыттарын дамыту, желінің цифрлық трансформациясы) және міндеттері әртүрлі екі уақытша көкжиек тұрғысынан қарастырылады:**

- Бірінші көкжиек (2022 жылға дейін): клиенттік жолдарды оңтайландыру және цифрландыру арқылы цифрлық кемелділікке жету және цифрлық маркетинг құралдарын енгізу;
- Екінші көкжиек (2023 жыл +): барлық қызмет аяларындағы процестерді оңтайландыру үшін аналитиканы ауқымды енгізу, бэк-кеңсе мен қосалқы функцияларды роботтандыру, желіні ауқымды виртуалдау және 5G-ді іске қосу, бизнестің жаңа цифрлық бағыттарын дамыту.

- желілік инфрақұрылымда қайталануды болдырмау, ауылдық аудандарда сымсыз технологияларға көшу және қызмет көрсету көлемдерін арттыру;
- Холдинг пен негізгі бизнес-бірліктерді бөліп шығарумен қатар Топтың ұйымдық құрылымын оңтайландыру.
- күнделікті міндеттердің орындалуын автоматтандыру және қызметкерлер тиімділігін ілгерішіл басқару;
- Бұл бағыт аясында сондай-ақ операциялық және күрделі шығындар тұрғысынан синергияны іске асыру үшін Топ құрамындағы мобильді активтердің желілерін біріктіру тақырыбы да қамтылады.
- ЖҚО-ын одан әрі оңтайландыруды қоса алғанда, әкімшілік функцияларды оңтайландыру және белгілі функцияларды аутсорсингке көшіру;

## SERPIN ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

2020 жылдың мамыр айында SERPIN жаңа трансформациялау – «Қазақтелеком» АҚ-ның стратегиясын жобалық іске асыру бағдарламасы іске қосылды.

**Стратегияға сәйкес SERPIN бағдарламасы үш бағыт бойынша іске асырылады:**

- Бірінші таңдау бренді;
- Цифрлық платформа;
- Тиімді ұйымдастыру.

SERPIN трансформация бағдарламасының жол картасында іске асыру мерзімі 2025 жылға дейін 44 жоба қамтылады. Көрсетілген мерзімге қарай күтілетін қаржылық нәтиже 35 млрд теңгені құрайды.

2020 жылы SERPIN бағдарламасын іске асырудан түскен жалпы қаржылық нәтиже 5,07 млрд теңгені құрады.


*SERPIN трансформациялау бағдарламасының негізінде клиентке бағдарлану, клиенттік жолдарды цифрландыру, біздің сыртқы нарықтық ұстанымымыздың мүддесіндегі ішкі өзгерістер жатыр.*

**SERPIN трансформация бағдарламасында Компания қызметкерлеріне жеткізілетін 4 идеологиялық хабарламасы бар:**

- Мен бірінші таңдау брендин жасаймын!
- Сенімді жүйе. Болашаққа жетелеу!
- Барлығы онлайн, цифрлық мәдениетке бетбұрыс!
- Компаниядағы өз жетістігім!

Трансформациялау бағдарламасы Agile икемді әдіснамаларын қолдана отырып іске асырылады. 2020 жылы Agile командалары бөлшек сегментте де, корпоративтік бизнесте де клиенттерімізбен онлайн-байланыс арналарын дамытумен айналысып келді. Telecom.kz, ISMET.kz сайттарындағы жақсартылған сервис және түрлі мессенджерлердегі чат-боттар жасалған істің нәтижесіне айналды.

### БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ ҮШ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША 44 ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ



## Стратегиялық даму бағыттарының міндеттері

Жалпы, «Қазақтелеком» трансформациясы Agile-мәдениетке біртіндеп көшуді білдіреді. Бұл мақсатта, атап айтқанда, жобалық трансформация кеңсесі басшылардың барлық деңгейлері үшін Agile әдіснамасы бойынша оқу өткізеді.

Клиенттік жолдарды цифрландыру бойынша жобаны іске асыру үшін түрлі IT-құзыреттері бар кросс-функционалды командалар құрылды. Міндеттерді орындау тиімділігін арттыру мақсатында, олар «QazCloud» ЖШС еншілес ұйымы негізінде

жұмыс істейтін бөлек InDigiCo цифрлық бөлімшесі түрінде шығарылды. InDigiCo – бұл «Қазақтелекомның», ал болашақта «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ ұлттық компанияларының да цифрлық құзыреттер орталығы.



# ҚҰНДЫЛЫҚТАР

## CLIENT КЛИЕНТ

### КЛИЕНТТИҢ ҮМІТ ЕТКЕНІНЕН ДЕ АСЫП ТҮСУ

- Сыртқы және ішкі клиенттердің қажеттіліктерін дәл әрі толық қанағаттандыруға ұмтылу;
- Клиентпен кері байланысқа түсе отырып, клиенттік сервисті үнемі жетілдіріп отыру;
- Бір қадам алда болу – клиенттің үміт еткенінен де асып түсіп, таң қалдыру.

## RESPONSIBILITY

Нәтиже үшін  
жауапкершілік

### ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АЛУ — НӘТИЖЕСІНЕ ЖАУАП БЕРУ

- Ақтық нәтиже үшін жеке жауапты болу;
- Шешім қабылдауда дербес бола білу;
- Үдеріске емес, нәтижеге бағдарлану.

## ENTREPRENEURSHIP

Кәсіпкерлік рух

### НАРЫҚ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ КӘСІПкерлік БАТЫЛДЫҒЫ

- Кәсіпкерлік бастама жасау: жаңа идеяларды сенімді түрде ұсыну, тәуекелге баруға және жеңіп шығуға дайын болу;
- Амбицияға ие болу, табысқа ұмтылу;
- Бизнесіні дамыту үшін үнемі жаңа мүмкіндіктер іздеу.

## DIGITAL CULTURE

Цифрлық мәдениет

### ЦИФРЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖҰМЫСТА ЖӘНЕ ӨМІРДЕ

- Жаңалыққа құмар болу және жетістікке талпыну;
- Жаңашылдықпен әрекет ету: цифрлық технологиялар арқылы бизнесті өзгерту;
- Өзгерістерге дайын болу.

## OUTSTANDING DECISIONS

Көрнекі шешімдер

### ТАБЫСТЫ БИЗНЕС ҮШІН САПАЛЫ ШЕШІМДЕР

- Шешім қабылдау барысында барлық тараптың мүддесін және алуан түрлі факторларды ескеру;
- Міндеттерді шешуде стандартты емес амал-тәсілдерді қолдану;
- IQ + EQ + DQ\* балансын қолдау – логиканы, жаңа технологиялар білімін, жаңа әлемнің әлеуметтік және психологиялық трендтерін біріктіре отырып, шешімдер қабылдау.

\* IQ + EQ + DQ – зият, эмоционалдық зият, цифрлық зият

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР



Цифрлық платформаны құру бойынша мақсаттарды ұстана отырып, цифрлық маркетинг құралдары енгізілді, бұл коммерциялық функциялардың тиімділігін арттырды.

**2020 жылдың наурыз-желтоқсан айларында SERPIN трансформациялау жол картасының жобаларын іске асырудан басқа «Қазақтелекомдағы» өзгерістерді басқару бойынша жұмыстарды күшейту тұрғысынан бірқатар бастамалар енгізілді:**

- Скрам-митингілер тәжірибесі енгізілді, бұл цифрлық өнімдерді дамыту тәсілдері мен әдістерінің коммуникациясының жаңа стандартын белгіледі.
- Компания үшін ең жоғары монетизациялау, сондай-ақ маркетинг пен сату шығындарын оңтайландыру мүмкіндігін беретін ТОП-10 көрсеткіштерін анықтау үшін SAS Guide негізінде микротаргетинг үшін автоматтандырылған маркетингтік жүйе құрылды.
- Әр қызметкердің компанияның трансформация мақсаттарын нақты ұғынуын қамтамасыз ету мақсатында, стратегиялық бастамаларды танымал ету және қызметкерлерді тарту, SERPIN брендімен трансформацияны жайғастырудың бірыңғай бағдарламасы әзірленіп, іске қосылды.
- Өнімдердегі өзгерістер жылдамдығын арттыру үшін, олардың дамуының үдей түскен қарқынын ескере отырып, BSS-ке микросервистік архитектура енгізілді.
- B2C, B2B клиенттік жолдарының CJM – картасы әзірленді. Бұл ағымдағы процестерді және оларды оңтайландыру тәсілдерін ұғындыр-

ды, сондай-ақ клиенттік сауалдарды өңдеу тиімділігінің көрсеткіштерінің өсуін және цифрлық коммуникация арналарында сату үлесінің ұлғаюын қамтамасыз етті.

- Пандемия жағдайында қызметкерлерді оқыту LABA, EDUSON үздік оқыту платформаларын қатыстыра отырып, онлайн-форматқа көшірілді.
- Ішкі құжаттармен жұмыстарды оңтайландыру үшін мобильді нұсқалы ЭДО 2.0 жүйесі іске қосылды.
- Клиенттерге қызмет көрсетудің омниканалдық моделі енгізілді. Telecom.kz, ISMET.kz сайттарындағы жеке кабинет жұмысы жақсартылды, чат-боттар, WABA іске қосылды, колл-орталықтардың жұмысы оңтайландырылды.
- Цифрлық трансформация жағдайында қажетті құзыреттерді арттыру мақсатында, компанияның Top-50 басшылары үшін Skolkovo «Цифрлық трансформация көшбасшылары» бизнес-мектебінің дипломдық курсы іске қосылды.

2021 жылы трансформацияның стратегиялық бағдарламасын іске асырудың белсенділігін арттыру жоспарланып отыр. Алдымызда InDigiCo цифрлық бөлімшесін толық қуаттылыққа шығару, цифрлық арналарды дамыту, икемді жобалық әдіснамалар негізінде цифрлық өнімдерді әзірлеу және нарыққа шығару, өнімдік NPS-ті жақсарту, дивизиондық құрылымды қалыптастыру, сондай-ақ көптеген көлемді міндеттерді іске асыру сияқты міндеттер тұр.

## РЕТТЕУШІ ОРТАҒА ШОЛУ

ҚР Кәсіпкерлік кодексі, «Байланыс туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңдары «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметін регламенттейтін ҚР-ның негізгі заңнамалық актілері болып табылады.

**ҚР Кәсіпкерлік кодексі** (бұдан әрі – КК) кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

КК-ға 2020 жылы және 2021 жылдың басында әртүрлі сипаттағы өзгерістер енгізілді.

2020.25.06 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес, КК-ның 28-бабы 10-2-тармағымен толықтырылды: «Квазимемлекеттік сектор субъектісі ақпараттандыру саласындағы үкілетті орган бекітетін, функцияларды мемлекеттік органдардың іске асыруы

мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау, беру жөніндегі қағидаларға сәйкес функцияларды мемлекеттік органдардың іске асыруы мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін қажетті иесіздендірілген мәліметтерді «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына береді».

**«Байланыс туралы» ҚР Заңы** (бұдан әрі – «Байланыс туралы» заң) Қазақстан Республикасының аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың аталған қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін көрсететін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

«Байланыс туралы» заңға 2020.25.06 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен өзгерістер енгізілді.

Мәселен, бұрын «Байланыс туралы» заңның 12-бабының 8-1-тармағымен радиожилік спектрін



пайдалануға арналған рұқсатты тәркілеудің екі жағдайы белгіленген болатын. Өзгерістерге сәйкес, бұл тармақта радиожилілік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттың қолданылуын тоқтату үшін негіздердің неғұрлым кеңірек тізімі көзделген.

«Байланыс туралы» заңның 26-бабының 3-1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті байланыс желілері мен арналарын өз қаражаты есебінен беруге және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын тәртіппен өздерінің байланыс желілерін Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосуды қамтамасыз етуге; Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын тәртіппен интернет-трафикпен алмасу нүктелеріне өздерінің байланыс желілері мен кіші желілерін қосуды және беруді, сондай-ақ интернет-трафикпен алмасу нүктелерінен интернет-трафикті қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Радиожилілік спектрді, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) азаматтық мақсаттағы жоғары жиілікті құрылғыларды мониторингтеуді мемлекеттік радиожилілік қызметі жүзеге асырады, бұрын мониторингті уәкілетті орган іске асырған.

«Байланыс туралы» заңның 40-бабы оператордың байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға алып келуі мүмкін меншікті байланыс желісіндегі ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын анықтау, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен байланыстың абоненттік құрылғысының интернетке қолжетімділігін байланыс операторы анықтаған, көрсетілетін байланыс қызметтерін тоқтата тұруға алып келуі мүмкін ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын абонент жоймаған кезде, Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығынан, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінен, ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығынан ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің жұмыс істеуін тоқтата тұруға алып келуі мүмкін ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабарлар келіп түскен кезде шектеу міндеттерімен толықтырылды.

**Сонымен қатар, абонентке байланыс операторы, ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына ден қою қызметі анықтаған оқыс оқиғаларды және оның абоненттік құрылғысындағы ақпараттық қауіпсіздіктің қауіп-қатерлерін жою міндеті жүктелген.**

Байланыс операторлары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, қажет болған жағдайда, құқық қорғау органдарымен бірлесіп байланыс желілерін және (немесе) құралдарын қылмыстық мақсаттарда пайдаланатын адамды анықтайды («Байланыс туралы» заңның 41-1-бабы 3-тармағының 2-т.).

«Байланыс туралы» заңның 29-бабының 4-2-тармағы нормамен толықтырылды, оған сәйкес көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналыста байланыс операторларына көрсетілетін байланыс қызметтерін ұсыну мақсатында олардың телекоммуникация жабдықтарын орналастыруы үшін кондоминиум объектісінің ортақ пайдаланудағы мүлкін тең жағдайларда беру туралы шешім қабылдайды (толықтыру 2020.29.06. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-климатты жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен енгізілген).

2023.01.01. бастап бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі – төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыреті шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар

туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі деген ұғым енгізіледі.

Бұл ретте, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі орналасқан жерінде мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы байланыс инфрақұрылымымен интеграцияланады.

**«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының негізгі мақсаты** табиғи монополиялар салаларындағы қызметті мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін айқындау, табиғи монополиялар салаларындағы қызметті мемлекеттік реттеу рәсімдерінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды және оларға сұранысты қанағаттандыруды ынталандыру болып табылады.

Сонымен қатар, 2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның қызметінде пайдаланылатын Азаматтық кодекс, Салық кодексі, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заң, «Рұқсаттар мен хабарландырулар туралы» Заң, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң сияқты ҚР-ның кейбір заңнамалық актілерінде жалпы сипаттағы түрлі өзгерістер енгізілді.

**ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНЫҢ  
ӨЗЕКТІ ҒАЛАМДЫҚ ТРЕНДІЛЕРІ**

**ӘЛЕМДЕГІ  
ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ  
САЛАСЫНЫҢ БЕЙНЕСІ  
МЕН ДАМУЫ**



## АЛТЫ НЕГІЗГІ ТРЕНД



**Нарықтағы бәсекелестіктің өсуі және жанама салалардан ойыншылар тарапынан қысымның артуы (банктер, цифрлық компаниялар, бөлшек сауда секторының ойыншылары);**



**Тұтынушылардың таңдауы қарапайым, интуитивті-түсінікті өнімдік ұсыныстар мен цифрлық өзіне-өзі қызмет көрсету жағына ауысуы;**



**Интернеттің жан-жақты енуі және таңдаудың мобильді интернет жағына қарай ауысуы;**



**Over-the-top (OTT) платформаларынан желіге жүктеменің жылдам өсуі және оларды инфрақұрылымның одан әрі дамуына қатыстыру;**



**5G буынды мобильді желілерді ілгерілету;**



**2020 жылы COVID-19 пандемиясының тұтынушылық сұраныс құрылымына әсері, цифрлық трансформация үрдісінің үдеуі.**

Бұл тренділер индустриядағы көшбасшы-компаниялардың жаңа жоғары тиімді басқару модельдерін белсенді енгізу (agile), шығындарды оңтайландыру жағына қарай қозғалысын анықтайды, о.і. клиенттік және ішкі процестерді цифрландыру, қызметті ертарандыру және экожүйелерге қатысу, сондай-ақ желілік инфрақұрылым эволюциясының келесі кезеңіне дайындалу кіреді.

## ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

(Шола Ұлттық статистика бюросының деректері, байланыс нарығы бойынша интернет дереккөздеріндегі маркетингтік деректер және сараптамалық бағалаулар бойынша әзірленді)

### 2020 жылы телекоммуникациялық нарықтың негізгі үрдістері

2020 жыл телекоммуникациялық нарық үшін сын-тегеурінге және табысқа толы ерекше жыл болды. Сын-тегеурінді коронавирус пандемиясы және оған байланысты бүкіл әлемде адамдардың оқшаулануы қамтамасыз етті – телеком-операторлардың қызметі іс жүзінде тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне айналды, оның арқасында қашықтықтан жұмыс істеу, оқу, медицина, ойын-сауық және жақындармен байланыс мүмкін болды. Байланыс операторлары абоненттердің өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне ілесіп үлгеріп, өздеріне жүктелген жауапкершілікті еңсеруге мәжбүр болды. Бірақ, сонымен қатар экономиканың басқа салаларында болып жатқан жағдайға қарағанда, сала қарқынды өсе бастады, – пандемия телеком-нарықтардың өсуін тездетте түсті: тек сандық параметрлер ғана емес, сапалық параметрлер де өсті.

- 2020 жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметі нарығының жиынтық көлемі 932,33 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдың көрсеткішінен 14,5%-ға ұлғаяды.

- Қызмет түрлері бойынша табыстар құрылымында дамуының драйвері деректер беру қызметтері болып табылатын мобильді байланыс басымдылығын сақтап келеді. Мобильді байланыс қызметінен табыс бүкіл нарық көлемінің жартысынан көбін – 54,5%-ын құрады.
- Бекітілген телефониядан табыс үлесі жылдан жылға қысқарып келеді – 2020 жылы 6,4%-ға дейін төмендеген.
- Деректер беру және бекітілген желілерде интернет желісіне қолжетімділік қызметі сегментінің үлесі соңғы жылдары абсолюттік мәніндегі табыстардың өсуіне қарамастан, қысқару үрдісін көрсетіп келеді. 2020 жылы нарық үлесі шамамен 16,2%-ды құрады.
- Ақылы телевидение қызметінің сегменті 2020 жылы байланыс қызметінен жиынтық табыстың 4,3%-ын қамтамасыз етті.
- Бөлшек нарықтың өсуімен бірге байланыс операторларының қызмет көлемі де ұлғаяды, бұл телеком-қызметтен жиынтық ақшалай түсімдегі сегмент үлесінің өсуінде көрініс табады.

### 2020 жылғы телекоммуникациялар нарығы

2020 жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметі нарығының көлемі 14,5%-ға өсіп, 932,33 млрд теңгеге дейін жетті. Қызмет түрі бойынша табыстар құрылымында дамуының драйвері деректер беру қызметі болып табылатын мобильді байланыс басымдылығын сақтап келеді. Жалпы табыстағы мобильді байланыс үлесінің қысқаруына қарамастан, ол бұрынғыдай бүкіл нарық көлемінің жартысынан көбін – 54,5%-ын құрады.

Бекітілген телефониядан табыс үлесі 2020 жылы 6,4%-ға төмендеп, жылдан жылға қысқарып келеді. Сегменттің қысқаруы нақты мобильді және IP-ауыстыру әсерінен болады, бұл кемелденген нарықтың табиғи процесі болып табылады. Осындай құлдыраудың орнын толтыру шараларының бірі ретінде бекітілген және мобильді желілерде қызмет көрсететін операторлар бір топтамада бекітілген және мобильді телефония қызметін қамтитын жинақталған ұсыныстар жасайды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша нарықтың жалпы көлеміндегі жинақталған қызметтерден табыс үлесі 2,29%-ды құрады.

Деректер беру және бекітілген желілерде интернет желісіне қолжетімділік қызметі сегментінің үлесі соңғы жылдары абсолюттік мәніндегі табыстардың өсуіне қарамастан, қысқару үрдісін көрсетіп келеді. Бұл осы қызмет түрінен түсетін табыстар нарықта басқалардан әлдеқайда баяу өсетінін білдіреді. Табыстың өсу қарқынының баяулауы нарықтың кемелділігімен, қызметтің нарыққа кіруінің жоғары деңгейімен және үй шаруашылықтарына ұқсас қызмет топтамаларын ұсынатын және сәйкесінше баға тұрғысынан бәсекелес болуға мәжбүр нарық

көшбасшылары – «Қазақтелеком» және Beeline арасындағы белсенді бәсекелестікпен байланысты.


Бекітілген интернет-қолжетімділік және деректер беру қызметтерінен түсетін табыс үлесінің қысқаруына операторлардың IT-қызметті дамытуы да әсер етеді. IT қызметінен табыстың негізгі көлемі инфрақұрылымдық жобалар үлесіне келетініне қарамастан, байланыс операторлары ұсынатын интернет желісі негізіндегі IT-қызметтер мен бизнес-шешімдердің үлесі жылдан жылға өсіп келеді.

2020 жылы республикада жарияланған локдаун бекітілген интернетке сұранысты арттырды. Оқшаулану жағдайында жеке және жұмыс мақсатында сапалы бекітілген интернет талап етілді.


Ақылы телевидение қызметінің сегменті 2020 жылы байланыс қызметінен жиынтық табыстың **4,3%-ын қамтамасыз етті**. Абоненттік базаның белсенді өсуі жағдайында табыстың баяу өсуі абоненттердің үштен бір бөлігі мемлекеттің қолдауымен ОТАУ TV қамтамасыз ететін тегін базалық телебағдарламалар топтамасын қолдануымен, сондай-ақ халықаралық компаниялардың OTT-қосымшаларының өсіп келе жатқан танымалдығымен байланысты.

Бөлшек нарықтың өсуімен бірге B2O сегменті үшін қызмет көлемі де ұлғаяды, бұл телеком-қызметтен жиынтық ақшалай түсімдегі сегмент үлесінің өсуінде көрініс табады. Байланыс операторларына негізгі табысты желілік инфрақұрылымды жалға беру және деректер беру арналары мен Интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну әкеледі.

### ҚР ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ



### «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КТ НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСІНІҢ ҚАРҚЫНЫ




### «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ НАРЫҚ СЕГМЕНТТЕРІ БОЙЫНША ЖАЙҒАСЫМЫ



- Операторлық бизнес
- АКТ қызметтері
- Ақылы ТВ
- Бекітілген интернет
- Мобильді нарық («Кселл» АҚ және «Мобайл ТелекомСервис» ЖШС үлестерінің ескерілуімен)
- Бекітілген телефония

Дерекнама: iKS-Consulting

### БЕКІТІЛГЕН ТЕЛЕФОНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕН КІРІС ҚАРҚЫНЫ



- Кірістер, млрд теңге
- Нарық қарқыны

Дерекнама: iKS-Consulting

### «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобының нарықтағы жайғасымы

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобының нарықтағы үлесі **64,6%-ды құрады**. 2019 жылы Топ үлесінің 2019 жылғы деректерге қарағанда 28,9-дан 63%-ға дейін және 2020 жылы 4,1 тармақшаға өсуі жүргізілген сатып алулармен байланысты:

2019 жылғы маусымда мәміле аяқталып, нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ Khan Tengri Holding B.V. жалғыз акционері атанды.


### Бекітілген телефония

Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде, бекітілген телефония қызметінен табыс 2020 жылдың қорытындысы бойынша 51,1 млрд теңгені құрады. Соңғы онжылдықта бекітілген телефония нарығы барлық жергілікті, **қалааралық және халықаралық бағыттарда қысқаруда**. Бұл ретте, егер 2013 жылға дейін жергілікті телефония нарығы телефон желілерінің өсімі есебінен өскен болса, ал қысқартылуға тек мобильді желілер мен ОТТ-сервистерге

көшірілген мг/мн трафик ұшыраса, 2014 жылдан бастап нарықтың физикалық тұрғыдан қысқаруы себебінен жергілікті телефониядан табыстар да төмендеді – абоненттер азайды, кәсіпорындар мен тұрғындардың бір бөлігі бекітілген телефон желілерінен жалпы байланыс құралы ретінде бас тартты.

Табыстың төмендеу қарқынын ұстап тұру құралдарының бірі ретінде бекітілген телефония оператор-

## МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІНЕН КІРІС



- Ұялы байланыс қызметінен кіріс, млрд теңге
- Өсу қарқыны, %

Дерекнама: iKS-Consulting

ларынан топтамалық ұсыныстар «көтерме бағамен арзанырақ» қағидаты бойынша өзара байланысқан түрлі қызметтерді ұсынатын қызмет топтамалары және бекітілген төлем есебінен нақты минут көлемін ұсынуды көздейтін трафик топтамалары табылады.

## Мобильді байланыс

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы мобильді байланыс нарығының көлемі 507,9 млрд теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 15,9%-ға өсті.

Мобильді байланыс нарығы, ең алдымен, көпшілік тұтынушыға бағдарланады. 2015 жылға дейін барлық операторлардың стратегиялары абоненттердің саны бойынша нарықтың ең үлкен үлесін жаулап алуға бағытталды. Көбіне осындай абонент үшін тартыс абоненттердің табыстылығына және операторлардың жиынтық табыстарына теріс әсер еткен баға бәсекесін туғызды. Сонымен қатар, ел экономикасына теріс әсер еткен теңге девальвациясы қазақстандық кәсіпорындардың

## Интернет желісіне бекітілген қолжетімділік нарығы


Бекітілген байланыс желісіндегі КЖҚ нарығының көлемі 2020 жылы 114,5 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы жылдағы көрсеткіштен 11%-ға жоғары.

Өсу қарқынының баяулауына және мобильді желілердегі ұсыныстар тарапынан қысымға қарамастан, КЖҚ нарығы бұрынғыдай **оң қарқынды көрсетеді**. Бекітілген интернет нарығының көлемі қаныққан және кемелдік кезеңінен өтуде деп күтілді, бірақ 2020 жылы оқшаулану режимі үй шаруашылықтарындағы интернет қызметіне сұранысты

## Деректер беру нарығы

Деректер беру нарығы жалпы көлемде 29,5 млрд теңгені құрады. Деректер беру қызметі, оның ішінде арналарды жалға беру арқылы тек корпоративтік пайдаланушыларға – қала немесе ел

## БЕКІТІЛГЕН ЖЕЛІЛЕРДЕ КЖҚ ҚЫЗМЕТІНЕН КІРІС ҚАРҚЫНЫ



- КЖҚ қызметінен кіріс, млрд теңге
- Өсу қарқыны, %

Дерекнама: iKS-Consulting

Дегенмен, операторлардың талпынысына қарамастан, бекітілген телефония қызметінен табыстың азаюының толық алдын алу, мобильді және IP/OTT-ауыстыруға қарсы тұру мүмкін болмай тұр.

өз қызметкерлеріне байланыс қызметін төлеуге бөлетін бюджеттерін қысқарта бастауына әкелді. Бұл факторлар ұялы байланыс операторларын абоненттік базаның сапасын арттыру және арнайы қызметтер мен дайын шешімдер есебінен корпоративтік сегментті дамыту тұрғысынан өзінің нарықтық стратегияларын түзетуге мәжбүрледі. Осының нәтижесі ретінде, 2016 жылдан бастап корпоративтік клиенттерге қызметтен табыс үлесі жыл сайын ұлғая бастады және 2020 жылдың қорытындысы бойынша 10% дерлік көлемді құрады. Мобильді байланыстың барлық ойыншылары соңғы жылдары корпоративтік клиенттерге қызмет көрсетті, бұл мобильді байланыс қызметінен табыс құрылымына әсер етті.


қыздырып, нарықты жандандырды – абоненттер саны, оның ішінде шағын қалалар мен ауылдық жерлерде де өсті.

Барлық ойыншылар сымды және/немесе мобильді телефония, интернет-қолжетімділік және телевидение қызметтерінен комбо-топтамалар ұсынуға тырысады. «Қазақтелеком»-мен қатар, үй шаруашылықтарына қызмет ұсыну тұрғысынан Beeline мен ALMA-TV белсенділік танытуда.

ішінде кеңселер желісі бар және оларды біріктіруге қажеттілігі бар компанияларға бағдарланады. Осылайша, деректер беру қызметінен бүкіл табыс көлемін кәсіпорындар жасайды.



## АҚЫЛЫ ТВ ҚЫЗМЕТІНЕН КІРІС



Дерекнама iKS-Consulting

## БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫНА ҚЫЗМЕТТЕН КІРІС



Дерекнама: iKS-Consulting

## Ақылы телевидение нарығы

Ақылы ТВ нарығы айтарлықтай шағын, бірақ Қазақстан телекоммуникациялық нарығының тұрақты өсіп келе жатқан сегменті болып табылады. 2020 жылы ақылы ТВ қызметінен ақшалай түсім алдыңғы жылға қарағанда 10,6%-ға өсіп, жалпы 39,8 млрд теңгені құрады.

Ақылы ТВ қызметінен кірістерде әдеттегідей үй шаруашылықтары басымдыққа ие. 2020 жылы олардың үлесіне 36,9 млрд теңге келді, бұл жалпы ақшалай түсімнің 93%-на сәйкес. Кәсіпорындарға қызметтен табыс 2,9 млрд теңгені немесе 7%-ды құрады.

Ақылы ТВ абоненттерінің саны 2020 жылы 3 701 мыңды құрады, бұл былтырға қарағанда 2,2%-ға жоғары. Айта кету керек, соңғы екі жылда табыстың өсу қарқыны абоненттік базаның өсу қарқынынан бірнеше мәрте артық, бұл ақылы ТВ абоненттерінің қызметін тұтыну қарқынының өсуімен байланысты.


2020 жылы ақылы ТВ-ның қазақстандық үй шаруашылықтары арасына енуі 67%-ды құрады. Кәсіпорындар сегментінде бұл көрсеткіш 24%-ды құрады.

## Телекоммуникация қызметінің операторлық нарығы

Операторларға қызмет көрсету сегментінде табыстар мынадай бағыттар бойынша қалыпта-сады:

- Магистральдық байланыс арналарын жалға беру;
- Интернет желісіне қолжетімділік арналарын ұсыну (IP-транзит);
- Телефон трафигін қосу және өткізу;
- Халықаралық трафик транзиті;
- Кәбілдік инфрақұрылымды жалға беру;
- Байланыс операторларына қызмет көрсету нарығының көлемі 2020 жылы 93,27 млрд теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 9,7%-ға ұлғайды.

## IT ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСЕТІН КІРІС ҚАРҚЫНЫ



Дерекнама: iKS-Consulting

**2020 жылдың қорытындысы бойынша байланыс қызметі нарығының жиынтық көлемі 932,33 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдың көрсеткішінен 14,5%-ға ұлғайды.**

## АКТ нарығы

2020 жылы IT нарығының көлемі 2019 жылмен салыстырғанда, 5,8%-ға артып, 67,5 млрд теңгені құрады.



**БИЗНЕС**  
**ЖӨНЕ**  
**КАРЖЫ**  
**ЛЫҚ ШОЛУ**

|  |    |
|--|----|
| Қызмет сегменттері бойынша шолу .....          | 50 |
| Бөлшек бизнес .....                            | 50 |
| Корпоративтік бизнес.....                      | 54 |
| Жаңа бизнестер және инновациялық жобалар ..... | 60 |
| Ақпараттық технологиялар .....                 | 64 |
| Инфрақұрылымды және желіні дамыту.....         | 66 |
| Қызметтің қаржылық нәтижелері .....            | 68 |
| Сатып алу практикасы .....                     | 72 |

---

*Карантин кезінде iD TV абоненттеріне «Қазақтелекомның»  
премиялы топтама арналарын тегін пайдалану мүмкіндігі  
берілді. Бұл мүмкіндіктің игілігін 380 000 абонент көрді.*



# ҚЫЗМЕТ СЕГМЕНТТЕРІ БОЙЫНША ШОЛУ

## Бөлшек бизнес

2020 жылдың қорытындысы бойынша біз бөлшек сегменттегі ақшалай түсім бойынша қайтадан тарихи максимумға қол жеткіздік – 118,37 млрд теңге. Ақшалай түсімнің өсуі алдыңғы жылмен салыстырғанда 5%-ды құрады (2019 жылы өсу 2%-ды құрады).

Бөлшек сегменттегі көлемді көрсеткіштер жоспары барлық негізгі қызмет бойынша асыра орындалған. Интернет желісіне тіркелген кеңжолақты қатынау және ақылы телевидение қызметтері өсудің негізгі драйверлеріне айналды. Тіркелген интернет бойынша B2C абоненттік базасы 2020 жылы 8,3%-ға өсті және 1 708 мың абонентке жеткен. Ақылы ТВ бойынша өсім көрсеткіші 2019 жылға қарай 12,2%-ды құраған.

2020 жылы біз тіркелген телефония абоненттерінің кетуі айтарлықтай азаюына қол жеткіздік. Егер 2017–2019 жылдары телефонияның абоненттік ба-

засының құлдырау қарқыны жылына 180 мың желіні құраған болса, ал 2020 жылы абоненттік база тек 27 мың желіге ғана азайды.

Абоненттердің кетуінің оң қарқыны барлық қызмет бойынша байқалады. Телефония қызметінен бас тарту саны 2019 жылмен салыстырғанда 30%-ға төмендеген, интернет желісіне тіркелген кеңжолақты қатынау бойынша 32%-ға, ақылы телевидение бойынша 36%-ға төмендеді.

2020 жылы қол жеткізілген нәтижелерде клиенттермен өзара ұзақ мерзімді қарым-қатынас құруға бағытталған бөлшек нарықтағы Жаңа маркетингтік стратегиямыз маңызды рөл атқарды. Клиенттеріміздің шамамен 40%-ы Компаниямен ұзақ мерзімді келісімшарттарға көшті.

## Өнімді ұсыныстарды дамыту


2020 жылы Компания өзінің өнімді ұсыныстарын дамытуды жалғастырды. Мәселен, 2020 жылдың маусым айында желіде гаджеттерді зиянды БЖ-дан қорғау жөніндегі ESET сервисі және балалардың

трекингіне, қолжетімділікті басқаруға және баланың желідегі белсенділігіне мониторинг жүргізуге арналған Kids Security сервисі іске қосылды.

2020 жылы пандемияның әсер етуіне және медициналық қызметтерге деген трендтің ұлғаюына байланысты «Қазақтелеком» жетекші ресейлік клиникалардың медициналық қызметтеріне қолжетімділік беретін «Телемедицина» қызметін іске қосты, онда абонент 24/7 режимінде консультация, қойылған диагнозға қатысты екінші пікір және терапевттер мен педиатрларға қолжетімділік алды. Өнім 3 нұсқада ұсынылды, педиатрға немесе терапевтке жазылуды, сондай-ақ 3 адамға арналған топтаманы сатып алуға болады, жеке топтама 2 500 теңгені және отбасылық топтама 4 999 теңгені құрайды.


2020 жылдың желтоқсан айында «Қазақтелеком ТВ+» ақылы цифрлық телевидение жаңартылған қызметі іске қосылды, ол интернет желісіне (OTT технологиясы бойынша) қосылған пайдаланушының кез келген Smart құрылғысының экранында бір қосымшада телеарналарды, фильмдерді, сериалдарды, телебағдарламаларды және ұлттық контентті біріктіреді. 2021 жылдың I тоқсанында теледидарында Smart атқарымы жоқ абоненттер үшін қызметтерді іске қосу, яғни ТВ-приставкасы арқылы (IPTV технологиясы бойынша) іске қосу жоспарланып отыр. ТВ-платформаны жаңартудың арқасында пайдаланушыларда мультиэ-

## БӨЛШЕК СЕГМЕНТТЕГІ АҚШАЛАЙ ТҮСІМ, МЛРД ТЕҢГЕ



■ Млрд теңге  
Дерекнама: iKS-Consulting (2016-2019), БНС (2020)

## Абоненттердің саны<sup>1</sup>, млн



Дерекнама: Компания туралы мәліметтер

- Бекітілген дауыстық байланыс үшін бекітілген желілер саны, КЖҚ-ге арналған деректерді беру порттарының саны, ақылы ТВ-ға қосылу нүктелерінің саны;
- СП Altel/Tele2 + Kcell;
- Орташа ARPU, Жалпы кіріс/Сегмент абоненттері B2B, B2C және B2G ретінде есептелген, мобильді байланыс сегментін қоспағанда.

крандық (қарауды кез келген құрылғыдан жалғастыру мүмкіндігі), эфирді басқару, телеэфирдің мұрағатын жазу, әлемдік мейджерлер ұсынған видеоконтенттің кітапханаларына қатынау сияқты бұрын қолжетімді болмаған кеңейтілген мүмкіндіктер пайда болды.

COVID-19 пандемиясы салдарынан біздің өмірімізге енгізілген шектеулерге байланысты медиақызметтерді тұтыну айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Мәселен, дәстүрлі телевидениеге сұранысқа қарамастан, 2020 жылы бейнеалаңдардың танымалдығының өскені байқалды. «Қазақтелеком» АҚ

абоненттері шетте қалған жоқ, олар іvi онлайн-кинотеатрына қолжетімділік беру сервисін жоғары бағалады. 2020 жыл ішінде интернетке кеңжолақты қатынау қызметтерін пайдаланушыларға іvi сервисін ұсынды, оларға барлық голливудтық мейджерлердің премиальдық контентіне қолжетімділік кіреді. Іvi ортақ каталогына 80 мың бірлік контент кіреді. Пост-төлемнің ыңғайлы форматы, икемді тарифтер және жарнаманың болмауы осы сервиске 120 мыңнан артық пайдаланушыны тартуға мүмкіндік берді, осылайша бір жыл ішінде ақылы жазылушылардың өсімін 20-дан асуын қамтамасыз етті.

## Клиенттік тәжірибе және қызмет көрсетудің цифрлық арналарын дамыту

Компания үшін күрделі сын-тегеурін ретінде пандемияның салдарына уақтылы және тиімді әрекет ету болды. Карантиндік шаралар жарияланған алғашқы күндерден бастап клиенттердің

тарапынан келіп түскен өтініштердің саны күрт ұлғайды. Олармен жұмыс жасау үшін қолда бар ресурстарды жұмылдырдық. Пандемия басталған сәттен абоненттерге қызмет көрсету арналарының

## 2021 жылы онлайн-арналарды дамыту жоспарлары



саны 7 арнаға дейін ұлғайды. Барлық коммуникация арнасы бойынша өтініштердің саны шарықтау сәтінде 43% өсімге жетті.

180 оператор күнделікті сағат 08:00-ден 23:00 дейін, демалыс, мерекеге қарамастан, абоненттердің сұраныстарын шешті. Жауап берілген және шешілген сұраныстардың пайызы 99%-ды құрады.

Қазір абоненттер өз мәселелерін онлайн-арналарда шешуді қалайды және қызмет көрсетудің дәстүрлі арналарына (абоненттік бөлімдер мен байланысу орталықтары) сирек жүгінеді. 2021 жылдың қаңтар айында абоненттік бөлімдерге қарағанда, WhatsApp арнасына абоненттердің 30% жүгінген.

Барлық онлайн-арнаның арасынан барлық өтініштің 90%-дан астамы WhatsApp арқылы

берілді. Бүгінгі таңда «Қазақтелекомның» WhatsApp арнасы барлық байланыс операторының және тіпті банктік саланың арасында сұранысқа ие.

Біздің арнамызда абоненттердің сұрақтарын жанды операторлар онлайн-режимде шешеді. Абоненттерге чат-бот арқылы ұзақ жолдан өту қажет емес. Барлығы оңай ері түсінікті.

Қызмет көрсетудің онлайн-арналарын іске қосу арқылы жылдың нәтижелері бойынша NPS 52%-ға ұлғайды. 2020 жылы біз FRR (First Request resolution) көрсеткішін – абоненттің сауалын алғаш рет жүгінген кезде шешу көрсеткішін енгіздік. Бұл көрсеткіш жылдың нәтижелері бойынша 20%-ға ұлғайды. Компания әр абоненттің сауалын алғаш жүгінген кезде толық шешіп беруге тырысады және бұл үшін барлығын жасайды.

### Қызметтерді қосу өтінімдерін қанағаттандыру

2020 жылы пандемия кезінде телекоммуникация қызметтерін қосу туралы өтінімдер саны күрт ұлғайды. Қосу туралы сұраныс 2020 жылдың сәуір айында өте көп болды – 45 000 қосылыс, 2020 жылғы тамызда – 32 100 қосылыс, қыркүйекте – 39 500 қосылыс, қазанда – 36 200 қосылыс, бір айдағы қосылыстардың орташа саны 25-27 мыңды құрады.

Сұранысты қанағаттандыру үшін қосымша бригадалар ұйымдастырылды, соның ішінде корпоративтік сегменттің және техникалық пайдалану жұмыскерлері тартылды, бұл сәуірде жүктелімдердің ең көп санын пысықтауға мүмкіндік берді.

Пандемия ушыққан кезде инсталляторлардың бригадалары мереке және демалыс күндері жұмыс

жасады, барлық бригада ЖҚК-мен қамтамасыз етілді.

Тамыздан бастап дилерлер тартылды. «Қосылыстағы дилерлер» жобасы инсталляция үдерісін аутсорсингке кезең-кезеңмен шығару арқылы дилерлік желіні кеңейтуге бағытталды, бұл Компания үшін экономикалық тиімді болып табылады. Жоба енгізілген сәттен бастап дилерлердің қосылыстарының пайызы 2020 жылы 15%-ды құрады, дилерлердің қосылыстарының пайызын 60%-ға дейін жеткізу жоспарда бар. 2020 жылдың соңында 23 дилерлік шарт жасалды, бұл 2020 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында 11 604 тапсырыс мөлшеріндегі өтінімдерді орындауды қамтамасыз етті.



## 2020 жылы телекоммуникация қызметтерін қосу туралы өтінімдер саны



2020 жылы пандемия кезінде телекоммуникация қызметтерін қосу туралы өтінімдер санының күрт ұлғаюы байқалды

2020 жылдың қорытындысы бойынша абоненттер қызметтерден бас тартқан кезде клиенттік жабдықты қайтару көрсеткіші 2,7 есе ұлғайды және 82%-ға жетті (жылдың басында жабдықты қайтару пайызы 30%-ды құрады). Қызметтер қосылған

кезде клиенттерге бағдарланған сервистің деңгейі 81%-ды құрады (жоспарлы 80%). Бір рет барған кезде қызметтерді қосу көрсеткіші 90%-ға жетті (жоспарлы 80%).

### Дебиторлық берешекті басқару

2017 жылдан бастап 2018 жыл аралығындағы кезеңде бөлшек сегменттегі мерзімінен кешіктірілген дебиторлық берешектің деңгейі шамамен 3 есе ұлғайды. Берешектің ұлғаюына байланысты туындаған мәселені шешу мақсатында «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның құрылымында Дебиторлық берешекті басқарудың бірыңғай орталығы (ДБББО) құрылды.

2019 жылы ДБББО берешектерді өндіріп алудың жаңа құралдарын пайдалану арқылы дебиторлық берешекті басқарудың жаңа моделін енгізді.

Алғашқы жылы, яғни 2019 жылы дебиторлық берешектің деңгейі төмендей бастады, алайда 2020 жылы ДБББО жаңа сынақтарды туындатты. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында бөлшек

сегментте мерзімінен кешіктірілген дебиторлық берешектің деңгейі (25%-ға дейін) ұлғайды, бұл жарияланған төтенше жағдаймен (ТЖ) және COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуымен күресу мақсатында карантин енгізумен түсіндіріледі. Бірақ пандемиямен күресудің макроэкономикалық салдарына қарамастан, Компания ТЖ кезеңінде өсімпұлды есептеуден бас тарту және борышкерлерді мәжбүрлі өшіруден бас тарту туралы қабылдаған шешімі бойынша 2020 жылы ДБББО дебиторлық берешекті төмендетте алды. Жыл соңында соңғы 3,5 жыл ішінде бөлшек сегментте мерзімінен кешіктірілген және күдікті дебиторлық берешектің рекордтық төмен деңгейіне жетті. Өткен жыл ішінде В2С сегментінде мерзімінен кешіктірілген және күдікті дебиторлық берешектің деңгейі 30%-ға төмендеді.

### 2021 жылға арналған негізгі міндеттер:

- абоненттерді ұзақ мерзім келісімшарттарға ауыстыруды ұсыну: 2021 жылдың соңында 50%-дан кем емес;
- ақылы цифрлық телевидениені сату бойынша жоспарлы көрсеткіштерді орындау;
- тапсырыстарды диспетчерлеуді автоматтандыру және жабдықтың өмірлік циклін бақылау,
- сондай-ақ инсталляторлар үшін бірыңғай ынталандыру бағдарламасын енгізу бойынша қызметтерді инсталляциялау үдерістерін жетілдіру;
- қызмет көрсетудің цифрлық арналарын белсенді дамытуды жалғастыру.

## Әлеуметтік жауапкершілік

Төтенше жағдай кезеңінде үйде болуды және карантинді ұстануды ынталандыру деңгейін арттыру үшін 2020 жылдың көктемінде «Қазақтелеком» контенттің құқық иеленушілерімен уағдаласу бойынша олар осыған дейін қандай топтаманы сатып алғанына қарамастан, телеарналардың премиум-пакетінің iD TV қызметін пайдаланушыларға ұсыну туралы шешім қабылданды. Науқан 2020 жылғы 20 наурыздан бастап 11 мамыр аралығында өткізілді.

Осы уақытта халыққа эмоциялық қолдау көрсету үшін «Қазақтелеком» АҚ YouTube-арнасында ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп, «Карантиндегі жұлдыз» жобасын өткізді, соның арқасында қазақстандықтар бірнеше танымал қазақстандық

өртістердің өнер көрсетуін онлайн-режимде көре алды. Жоба жүргізілген кезеңде «Қазақтелеком» АҚ YouTube-арнасында 20 млн астам қаралым жинады. Төтенше жағдай отандастарымыздың материалдық әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін екенін түсіне отырып, Компания клиенттерінің өз туыстарымен және жақындарымен тілдесуі үшін үздіксіз байланысты қамтамасыз ету туралы шешім қабылдады: ТЖ кезінде біз мерзімінен кешіктірілген берешегі бар абоненттерді өшіруден бас тарттық және қызметтердің ақысын төлеуді мерзімінен кешіктіргені үшін өсімпұлдар есептеген жоқпыз. Сонымен қатар абоненттерге өздері үшін берешекті өтеудің ыңғайлы графигін таңдау және төлемді кезең-кезеңмен төлеу мүмкіндігі ұсынылды.


## Корпоративтік бизнес

2020 жылдың корпоративтік сегментіндегі қызмет нәтижелері бойынша Компанияның B2B, B2G, B2O сегменттеріндегі түсім 132,7 млрд теңгені құрады.


Корпоративтік сегмент кірістерінің құрылымында ең жоғары үлес – 34,73% – деректер беру желісінің қызметтерін көрсетуден түскен кірісті құрайды. Тасымалдау желісінің арналарын жалға беруден түскен кіріс үлесі – 15,44%, ал халықаралық операторлармен арадағы келісім бойынша кіріс үлесі 9,87%-ды құрады.

Кәсіпкерлік бастамалардың арқасында FTTx бойынша түсім өткен жылмен салыстырғанда 28,1%-ға, IP VPN бойынша түсім 28,1%-ға, тасымалдау желісінің арналарын жалға беру бойынша түсімдер 6,9%-ға ұлғайды. FTTx, IP VPN қызметтері және тасымалдау желісінің арналарын жалға беру ең жоғары табысты болып табылады және клиенттердің ARPU өсуі мен дамуы үшін технологиялық тұрғыдан маңызды болып табылады.

### 2018/2019/2020 КІРІС ӨСІМІНІҢ B2B/B2G/B2O СЕГМЕНТТЕРІНДЕ



### 2020 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ТАБЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



- 2,2 ХҚТБ
- 5,03 ЖТБ
- 34,73 ДБЖ
- 0,2 Ақылы телевидение
- 0,22 БО (байланысу орталықтары) қызметі
- 8,17 Корпоративтік ақпаратты-коммуникациялық қызметтер
- 8,74 Өзге де кірістер
- 9,87 Халықаралық операторлармен арадағы келісім бойынша кіріс
- 5,20 Басқа операторлармен арадағы келісім бойынша кіріс
- 15,44 Тасымалдау желісінің арналарын жалға беруден түскен кіріс
- 10,19 Байланыс операторларына деректер желісінің қызметтерін ұсынадан түсетін кіріс

«Қазақтелеком» АҚ – цифрлық экономиканың бизнес-серіктесі» стратегиялық міндетінің аясында жүзеге асырылатын жаңа бизнестерден түсетін түсімнің өсімі өткен жылға қарағанда 2020 жылы корпоративтік сегментте 545%-ды құрады, ал жаңа қызметтерден 43%-ды құрады.

Пандемияға және карантин шараларын қабылдауға байланысты корпоративтік сегментте жылыстаудың өсіміне қарамастан, қызметтерді кідірту пайызы 12%-ға ұлғайды. NPS B2B ниеттестік деңгейінің корпоративтік көрсеткіші 2020 жылы 21,2%-ды құрады.

Компанияның B2B портфелі 2020 жылдың соңында 92 мың клиенттен асып түсті, B2G – 16 мыңнан

## Өнімді желіні кеңейту және саралау

Әртүрлі санаттағы корпоративтік клиенттердің қажеттіліктерін зерделеудегі сегменттелген және таргеттелген тәсілдеме Компанияға олардың қызметінің нәтижелігін және тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар жаңа өнімді өзірлеуге және ұсынуға мүмкіндік берді. Жаңа өнімдерді өзірлеген кезде міндетті критерий болып бастамашылық пен жаңашылдық қана емес, сондай-ақ Компанияның пайдаланып келе жатқан өнімдерімен үйлестіру мүмкіндігі табылады, бұл синергия тиімділігіне жетуге мүмкіндік береді.

**Нарық артықшылықтары мен конъюнктурасының өзгеруін ескере отырып, жаңа өнімдер іске қосылды:**

1. Жеделдетілген цифрландыру дәуірінде және клиенттер үшін тәуекелдер туындаған кезде ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін шешуге арналған **MSSP өнімдері**.
  - **Firewall** – әртүрлі корпоративтік ресурстарға күшпен кіруден және қолжетімділікті бақылаудан желінің периметрін қорғауға арналған шешім;
  - **Антивирустар** – дербес компьютерлерді вирустардан қорғау;
  - **Мектептерге арналған трафикті сүзу** – ҚР БҒМ тізіміне сәйкес мектеп трафигін сүзуге арналған өнім.
2. **VAS өнімдері**
  - **Wi-Fi Target LTE** – LTE-мен қамту арқылы маркетингтік атқарымы бар Wi-Fi платформасы, оптика бойынша техникалық мүмкіндікті қамтамасыз етуге дейін объектілерді қосу үшін пайдаланылады;
  - **Бейнеаналитика** – қорғаныс бетперделерін тағуды және әлеуметтік қашықтықты ұстануды белгілейтін автоматтандырылған режимде санитариялық нормалардың орындалуына мониторинг жүргізу жүйесі.

## Сатуды және клиенттік қызмет көрсетуді цифрландыру

2020 жылы пандемияның жағдайында «Қазақтелеком» клиенттерге онлайн қызмет көрсету тәжірибесін енгізуді жалғастырды. Жұмыс жүргізу үшін сатудың анағұрлым тиімді цифрлық арналары таңдалды, ISMET.KZ сайтындағы контент толықтай жаңартыл-

астам мемлекеттік кәсіпорын. 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік сегментіне шамамен 8 мың жаңа клиент тартылды, олардың арасында 2,5 мың заңды тұлға, 4,5 мың жеке кәсіпкер және 800 мемлекеттік кәсіпкер бар.

2020 жылы корпоративтік сегментте өнім желісін дамыту, анағұрлым тиімді цифрлық арналарды анықтау және оларды дамыту, қызмет көрсетуді дербестендіру және цифрландыру, ФДО жобасын дамыту сияқты бағыттарға баса назар аударылды.

### 3. Бұлтты сервистер

- **Электрондық құжат айналымы жүйесі** – процестерді басқару бойынша көп пайдаланушылық автоматтандырылған жүйе.

### 4. Конвергенция қызметтері

- **«Kcell» АҚ негізіндегі мобильді офис** – мобильді оператордың желісі негізіндегі LTE технологиясы бойынша VPN арналарын ұйымдастыру.

Ірі корпоративтік бизнестің сегменті үшін «Дербес инженер» қызметі іске қосылды. Бұл қызмет Компанияның ірі корпоративтік клиенттеріне дербес инженерге техникалық мәселелер бойынша жүгінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ клиент коммерциялық және ұйымдастырушылық мәселелер бойынша өзінің жетекші менеджеріне жүгінеді. Дербес инженердің негізгі міндеттерінің бірі – клиенттен бұзылымға түскен өтінімдерді азайту және «Қазақтелеком» ұсынған сервистердің тұрақты жұмыс істеуін арттыру.

Шағын және орта бизнестің клиенттері үшін «Іскер» арнайы тарифтік желісі өзірленді. Клиентке қызметтердің қажетті топтамасын таңдауға ғана емес, сондай-ақ қажет параметрлері бар керекті қызметтердің дербес топтамасын өз бетінше жинауға мүмкіндік берілді. Сондай-ақ шағын және орта бизнеске қолдау көрсету үшін «Іскерлік ұсыныс» кең ауқымды акциясы іске қосылды, қатысушылардың арасында кеңсеге арналған техниканы сатып алу үшін сертификаттар ойнатылды.

Компьютерлік ойын клубтарына арналған **Gamer мамандандырылған өнімі** іске қосылды, бұл еуропалық ойын сервистеріне басым қолжетімділік береді, ал түпкілікті тұтынушыларға халықаралық қарсыластармен онлайн-ойындардан барынша қанағаттануға мүмкіндік береді. Gamer тарифін енгізу Қазақстанда киберспортты дамытуды деріптеуге бағытталды.

Компанияның өнімдері мен сервистері туралы клиенттердің білімін арттыру үшін digital-науқаны өткізілді. Клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында қызмет көрсетудің «қағазсыз форматы» бойынша жоба жүзеге асырылды, ол Кор-

поративтік сату орталықтарына бармай, клиенттерге шарт жасасуға, орындалған жұмыстар актілері мен шот-фактураларды алуға мүмкіндік береді.

Барлық жаңартылған материал ISMET.KZ порталында электрондық түрде орналастырылды. Бұл – бизнеске арналған платформа, онда кәсіпкерлерге арналған заманауи IT-шешімдері, мемлекеттік қолдау шаралары және оқу материалдары жиналған. Қызметтердің ақысын төлеу, құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қою, жеке кабинетте тұтынылатын қызметтер бойынша толық ақпаратты алу, қызметтерді уақытша ажырату сияқты мүмкіндіктер пайда болды. Онлайн режимге ауысу нәтижесінде қызмет көрсету уақыты 1-2 күннен 10 минутқа дейін қысқарды. 2020 жылы жасалған шарттар мен келісімдердің саны 19 мыңнан асты. Абоненттерге шамамен 9 млн көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралар берілді, 28 мыңнан астам салыстыру актісі берілді. 3,5 мыңға жуық сервистік өтінім келіп түсті және өңделді.

Клиенттердің ыңғайлығына арналған WhatsApp Business. WhatsApp Business Account API (WABA) мессенджері клиенттерге қызмет көрсетудің сұранысқа ие цифрлық арнасына айналды. 2020 жылы 27 мыңға жуық өтінім өңделді, оның арасында 10 мың өтінім чат-боттың көмегімен өңделді (бұл жалпы кірістің 37%-ын құрады). Бүгінгі күні WABA арқылы клиенттер қызметтерді қоса алады, ағымдағы бөресекті біле алады, қызметтердің сапасына немесе қолжетімсіздігіне қатысты өтінім бере алады, ҰПО мекенжайлары мен жұмыс кестелерін, төлемге

## Фискалдық деректер операторы


Фискалдық деректер операторлары нарығында «Транстелеком» АҚ, «KazTransCom» АҚ және «Кар-Тел» ЖШС сияқты жаңа ойыншылардың пайда болғанына қарамастан, «Қазақтелеком» АҚ бизнес-үдерістерді оңтайландыру және цифрландыру, сондай-ақ түпкілікті пайдаланушыларға қызмет көрсету есебінен Қазақстанның ФДО нарығында көшбасшылық орнын сақтап келеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша клиенттік базада 346 660 белсенді БКМ бар, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 111%-ды құрайды.

2020 жылы oofd.kz сайтының дизайнын жаңарту және клиенттерді тіркеу үдерістерін оңтайландыру бойынша бірқатар іс-шара өткізілді.

COVID-19 пандемиясына байланысты карантиндік шаралардың салдарынан 2020 жылдың наурыз-шілде айлары аралығында қосылған БКМ санының азаюы байқалған, дегенмен жылдың соңына қарай жағдай тұрақталды.

ФДО жобасы бойынша 2020 жылдың маңызды жаңалығы тәулік бойы клиенттерге қызмет көрсету байланысу орталығының және клиенттер үшін кері байланыс Telegram bot және WhatsApp bot арналарының іске қосылуы болып табылады. Сонымен қатар пилоттық жоба аясында «Таңбалау» АЖ-мен біріктіру өткізілді.

## БЕЛСЕНДІ БКМ САНЫ




арналған деректемелерді, арнайы қызметтердің нөмірлерін біле алады, ISMET жеке кабинеті мен Chocomart онлайн-дүкені арқылы сұрақ қоя алады, сондай-ақ операторға тікелей жүгіне алады.

2021 жылы жұмыс клиенттерді арттыруға және жаңа клиенттерді тартуға, клиенттерді онлайн қызмет көрсетуге ауыстыруға, сондай-ақ клиенттік сервисті жақсартуға және клиенттердің ниеттестігін арттыруға бағытталатын болады.

Пилоттық жоба аясында екінші деңгейлі банктермен скоринг сервисі әзірленді. Бұл жоба ШОБ-ке кредит беру барысында банктер үшін төлем қабілеттілігіне қосымша талдау өткізуге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде ШОБ-ке ФДО-да көрсетілген айналымға қарап кредит беруге жағдай жасайды.

### 2021 жылға арналған болашақ жоспарлар мен міндеттер:

- ФДО биллингін КТ негізгі биллингпен біріктіру, бұл клиенттер үшін топтамалық тарифтер қосуға мүмкіндік береді. Мысалы, ФДО және ШОБ-ке арналған интернет.
- Клиенттерге арналған тегін бағдарламалық кассаны іске қосу.
- ФДО порталында жеке салық төлеушілерді тіркеу сервисін енгізу.
- Клиенттерді порталда смс көмегімен тіркеу (ЭЦҚ-сыз).
- Ақшасыз төлемдерді қабылдау бойынша жаңа өнімді іске қосу.
- Үш компоненттік ақпараттық жүйені іске қосу: ФДО, бизнеске арналған есептік жүйе, ақшасыз төлемдерді қабылдау.
- ФДО порталының көмегімен БКМ-ын автобағдарламалау сервисін енгізу.
- Пилоттық жобаның нәтижелері бойынша банктер үшін скоринг қызметін іске қосу.



## «Ауылдық елді мекендерді талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасы

«Қазақтелеком» АҚ цифрлық технологияларды пайдалану есебінен еліміздің әр тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына тікелей қатысады.

Бағдарлама аясында Компания Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жобаны іске асыруын жалғастырып келеді.

Жоба аясында ТӨБЖ технологиясы арқылы кеңжолақты қатынауға 828 ауылдық елді мекенде 2 496 мемлекеттік органды қосу жоспарланып отыр, оның ішінде: 891 мектеп, 557 жергілікті әкімшілік, 735 медициналық мекеме, 209 учаскелік полиция пункті және 104 басқа мемлекеттік мекеме.

**Жобаның жалпы мерзімі** – 14 жыл (2018–2032 жж.).  
**Жобаның кезеңдері:**

- ТӨБЖ құрылысын жүргізу және қосу кезеңі: 2018–2020 жж. (3 жыл)

- қызмет көрсету кезеңі: 2018–2032 (14 жыл)  
2020 жылдың соңында «Қазақтелеком» АҚ жобаның бірінші кезеңін тәмамдап, ТӨБЖ құрылысын аяқтады.

**Жоспарда 828 ауылдық елді мекенді және 2 496 ММ-ні қосу көзделді. Іс жүзінде 837 ауылдық елді мекенге дейін 14 380 км ТӨБЖ құрылған, онда байланыс қызметіне 2 505 мемлекеттік орган қосылған, оның ішінде:**

- мектептер – 891;
- әкімдіктер – 560;
- медициналық мекемелер (дәрігерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар) – 742;
- полиция пункттері – 206;
- өзге ММ/ББ (ТЖ, вет. зертханалар, ұлттық қорғаныс объектілері) – 106.

**Көрсетілетін қызметтер:**

- мектептер үшін – өткізу мүмкіндігі 10 Мб КЖҚ интернет;
- ММ үшін – өткізу мүмкіндігі 20 Мб КЖҚ интернет, өткізу мүмкіндігі 8 Мб IP VPN.

## Карантиндік шаралардың сақталуын мониторингілеу

Компания 2020 жылы ауқымды бейнеаналитика платформасы негізінде қоғамдық орындарда карантиндік шаралардың орындалуын мониторингілеу бойынша бірқатар жобаны іске асырды:

- Қарағанды облысында санитарлық шаралардың орындалуын талдау үшін 39 медициналық мекеме қосылды;







Мысалы: қоғамдық көлікте маска киюдi



Мониторингiлеу Ахуалдық орталықтарға арналған дашборд



Карантин кезінде абоненттердiң қозғалысының талдауы қаланы патрульдеу құралын ұсынды



103 және 1406 нөмірлеріне хабарласу белсенділігінің талдауы індет ошақтарын анықтауға мүмкіндік берді

- Алматы, Көкшетау қалаларында автобустарда маска киюдi мониторингiлеу үшін 52 автобус қосылды.

Барлық жиналған деректер талаптардың орындалуын одан әрi бақылау үшін денсаулық сақтау саласының қалалық ахуалдық орталықтарына жедел табысталады. Осының барлығы пандемиямен күреске үлес қосып, қала тұрғындарын қажетті санитарлық шараларды ұстанып, вирустың қоғамдық орындарда таралу қаупін төмендетуге және ондағы қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік берді.

Алматы қ. үшін COVID-19 геолокациялық аналитикасы бойынша BigData жобасы іске асырылды

Пандемияның бірінші толқыны болып жатқан 2020 жылдың көктем-жаз маусымында Алматы қ. үшін барлық мобильді операторлардың деректерін біріктірген COVID-19 геолокациялық аналитикасы бойынша маңызы зор Big Data жобасы іске асырылды. Ауқымды платформаның аналитикалық мүмкіндіктері карантин жағдайында қаланы басқаруды және қалалық қызмет ресурстарын басқаруды оңтайландыру үшін пайдаланылды. Іске асырылған кейстер шынайы деректерге негізделетін шешімдерді қабылдаудың маңыздылығын көрсетті.

Біріктірілген деректер тіпті бірінші толқын мен локдаун аяқталғаннан кейін де сұранысқа ие болып қала береді және Алматы қ. аналитика қызметтерін көрсету жалғаса береді.

Қашықтан оқытуды дамыту. Балалар мен мұғалімдерді Интернетпен қамтамасыз ету

Мұқтаж балаларды қашықтан оқыту үшін интернет қосылды – 6 800-ден астам LTE-модем. 18 мыңнан астам мұғалімге интернетке мобильді қолжетімділікті ұйымдастыру үшін сим-карталар ұсынылды. Kundelik.kz ААЖ-нің қаңалы жұмысын қамтамасыз ету үшін өткізу мүмкіндігі 20 Гб арналы интернетке жоғары жылдамдықты қолжетімділік ұйымдастырылды.

Осы жобаның арқасында 330 мың мұғалім шамамен 20 млн үй тапсырмасын онлайн тарата алды, 2,8 млн оқушы ресурсқа қолжетімділікке ие болды.

Халыққа мемлекеттік қызметтің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз ету

«Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ (ХҚКО) филиалдарын қашықтан жұмыс істеуге көшіру қамтамасыз етілді:

- 18 виртуалдық call-орталық;
- ҚР бойынша 617 нүкте;
- 1 000 дауыстық арна.

Осының арқасында ХҚКО қашықтан жұмыс істеу режимінде күніне 600 000-ға дейін қоңырауды өңдей алды.



## B2O

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның жергілікті операторлық сегмент бойынша кіріс 39 027 млн теңгені құрады – өсім 2019 жылмен салыстырғанда 2,5%-ды құраған.

2019 жылмен салыстырғанда интернет-арналарды ұсыну бойынша кіріс 1,17 млрд теңгеге өскен және 7,9 млрд теңгені құраған, ал интернет арналарының жалпы өткізу мүмкіндігі ҚР байланыс операторлары үшін 700 Гбит/с-ты құрады – өсім жылдың басынан 38%-ды құраған. Интернет-арналардың өткізу мүмкіндігінің ұлғаюы бөгде байланыс операторларын қатыстыру және «Кселл» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің қосымша көлемдерін сату бойынша белсенді жұмыспен түсіндіріледі. Ұялы операторлардың интернет қызметін тұтынушының өсуі ұялы операторлардың түпкілікті пайдаланушылары тарапынан мобильді интернет-трафикті тұтынушыдан одан әрі өсуінің салдары болып табылады.

Байланыс арналарын, оның ішінде дерек беру арналарын жалға беруден түскен кіріс 2019 жылмен салыстырғанда 1,63 млрд теңгеге өсіп, 18,56 млрд теңгеге жеткен. ҚР байланыс операторлары жалға алатын арналардың өткізу мүмкіндігі 1 930 Гбит/с-ті құрады, өсім жылдың басынан 69%-ды құраған.

Транзиттік халықаралық трафикті өткізу көлемі жыл соңында 52,3 млн минутты құрады, 2020 жылы өсім 1,2 млн минутты құраған. Транзиттік халықаралық трафикті өткізу көлемінің ұлғаюы дауысты трафиктің қосымша халықаралық көлемдерін қатыстырумен және ұялы байланыс операторлары үшін кейбір халықаралық бағыттарға икемді тарифтік саясат қолданумен түсіндіріледі.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қытай – Еуропа, Өзбекстан, Түрікменстан бағытындағы транзиттік халықаралық трафиктің көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 34%-ға өсіп, 679 Гбит/с-ке жеткен. Пандемия және көп компанияның қашықтан жұмыс істеуге көшуі жағдайында «Қазақтелеком» желілеріне жүктеме артты, сыртқы арналардың өткізу мүмкіндігін арттыруға сұраныс өсті, соның салдарынан сыртқы интернет-арналардың сыйымдылығы ұлғайды, бұл ретте 1 Мбит-тің жалпы құнының төмендеуі 20%-ды құрады.

## Маркетингтік саясат

2020 жылы Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион мынадай бағыттар бойынша бірнеше іс-шараны жүзеге асырды:

- цифрлық бағыт;
- өнімді бағыт;
- әдіснамалық бағыт;
- корпоративтік бағыт.


**Цифрлық бағыт бойынша** «Серпін» жол картасына сәйкес, клиенттерді онлайн қызмет көрсетуге ауыстыру мақсатында, цифрлық арналарды дамыту және жетілдіру бойынша, неғұрлым тиімді цифрлық арналарды анықтау бойынша жүйелендірілген жұмыс жүргізіледі. Ілгерілетудің жаңа цифрлық арналарының сынамалары жүргізілді, контент жаңартылды және өнімдердің отырғызу парақтары әзірленді. Клиенттердің

2021 жылғы жоспарда – интернет-трафикті тұтынушының өсу үрдісін сақтап қалу. Осыған орай, басым міндеттердің бірі 1 Мбит/с үшін интернеттің шартты сатып алу құнын азайту болып табылады. Өткен кезеңдегідей, табыстың негізгі өсімін Қытай – Еуропа бағыты бойынша транзиттік арналарды, сондай-ақ Орталық Азия арналарын сату есебінен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

### 2021 жылға арналған негізгі міндеттер:

- интернет-арналардың қолданыстағы көлемдерін сақтап қалу және арттыру бойынша белсенді жұмыс;
- жергілікті B2O нарығында қатысу үлесін арттыру және екінші деңгейлі операторлармен жаңа тиімді келісімшарттар жасасу;
- қызметтердің көлемдерінде ұялы байланыс операторларының қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- танымал халықаралық бағыттарда икемді тарифтік саясатты қолдану есебінен ұялы байланыс операторларының желілерінен халықаралық трафиктің көлемдерін сақтау жөніндегі іс-шараларды өткізу.

## БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫНЫҢ ӨТКІЗУ МҮМКІНДІГІ



білім деңгейін арттыру мақсатында Компанияның өнімдері мен жаңа бизнесіне қолдау көрсету үшін кең ауқымды digital-науқандары жүргізілді.

**Өнімді бағыт бойынша** 2020 жыл ішінде B2O, B2G, ШОБ үш сегментінде жүйелік маркетингтік саясат жүзеге асырылды.

B2G сегментінде жаңа өнімдер мен кейстерді әзірлеу есебінен нарық үлесін сақтауға және жаңа клиенттерді тартуға баса назар аударылды. Үлкен деректердің аналитикасын қалыптастыру және пайдалану бойынша кейстер жүзеге асырылды. Бұл үшін инновациялық қызметтерді көрсету мақсатында Көкшетау, Түркістан және Ақкөл қалаларында байланыс арналарының демонстрациялық стендтері орнатылды.

Барынша белсенді маркетингтік саясат B2B сегментіне бағытталды. Маркетингтік белсенділіктердің жоспары әзірленді, жаңа тарифтік жоспарлар әзірленді және әртүрлі маркетингтік акциялар өткізілді.

Пандемия кезінде шағын және орта бизнеске, сондай-ақ ірі корпоративтік клиенттерге қолдау көрсету үшін дағдарысқа қарсы науқандар іске қосылды.

Жеке кәсіпкерлерге қолдау көрсету үшін «Іскер» тарифтік желісі әзірленді, сондай-ақ «Іскерлік ұсыныс» кең ауқымды науқаны іске қосылды, оның қатысушылары кеңсеге арналған техниканы сатып алу үшін сыйлықтардың ұтысына қатысты.

**Әдіснамалық бағыт бойынша** ҚР кәсіпорындары, ҚР телекоммуникациялық нарығы туралы деректерді және нарықты бағалау үшін қажетті басқа да ақпаратты жинау үшін тұрақты негізде жұмыс жүргізіледі.

2020 жылы мынадай құжаттар әзірленді:

- Бәсекелестердің маркетингтік белсенділіктерін мониторингілеу және талдау әдіснамасы;
- Өңір төлқұжатының әдіснамасы;
- Нарықты зерттеу әдіснамасы;

- Сегменттеу әдіснамасы;
- Бенчмаркинг ұйымдастырылды.

«Өңірдің төлқұжаты», «БКМ бойынша дэшборд» есептілік нысаны қаржылық талданды; түрлі маркетингтік мақсаттарда мақсатты сегменттерді қалыптастыру үшін «Қазақтелекомның» абоненттері мен Қазақстан кәсіпорындары бойынша деректерді жүктеу, біріктіру және түсіндіру әдіснамасы әзірленді.

2021 жылы кәсіпорындардың нарығы, телекоммуникациялық қызметтердегі қажеттілікті анықтау үшін модельдерді дамыту, кәсіпорындардың ОТТ (орташа табыстық такса) әлеуетті көрсеткішін анықтау, жаңа абоненттерді тарту жұмысы үшін нарықтың перспективалық сегменттерін анықтау туралы деректерді жинау бойынша жұмыс жалғастырылады.

**Корпоративтік бағыт бойынша** корпоративтік сегментте жаңа брендбук әзірленді, сондай-ақ Корпоративтік сатылымдар орталықтарының фронт-кеңселерін рәсімдеу тұжырымдамасы әзірленді.

## Жаңа бизнестер және инновациялық жобалар

### 5G



«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанда 5G технологиясын белсенді енгізу бойынша жұмысты жалғастыруда.

ҚР Премьер-министрі Кеңесінің тапсырмасына сәйкес және Қазақстан Республикасында 5G технологиясын тестілеу және енгізу бойынша Жол картасын орындау аясында 2020 жылы «Қазақтелеком» Қазақстан Республикасында 5G технологиясын енгізу тұжырымдамасын әзірлеуді аяқтады.

Бұл жұмысқа елімізде 5G технологиясын енгізудің техникалық, реттеуші, қаржылық-экономикалық және санитарлық-экономикалық аспектілері енді. Тұжырымдаманы әзірлеу барысында бизнес-модельдердің трансформациясына және 5G экожүйесін жасауға 5G-дің әсері ерекше назарға алынды.

Тұжырымдаманы әзірлеуге және талқылауға шамамен 40 маман қатысты, оған 8 түрлі бөлімшедегі «Қазақтелеком» АҚ-ның 18 өкілі, сондай-ақ «Кселл» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді операторларының өкілдері қатысты. 20-дан астам отырыс өткізіліп, 350-ден астам адамсағат жұмсалды.

### «Мүмкіндіктер терезесі»



Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылатын «Мүмкіндіктер терезесі» жобасы бағдарламалық жасақтаманың және АКТ жабдығының отандық өндірісін дамытуға бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ Жол картасының негізінде, ҚР ЦДИАӨМ өкілдері, отандық кәсіпорындар, ЖОО кіретін сараптамалық топтың қатысуымен, ашық БЖ (open-source) және жабдықтарды ашық сертификаттауға (white-box) ауысу арқылы жабдықтардың 15 санаты (коммутаторлар, бағыттаушылар, есептеу серверлері, базалық станциялар, антенналар, NAT-таратушылар және т. б.) және 4 БЖ (операц-

иялық жүйелер, кеңсе қосымшалары, бейнеконференцбайланыс жүйесі) анықталды.

«Қазақтелеком» Алматы қаласы өкілдігінің өкілдерімен және отандық кәсіпорындармен бірлесіп, ашық шешімдердің негізінде жаңа технологиялардың R&D орталығын (зертханасын) құру және оларды мүдделі компаниялардың және ғылыми ұйымдардың қатысуымен тестілеу мәселесін пысықтайды. Тестілеу зертханасында ашық 5G және басқа аппараттық және бағдарламалық шешімдер зерттелетін бірлескен жұмыс кеңістіктері қамтылады. Зертхананың құрамына ОСР ашық айрықшаламасымен жасалған ДӨО, прототиптерді тестілеуге арналған стейджинг-аймақ және пайдалануға дайын шешімдер, сондай-ақ зертхананың жұмысын дәріптеп, дамытуға арналған түрлі бұқаралық іс-шаралар: конференциялар, таныстырылымдар, семинарлар мен хакатондар кіреді.

Қазақстандық нарықта байланыс операторлары үшін және бұлтты сервистердің провайдерлері үшін ашық шешімдерді шығару мақсатында «Қазақтелеком» OpenKZ (openkz.org) сараптамалық қоғамдастығын құрды. Қоғамдастық компоненттердің open-source және white-box пайдалану басымдығы бар ашық дезагрегацияланған шешімдер үшін технологиялық прототиптерді әзірлейді. Соның ішінде жабдық үшін БЖ open-source және айрықшаламаның open-source әзірлейтін ашық сәулет пен интерфейстерді, жаһандық қоғамдастықтарды әзірлейтін

ұйымдардың жұмысын дамыту бағыттары мен нәтижелерін талдау кіреді. Сондай-ақ OpenKZ ашық шешімдер үшін және олар пайдаланатын компоненттердің open-source және white-box үшін айрықшаламаны әзірлеумен айналысады. Қазіргі таңда «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлері 5G Open RAN дезагрегацияланған базалық станцияға қойылатын талаптардың бірінші жұмыс нұсқасын әзірледі. Ұлттық операциялық жүйеге және желілік құрылғылардың (NOS) ұлттық операциялық жүйесіне қойылатын талаптарға қатысты жұмыс жүргізіледі.

## FWA



«FWA технологиясының негізінде КЖҚ ұйымдастыру» жобасының аясында жерүсті байланыс арналары бойынша техникалық мүмкіндігі жоқ абоненттер үшін 4G технологиясының негізінде FWA қызметі көрсетілетін болады.

Осы жобаға техникалық тексеріс жүргізу үшін Шымкент қаласындағы 5 абонентте ПОС-тестілеу жүргізіледі. Тестілеу актісіне сәйкес FWA желісінде интернетке қолжетімділіктің орташа жылдамдығы 75-90 Мбит/с деңгейінде болды және 20 Мбит/с-ден төмендеген жоқ. Сонымен қатар сауалнамаларға сәйкес абоненттер FWA желісі арқылы қызметтердің сапасы туралы оң пікір білдірді.

Тестілеу қорытындылары бойынша Шымкент қаласында MVP-жобасын жүзеге асыру жөніндегі бизнес-жоспар әзірленді және қорғалды. Осы MVP ойдағыдай жүргізілгеннен кейін FWA жобасы ҚР-ның барлық ірі қалаларында масштабталатын болады.

Осы MVP аясында IDNET/Megaline абоненттері қосылған қаладағы үй шаруашылықтарының саны туралы және интернетке қосылудан бас тарту туралы деректердің негізінде талдау жүргізілді. Алынған деректерге негізделі отырып, карта құрастырылды,

оған 3 қабат (ғимараттар, абоненттер, істен шығулар) енгізілді. Осы картаның негізінде мынадай нәтижелер алынды:

1. Ең шоғырланған орындар визуалдық тұрғыдан анықталды, бұл – жеке сектор;
2. IDNET/Megaline қызметтері бойынша интернет желісіне қолжетімділік берудің ағымдағы мүмкіндігі бар қиылысқа жол берілген жоқ;
3. Істен шығулар жөніндегі деректердің негізінде интернет желісіне қолжетімділікке ең үлкен қажеттілік анықталды.

Алынған деректердің негізінде радиожоспарлау жүргізілді және FWA базалық станциясын орнату үшін сайттар таңдалды. 10,5 мыңнан астам үй шаруашылығы техникалық қамтылды.

Қазіргі таңда FWA базалық станцияларын, сондай-ақ терминалдарды жеткізу және салу туралы шарттар жасалды. 14 FWA базалық станциясы мен 1 200 терминал жеткізілді. FWA желісінің құрылысы ақпан айына жоспарланған РРЖ жабдығы сатып алынғаннан кейін басталады. Мобильді операторлар технологиялық серіктестер ретінде әрекет етеді, яғни FWA базалық станциялары мобильді операторлардың сайттарында тағайындалады және мобильді оператордың топтамалық ядросына қосылады, сондай-ақ мобильдік операторлардың инфрақұрылымы пайдаланылады. Бұл мақсатта «Кселл» АҚ-мен арадағы Бірлескен қызмет туралы шарт бастамаланды.

## IoT



«IoT-қа арналған алыстан әсер ету радиусының энергия тиімді желілері негізінде сымсыз қызметтерді іске асыру» жобасы экономиканы цифрландыру мақсатында IoT және M2M қызметтерін дамыту бойынша компанияның стратегиялық бизнес-бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан цифрландыруға бет бұрғанын және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылатын «Smart City» перспективті және қарқынды дамып келе жатқан жобалары екенін ескерсек, бұл нарық тек күннен-күнге өсіп, нығайып келеді.

LoRa – үлестірілген телеметрия желілері, машиналардың өзара әрекеттесуі (M2M) және заттар интернеті (IoT) үшін әзірленген көлемі бойынша шағын

деректерді алысқа таратудың сымсыз технологиясы. Бұл желі қорғалған болып табылады және өткізу жолағының ені 100кГц-ке дейін, қуаттылығы 25мВт-қа дейін және 863-тен 868 МГц-ке дейінгі ауқымдағы жиілікте жұмыс істейді. Бұл жиілік ауқымында ISM (Industrial, Scientific and Medical Radio Band) өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық жиіліктердің лицензияланбайтын деп аталатын аймағында орналасқан радиотаратқыш құрылғыларды еркін және тегін пайдалануға рұқсат етіледі.

Көлемді қамту радиусы есебінен жоғары ауқымдалу, (5 км-ге дейін), ақырғы құрылғылардың батареядан ұзақ қызмет мерзімі (10 жылға дейін) және LoRa протоколының құрылғылардың кең аясы үшін ашықтығы LoRa технологиясының артықшылықтары болып табылады. LoRa-ның қолданылу аясы айтарлықтай кең: қауіпсіздік қадағалары мен ақылды есептеуіштер сияқты ақылды үйге арналған құрылғылардан бастап

өнеркәсіптік шешімдерге дейін. LoRa экожүйесі ашық болып табылады, оған LoRa технологиясы бойынша жұмыс істейтін кез келген құрылғыларды қосуға болады.

«IoT үшін қашықтан әрекет ету радиусының энергия тиімділігі жоғары желілердің негізінде сымсыз қызметтерді жүзеге асыру» жобасының аясында 2020 жылы B2B ӨТД коммерциялық блоктарының қажеттіліктерін ескере отырып, базалық станцияларды радиожоспарлау жүргізіледі.

Қазақстанның 6 қаласында (Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз, Түркістан, Ақсай, Алтай) LoRa технологиясы-

## «Ақылды үй»



2020 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі шеңберінде Ақмола облысының Ақкөл қаласында Smart Aqkol жобасын іске асыру жалғастырылды, онда «Қазақтелеком» АҚ «Ақылды қала» жобасының операторы ретінде әрекет етеді. Іс жүзінде Smart Aqkol «Ақылды қалаларды» құру үшін «Қазақтелеком» АҚ мүмкіндіктері мен шешімдерінің көрсету алаңы болып табылады.

Осы жағдаяттық стенд ішінде Ақкөл қаласында «Қазақтелеком» АҚ іске асырған Smart City инфрақұрылымы мен жобаларын көрсетуге арналған стенд ұйымдастырылған, атап айтқанда:

## TELCO CLOUD



«Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын арттыру стратегиясының аясында технологиялық және инфрақұрылымдық жобаларды белсенді дамыту басталды. Олардың бірі болып «Деректерді беру желілерін SDN/NFV-ге көшіру» жобасы табылады, оның аясында жаңа сәулетті жасау жоспарланады, оған тораптар мен ДӨО-ның көп санын виртуалдандырылған желілік және есептеу сервистерінің өнімділігі жоғары платформасына ауыстыру кіреді.

Осы мақсатта 2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ желісінде имплементтеу үшін Leaf&Spine коммутациясының серверлік жабдығы мен фабрикасынан құралатын CORD (Central Office as a Data Center) мақсатты сәулеті таңдалды және дайындалды. Сондай-ақ осы жобаның аясында PoC (Proof of concept) өткізілді, оның шеңберінде RedHat OpenStack негізіндегі VIM виртуалдық ортасының жү-

ның негізінде IoT желісінің құрылысы аяқталды. 104 LoRa базалық станциясы салынды және пайдалануға енгізілді. Үш кезеңді ескере отырып, елдің 17 қаласында барлығы 428 базалық станция салынды.

IoT (Network Server) платформасының атқарымы кеңейтілді. IoT-құрылғыларының (app.kt-iot.kz) бастапқы деректерін визуалдандыру үшін сервер ұйымдастырылды.

2021 жылы «M2M арналған тасымал» қызметін көрсеткен кезде құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесу тәртіптемесі әзірленді.

- «бұлтты» бейнебақылау және бейнеаналитика;
- Smart Metering (ақылды ТКШ);
- Smart Home («ақылды үй»);
- «Қазақтелеком» АҚ оптикалық инфрақұрылымы;
- оптикалық тасымалдау желісі;
- қалалар ішіндегі оптикалық желілер;
- үйлердің ішіндегі оптикалық инфрақұрылым;
- ДӨО;
- Қазақстанда 5G тестілеу.

2020 жылы «KT Cam» мобильдік қосымшасының UX/UI жақсарту жүргізілді, қосымша AppStore және PlayMarket-те қолжетімді. Абонентке қызмет аясында түтін, есіктерді ашу/жабу, қозғалыс сезгектері, бейнекамера ортанылады.

мысы тексерілді және VNF (virtualized network function) – виртуалдық ортадағы кесімді сервистер тестіленді:

- CGNAT;
- vCPE;
- DPI/қауіпсіз интернет;
- Firewall/IPS/AntiDDoS;
- мобильді желілерге арналған vEPC.

Нұр-Сұлтан қаласында технологиялық алаңда CORD торабы ұйымдастырылды. ETSI MANO референстік моделіне сәйкес бұл шешімге мынадай компоненттер кіреді:

- LSO (Lifecycle Service Orchestrator);
- NFV оркестраторы;
- VNF менеджері;
- VIM (Virtual Infrastructure Manager);
- CORD-SDN.

Сондай-ақ Алматы қаласындағы vCGNAT қолданыстағы CORD торабы негізінде «Қазақтелеком» АҚ-ның бірінші VNF өнімі іске қосылды.

## Операторлық қосылыстар үшін порттық сыйымдылықты кеңейту

Трафиктің үздіксіз өсуіне және порттық сыйымдылықты кәдеге жарату жоғары байланысты, желінің сапасын сақтау және байланыс операторларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылы «Операторлық қосылыстар үшін порттық сыйымдылықты кеңейту» жобасын жүзеге асырды. Осы жобаның аясында Ақтөбе қаласына жаңа шекаралық бағдарлауыш пайдалануға енгізілді, ол жетекші халықаралық байланыс операторларының талаптарына сәйкес 100Gb/s порты арқылы сыртқы интернет-арналарды қосуға мүмкіндік береді, сондай-ақ мобильді байланыс операторларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сервистік шекараның бағдарлауыштары порттық сыйымдылық бойынша қосымша ресурстармен қосымша жабдықталды.

Сонымен қатар Қазақстанның ірі қалаларында желінің сапасын және өткізу мүмкіндігін дұрыс диагностикалау үшін «Қазақтелеком» АҚ желісіне Speedtest серверлері 10Gb/s интерфейстерімен қосылды.

«Операторлық қосылыстар үшін порттық сыйымдылықты кеңейту» жобасының аясында 2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ желісінде пайдалануға енгізілді:

- Ақтөбе қаласына жаңа бағдарлауыш;
- «Мегафон» ЖАҚ-мен 2x100Gb/s DWDM қосылу арналары;
- 22x100Gb/s порттары;
- 56x10Gb/s порттары;
- Speedtest сервисінің 15 сервері.

## Бұлтты бейнебақылау



«Қазақтелеком» өз клиенттеріне өмір сапасын жақсартуға бағытталған әртүрлі цифрлық шешімдерді ұсынады. Атап айтсақ, «Бұлтты» бейнебақылау жобасы танымал. Бүгінгі таңда ТКШ жүйесінде және бизнестің кәсіпорындары үшін ұсынылады. «Бұлтты» бейнебақылаудың артықшылығы болып әзірленген мобильді қосымша және веб-портал арқылы смартфоннан және басқа құрылғылардан видеоға онлайн-қолжетімділік табылады.

SERPIN трансформация жобасының аясында Қазақстанның барлық ірі қалаларын қамту арқылы бейнебақылауды Smart City жобасына интеграциялау жоспарлануда.

2020 жылы В2С сегментінде камералар саны 34 мыңға дейін көбейді. 17 мыңнан астам подъезд, ел бойынша 250 мың үй шаруашылығы қамтылды. Абоненттердің саны 24 мыңға дейін өсті.

В2В сегментінде абоненттері саны ~ 400 компанияны құрады. Бейнекамералар саны 4 мыңнан асты. Бейнекамералардағы трафиктің жалпы көлемі – ~80 Гбит/с. Сақтау көлемі – 6,5 Петабайт.

Жасанды зердені қолдану арқылы «Карантиндік шараларға мониторинг жүргізу» өнімі іске қосылды. Мониторинг жүргізу жүйесіне 52 жолаушылар автобусы, қойма нысандары мен өзге нысандар қосылды. Бейнекамералардың саны – шамамен 600 дана.

Біздің бейнебақылау жүйеміздің көмегімен 2020 жылы бірқатар қылмыстар, с.і. резонанстық қылмыстар ашылды.

## Бейнеаналитика



Шектеу шараларына және карантин шараларын ұстану қажеттілігіне жауап ретінде «Қазақтелеком» АҚ компьютерлік көру жүйелері қолданылатын қызметті –

«Карантин шараларын ұстануға мониторинг жүргізу жүйесін» енгізді, ол ЖҚҚ тағуға және адамдар арасында әлеуметтік қашықтық сақталуына мониторинг жүргізе алады. Қызмет жылжымайтын мүлік нысандары үшін де (сауда орталықтары, мемлекеттік және білім беру мекемелері, шағын және орта бизнес кәсіпорындары), жылжымалы мүлік үшін де (с.і. қоғамдық көлік) қолданылады.

## 2021 жылға арналған негізгі міндеттер

### Өнімдерді қолдау

- Әлеуетті мәмілелерді басқару үдерістерін автоматтандыру (жоспарлау/сатуларды болжау).
- Жаңа қызметтерді сатуға байланысты үдерістерді әзірлеу және бекіту.
- Жаңа қызметтерді сатуды қолдау.

### SuperApp/маркетплейс

- Әлеуетті тұтынушылармен SuperApp арқылы өзара әрекеттесудің жаңа жеңілдетілген интерфейсі.
- «Қазақтелеком» қызметтерін қосу үшін қажетті тауарлар маркетплейсін құру (қадағалар, модемдер және т. б.).
- Chocomart-ты «Қазақтелеком» SuperApp-пен біріктіру.

### Robotic Process Automation (RPA)

- Клиенттермен коммуникация үдерістерін роботтандыру бағытын дамыту (RPA).

### Fixed Wireless Access

- Желіні құру.
- Тестілеу.
- Біріктіру.
- FWA технологиясы негізінде өнімді іске қосу.

### Желілік инфрақұрылымды жетілдіру

- Нұр-Сұлтан қ. ASBR-ді ауыстыру.
- РТХ тірек маршрутизаторларын ауыстыру.
- SDN/NFV жобасын аяқтау.
- Агрегацияда 100 Гбит/с интерфейстерге көшу.



**ОАҚО құру**

- Операторлық деңгейлі DDoS-тан қорғаныс элементі:
- SIEM.
  - Sandbox.

- WAF.
- Web Gateway.
- Mail Gateway.
- Analyzer + Vulnerability Management.

## Ақпараттық технологиялар

2020 жыл Компаниядағы үдерістерді цифрландыру және автоматтандыру үшін қарқын беріп, «Қазақтелеком» АҚ-ға дамудың сапалы жаңа деңгейіне ауысу мүмкіндігін берді. Пандемия салдарынан туындаған теріс жағдайларға қарамастан, Компания IT-бағытында айтарлықтай ілгеріледі, басым цифрлық технологияларды дамытуды ұсынды, кли-

енттер мен бизнеске Компанияның қызметтері мен сервистерін жайлы онлайн-пайдаланудың жаңа шешімдерін қабылдады. COVID-19 салдарынан бұрын соңды болмаған қиындықтарға тап болуға қарамастан, «Қазақтелеком» АҚ қызметті сапалы дамытуда. Компанияның цифрлық трансформациясының арқасында жетістікке қол жеткізді.

### АКТ табыстары



2020 жылы Қазақстан Республикасына енгізілген өзін-өзі оқшаулау өзара әрекеттесу мен жұмыстың қашықтағы модельдеріне ауысуды күрт ұлғайтты, барлық меншік нысандарындағы шаруашылық субъектілеріне орын алған жағдайларда жүзеге асыру технологияларының тұтас спектрі енгізілді. Табылған шешімдер «Қазақтелеком» АҚ-ның АКТ дамытуына оң әсер етті. Өткен жылдың қорытындылары бойынша АКТ саласының қызметінің нәтижелері барлық бағыт бойынша даму мен өсудің оң қарқынын көрсетті.

ДӨӨ негізгі қызметтері, сондай-ақ бұлтты қызметтер мен IT-аутсорсинг қызметтері көп сұранысқа ие болды. Осы бағыттар бойынша түсімнің жиынтық үлесі 2020 жылдың қорытындылары бойынша 88%-ды немесе 13,8 млрд теңгені құрады.

АКТ қызметтерінен және ілеспе сервистерден түскен ортақ кіріс 2020 жылы 23,5 млрд теңгені құрады. Соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ табысы 54%-ға немесе 12,8 млрд теңгеге, «KT Cloud Lab» ЖШС-нің еншілес компаниясының табысы 18%-ға немесе 4,2 млрд теңгеге, «QazCloud» ЖШС табысы 28%-ға немесе 6,6 млрд теңгеге тең.

Инфрақұрылымды жалға беру, клиенттік жабдықтар мен серверлерді «Қазақтелеком» АҚ-ның деректер орталықтарының желісіне орналастыру қызметтері, колл-орталықтың қызметтері мен вирустарға қарсы бағдарламалық жасақтаманың қызметтері, виртуалдық деректер орталығы (VDC), бұлтты бухгалтерия және ISMET.KZ ашық цифрлық платформасының сервистерінің кешені сияқты бірқатар инновациялық сервис табыс драйверлері болып табылады.

### B2B және B2C сегменттерінің клиенттік жолдарын цифрландыру



Өткен жылы коронавирус пандемиясы салдарынан елімізде және бүкіл әлемде қалыптасқан күрделі жағдайда қысқа уақыт ішінде көтерме және корпоративтік клиенттерге үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жұмысы жүргізілді, таралып кеткен пандемия жағдайында қойылған қатаң талаптар талап еткендей, клиенттерге үйлерінен шықпай-ақ, telecom.kz және ISMET.KZ порталдары арқылы қызметтерді алу үшін онлайн қызмет көрсетуді ұйымдастыру күшейтілді.

B2B және B2C сегменттерінің клиенттеріне қызмет көрсетудің ыңғайлығы үшін WhatsApp және Telegram цифрлық байланыс арналары іске қосылды, сондай-ақ порталдар арқылы тұтынушыларға қызмет көрсететін 160 қызметіне және техникалық қолдау көрсететін 165 қызметіне онлайн-өтінімдер қалыптастыру мүмкіндігі қосылды.

Telecom.kz сайтында пайдаланушының жеке кабинеті кеңінен жаңғыртылды және жаңартылды. Бұл сервис қазірдің өзінде кез келген құрылғыда: компьютерде, планшетте, смартфонда немесе айфонда ойдағыдай әрекет етеді.

Порталда автоматтандыру форматы барынша жеңілдетілді. Жеке кабинетте бір рет шерту қосымша қызметтер мен сервистерді қосу және өшіру, тарифтік жоспарлардың ұсыныстары мен атауларының кеңейтілген ақпаратын қарап шығу мүмкіндіктері енгізілді.

Бірқатар жаңашылдық корпоративтік клиенттердің секторына енгізілді. Енді B2B колл-орталығы және Корпоративтік сату орталықтары сияқты дәстүрлі коммуникациялар арналарымен қатар, клиенттерде «Бізге жазыңыз» бөлімінде ISMET.KZ бизнеске арналған портал арқылы және Whatsapp Business Account (WABA) мессенджері арқылы сапалы қызмет көрсету мүмкіндігі бар.



Сонымен қатар ISMET.KZ порталында NPS цифрлық мониторингі енгізілді, ол артық сұрақсыз және қағазбастылықсыз клиенттермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ISMET.KZ порталында ШОБ өкілдері үшін электрондық құжат айналымының сервисі жүзеге асырылды. Енді платформаны пайдаланушыларда «Қазақтелеком» қызметтері бойынша сервистік арыздардың 14 түрін және ФДО үшін сервистік арыздардың 2 түрін рәсімдеуге мүмкіндік бар. Сервистік онлайн қызмет көрсетуді жақсарту үшін шартқа қол қою, орындалған жұмыстар актілерін, салыстыру актілерін және электрондық шот-фактураларды алу, телефонмен қоңырау шалуды егжей-тегжейлеу және интернет-трафигі бойынша, сондай-ақ «Қазақтелекомның» жаңа қызметтеріне қосылу атқарымдары жүзеге асырылды.

## Деректер орталықтарының желісін дамыту



2020 жыл «Қазақтелеком» АҚ үшін стратегиялық маңызды және нәтижелі жыл болды. Компания өзінің даму көкжиектерін кеңейтті, сондай-ақ ақпаратты сақтау нарығындағы жетекші ойыншы ретінде өз жайғасымын нығайтты, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасындағы орталықтардың ең ірі желісін иеленеді және осылайша клиенттерге деректердің үлкен көлемдерін сақтау және өңдеу үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Өткен жылы Компания жұмысының стратегиялық маңызды бағыттарының бірі ретінде Алматы қаласында модульдік ДӨО құрылысын аяқтау, оны қолдануға енгізу 2021 жылдың I тоқсанына жоспарланды. 2020 жылы «Телекоммуникация желілерін өңірлік деңгейде басқару орталығын дамыту» жобасын енгізу елдің әртүрлі қалаларында 9 мамандандырылған деректер орталығының құрылысын аяқтауға және

Таңбалаудың жаңа клиенттері үшін порталда бөлек бөлім әзірленді, сондай-ақ жүйеде тапсырыс беру және тіркеу мүмкіндігі бар сканерлер мен жабдықтардың ыңғайлы каталогы ұсынылды.

Сатудың цифрлық арнасын дамыту мақсатында «Unibox» топтамалық ұсыныстарына тапсырыс берудің толық үдерісі автоматтандырылды. Соның көмегімен клиенттер өздерін қызықтыратын топтаманы таңдай алады, таңдалған топтамадағы қызметтердің параметрлерін теңшей алады, қосылу мекенжайы бойынша техникалық мүмкіндікті алдын ала тексере алады, тапсырыс пен шарттың бланкісіне ЭЦҚ көмегімен қол қоя алады, инсталляциялық жұмыстарды орындау үшін оны орындауға жолдай алады.

пайдалануға енгізуге мүмкіндік берді. Осылайша, қазіргі таңда Компанияның деректер орталықтарының желісі Tier III және Tier II класты сенімділік деңгейі бар 25 Деректерді өңдеу орталығынан құралады. Расталған резервті ескере отырып, Деректерді өңдеу орталығының қуаттылықтарының жүктелімі бүгінгі күні 93%-ды құрайды.

Егер коммерциялық деректер орталықтарындағы ахуалды табыс тұрғысынан қарастырса, онда соңғы 10 жыл ішінде ДӨО базасындағы қызметтер бойынша алынған кіріс 71,6 млрд теңгені құрады деп атап өтуге болады. Олардың ішінде тікелей кіріс – 48,4 млрд теңге және жанама кіріс – 23,2 млрд теңге.

Бұл ретте ДӨО инфрақұрылымын пайдалану арқылы «Қазақтелеком» АҚ жобалық қызметінен 2021 жылы түсетін кіріс 9,3 млрд теңге болады деп болжамданады, соның ішінде «Тауарларды таңбалау және қадағалау», бейнебақылау, ДӨО, «Ақылды үй», Блокчейн (CDN) және IoT сияқты жобалар болжамданады.

## Цифрлық IT-сәулет, CRM 2.0 жүйесіне ауысу және омниарналық қызмет көрсету моделі



«Қазақтелеком» АҚ өз қызметінде ішкі үдерістерді оңтайландыруға көп назар аударады.

«Ақпараттық жүйелерді виртуалдық ортада орналастыру» ауқымды жобасын жүзеге асырудың арқасында Компания жабдыққа жұмсалатын шығындарды айтарлықтай төмендетті және ескірген техниканы шамамен 60%-ға оңтайландырды. Нәтижесінде корпоративтік ақпараттық жүйелерге арналған саңылаусыз аймақтардың саны 23-тен 2-ге дейін қысқарды. Мұндай орталықтар ретінде Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы деректерді өңдеу орталықтары табылады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның барлық ақпараттық жүйелерін орталықтандыру бойынша жүзеге асырылған жоба басқару икемділігін және жабдықтың істен шығуға төзімділігін арттыруға, сондай-ақ Компанияның филиалдары орналасқан орындарда ақпараттық жүйелерді ғана пайдаланушыларды қалдыруға мүмкіндік берді.

Цифрлық трансформацияның тағы бір нәтижесі ретінде микросервистік IT-сәулетке ауысу болды. Өзгерістер және цифрлық сәулетке ауысу TeleManagement Forum (TM Forum) халықаралық коммерциялық емес ұйымының ұсынымдарына негізделді, барлық дерлік өлемдік телекоммуникациялық компанияларды – байланыс операторларын, провайдерлерді, жүйелік интеграторларды, жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамаларды жеткізушілерді біріктірді. Бүгінгі таңда олардың саны 195 елден 775 компанияны құрады.

TM Forum әдіснамасы мен стандарттарын қолдану бизнес-үдерістерді оңтайландыру есебінен Компанияға бизнестің жұмысының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Компанияның барлық IT-ландшафтын, соның ішінде жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы және ақпараттық жүйені ABACUS бірыңғай жүйесіне ауыстыру арқылы анағұрлым тиімді IT-сәулетіне ауыстырады. Бұл жүйе Компанияның IT-сәулетін модельдеу үшін бағдарламалық жасақтаманың топтамасын білдіреді. Енді «Қазақтелеком» АҚ-ның IT-ортасына енгізілетін барлық өзгеріс ABACUS жүйесінде онлайн-режимде бейнеленеді. Осылайша, цифрлық сәулетті орталықтандырылған және үздіксіз дамыту Компанияның ішінде өзара әрекеттесуді ғана емес, сондай-ақ клиенттермен өзара әрекеттесуді жеңілдетіп, қызмет көрсетудің жаңа цифрлық арналарын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бизнес-үдерістердің ыңғайлы және жетілдірілуі үшін Компания CRM 2.0 жүйесін ресурстық модельден өнімді модельге толыққанды ауыстыруды аяқтайды.

CRM 2.0 жүйесін енгізу Компания үшін стратегиялық маңызды тапсырмаларды шешеді, клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттырады және «Қазақтелеком» АҚ ұсынатын сервистерге клиенттік тұтынушылардың тұрғысынан жұмыс жасаудың дербес тәсілдемесін ұсынады.

Компанияда жүзеге асырылатын омниарналық моделінің аясында клиенттердің барлық өтінімі CRM 2.0 жүйесіне автоматты түрде енгізіледі. Осындай атқарымды жасау клиент жүгінген сәттен бастап қызметтер көрсетілген сәтке дейін қызмет көрсетудің айқын бизнес-үдерісін алуға мүмкіндік берді.

Өткен жылдың қорытындылары бойынша CRM 2.0 жүйесінде тапсырыстарды жасау тәсілдері мен өңдеу схемалары жақсартылды, сондай-ақ клиенттердің деректерін тексеру сапасы айтарлықтай артты. Е1 ағынында телефон нөмірлерін жоспарлы көшіру жұмысы жүргізілді және жылдық келісімшарттар бойынша автоматты түрде қайта есептеу енгізілді.

Сонымен қатар Big Data жобасын жүзеге асыру аясында ішкі тапсырмаларды шешу үшін машиналық оқытудың бірнеше моделі қалыптасты: абоненттердің жылыстауын проактивті басқаруға арналған предикаттық модельдер, анағұрлым сұранысқа ие өнімді ұсыныстар мен өнімдерді талдау. Гипотезаларды тексеруге арналған осындай модельдерді құру жаңа өнімді ұсыныстарды шығаруға және клиенттердің қажеттіліктерін алдын ала білуге мүмкіндік береді. «Қазақтелеком» АҚ Big Data жобасымен жұмыс жасаған кезде өз қызметінде ұстанатын негізгі қызмет Компанияның сауалдарды жақсырақ түсінуіне және тұтынушыларға анағұрлым сапалы қызмет көрсетуге ұмтылуы болып табылады.

## Инфрақұрылымды және желіні дамыту

2020 жылы телекоммуникация желілерін техникалық дамыту және қолдау бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру аясында «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация желілерін дамытудың төмендегідей негізгі бағыттары бойынша жұмысын жалғастырды:

- магистралдық және аймақтық тасымалдау желісі;
- магистралдық дерек беру желісі;
- кеңжақты қатынау желілері;
- коммутациялық желілер.

### Тасымалдау желісі



- Сыртқы интернет арналарының жиынтық қуаттылығы 1 200 Гбит/с-тан 1 580 Гбит/с-қа дейін ұлғайтылды;
- DWDM магистральдық желісі жабдығының құрастырылған сыйымдылығы:
  - шектес өтпелерді кеңейту үшін 400 Гбит/с-қа;
  - ДБМЖ трафигін өткізу үшін 11\*100GE-ге кеңейтілді.

- Магистральдық және аймақтық желінің өткізу мүмкіндігі мынадай учаскелерде 200 Гб/с-қа ұлғайтылды: Тараз – Мойынқұм, Атырау – Миялы, Атырау – Индер, Орал – Көнеккеткен, Павлодар – Қашыр, Павлодар – Көктөбе, Семей – Қарауыл, Өскемен – Ақжар, Көкшетау – Степняк, Көкшетау – Нұр-Сұлтан, Нұр-Сұлтан ГРС – Шортанды, Алматы – Ұзынағаш, Үшарал – Саудақент, Жаңатас – Қаратау, Павлодар – Успенка, Павлодар – Ертіс, Қостанай – Ұзынкөл, Қостанай – Сарыкөл, Қостанай – Денисовка.

### Деректер беру желісі



- ДБМЖ желісі 100G 55 портқа, 40G 30 портқа және 10G 275 портқа кеңейтілді.
- Миграция үдерісі аясында қолжетімділік деңгейіндегі жабдықтың 31%-ы Алматы қ. SDN желісіне көшірілді.
- Ақтау, Орал қалаларында SDN желілерінің құрылысы аяқталды.

- Cache-серверлерді қосудың порттық өткізу мүмкіндігі 1 680Гбит/с-тан 2 250Гбит/с-қа дейін ұлғайтылды (серверлік жабдықтың өткізу мүмкіндігі 1 443,4Гбит/с-тан 1 954,4Гбит/с-қа дейін).
- Ақтөбе қ. ASBR жабдығын жетілдіру аяқталды.
- ОIШЖ жүйесінің өткізу мүмкіндігі 100\*10G және 6\*100G портқа кеңейтілді;
- Барлық облыс орталығының ДБ желілерін ТЖОБ жүйесіне қосу ұйымдастырылды.

## Қатынау желісі



- Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Түркістан облыстарында және Алматы қ. 192 көппәтерлі үй, 1 607 коттедж және 226 ММ/ББ/ЗТ қамтылған оптикалық қатынау желісі кеңейтілді.

- 560 корпоративтік клиент оптикалық қатынаумен қамтамасыз етілді.
- 837 АЕМ-де 2 505 ММ/ББ қосылуы қамтамасыз етілді.
- Ауылдық елді мекендерде КЖҚ қызметін ұсыну үшін 584 базалық станция орнатылды.

## Коммутациялық желілер



- TDM технологиясы желісінен NGN желісіне 58 647 абонент ауыстырылды.
- Қостанай қ. АҚТС қолданыстан шығарылды, Семей қ. АҚТС функциясы Өскемен қ. SSW-ға көшірілді.
- Өңірлік SSW-ді біріктіру арқылы SSW C-20 оңтайландырылды, осыған байланысты SSW C20 саны екіге азайды.

- ОІШЖ талаптарына сәйкес, 141 коммутациялық жүйе сертификатталды.
- Ростелеком (РФ) операторынан/операторына халықаралық трафиктің, оның ішінде транзиттік трафиктің едәуір бөлігі NGN желісіне көшірілді.
- ҚР ұялы байланыс операторлары үшін АҚТС-пен (TDM) оператораралық өзара әрекеттесу желілерін қосу нүктелері өңірлік SSW-ға өзгертілді.

## Желілерді басқаруды орталықтандыру



- «Қазақтелеком» АҚ клиенттеріне қызмет көрсету функцияларын орталықтандыру арқылы клиенттерге техникалық қолдау көрсетудің екінші

желісі аяқталды және Help Desk ТУМС ТӨД штаты орталықтандырылды.

- Клиенттерді техникалық қолдау жүйесі Абоненттік желілерді өлшеу, талдау және диагностикалау жүйесімен біріктірілді.

## Ірі жобаларды іске асыру қорытындылары



*«Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету»*

Жоба аясында ҚР-ның 14 облысындағы 837 АЕМ-де 2505 ММ/ББ қосылуын қамтамасыз ететін 14 380 км ТОВЖ құрылды.

*«Халқының саны 250 адамнан асатын ауылдық елді мекендерді кеңжолақты мобильді интернетпен қамтамасыз ету»*

Жоба аясында «Қазақтелеком» АҚ «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді операторларымен бірлесіп, «КаР-Тел» ЖШС мобильді операторының қатысуымен халқының саны 250 және одан артық ауылдық елді мекендерде жоғары жылдамдықты интернетке қатынауды ұсыну үшін инфрақұрылым құрды. Мобильді желі RAN Sharing моделі, үш мобильді оператор үшін радиоқатынау желісін бірлесіп пайдалану, МОСН (Multi-Operator Core Network) байланысын ұйымдастыру схемасы бойынша құрылды. Жоба аясында «Қазақтелеком» АҚ мобильді операторлары КЖҚ ұсыну үшін ауылдық елді мекендерде 583 базалық станция орнатты.

*«Облыс орталықтарының, Алматы, Нұр-Сұлтан ққ. корпоративтік клиенттері үшін оптикалық беру желісінің құрылысы»*

Жоба ұсынылатын қызмет сапасын жақсарту және деректер беру жылдамдығын арттыру, сондай-ақ Компанияның ірі корпоративтік клиенттер мен мемлекеттік органдар үшін КЖҚ қызметін (B2B, B2G) ұсыну сегментіндегі көшбасшылық орнын сақтап қалу мақсатында жүзеге асырылады. Жоба аясында Алматы, Нұр-Сұлтан ққ. және ҚР облыс орталықтарында B2B және B2G желілерінің 10 465 клиентінің оптикалық желіге көшірілуін қамтамасыз ететін ТОВЖ құрылды.

## Қызметтің қаржылық нәтижелері


### «Қазақтелеком» АҚ-ның 2020 жылы атқарған жұмысының қорытындысы бойынша:

- «Қазақтелеком» АҚ желісінде тіркелген желілер саны 2 893 529 желіні 2019 жылға қарағанда 102%-ды құрады;
- КЖҚ абоненттерінің саны 1 833 192 портты немесе 2019 жылға қарағанда 107%-ды құрады;
- Ақылы телевидение абоненттерінің саны 863 881 нүктені немесе 2019 жылға қарағанда 112%-ды құрады, оның ішінде iD TV бойынша – 746 371 нүкте;
- мобильді байланыс абоненттерінің саны 14 787 566 абонентті немесе 2019 жылға қарағанда 95%-ды құрады.

«Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобы бойынша қызметті сатудан шоғырландырылған кіріс 527 330 млн теңгені құрады.

Шоғырландырылған таза пайда 65 263 млн теңгені құрады.

### ARPU ӨЗГЕРУ ҚАРҚЫНЫ, 2012–2020 (ТЕҢГЕ)



Салық, кредит пайызы және амортизациялық аударымдар шегерілгенге дейінгі пайда – **ЕБИТДА** 2020 жылдың қорытындысы бойынша 246 337 млн теңгені құрады.


Операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және шығындарды оңтайландыруға бағытталған стратегияның іске асырылуының арқасында **ЕБИТДА маржасының деңгейі** 46,7% құрады.

«Қазақтелеком» АҚ Компаниялары тобы бойынша шоғырландырылған операциялық шығындар есепті кезеңде 389 104 млн теңгені құрады.

«Қазақтелеком» АҚ Компаниялары тобы бойынша күрделі салымдар көлемі 2020 жылы 113 834 млн теңгені немесе өткен жылға қарағанда 156%-ды құрады.


**ARPU (бір абонентке шаққандағы орташа табыс)** 5 862 теңгеге жетті.

### «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША КІРІС ҚҰРЫЛЫМЫ




- Деректер беру желісі
- Ұялы байланыс
- Тауар сатудан кіріс
- Жергілікті телефон байланысы
- Конвергенттелген қызметтерді ұсынудан кіріс (FMS/FMC)
- Ақылы телевидение
- Ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен сөйлесу
- Халықаралық операторлармен келісімдер
- «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған байланыс операторларымен келісімдер бойынша кірістер
- Корпоративтік инфокоммуникациялық қызметтер
- Өзге де


## «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША 2020 ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТ САТУДАН КІРІС, МЛН ТЕҢГЕ



### 5 ЖЫЛДАҒЫ КІРІСТІҢ НЕҒҰРЛЫМ МАҢЫЗДЫ БАПТАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ, МЛН ТЕҢГЕ



### 2020 ЖЫЛЫ КІРІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫНДА 2019 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА БОЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР, МЛН ТЕҢГЕ





## Қаржы жағдайына шолу

Компанияның активтері 2020 жылы 3%-ға өсіп, 1,1 трлн теңгеге жетті.

Айналымнан тыс активтер 1%-ға төмендеді және жыл қорытындысы бойынша 929,4 млрд теңгені құрады. Төмендеу негізінен пайдалану құқығы түріндегі активтердің 13%-ға қысқаруымен байланысты, олар жылдың соңында 79,7 млрд теңгені құраған. Айналымнан тыс активтердің 50% жыл қорытындысы бойынша 6%-ға өскен негізгі құралдардың үлесіне келеді.

Айналымдағы активтер 2020 жылдың соңында 23%-ға өсіп, 186 млрд теңгеге жетті. Олардың активтердегі үлесі 17%-ды құрады. Өсу ең алдымен ақшалай қаражат көлемінің 94,4 млрд теңгеге дейін 32%-ға ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

Компанияның капиталы 518,5 млрд теңге деңгейінде құрылып, 2020 жылдың соңында 12%-ға өскен. Активтердегі капиталдың үлесі 46%-ды құрады, бұл Компанияның қаржылық жағдайының айтарлықтай тұрақты екенін білдіреді.

2020 жылдың соңында міндеттемелер көлемі 2019 жылдың деңгейіне дейін 4%-ға төмендеп, 596,9 млрд теңгені құрады. Міндеттемелер құрылымындағы 72% ұзақ мерзімді міндеттемелерге және 28% қысқа мерзімді міндеттемелерге келеді.

Ұзақ мерзімді міндеттемелер жыл қорытындысы бойынша 10%-ға немесе 45,9 млрд теңгеге

қысқарды. Төмендеу қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігінің (7%-ға немесе 22,8 млрд теңгеге) және жалгерлік бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігінің (27%-ға немесе 15,3 млрд теңгеге) қысқаруымен байланысты.

**1,1** 2020 жылғы Компани-  
яның активтері  
**ТРЛН ТЕҢГЕ**

Қысқа мерзімді міндеттемелер 13%-ға немесе 20 млрд теңгеге өсті. Өсу ең алдымен қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігінің 62%-ға немесе 17,6 млрд теңгеге ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

Компания қарыздарының көлемі 2020 жылдың соңына қарай 13%-ға өсіп, 181,45 млрд теңгені құрады. Басты кредиторлар «Қазақстан Ұлттық Банкі» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ болып табылады. Қаржыландыру ашық кредиттік желілер аясында жүзеге асырылады.

Шығарылған борышкерлік облигациялар көлемі 2020 жылы 13%-ға қысқарып, 180,95 млрд теңгені құрады. Жыл ішінде Компания өтеу мерзімі 2024 жылғы 1 қарашаға дейін 25 млрд теңге көлемінде жергілікті облигацияларды бас компаниядан мерзімінен бұрын сатып алды.



## ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТИҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ

| Көрсеткіш  | 2020      | 2019      | 2018    |
|--|-----------|-----------|---------|
| <b>Активтер</b>  | 1,115,426 | 1,086,020 | 823,363 |
| Айналымнан тыс активтер                                | 929,390   | 935,291   | 692,836 |
| Негізгі құралдар                                       | 463,047   | 438,122   | 347,701 |
| Пайдалану құқығы түріндегі активтер                    | 79,694    | 92,097    | 74,791  |
| Материалдық емес активтер                              | 217,354   | 231,114   | 121,476 |
| Гудвилл  | 152,402   | 152,402   | 56,196  |
| Өзге айналымнан тыс активтер                           | 16,892    | 21,555    | 92,671  |
| Айналымдық активтер                                    | 186,036   | 150,728   | 130,527 |
| Тауарлық-материалдық қорлар                            | 15,490    | 10,565    | 8,402   |
| Сауда дебиторлық берешек                               | 34,712    | 37,256    | 52,173  |
| Ақшалай қаражат және олардың баламалары                | 94,429    | 71,322    | 45,350  |
| Өзге айналымдық активтер                               | 41,406    | 31,585    | 24,601  |
| Капитал  | 518,540   | 463,398   | 414,877 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер                            | 427,409   | 473,275   | 245,507 |
| Қарыздар: ұзақ мерзімді бөлігі                         | 316,291   | 339,138   | 135,838 |
| Жалгерлік бойынша міндеттемелер: ұзақ мерзімді бөлігі  | 42,461    | 57,781    | 45,323  |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері               | 37,293    | 43,608    | 40,862  |
| Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер            | 16,265    | 16,316    | 14,471  |
| Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер                       | 15,098    | 16,431    | 9,012   |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер                           | 169,477   | 149,346   | 162,978 |
| Қарыз: қысқа мерзімді бөлігі                           | 46,111    | 28,478    | 57,614  |
| Жалгерлік бойынша міндеттемелер: қысқа мерзімді бөлігі | 16,649    | 15,435    | 10,875  |
| Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер             | 21,158    | 22,239    | 18,854  |
| Сауда кредиторлық берешек                              | 54,866    | 58,633    | 42,024  |
| Шарт бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер              | 18,590    | 18,972    | 9,142   |
| Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер                      | 12,103    | 5,590     | 24,469  |

## Сатып алу практикасы

Сатып алу үдерістерін басқару «Самұрық-Қазына» АҚ Қорының сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті органның нормативтік құжаттарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі. Сатып алу үдерістерін басқару құралы Қордың электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі болып табылады.

Сатып алу жүйесін дамыту Қор деңгейінде жүзеге асырылады. Сатып алуды санат бойынша басқару стратегиялары Қормен бірлесіп әзірленеді.

### Компанияның сатып алу саласындағы қағидалары:

- шығындарды барынша азайту;
- қажетті тауарлармен, жұмыстармен және қажетті сападағы қызметтермен дер кезінде қамтамасыз ету;
- сатып алу үдерісінің жариялылығы мен ашықтығы;
- бақылау және қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілік.

«Телеком Жинақтау» дирекциясы негізінде сатып алынатын тауарларда жергілікті құрамды арттыру үшін сатып алу және импортты алмастыру мәселелері бойынша уәкілетті органдардың және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Орталық жобалық кеңсесінің тапсырмаларымен жұмыс істеу үшін импортты алмастыру бойынша жергілікті жобалық кеңсе құрылды. Сонымен қатар Қордың сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті орган жыл сайын сатып алынатын тауарларда, жұмыстар мен қызметтерде жергілікті құрам үлесін ұлғайту бойынша мақсатты ҚБК белгілейді.

2020 жылы 5 065 сатып алу өткізілді. 2 328 жеткізушімен 91,9 млрд теңгеге 7 366 шарт жасалды. Оның ішінде:

- холдингшілік кооперациялар бойынша – 1,260 млрд;
- бір көзден – 37,062 млрд;
- бәсекелес келіссөздер арқылы тендер – 5,613 млрд;
- баға ұсыныстарын сұрату – 2,906 млрд;
- ашық тендер/төмендетуге ашық тендер – 45,058 млрд.

2020 жылы бұрын жалпы сомасы 4,697 млрд теңгеге жасалған ұзақ мерзімді шарттарды жасау және алып жүру бойынша жұмыс жалғастырылды.

2020 жылдың сатып алуындағы жергілікті құрамның үлесі 44,03%-ды құрады. Бұл ретте тауарларда – 25,5%, жұмыстарда/қызметтерде – 85,6%.

Жеткізушілерді әлеуметтік және экологиялық критерийлер тұрғысынан бағалау және аудиттеуді Қор өткізіледі. Жеткізушілер біліктілік іріктеуінен өтуі үшін «Телеком Жинақтау» дирекциясы 2020 жылы алдын ала біліктілігін арттырған жеткізушілерден сатып алынатын ТЕҚ номенклатурасына қосуға арналған ТЕҚ санаттарының тізімін жолдайды.

«Телеком Жинақтау» дирекциясының стратегиялық даму бағыттарының бірі өкімшілік функцияларды оңтайландыру, бизнес-үдерістерді қайта қарау болып табылады. 2020 жылы «Телеком Жинақтау» құрылымдық бөлімшесінде сатып алу функцияларын орталықтандыру өткізілді, Компаниялар тобының, оның ішінде «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мобильді операторларының сатып алуы шоғырландырылды.

**5065**  
САТЫП АЛУ

2020 жылы  
5065 сатып алу  
өткізілді

2019 жылы Сынау зертханасы құрылды. Сынау зертханасы ТЖД-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өнімді мәлімденген аккредиттеу саласында сынау, сондай-ақ кабель-өткізгіш өнімдерінің, патчкорд, сплиттер, АКБ кіріс бақылауын орындауға арналған. Аккредиттеу аттестаты № КЗ.Т.02.2382, 2020 жылғы 30 қыркүйекте алынған.

Зертхананың қызметін жоғары білікті сарапшылар қамтамасыз етеді, шамамен 60 түрлі тексеру өткізіліп, сынау хаттамалары беріледі. Зертхана NCA-мен аккредиттелген, бұл өткізілетін сынақтардың ең жоғары сенімділігін растайды. 2020 жылы зертхана қызметінің нәтижесінде 82 млн теңгеге сапасыз өнімнің келіп түскені ескертілді, бұл 2019 жылға қарағанда 39%-ға артық. Бүгінде зертхана қызметін нарыққа ұсыну мәселесі қарастырылып жатыр.





ТҰРАҚТЫ  
ДАМУ  
САЛДАСЫН  
ДАҒЫ ЕСЕП

|   |     |
|---|-----|
| Тұрақты дамуды басқару .....  | 76  |
| Тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру бағдарламасы ..... | 81  |
| БҰҰ тұрақты даму саласындағы мақсаттар .....                        | 86  |
| Мүдделі тараптармен әрекеттесу .....                                | 91  |
| Маңыздылықты талдау .....   | 94  |
| Қауымдастықтарға мүшелік .....                                      | 94  |
| Әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар .....                   | 96  |
| Персоналды басқару .....  | 98  |
| Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік .....                    | 111 |
| Жарақаттану статистикасы .....                                      | 112 |
| Әлеуметтік жауапкершілік .....                                      | 113 |
| Қоршаған ортаны қорғау .....  | 114 |

---

*Карантин кезінде компания жұмыскерлерін қолдау үшін #TelecomOnPositive акциясы іске қосылды. Акция аясында «Әріптестеріңмен бірге бой жаз» таңертеңгілік онлайн шарасы өткізіліп, оны филиалдар жұмыскерлері жүргізді.*



# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

## Тұрақты дамуды басқару

«Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы қызметі бизнесті жауапты жүргізу қағидатына және экономикалық өсу, экологиялық және әлеуметтік ауқаттылық үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын инновациялық әлеуетке негізделеді.

Компанияда «Қазақтелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы нұсқаулық қолданылады. Нұсқаулық Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметін жетілдіру үшін негіз қалаушы құжат болып табылады.

Нұсқаулыққа сәйкес Директорлар кеңесі және Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті стратегиялық басшылықты және Компанияда тұрақты даму жүйесінің енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады.

Компанияның Басқарма төрағасы және филиалдардың бас директорлары тұрақты даму саласындағы Бастамалар бағдарламасын бақылау, дер кезінде орындау, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы қағидаттарды енгізу; ақпаратты анық ашып көрсету үшін жауап береді.

Тұрақты даму саласындағы бағытқа жетекшілік ететін Компанияның басқарушы директоры тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Компанияда тұрақты даму саласындағы бағытқа жетекшілік ететін арнайы бөлімше жұмыс істейді.

АБ Компанияның қолданыстағы саясаттарына, рәсімдері мен ішкі бақылауына; тұрақты даму саласындағы заңнамалық талаптарға толық ауқымды түгендеу өткізеді. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдер анықталады және осы тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылданады. АБ сонымен қатар жобаларды іске асыру бойынша жергілікті қоғамдастықтармен байланысты қамтамасыз етеді. Өз құзыреттері аясында тұрақты даму бойынша ақпаратты ашып көрсеткені үшін жауапкершілік атқарады.

Комплаенс-бақылаушы/Комплаенс қызметінің басшысы әдеп қағидаларына қатысты ішкі коммуникация үдерісі үшін жауап береді. Қоғамдастықтармен байланыс жөніндегі қызмет басшысы сыртқы коммуникацияларды, оның ішінде қоғамдастықпен байланысты қамтамасыз етеді.

### Тұрақты даму қағидалары үш деңгеймен ендіріледі:

- Стратегиялық ықпалдасу – тұрақты даму қағидалары Стратегияға ендірілген (миссия, құндылықтар және стратегиялық мақсаттар).
- Операциялық ықпалдасу – барлық корпоративтік шешімді Компания басшылығы тұрақты даму саласындағы қағидалар мен мақсаттарға сәйкестік критерийлерін басшылыққа ала отырып қабылдайды.
- Мәдени ықпалдасу оқу өткізу, Компанияның корпоративтік порталында мақалаларды орналастыру, сондай-ақ Тәртіп кодексі аясында жүзеге асырылады.

## Тұрақты даму саласындағы стратегия

Біз тұрақты даму қағидаларының біздің барлық бизнес-үдерістерімізге енуі тұрғысынан жұмыс істейміз және барлық мүдделі тараптармен өзара тиімді қарым-қатынас құруға тырысамыз. Тұрақты даму мәселелері Компанияның Стратегиясына енгізілген, оның ажырамас бөлігі және болашақта «Қазақтелеком» бизнесін құру платформасы болып табылады.

### Біздің тұрақты даму саласындағы тәсіліміз:

- **Инновациялық инфокоммуникациялық технологияларды енгізу және адамдардың өмірін жақсарту мақсатында ұсынылатын қызмет сапасын арттыру.** Біздің өнімдеріміз бен қызметтеріміз бүкіл ел бойынша миллиондаған қазақстандықтың күнделікті өмірінде, жұмысында және бизнес қалыптастыруында маңызды рөл атқарады. Олардың күтетіндері біз жасап жатқан ісіміздің мәні.

- **Тұрақты экономикалық өсу.** Біз ұзақ мерзімді жоспарлау көкжиегін негізге ала отырып, барлық мүдделі тараптар үшін құнды қалыптастыруға тырысамыз.
- **Қоршаған ортаға әсерді қысқарту.** Біз компания өйтсе де экологияға ықпал ететін салаларда жағымсыз әсерді азайту бойынша жауапкершілікті өзімізге жүктеп, ғаламдық бастамаларға өз үлесімізді арттыру бойынша жұмыс істеуге дайынбыз.
- **Тартымды жұмыс шарттарын құру және жұмыскерлеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.** Бизнесіміздің тиімділігі және клиенттеріміздің тәжірибесі біздің барлық деңгейлерде дарынды адамдарды тарту, дамыту және сақтап қалу мүмкіндігімізге байланысты. Ірі жұмыс беруші бола тұра, біз кадрлық саясат – Компанияның қоғам өміріне маңызды үлесі екендігін түсінеміз.





Біздің ойымызша, «Қазақтелеком» қоғам мен елдің дамуында маңызды рөл атқарады. Біздің бизнесті тұрақты дамыту стратегиямыз Компанияның зор ықпалы және ықпал ету мүмкіндігі бар қоршаған

ортаны қорғау, қоғамды қолдау және экономиканы дамыту салаларында барынша үлкен үлес қосуға ниетімізді білдіреді.

## ESG САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАР

| Қоршаған орта (Environment)                           | Қоғам (Society)   | Корпоративтік басқару (Governance)   |
|---|---|--|
| Табиғи ресурстарды тұтынудың азаюы<br>Энерготиімділік | Жұмыскерлерді оқыту және дамыту<br>Жұмыскерлерді қатыстыру деңгейінің өсуі<br>Қауіпсіздік пен еңбектің қорғалуын қамтамасыз ету<br>Цифрлық теңсіздікті азайту | Акционерлердің құқықтары<br>Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері<br>Әділ сыйақы |

## Қоршаған орта

Телекоммуникациялық сектор экологияны айтарлықтай ластаушы болып табылмайды, дегенмен жауапты компания ретінде «Қазақтелеком» қоршаған ортаны қорғауға және өзі қызмет жүргізетін өңірлердегі әсерін азайтуға көп көңіл бөледі.

2020 жылы 2020–2030 жылдарға арналған экологиялық менеджмент саласында ұзақ мерзімді мақсаттарға жету бойынша жоспар әзірленіп бекітілді. Жоспарда энергия тиімділігі, қалдықтарды басқару және Компания жұмыскерлерінде экологиялық сауаттылықты қалыптастыру бойынша іс-шаралар мен бастамалар қамтылады.

Компания тұтынатын негізгі ресурстардың бірі электр энергиясы болып табылады. Нақты осы салада біз экологияны қорғауға және климаттың өзгеруімен күресуге барынша үлкен үлес қосу мүмкіндігін көріп отырмыз.

Сонымен қатар энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға тырыса отырып, Компания өз автокөліктерін неғұрлым экологиялық отын түрін пайдалануға көшірді. Бүгінде автокөліктің шамамен 30% газға ауыстырылды.



**ҚБК**  
«ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ  
ЖӘНЕ ТАБИҒИ  
РЕСУРСТАРДЫ  
ТҰТЫНУДЫҢ  
ТӨМЕНДЕУІ»



**2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ  
МАҚСАТ:**  
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН  
ТҰТЫНУДЫҢ ЖЫЛЫНА  
1-3%-ҒА ТӨМЕНДЕУІ.



**2020 ЖЫЛЫ:**  
ЭЛЕКТР  
ЭНЕРГИЯСЫН  
ТҰТЫНУ 2%-ҒА  
АЗАЙДЫ.

## Қоғам

«Қазақтелеком» Қазақстандағы көшбасшы байланыс провайдері ғана емес, бүкіл елде жұмыс орындарын құратын ірі жұмыс беруші де болып табылады. Біз өз жұмыскерлеріміздің де, қатысу өңірлеріміздегі тұрғындардың да өмір деңгейіне әсерімізді ұғынамыз.

Компания өз жұмыскерлерінің әл-ауқатын арттыруға тырысады. Қатыстырылу деңгейін анықтау үшін жыл сайын әлеуметтік тұрақтылық рейтингісі (индекс) зерттеліп, оны арттыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

Қауіпсіздікті және еңбектің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында нәлдік жарақаттануды қамтамасыз

ету бойынша жыл сайынғы жоспар іске асырылады. Жоспарды орындау бойынша есеп Директорлар кеңесімен тоқсан сайын қаралады.

Қоғамның сапалы дамуына септігін тигізуге тырыса отырып, «Қазақтелеком» адамдардың өмір сапасын жақсартуға және цифрлық теңсіздікті азайтуға көмектесетін жобаларды іске асырады. Мемлекеттік-жекешелік серіктестік шеңберінде іске асырылатын «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» (АЕМ-де ТӨБЖ) осындай жобаның үлгісі болып табылады.



**ҚБК**  
ӘЛЕУМЕТТІК  
ТҰРАҚТЫЛЫҚ  
ИНДЕКСІ



**2030 ЖЫЛҒА  
ДЕЙІНГІ МАҚСАТ:**  
64-79%  
ДЕҢГЕЙІНДЕ  
ҰСТАП ТҰРУ



**2020 ЖЫЛЫ:**  
78%



**ҚБК**  
НӨЛДІК  
ЖАРАҚАТ



**2030 ЖЫЛҒА  
ДЕЙІНГІ МАҚСАТ:**  
0% ЖАЗАТАЙЫМ  
ОҚИҒА



**2020 ЖЫЛЫ:**  
0,025%

## Корпоративтік басқару

Компаниядағы басқару сапасы ұйым стратегиясын іске асыру табыстылығына ғана емес, тұрақты даму саласындағы бастамалардың тиімділігі мен нәтижелігіне де тікелей әсер етеді.

«Қазақтелеком» мүдделі тараптардың кең аясының мүдделерін ескеруге тырыса отырып, барлық талапқа және халықаралық озық тәжірибелерге сәйкес кор-

поративтік басқарудың тиімді жүйесін құрып, қолдап тұрады.

Компанияда 2019–2021 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп орындалуда. Тәуелсіз ұйым үш жылда бір рет корпоративтік басқару жүйесіне диагностика өткізіп тұрады.



**ҚБК**  
«КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ  
РЕЙТИНГІСІ»



**2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ  
МАҚСАТ:**  
«АА» ДЕҢГЕЙІНДЕ  
ҰСТАП ТҰРУ



**2020 ЖЫЛЫ:**  
BBB+

## Тұрақты даму саласындағы тәуекел-бағдарланған тәсіл

Бүгінгі әлемде кез келген компанияның қызметі тұрақты даму саласындағы тәуекелдермен байланысты. Қоршаған ортаға әсер, персонал, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, жергілікті халықпен өзара әрекеттесу және әлеуметтік мәселелер – осының барлығы ұзақ мерзімді қаржылық нәтижеге және компанияның тұрақты дамуына тікелей әсер етеді.

Компаниямыз негізгі мүмкіндіктер мен тәуекелдерге тұрақты даму құрамдастары ретінде талдау өткізеді, экологияға жағымсыз әсерді азайту бойынша озық тәжірибелер, әлеуметтік аспектілер зерттеледі. 2020 жылы өзекті қауіп-қатерлер тізімінде COVID-19 пандемиясы зор мәнге ие болды. ESG-факторлардың ішкі де, сыртқы да мүдделі тараптарға әсері кеңінен қарастырылады.



## НЕГІЗГІ ЫҚПАЛ, ТӘУЕКЕЛДЕР, СОНДАЙ-АҚ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ (SWOT-ТАЛДАУ)

### МЫҚТЫ ТҰСТАРЫ

#### Экономикалық аспект

- Инновациялар және технологиялық ілгерілеу;
- Жергілікті экономикалық өсу.

#### Әлеуметтік аспект

- Қоғамның қарқынды дамуы;
- Урбанизацияның өсуі.

#### Экологиялық аспект

- Қоршаған ортаны ластау және табиғи ресурстардың сарқылу мәселелерінің маңызын арттыру.

### МҮМКІНДІКТЕР

#### Экономикалық аспект

- Нарықты қамту пайызын арттыру;
- Бизнес пен мемлекет үшін жаңа технологияларды дамыту;
- Пандемияға байланысты АКТ-қызметіне сұраныстың өсуі.

#### Әлеуметтік аспект

- «Ақылды үйдің» технологиялық шешімдері;
- Халық үшін бұлтты сақтауды пайдаланудың артықшылықтары;
- АКТ-технологиялар арқылы білімділік және медицина деңгейін арттыру.

#### Экологиялық аспект

- Тұрақты даму қағидаларын енгізу;
- Салаларды экологияландыру.

### ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ

#### Экономикалық аспект


- Әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауы;
- Саяси тұрақсыздық әлеуеті;
- Пандемияға байланысты мүмкін экономикалық дағдарыс.

#### Әлеуметтік аспект

- АКТ-қызметтерді ұсынудың техникалық мәселелердің салдарынан адамдардың наразылығының өсуі;
- Бәсекелестіктің өсуінің күшеюі.

#### Экологиялық аспект

- Табиғи ресурстардың сарқылуы;
- Климаттың өзгеруі;
- Қоршаған ортаның ластануы;
- Тұтынудың ғаламдық өсуі.



### ТӘУЕКЕЛДЕР

#### Экономикалық аспект

- Басқарудың саяси құрылымындағы өзгеріс;
- Саяси шиеленіс, кибершабуылдар.

#### Әлеуметтік аспект

- Пандемиялар;
- Ереуіл, митингтермен байланысты әлеуметтік осал мәселелер.

#### Экологиялық аспект

- Жергілікті экологиялық мәселелердің өсуі;
- Табиғат қорғау заңнамасының талаптарын қатайту.

## Тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру бағдарламасы

Тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру компаниялардың қызметіне тұрақты даму қағидаларын енгізудің ең басты құралдарының бірі болып табылады. Телекоммуникациялық саланың көшбасшысы ретінде біздің Компаниямыз экологиялық, әлеуметтік аспектілердің маңыздылығын ұғынады және тұрақты даму саласындағы бастамаларды анықтаған кезде назарға лайық тақырыптардың кең аясы қарастырылды, оның ішінде Компанияның даму стратегиясы және бизнес-моделі, тұрақты даму тұрғысынан тек Компания үшін ғана емес, мүдделі тараптар үшін де маңызды тақырыптар.

### Компания тұрақты даму саласында мынадай бастамаларды белгіледі:

1. Экономикалық нәтижелілік пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.
2. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру.
3. Цифрлық трансформация бағдарламасы арқылы тиімділікті арттыру.
4. Адам ресурстарын оның тұрақты дамуға салған үлесі аясында дамыту.
5. Жоғары этикалық стандарттар және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.
6. Әлеуметтік жауапты серіктестік.
7. Жарақаттануды азайту және қауіпсіз еңбек мәдениетінің деңгейін көтеру.
8. Компанияның қоршаған ортаға әсерін азайту.

2020 жылы 2019–2020 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы бастамалар бағдарламасын іске асыру аяқталды.





## 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТД САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЕСЕП

| САНАТ             | ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМА   | ІС-ШАРА   |  |
|-------------------|--|---|--|
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛА | ЭКОНОМИКАЛЫҚ<br>НӘТИЖЕЛІЛІКТІ ЖӘНЕ<br>ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ<br>ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ                | Ақшалай түсімді ұлғайту   |  |
|                   |  | Шығындарды азайту   |  |
|                   |  | Инвестициялық саясатта Компанияның ұзақ мерзімді негіздегі негізгі қызметі үшін «жасыл инвестицияларды» іске асыру қағидаларын көрсету.   |  |
|                   | КОРПОРАТИВТІК<br>БАСҚАРУ ЖҮЙЕ-<br>ЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН<br>АРТТЫРУ                              | Тұрақты дамуға үлесті қамтамасыз ету үшін барлық деңгейде тұрақты даму саласындағы негізгі аспектілер бойынша корпоративтік оқу өткізу (филиалдар мен еншілес ұйымдардың қамтылуымен). Компанияның бөлімшелері мен жұмыскерлеріне тұрақты даму мәселелері бойынша әдістемелік қолдау көрсету. |  |
|                   |  | Компанияны кредиттік тәуекелдің жасыл аймағына шығару бойынша жаңартылған Даму стратегиясымен келісілген кешенді жоспарды бекіту.   |  |
|                   |  | Компанияның басшылығы үшін тұрақты даму саласындағы ҚБК белгілеу және бекіту.   |  |
|                   | ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ<br>АРҚЫЛЫ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ                             | Тәуекелге бағдарланған тұрақты дамуды қамтамасыз ету.   |  |
|                   |  | Ішкі бақылау жүйелері тиімділігінің бағалауын ұстап қалу.   |  |
|                   |  | Жылжыту, сату және клиенттерге қызмет көрсету арналарын цифрландыру.  |  |
|                   | Клиенттермен өзара әрекеттесу тиімділігін қамтамасыз ету және клиенттік тәжірибені жақсарту. |   |  |
|                   | Өнімдер портфелін және цифрлық платформаларды дамыту.  |   |  |



## ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылға арналған аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес «Қазақтелеком» АҚ бойынша қызмет сату-дан шоғырландырылған кіріс 527,3 млрд теңгені құрады. Жоспар 106%-ға орындалды.

2020 жылға арналған аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған операциялық шығындар 389,1 млрд теңгені құрады. Бұл жоспардың 99,9%-на тең.

«Қазақтелеком» АҚ Компаниялары тобының инвестициялық қызметтің толық циклін басқару бойынша саясаты Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілді.

2019–2020 жылдары филиалдар мен еншілес ұйымдардың жұмыскерлері үшін «тұрақты даму» бойынша вебинарлар өткізілді. Оқу материалдары (таныстырылымдар) жолданды.

Компанияны кредиттік тәуекелдің жасыл аймағына шығару бойынша жаңартылған Даму стратегиясымен келісілген жоспар «Қазақтелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесімен әзірленіп, 2019 жылғы 13 қарашада бекітілді.

«Қазақтелеком» АҚ филиалы – Сервистік фабриканың бас директоры үшін ҚБК белгіленген: «Энергия және отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту»; Жұмыскерлер бойынша басқарушы директор үшін: «Әлеуметтік тұрақтылық индексі»; ҚЕҚ қызметінің басшысы үшін: «Нөлдік жарақаттануды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын орындау».

2020 жылдың IV тоқсанында Ішкі аудит қызметі «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау өткізілді, оның қорытындысы бойынша жалпы рейтинг 5-ті құрады (А).

Қордың хатына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-ның 2020 жылға жоспарланған корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын өткізу 2021 жылға қалдырылды.

2020 жылы қашықтан қызмет көрсету арналары кеңейтілді: ОЦП ISMET, WABA. Қазіргі сәтте B2B клиенттері негізгі қызмет көрсету аясын цифрлық форматта ала алады. WABA арнасы енгізілген сәттен бастап 27 мыңнан астам сауалды қабылдап, B2B КО 12% дауысты трафигін өзіне «тартып алды» және сауал жолдаған кезде B2B клиенттері үшін ең танымал цифрлық арнаға айналды.

Ниеттестік көрсеткішінің мониторингі тұрақты негізде өткізіліп тұрады. Мониторинг нәтижелері бойынша қызмет сапасын, сервистік және техникалық қызмет көрсету параметрлерін жақсарту тұрғысынан проактивті жұмыстар барысында негізгі проблемалық салалар анықталады. B2B корпоративтік сегментіндегі нақты NPS деңгейі 2020 жылдың қорытындысы бойынша 21,2%-ды құрады. 2020 жылы NPS ниеттестік деңгейін өлшеу үшін корпоративтік клиенттерге сауалнама өткізу үдерісі цифрландырылды.

### B2B

2020 жылы Telecom.kz порталынан «Бизнес үшін» бөлімінен клиенттік трафик Ismet.kz сайтындағы телеком-муникация қызметтерінің жаңа тізбесіне көшірілді.

Ismet.kz цифрлық платформасы ашылды. Бұл платформа бизнеске арналған, онда кәсіпкерлер үшін заманауи IT-шешімдер, мемлекеттік қолдау шаралары және оқу материалдары жиналған. Платформаға арнайы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін интернет, телефония және телевидение қызметтері шығарылды. Бизнесстің кез келген ауқымы үшін бұлтты деректер орталықтары мен серверлер жалға ұсынылады.

### B2C

Жаңа өнімдер бойынша көрсеткіштер:

Сервистердің бір абонентке шаққандағы жалпы саны – 0,50 дана,

Жаңа қызметтен табыс үлесі (субсидиясыз) – 1,25%,

2020 жылдың соңындағы б/ж саны – 2 481 532,

2020 жылдың соңындағы жаңа қызметтер саны – 1 243 393,

Жаңа қызметтен кіріс – 1 280 029,7 мың теңге.

| САНАТ                  | ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМА  | ІС-ШАРА   |  |
|------------------------|---|---|--|
| <b>ӘЛЕУМЕТТІК САЛА</b> | <b>АДАМ РЕСУРСТАРЫН ОЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ ШЕҢБЕРІНДЕ ДАМУЫ</b> | <p>Қызметкерлерді оқыту</p> <p>IT-академияны құру</p> <p>Қаржы академиясын құру</p> <p>VR-технологияларын енгізу</p> <p>Жұмыскерлердің жұмысын бағалаудың кешенді және тұрақты үдерісін жетілдіру.</p>  |  |
|                        | <b>ЖОҒАРЫ ЭТИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ</b>     | <p>Іскерлік әдеп кодексінің мазмұны бойынша жұмыскерлерді оқыту.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама ережелерін түсіндіру мақсатында жұмыскерлерге аудитория және/немесе онлайн-тренингтер форматында комплаенс-тренингтер өткізу.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын реттеу, «Қазақтелеком» АҚ-дағы болжалды әдепсіз/заңсыз іс-әрекеттер туралы хабарлау бойынша Саясатты өзектендіру, Іскерлік әдеп кодексі.</p> |  |
|                        | <b>ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫ СЕРІКТЕСТІК</b>   | <p>«PRO-ActionPlan» жобасы. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингісін мониторингілеу, даму салаларын анықтау, іс-әрекет жоспарын құру, белсенділікті іске асыру.</p> <p>«Әлеуметтік бейімделу» жобасы. Бастама штатты/штат санын оңтайландыру бойынша шығарылатын жұмыскерлердің жұмыспен қамтылуына көмекке бағытталады. «Шығарылатын жұмыскерлердің жұмыспен қамтылуына көмектесу іс-шараларының жоспарын» қайта қарау және бекіту.</p>   |  |
|                        | <b>ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК МӘДЕНИЕТІНІҢ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ</b>   | <p>Халықаралық стандарттардың талаптарының ескерілуімен ЕҚ және ҚТ саласындағы Саясаттың бірыңғай нұсқасын бекіту.</p> <p>Өндірісте нөлдік жарақаттануға ұмтылу бойынша іс-шаралар жоспарын орындау.</p> <p>«Қазақтелеком» АҚ-ның қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша стандарттарын ҚР заңнамалық тәртіптемелеуші құжаттарына сәйкестікке келтіру және халықаралық стандарттардың талаптарына сай өзектендіру.</p>  |  |

## ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны 2020 жылы 49,85 сағатты құрады.

Цифрлық трансформация бойынша стратегиялық бастамаларды іске асыруды қолдау аясында Компания жұмыскерлері үшін IT-бағыты бойынша дағдыларды дамыту бойынша оқу бағдарламаларын қалыптастыру жұмыстары өткізілді. IT-бағыттағы жұмыскерлер үшін 53 бейін қалыптастырылды, АЖД-ның 30 жұмыскері үшін 10 оқу бағдарламасы өткізілді.

Қаржылық бағыттағы оқу бағдарламаларын қалыптастыру аясында ЖҚО және ОА қызметінің 92 бейіні әзірленді, сондай-ақ ЖҚО және ОА жұмыскерлері үшін оқу шаралары өткізілді, атап айтқанда 24 курста 266 тыңдарман.

Виртуалды нақтылық жабдығы (VR) 2019 жылдың желтоқсанында оқу үдерісінде орнатылып мақұлданды.

«Қазақтелеком» АҚ үшін VR-форматтағы (БЖ) оқу бағдарламасы ДҚ-ге орнатылған және үш оқу модулінен тұрады. Бейнеқатарға көшіріп, кейін виртуалды нақтылыққа салу үшін сарапшылармен ҚЕК бойынша төрт курстың сценарийі әзірленіп келісілді.

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің жұмысын бағалау ережелері жаңа редакцияда бекітілді.

«Мінез-құлық әдебі» ойын турнирі өткізілді, онда қатысушыларға ішкі саясаттар мен Іскерлік әдеп кодексі арнайы әзірленген онлайн-ойын түрінде оқу мүмкіндігі берілді, кейін тест қабылданып, ойын жеңімпазы анықталды. Бұл ойын 1500-ден астам мүдделі жұмыскерді қатыстыруға мүмкіндік берді. Ойын нәтижелері бойынша жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

Комплаенс-мәдениетті қалыптастыру және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы білім деңгейін арттыру мақсатында Компанияда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жаңа саясаттарды таныстыру» тақырыбына семинарлар мен вебинарлар өткізілді.

Компанияда «Сыбайлас жемқорлыққа, әдепсіз/заңсыз әрекеттерге қарсы әрекет ету және «Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу» тақырыбында жұмыскерлерді қашықтан оқытудың жыл сайынғы курсы енгізілді.

2020 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберіндегі іс-шаралар туралы толығырақ осы жылдық есептің тиісті тарауында оқуға болады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша саясат», «Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша саясат», «Болжалды әдепсіз/заңсыз іс-әрекеттер туралы хабарлау бойынша саясат» 2019 жылы Директорлар кеңесімен бекітілді.

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Комплаенс қызметі туралы ереже, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ-ның Іскерлік әдеп кодексі өзектендіріліп, мынадай тараулар қосылды: Сыйлық сыйлау және қабылдау, Әлеуметтік бағдарлану, Инсайдерлік ақпарат және бағалы қағаздармен операциялар.

Компанияның жеткізушілермен және іскерлік серіктестермен жасалатын шарттарына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес соңғылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы ҚР заңнамасын орындау және Компанияға шарттармен байланысты қаржы-шаруашылық құжаттамаға аудит өткізу мүмкіндігін беру бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ-дағы жалпы әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіші 78%-ды құрады. SRS жиынтық мәні (жаңа әдіснама) 3 индекстен біріктірілген: қатыстырылу индексі, әлеуметтік ауқаттылық индексі және әлеуметтік тыныштық индексі.

Үрейлі аймақтармен жұмыс бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында, әлеуметтік маңызды мәселелер мен проблемалық жағдайларды талқылау үшін филиалдардың бас директорларының еңбек ұжымдарымен онлайн-конференция форматында кездесулері айына бір рет; құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен – апта сайын өткізіліп тұрады.

2019–2021 жылдарға арналған «Қазақтелеком» АҚ-да шығарылатын жұмыскерлердің жұмыспен қамтылуына көмектесу бағдарламасы бекітілді. Бұл Бағдарламаға сәйкес шығарылатын жұмыскерлер Компанияда және өңірлердегі Жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмыспен қамтылады.

Шығарылатын жұмыскерлермен әлеуметтік-психологиялық стресспен күресу бойынша ақпараттық-консультативтік жұмыс жүргізіледі (4telesom порталында), ИКТАД негізінде жұмыстан шығарылған жұмыскерге көмекке оқу курсы әзірленіп енгізілді (вебинарлар).

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау саласындағы саясат 2020 жылдың наурызында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімімен бекітілді.

Орындалды. Іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептер тоқсан сайын Директорлар кеңесіне жолданады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның ««Қазақтелеком» АҚ-да арнайы киімге қойылатын техникалық талаптар мен айрықшаламалар СТ АҚ 80429-1/037-2020 Стандарты қайта қаралып, бекітілді. «Қазақтелеком» АҚ-ның «Мерзімді міндетті медициналық тексерулерді өткізу ережелері» СТ АҚ 80429-1/039-2020 стандарты әзірленіп бекітілді.

Еңбек қауіпсіздігі саласындағы СТ АҚ 80429 – 1/033-2019 «Қазақтелеком» АҚ-ның радиообъектілерінде еңбекті қорғау бойынша ережелер» корпоративтік стандарты өзгерген заңнама талаптарын және Компания құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып өзектендірілді.

| САНАТ            | ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМА          | ІС-ШАРА  |
|------------------|---|--|
| ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛА | КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН АЗАЙТУ | LoRA, SDN энергия үнемдейтін/энергиялық тиімді жобаларын енгізу.   |
|                  |   | Компанияның экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарға жету бойынша жоспар/Жол картасын құру.                              |
|                  |   | Автомобильдерді моторлық отын ретінде газ пайдалануға көшіру.<br>Автономдық жылу жүйелерін дизельдік отыннан газбен/орталық жылытуға көшіру. |

## БҰҰ тұрақты даму саласындағы мақсаттар

15 жылдың қыркүйек айында Біріккен Ұлттар Ұйымының тарихи саммитінде тұрақты даму саласындағы 17 мақсат және 169 міндет (ТДМ) белгіленді, олар «2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласының күн тәртібінде» көрсетілген. БҰҰ мүше-елдері неғұрлым өзекті ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерді белсендендіруге келісті.

Тұрақты даму қағидаттарын ұстану – «Қазақтелеком» АҚ тобының стратегиялық басымдықтарының бірі. Компаниямыз БҰҰ 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібін қолдайды және БҰҰ Бас ассамблеясының 2015 жылы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.

Компанияның тұрақты даму саласындағы мақсаттарға жетуге оң үлес қосуға ұмтылысы өз қызметінде ашық болу, негізгі мүдделі тараптармен өзара неғұрлым тиімдірек әрекеттесу, өз қызметінің сапасын жақсартуға көбірек көңіл бөлу, сондай-ақ экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерге қатысты жағымсыз әсерлерді азайтып, жағымды әсерді барынша арттыру тәсіліне негізделген.

Біздің Компаниямыз басты назарын телекоммуникациялық саланың және Компания қызметінің ерекшеліктеріне неғұрлым өзекті бірнеше мақсатқа жетуге үлес қосуға, сондай-ақ Компанияның Стратегияға сәйкес Стратегиялық даму бағыттарын іске асыруға аударады.

*Компаниямыз БҰҰ 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібін қолдайды және БҰҰ Бас ассамблеясының 2015 жылы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.*

## ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

SDN Шымкент, Талдықорған, Көкшетау, Атырау қалалары бойынша аяқталды. Шымкент қ. бойынша SDN жобасын іске асырудан энергия шығындары 600 Вт-қа, Талдықорғанда – 15 900 Вт-қа, Көкшетауда – 650 Вт-қа, Атырауда – 9 450 Вт-қа азайған.

Шымкент қ. бойынша 1 клиенттік қосылымға жұмсалатын энергия шығындары 0,07 Вт, Талдықорған бойынша – 9,1 Вт, Көкшетау бойынша – 0,55 Вт, Атырау бойынша – 8,57 Вт құрайды.

«Қазақтелекомның» LoRa желісі қазіргі кезде 5 мың текше километрге созылып, 1,8 млн үй шаруашылығын қамтиды. Инфрақұрылым еліміздің 17 қаласында орналасқан 428 станциядан тұрады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарға жету бойынша жоспары 2020.22.05 №132 бұйрықпен бекітілді.

Қазіргі кезде Компания бойынша газға көшірілген автомобильдер саны 961 бірлікті құрады, бұл жалпы автопарктың 29%-ын құрайды.

Бүгінгі таңда Компания бойынша автономдық жылу жүйелерімен 257 жылжымайтын мүлік объектісі, о.і. дизельдік отынмен – 129, газбен – 99 және қатты отынмен 29 жылжымайтын мүлік объектісі жылытылады. 2018 жылы дизельдік отыннан газға 3 жылжымайтын мүлік объектісі, 2019 жылы – 12 объект, 2020 жылы – 2 объект және 1 объект дизельдік отыннан орталық жылытуға көшірілді.

## «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ЖАҢАНДЫҚ ДАМУ ТУРАҚТЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ 17-НЕН 9-НА НАЗАР АУДАРАДЫ



## КОМПАНИЯНЫҢ ТДМ-НА ЖЕТУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

| Тұрақты дамудың жаһандық мақсаттары   | «Қазақтелеком» АҚ-ның қосқан үлесі   | Жобалар   |
|---|--|---|
|  <p><b>Бәрін қамтитын және әділ сапалы біліммен қамтамасыз ету және жалпыға бірдей өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыру</b></p>                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектептерде қашықтықтан оқыту үшін, оның ішінде Kundelik.kz ААЖ үшін интернетке жоғары жылдамдықты қолжетімділік ұйымдастырылды.</li> <li>• Жұмыскерлердің кәсіби құзыретін арттыру үшін оқыту және дамыту бағдарламаларын іске асыру.</li> <li>• Қатысу өңірлерінде білім беруді қолдауға бағытталған сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.</li> <li>• Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру және келешекте жұмысқа орналасуға дайындау мақсатында оқу орындарымен өзара әрекеттесу.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• «CDN онлайн білім беру үшін»</li> <li>• «PRO telecom»</li> <li>• Көшбасшылық мектебі</li> <li>• CREDO</li> <li>• Z-telecom</li> <li>• АКТ академиясы және т. б.</li> </ul>   |
|  <p><b>Үдемелі, бәрін қамтитын және тұрақты экономикалық дамуды, жалпыға бірдей толық әрі өнімді жұмыспен және лайықты жұмыспен қамтуды қолдау</b></p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Лайықты және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету.</li> <li>• Салық міндеттемелерін орындау.</li> <li>• Тең әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету және жоғары өнімді еңбек, кәсіби өсу, сондай-ақ әр жұмыскердің әлеуетін ашу үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыру.</li> <li>• Қатысу өңірлерінде жұмыс орындарын құру.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Іскерлік әдеп кодексі</li> <li>• Кадрлық саясат</li> <li>• Ұжымдық шарт</li> <li>• Медициналық сақтандыру</li> <li>• Грейдiлеу жүйесi және т. б.</li> </ul>  |
|  <p><b>Тұрақты инфрақұрылым құру, бәрін қамтитын және тұрақты индустриалдандыру мен инновацияларды қолдау</b></p>                                      | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қатысу аумақтарында инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар.</li> <li>• Индустриалдандыру мен инфрақұрылымды дамыту бойынша инновациялық жобаларды іске асыру.</li> <li>• Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау.</li> <li>• Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Ақылды үй»</li> <li>• «5G»</li> <li>• «IoT»</li> <li>• «FWA»</li> <li>• АКТ жобалары (IaaS, SaaS, АТ-аутсорсинг, цифрлық трансформация)</li> <li>• «Бұлтты бейнебақылау»</li> <li>• «Бейнеаналитика»</li> <li>• «E-commerce»</li> <li>• «E-medicine»</li> <li>• «Тауарлардың таңбалануы мен қадағалануы» және т. б.</li> <li>• «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасы.</li> </ul> |



| Тұрақты дамудың жаһандық мақсаттары   | «Қазақтелеком» АҚ-ның қосқан үлесі  | Жобалар   |
|---|---|---|
|  <p><b>10</b> ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ</p> <p><b>Елдердің ішіндегі және арасындағы теңсіздікті қысқарту</b></p>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>Компанияның әлеуметтік және қайырымдылық жобалары.</li> <li>Тұрмысы нашар отбасындағы балаларды, мұғалімдерді интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету.</li> <li>Халыққа мемлекеттік қызметтердің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз ету.</li> <li>Спортты, мәдениет пен өнерді қолдау, білім беру және медицина мекемелеріне көмектесу.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «АЕМ-де ТОВЖ»</li> <li>- «QIang»</li> <li>- «Жұлдыз карантинде»</li> <li>Тұрмысы нашар отбасындағы балаларды қашықтықтан оқыту үшін 6 800 LTE-модем ұсыну арқылы интернетке қосу.</li> <li>18 мың мұғалімге интернетке мобильді қол жетімділікті ұйымдастыру үшін сим-карталар берілді.</li> <li>«Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ (ХҚКО) филиалдарын қашықтықтан жұмыс істеуге көшіру қамтамасыз етілді.</li> <li>Карантин кезінде Премиум арналарға тегін қол жетімділік ұйымдастырылды.</li> <li>Берешегі бар абоненттерге байланыс қызметін үздіксіз ұсыну қамтамасыз етілді.</li> </ul> |
|  <p><b>11</b> ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</p> <p><b>Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету</b></p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>Өндірісті жаңғырту және желілік инфрақұрылымды жақсарту.</li> <li>Энерготиімді жабдықтар мен табиғатты үнемдейтін инновациялық технологияларды енгізу.</li> <li>Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> <li>Бизнеске арналған үнемді АТ-шешімдер.</li> <li>Деректер орталығы желісін дамыту және т. б.</li> </ul>                              | <ul style="list-style-type: none"> <li>КЖҚ цифрлық картасы</li> <li>«Ақылды үй»</li> <li>IaaS</li> <li>SaaS</li> <li>IT-аутсорсинг</li> <li>Цифрлық трансформация</li> <li>«Бұлтты бейнебақылау»</li> <li>«Бейнеаналитика», «IoT» және т. б.</li> </ul>   |
|  <p><b>12</b> ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ</p> <p><b>Тұтыну мен өндірудің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету</b></p>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>LoRa, SDN жобаларын іске асырудан энергия шығындарын азайту.</li> <li>Сыртқы және ішкі құжат айналымын электрондық форматқа көшіру.</li> <li>Компания кеңселерінде қалдықтарды бөлек жинауды енгізу.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>«Экологиялық менеджмент саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу бойынша бағдарлама».</li> <li>«Энергия және отын-энергетикалық ресурстарды азайту» ҚБК-ін енгізу.</li> </ul>   |

| Тұрақты дамудың жаһандық мақсаттары   | «Қазақтелеком» АҚ-ның қосқан үлесі   | Жобалар   |
|---|--|---|
|  <p><b>15</b> ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН SAҚTAУ</p> <p><b>Тұрақты даму мүддесінде ынтымақшыл және ашық қоғам құруға көмектесу. Барлығына бірдей сот әділдігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және барлық деңгейде тиімді, есеп беретін және кеңінен қатысуға негізделген мекемелерді құру.</b></p>     | <ul style="list-style-type: none"> <li>Желі құрылысынан кейін жерлердің құнарлығын қалпына келтіру бойынша іс-шаралар өткізу.</li> <li>Эко-волонтерлік, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жобалар іске асырылады.</li> <li>Су ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шаралар.</li> <li>Шығарындылар мен парниктік газдарды бірізді азайту.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>Қоршаған орта үшін қауіпсіз материалдар мен технологияларды пайдалану, өрікті, волонтерлік табиғат қорғау акциялары мен іс-шараларын ұйымдастыру.</li> <li>«Жасыл кеңсе» жобасын енгізу.</li> <li>#TelecomOnPositive, TazaAlem және т. б.</li> </ul>   |
|  <p><b>16</b> БЕЙБИТШІЛІК СОТ ӘДІЛДІГІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР</p> <p><b>Тұрақты даму мүддесінде ынтымақшыл және ашық қоғамның құрға көмектесу, жалпыға бірдей сот әділдігіне қолжетімділікпен қамтамасыз ету және барлық деңгейде тиімді, есепті және кеңінен қатысуға негізделген мекемелерді құру</b></p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша міндетті реттеу талаптары мен халықаралық тәжірибенің орындалуын, әдептің сақталуын және Компанияның ішкі корпоративтік мәдениетінің қалыптастырылуын қамтамасыз ету.</li> <li>Комплаенс-мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында білім деңгейін арттыру.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>«Жедел желі» ұйымдастырылды.</li> <li>Іскерлік әдеп кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты», «Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты», «Болжалды әдепсіз/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясаты» ережелерін орындау;</li> <li>Оқу, ойын турнирлерін, вебинарлар және т. б. өткізу.</li> </ul> |
|  <p><b>17</b> ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕГІ СЕРІКТЕСТІК</p> <p><b>Тұрақты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және тұрақты даму мүддесінде жаһандық серіктестік механизмдерінің жұмысын жандандыру</b></p>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Заң шығару және атқарушы билік органдарымен, азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті қоғамдастықтармен және бизнес-қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу.</li> <li>ҚР-да шағын және орта бизнесті дамыту мүддесіндегі серіктестік.</li> <li>Халықаралық және ұлттық қауымдастықтарға қатысу.</li> <li>Жұмыс топтарына, мемлекеттік құрылымдардың бейінді комитеттеріне және қауымдастықтарға мүшелік ету, бұл Компанияға заңнамалық және басқа да коммерциялық бастамаларды қалыптастыруға қатысуға мүмкіндік береді.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>5G халықаралық операторларымен серіктестік.</li> <li>«ISMET.KZ» платформасын дамыту</li> <li>Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында 22 өңірлік байланыс операторымен өзара әрекеттесу.</li> <li>Блокчейн қауымдастығы, PCC, Атамекен ҚР ҰКП, ҰСҚ және т. б.</li> </ul>                                  |



## Мүдделі тараптармен әрекеттесу

Бизнесті дамытудың заманауи үрдістері компаниядан оның қызметінің нәтижелеріне оң немесе теріс ықпал ететін мүдделі тараптардың кең аясының мүдделерін ескеруді талап етеді. Ол мүдделер мен талаптарды ескеруде, сондай-ақ акционер/меншік иелерімен ғана емес, компанияның басқа да мүдделі тараптарымен де: сатып алушылармен, бизнес-серіктестермен, мемлекетпен, коммерциялық емес ұйымдармен, жалпы қоғаммен өзара белсенді әрекеттесуде көрініс табады.

Компаниямыздың стратегиясының табысты іске асырылуы мүдделі тараптармен конструктивті қа-

рым-қатынасқа байланысты. Мүдделі тараптармен өзара белсенді әрекеттесіп, байланыс арналарын құра отырып, «Қазақтелеком» олардың мүдделерін неғұрлым тереңірек ұғынып, клиенттер, акционерлер және жалпы қоғам үшін үздік нәтижелерге қол жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу саласындағы үздік тәжірибелерге сәйкес (AA1000, GRI сериялы стандарттар), Компания мүдделі тараптармен жыл сайынғы Қарым-қатынас жоспарын қалыптастырып бекітеді.

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

| Мүдделі тараптар       | Мүдделі тараптардың мүдделері   | 2020 жылғы негізгі оқиғалар және өзара әрекеттесу механизмдері  |
|------------------------|---|---|
| <b>АКЦИОНЕРЛЕР</b>     | Компанияның құнын арттыру;<br>Дивидендтер алу;<br>Тұрақтылық және қызмет ауқымдарын кеңейту; Ашықтық;<br>Тәуекелдерді тиімді басқару.   | Тиісті дивидендтер төленген.<br>2020 жылдың мамыр айында компанияның 2019 жылға арналған Жылдық есебі бекітілді.<br>SERPIN трансформация бағдарламасын іске асыру басталды.   |
| <b>ЖҰМЫСКЕРЛЕР</b>     | Компанияның нәтижелері мен жетістіктері, Компанияның даму перспективалары;<br>Кадрлық және әлеуметтік саясат;<br>Қатыстырылу және персоналды дамыту перспективалары;<br>Материалдық және материалдық емес уәждеу шаралары;<br>Жастар саясаты;<br>Ұжымдық шарттың талаптары. | ТЖ және карантин кезінде Басқарма төрағасымен апта сайынғы онлайн-конференциялар өткізілді.<br>Филиал басшыларымен ай сайынғы онлайн-конференциялар өткізіледі.<br>ТЖ және карантин кезінде тұтынушылармен қарым-қатынаста болатын жұмыскерлерге 25% үстемеақы төленді.<br>Жұмыскерлерде COVID-19/вирустық пневмония расталған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парағы 100% төленді.<br>Әлеуметтік тұрақтылық индексі зерттелді. ЭТИ 78%-ды құрады.<br>20 730 жұмыскер 2020 жылы оқудан өтті. Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны 49,85 сағатты құрады.<br>Нөлдік травматизмді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар орындалды.   |
| <b>ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР</b> | Мемлекеттік органдармен жұмыс барысында көмектесу;<br>Коммерциялық мүдделер;<br>Стратегиялық ресурстар және мүмкіндіктер.   | ЕҰ қызметінің нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізіледі.<br>ЕҰ-мен бірлесіп мобильді бизнесті дамыту бойынша жұмыс жалғастырылуда.<br>Тиімді ынтымақтастық мақсатында жалпыға бірдей тиімді бірыңғай платформаны құру бойынша жұмыс жүргізіледі: <ul style="list-style-type: none"> <li>радиожиіліктік және желілік ресурстарды және инфрақұрылым объектілерін теңқұқықты негізде бірге пайдалану/біріктірілген байланыс желісін құру;</li> <li>құрылыс шығындарын қысқарту және желі элементтеріне де, ілеспелі қолдау жүйелеріне де қызмет көрсету;</li> <li>ұялы байланыс қызметінің сапасын жақсарту және халыққа қолжетімді инновациялық цифрлық технологияларды жаппай ендіру.</li> </ul> |
| <b>КӘСІБИ ОДАҚ</b>     | Әлеуметтік жауапкершілік, Жұмыскерлердің қорғалуы;<br>Ұжымдық шарттың талаптары;<br>Заңнама нормаларын орындау.   | Ұжымдық шарттың барлық тармақтары орындалуда<br>Компания қызметкерлеріне пайызсыз қарыз беру түрінде материалдық көмек көрсетілуде.   |

| Мүдделі тараптар   | Мүдделі тараптардың мүдделері   | 2020 жылғы негізгі оқиғалар және өзара әрекеттесу механизмдері  |
|--|---|---|
| <b>КЛИЕНТТЕР</b>   | <p>Коммерциялық мүдделер, қызметтердің сапалық сипаттамалары.</p> <p>Қызмет алу үздіксіздігі.</p> <p>Қызметтерге білікті сервистік қолдау.</p>  | <p>Пандемия басынан абоненттерге қызмет көрсету арналарының саны 7 арнаға дейін арттырылды. Барлық коммуникация арналары бойынша өтініштер саны 18%-ға ұлғайды.</p> <p>2020 жылы мессенджерлер арқылы 587 мың сауал (наурыз- желтоқсан аралығы), қызмет көрсету кеңселерінде 580 мың өтініш өңделді.</p> <p>1 қазаннан бастап видеоконсультант – жаңа қызмет көрсету форматы қосылды.</p>   |
| <b>МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР</b> | <p>Заңнамалық және атқарушылық функцияларды жүзеге асыру.</p> <p>Телекоммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.</p> <p>Жұмыс орындарын құру.</p> <p>Демеушілік және қайырымдылық.</p>  | <p>«Қазақтелеком» компаниялар тобы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен меморандумға қол қойды, ол бойынша 5 000 қазақстандық дәрігер тегін мобильді байланыспен, сондай-ақ интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Техникалық қолдау көрсетілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• халықаралық деңгейдегі 28 іс-шара: саммиттер, конференциялар, ресми сапарлар;</li> <li>• республикалық деңгейдегі 56 іс-шара: ассамблеялар, съездер, Интернет-конференциялар;</li> <li>• халықаралық және республикалық деңгейдегі 3 спорттық іс-шара;</li> <li>• ҚР жоғары лауазымды тұлғалардың қатысуымен бейнеконференцбайланыстың 750 сеансы.</li> </ul> |
| <b>БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ</b>                         | <p>Жұртшылыққа Компанияның қызметі туралы хабарлау</p>  | <p>Компанияның қызметі туралы жарияланымдар саны 8 793-ті құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 16%-ға артық.</p> <p>2020 жылы жағымды мазмұндағы жарияланымдар 42,1%-ға өсіп, 3 701 жарияланымды құрады.</p>  |
| <b>ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДА</b>                                  | <p>ITU, PSS мүше-елдерінің халықаралық ынтымақтастығын дамыту.</p> <p>Тәжірибемен алмасу.</p> <p>Технологияларды пайдаланудағы жалпы стандарттарды қабылдау.</p> <p>Тұрақты даму, әділ және теңгерімделген есу саласында, экологиялық нормаларды орындауда, инфокоммуникациялық қызметтерді дамытуда халықаралық стандарттар мен келісімдердің талаптарын қамтамасыз ету.</p> | <p>2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ Telecom Infra Project (TIP) ғаламдық ашық қоғамдастығының жұмысына қатысуы туралы келісімге қол қойды. Компания Орталық Азия өңірінде бірінші болып және ТМД-да екінші болып әлемнің озық ИКТ-компанияларының инновациялық қызметін біріктіретін ғаламдық бастамаға қосылды. Басым бағыттар ретінде «Қазақтелеком» өзі үшін «OpenRAN 5G NR» радиоқолжетімділік жобасын және тасымал ООПТ-жобаларын (Open Optical &amp; Packet Transport) белгіледі.</p>  |



## Маңыздылықты талдау

Біз өзіміздің мүдделі тараптарымызбен өзара әрекеттесу маңыздылығына ерекше көңіл бөліп, оларды бірлесіп таразыланған, теңгерімделген шешімдерді қабылдау үшін маңызды тақырыптар мен мәселелерді, әлеуетті тәуекелдер мен жауапкершілік шектерін талқылауға тартамыз.

Мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ұғынып, олар үшін Компанияның тұрақты дамуы не екендігін ұғыну үшін, біз маңыздылық талдауын өткіздік. Бірінші кезеңде біз тұрақтылықпен байланысты 35 аспектіні анықтадық. Маңызды аспектілерді анықтау үшін барлық негізгі стейкхолдерлермен сауалнамалар мен талқылаулар өткізілді. Сауалнамалар мен

сұхбат нәтижелері бойынша біз Компания мен негізгі мүдделі тараптарымыз үшін мәні бар маңызды аспектілерді анықтадық.

Деректерді жинау және өткізілген SWOT-талдау нәтижесінде алынған мәліметтер респонденттердің бәрінше көп көңіл бөлген тұрақты даму саласындағы жалпы тақырыптар аясын анықтауға көмектесті.

Бұл Есепте біз тұрақты даму саласындағы жалпы тақырыптар аясынан Компанияның қазіргі даму кезеңінде неғұрлым басым, біздің салалық ерекшелігімізге және мүдделі тараптардың пікіріне сай келетін маңызды тақырыптарға көбірек тоқталдық.

## Қауымдастықтарға мүшелік

Өз қызметінің тұрақтылығын арттыру аясында компания ұлттық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі қауымдастықтардың тапсырмаларын жүзеге асыруға қатысып, ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуда. «Қазақтелеком» мемлекеттік органдармен, бизнеспен және қоғаммен ашық, сындарлы диалогқа және жауапты өзара әрекеттесуге бағытталған, бұл ретте заңнаманың нормаларын, корпоративтік және іскерлік әдептің жоғары стандарттарын басшылыққа алады. Өзара әрекеттесудің негізгі бағыттары: телекоммуникациялық нарықты дамыту, заңнаманы және нормативтік базаны дамыту және жетілдіру, бірлескен жобаларды бастамалау және жүзеге асыру, сала мен өңірлерді тұрақты дамыту жөніндегі өзекті бастамаларды ілгерілету.

Компания түрлі мақсатты топтармен жұмыс жасау арқылы төменде көрсетілген халықаралық және ұлттық қауымдастықтарда өз қызметін жүзеге асырады.

**1. «Қазақстанда блокчейнді және деректер орталықтарының индустриясын дамыту қауымдастығы» ЗТБ** Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс блокчейн мен деректер орталықтарының индустриясын дамыту және насихаттау мақсатында құрылған, осы технологияларды дамытатын компаниялардың мүдделерін мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік секторда, отандық бизнесте және халықаралық деңгейде білдіруге арналған заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі болып табылады.

Ағымдағы сәтте қауымдастық блокчейн технологиясын пайдалану және деректер орталықтарының индустриясын дамыту мәселелері бойынша сараптамалар мен құзыреттер бойынша еліміздегі жетекші орталық болып табылады.

**2. «Бәсекелестікті және тауарлық нарықтарды дамыту қауымдастығы» ЗТБ** мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал ету, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту, монополияға қарсы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ компаниялардың құқықтық санасының деңгейін арттыру және Қазақстан Республикасында бәсекелестік мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2016 жылы құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

**3. «Қазақстан машина жасаушыларының одағы» ЗТБ** еліміздің машина жасау саласын тиімді дамыту, саланың жүйелі мәселелерін

шешуге ықпал ету, кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты ретке келтіру, мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен өзара әрекеттесу кезінде олардың мүдделерін білдіру, заңнаманы, нормативтік ортаны және техникалық реттеуді жетілдіру жөніндегі жұмысқа қатысу, сараптамалық және жұмыс топтарының жұмыстарына қатысу үшін, сондай-ақ отандық машина жасау кәсіпорындарының табысты қызметіне ықпал ететін басқа атқарымдарды орындау үшін отандық кәсіпорындарды шоғырландыру мақсатында құрылды.

Қазіргі кезде Одақтың құрамында 616-дан астам қатысушы бар.

### 4. Халықаралық электр байланысы одағы (The International Telecommunication Union (ITU))

Біріккен Ұлттар Ұйымының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы мамандандырылған мекемесі болып табылады. Байланыс желілерінде халықаралық қосылыстарды орнатуға ықпал ету үшін 1865 жылы негізі қаланған ХЭО жаһандық радиоспектрді және жерсеріктік орбиталарды бөледі, желілер мен технологиялардың тосқауылсыз өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін техникалық стандарттарды әзірлейді және бүкіл әлем бойынша жеткілікті дәрежеде қызмет көрсетілмейтін АКТ-ға қол жетімділікті кеңейтуге күш жұмсайды. Ұялы телефоннан қоңырау шалған сайын, интернетке кірген сайын немесе электрондық пошта арқылы хабарлама жіберген кезде, сіз ХЭО жұмысының пайдасын көресіз.


### 5. «Қазақстанның ұлттық телекоммуникациялық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

2002 жылғы 27 желтоқсанда құрылды. ҰТҚ ұялы байланыстың барлық операторларын, барлық магистральдық операторларды және бірінші деңгейлі провайдерлерді біріктіретін жалғыз телекоммуникациялық қауымдастық болып табылады. ҰТҚ қызметі өкімшілік тосқауылды жою арқылы телекоммуникациялық нарықты дамытуға, нормативтік-құқықтық базаға және телекоммуникациялық компаниялардың ұйымдастырушылық-өндірістік қызметін регламенттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерге ықпал ету мүмкіндігін дамытуға бағытталған.



## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

## МАТРИЦАСЫ

**ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕР**

1. Адам құқығы.
2. Қауымдастықтар мен ұжымдық келіссөздер өткізу бостандығы.
3. Даярлау және білім беру.
4. Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік.
5. Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер.
6. Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы.
7. Ұйымдарды/мемлекеттік органдарды қолдау.
8. Дискриминацияға жол бермеу.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

1. Экологиялық сәйкестік.
2. Қалдықтарды басқару.
3. Биоалуантүрлілікті сақтау.
4. Энергия.

**ЕРЕКШЕ ТАҚЫРЫПТАР\***

1. Экологиялық сәйкестік.
2. Қалдықтарды басқару.
3. Биоалуантүрлілікті сақтау.
4. Энергия.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

1. Нарықта болу.
2. Экономикалық нәтижелілік.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру.

\* Компания мен телекоммуникация саласы үшін ерекше тақырыптар

**6. Байланыс саласындағы өңірлік ынтымақтастық.** БӨЫ электрлік және пошталық байланыс саласында ТМД мемлекетаралық үйлестіру органының атқарымдары бар халықаралық ұйым болып табылады, сондай-ақ Халықаралық электр байланысы одағында (ХЭО) және Дүниежүзілік пошталық одақта (ДПО) қадағалаушының мәртебесі бар, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара әрекеттеседі, конференциялар мен форумдарға белсенді қатысады.

**7. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы** – бұл коммерциялық емес ұйым. «Атамекен» ҰҚП бизнестің ҚР Үкіметімен және мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізу күшін күшейту үшін құрылған. Кәсіпкерлер палатасы өз қызметімен кәсіпкерліктің барлық салаларын, соның ішінде ішкі және сыртқы сауда-саттықты қамту арқылы шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін білдіреді.

«Атамекен» ҰҚП басты міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және бизнестің жұмысының заңнамалық және өзге нормативтік ережелерін қалыптастыру үдерісіне барлық кәсіпкерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

2020 жылы «Қазақтелеком» **Telecom Infra Project (TIP)** жаһандық ашық қоғамдастығының жұмысына қатысу туралы келісімге қол қойды. TIP – бұл 2016 жылдың ақпан айында іске қосылған телеком-муникациялық қоғамдастық, ол жаһандық желінің негізіндегі инфрақұрылымды дамытады. TIP қоғамдастығының миссиясы – стандарттарға негізделген ашық және деагрегациялық желілік шешімдерді әзірлеу, құру, тестілеу және енгізу арқылы келесі буындағы телекоммуникациялық желілерге инновацияларды енгізу қарқындырақ жеделдету.

Біздің Компаниямыз әлемдегі жетекші АКТ-компанияларының инновациялық қызметін біріктіретін жаһандық бастамаға Орта Азия өңірінде алғашқы және ТМД-да екінші болып бірікті.

Қазіргі таңда TIP қоғамдастығына құрамына 500-ден астам қатысушы кіреді. Қоғамдастық жұмысының аясында радио қолжетімділік бағыттары, тасымалдау және пакеттік ядро технологиялары бойынша жобалар қалыптастырылған. Басым бағыттар ретінде «Қазақтелеком» өзі үшін «OpenRAN 5G NR» радио қолжетімділік жобасын және тасымалдау ООПТ-жобаларын (Open Optical & Packet Transport) белгіледі.

## Әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар

### Отандық инвестициялар саясаты

2020 жылы инвестициялық қызметтің толық циклін басқару және Директорлар кеңесінде одан әрі бекіту бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының саясатын өзектендіру жұмысы жүргізілді. Саясатта әрекет етуші заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін (акциялардың пакеттерін) біріктіру, иелену немесе иесіздендіру, капиталдық салымдар бойынша және жаңа заңды тұлғаларды құру бойынша инвестициялық қызметті ұйымдастыруға қатысты Топқа қойылатын бірегей талаптарды белгілейді және «Қазақтелеком» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының инвестициялық қызметті жүзеге асыру аясында өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді.

Саясат инвестициялық шешімдердің әртүрлі типтеріне қатысты әртарапандырылған тәсілдемені негізделіп сақталған кезде инвестициялық жобалардың барлық типтері үшін инвестициялық үдерістерді стандарттау тапсырмасын шешеді.

Тұрақты дамытуды жүзеге асыру мақсатында Компания жасыл инвестициялар түсінігін енгізді. Бұл жобаларға капиталдық салымдардың портфелінде жобаларды басымдандырылған кезде қосымша стратегиялық ұпайлар берілген. Жасыл инвестициялар жобаларына биологиялық және физикалық жобалық жүйелерге ететін әсерді азайтуды органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануды, қалдықтарды азайтуды, өңдеу

мен жоюды, экологиялық, энергия мен материалды үнемдейтін технологияларды («жасыл» технологиялар) қолдануды қамтамасыз ететін тұрақты даму мақсаттарына жетудің ұзақ мерзімді әсер ететін капиталдық салымдардың жобалары жатады.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының инвестициялық қызметінің толық циклін басқару жөніндегі саясатына енгізілетін негізгі өзгерістер мынадай аспектілерге қатысты:

- Инвестициялық қызметтің мәселелері бойынша ЕТҰ-мен өзара әрекеттесу және жобаларды бекіту деңгейлері.
- «Жаңа бизнес» санатындағы жобаларды жоспарлауда және бюджеттеуі Ұқыпты іске қосу (lean start-up) қағидаларын пайдалану.
- Жобалардың нәтижелері үшін Демеушілердің (mini-CEO) жауапкершілігін күшейту/жобаның Тапсырыс берушісі мен Менеджерінің жауапкершілігін каскадтау.
- Жобаны жүзеге асыруға мониторинг жүргізу және жобаның тиімділігіне пост-мониторингін бақылауды күшейту.

## Қоғам мен экономика үшін маңызды жобаларға енгізілетін инвестициялардың басты бағыттары

2020 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның қоғам мен экономика үшін маңыздылығы жоғары негізгі жобалар болып «ҚР-да IP TV қызметін енгізу және дамыту» және «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету».

### **«ҚР-да IP TV қызметін енгізу және дамыту» жобасы**

Жоба қосымша сервистерді иелену және жоғары сапалы контентті алу мүмкіндігі бар IPTV/OTT қызметтерінің жаңа заманауи түрлерін ұсыну арқылы ұзақ мерзімді стратегияның жоспарларын орындауға бағытталған.

Контенттік ресурстарға (web-қосымшалар, мобильді қосымшалар және Smart TV) қол жетімділік беру және IPTV/OTT кешенді шешімдеріне ауысуды одан әрі ынталандыру бойынша КЖҚ-ның барлық абоненттік базасын жекелеген сервистерімен қамту есебінен IPTV/OTT қызметтерінің енуін ұлғайту жұмысы жүргізілуде.

**ҚР аумағындағы абоненттерге IPTV/OTT қызметтерін көрсету үшін және контентті кешенді ұсыну үшін жобаның жалпы құны 28 639 млн теңгені құрайды.**

Өткен жылы OTT-ға серіктестердің онлайн-кинотеатрларының абоненттері енгізілген. Сондай-ақ бұл онлайн-кинотеатрлар интеграция арқылы жаңа IPTV/OTT платформасында қолжетімді болады.

2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша көлемдік көрсеткіштер артығымен орындалды. ID TV қызметі бойынша 635 193 нүкте, OTT бойынша 110 480 нүкте қосылды.

### **2020 жылы шығындар оңтайландырылды:**

- Негізгі мейджерлер бойынша контенттің құны оңтайландырылды: Discovery, Euronews, FOX, National Geographic, Nat Geo WILD телетобының телеарналары.
- Setanta3 телеарналары бойынша айтарлықтай жоғарылаған жоқ.
- Оңтайландыру аясында жаңа телеарналар, с.і. үш 4K арнасы пысықталды.

КЖҚ-ға ақылы ТД енгізуді ұлғайту мақсатында жаңа заманауи ТД-платформа сатып алынды. Пайдалануға енгізу үшін 2020 жыл ішінде бірқатар интеграциялау жұмыстары жүргізілді. 2020 жылдың желтоқсан айында жаңартылған OTT сервисі іске қосылды, 2021 жылдың ақпан айында IPTV іске қосу дайындалды. Жаңа платформаны іске қосуды кідіруге қарамастан, жобаның негізгі көрсеткіштері орындалды, 2020 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша

бизнес-жоспардың инвестициялық көрсеткіштері жақсартылды. Пандемия мен оқшаулау ойын-сауық сервистеріне деген сұранысты арттырды. Сонымен қатар, контентке деген сұраныс ұлғайды.

2021 жылы қызметті негізгі дамыту контентті дамытуға, сондай-ақ пайдаланушыларды ескі ТВ-платформадан жаңасына ауыстыру үдерісін қамтамасыз етуге бағытталады.

### **«Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасы**

Жоба ауылдық елді мекендердегі мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдар үшін телекоммуникация желілеріне және КЖҚ қызметтеріне қатынауды кеңейтуге бағытталған. Жобаның жалпы құны 51 565 млн теңгені құрайды.

2020 жылдың соңында жобаны жүзеге асыру барысында ТОБЖ нақты ұзындығы 14 380 км құрады. 2018–2020 жж. кезең ішінде Қазақстан Республикасының 837 ауылдық елді мекені ТОБЖ технологиясы бойынша телекоммуникация желілеріне қосылды және «Қазақтелеком» АҚ-ның КЖҚ қызметтеріне ауылдық елді мекендерде 2 505 мемлекеттік мекеме мен бюджеттік ұйым қосылды.

Құз-қыс маусымындағы климаттық жағдайлармен (төмен температура) байланысты полиэтилен құбырын өткізу және талшықты-оптикалық кәбілді үргілеу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізген кездегі технологиялық шектеулер жобаны жүзеге асыруды қатты қиындатты. Адамдар қозғалысы мен жүктерді жылжытуға, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарына, сондай-ақ құрылыс кезінде пайдаланылатын монтаждау-инсталляциялау материалдарын өндіретін кәсіпорындардың жұмыстарына коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды жариялаумен байланысты шектеулер енгізілуі жобаны жүзеге асыру кезеңдеріне және капиталдық салымдарды меңгеру мерзімдерін кейінге қалдыруға айтарлықтай әсер етті. Дегенмен, жобаның басты көрсеткіштеріне жету үшін жұмыстардың қажетті көлемдері орындалды.

2020 жылдың желтоқсан айында жобаны жүзеге асырудың негізгі кезеңі аяқталды. 2021 жылы жобаның аясында жобаны жүзеге асырудың соңғы кезеңі қалды және қалалар мен ауылдар арасында КЖҚ қызметтеріне қол жетімділіктің теңсіздік деңгейін төмендету үшін абоненттер телекоммуникациялық қызметтерге одан әрі қосылады.

## Персоналды басқару

### Персоналды басқару тәсілдері

Адам капиталы – Компанияның акционерлік құнын арттырудағы басты фактор және жылдам өзгеріп жатқан телекоммуникация саласының жағдайында «Қазақтелекомның» басты бәсекеге қабілетті артықшылығы. Сондықтан Компанияның стратегиялық міндеттері мен мақсаттарына жетуге ықпал ететін тиімді кадрлық саясатты құруға Компания ерекше назар аударады, сондай-ақ жұмыскерлерге жайлы еңбек жағдайларын жасауға бейімделген.

Компания Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын және мүдделердің сәйкестігіне, әлеуметтік тұрақтылық пен ортақ әл-ауқатқа жетуге бағытталған әлеуметтік серіктестік қағидасын қатаң ұстана отырып, жұмыскерлермен өзара қарым-қатынас орнатады. Біз Компания мен жұмыскерлерінің қарым-қатынастары ұзақ мерзімді болуына ұмтыламыз.

«Қазақтелекомда» қызметкерлерді басқарудың ашық әрі айқын процедуралары, соның ішінде жұмысқа қабылдау (тағайындау), ілгерілету (мансаптық өсу), дамыту (оқыту/біліктілігін арттыру), қызметінің тиімділігін бағалау, ынталандыру және т. б. қолданылады.

Компания оқытуды жұмыскерлерді дамытуға енгізілген инвестициялар ретінде қарастырады, оның өтелімдігі ұйымның алдында тұрған негізгі мақсаттар мен міндеттерді орындауға тікелей ықпал етеді. «Қазақтелеком» жинақталған білім мен тәжірибенің қолжетімдігі жүйесін жасайды.

Компания өз жұмыскерлерінің клиенттермен тиімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылуын тәрбиелейді, жұмыскерлердің өз Компаниясының абыройын (имиджін) қолдауын уәждейді және көтермелейді.

«Қазақтелеком» өз жұмыскерлерін құрметтейді және бағалайды және олардың қажеттіліктеріне бейімделеді, өз жұмыскерлеріне қамқорлық көрсетеді және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға және ертеңгі күнге сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Кадрлық саясаттың тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне кадрлардың тұрақтамауы, тұрақтылық коэффициенті, қызметкерлердің қанағаттану дәрежесі жатады.

### Автоматтандыру және қашықтан жұмыс жасау

Компания заманауи басқарушылық және IT-технологияларды дамытады және енгізеді, осы саладағы озық отандық және шетелдік жетістіктер мен тәжірибені ескереді, осы білімді персоналды басқару жүйесінің мынадай үдерістерінде қолданады:

- персоналды жоспарлау, іріктеу және орналастыру;
- кадрлық іс жүргізу;
- персонал қызметінің тиімділігін бағалау;
- персоналды уәждеу;
- білімді басқару;
- корпоративтік мәдениет.

2020 жылы Қазақстанда коронавирустық инфекцияның пандемиясы басталуына байланысты «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің арасында аурудың таралуына жол бермеу және барынша азайту мақсатында 2020 жылдың наурыз айынан бастап жұмыскерлердің қашықтан жұмысы ұйымдастырылды, жұмыс орындауында тікелей болуы тиіс жұмыскерлерді ескермегенде. Компания жұмыскерлерінің 50% қашықтан жұмыс жасау форматына ауыстырылды.

Қызмет көрсету сапасын және HR-үдерістерінің тиімділігін арттыру мақсатында Компания осы үдерістерді автоматтандыру жобаларын жүзеге асырады.

### Құрылымы және саны

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің тізімдік саны 22 395 адамды, ал нақты саны 20 622 адамды құрады.

2020 жылы мынадай жобалар іске қосылды және жүзеге асырылды:

- **Еңбек шарттарын жасау үдерісін автоматтандыру.** Осы жобаның аясында web-сервисіне HR-Арі қосылу механизмі теңшелді: жұмыс туралы ұсынысты автоматты түрде жасау, ҚБЖ Персоналы модулінде үміткердің жеке парағына және штаттық бос орын бірлігіне қосылу, үміткердің құжаттарының скан-көшірмелерін кадрларды есепке алу жөніндегі жеке параққа бекіту, қызметкерлерді қабылдау туралы бұйрықты автоматты түрде қалыптастыру, сондай-ақ ОҚҚО қызметкері мен қабылданатын жұмыскер арасындағы еңбек шартына ЭЦҚ арқылы қол қою механизмі теңшелді.
- **HR бизнес-үдерістерін автоматтандыру.** Компаниядағы қолданыстағы жүйелердің негізінде материалдық жауапты тұлғаларды автоматты түрде есепке қою жүзеге асырылды, ҚБЖ Персоналы модулінде үміткердің жеке парағындағы МЖТ белгісі Жұмыскерлерді ауыстыру базасына және ЕШ бұзу базасына интеграцияланады. Компанияның филиалдарының негізінде ЕШ бұзу базасында Кету қағазы теңшелген, жұмыскер ЕШ бұзу туралы арыз берген кезде Кету парағы автоматты түрде жасалады.

Кадрлардың тұрақтамауы 2020 жылы 8,2%-ды құрады. Жыл ішінде Компаниядан 2 327 адам өз еркімен кетті. 2 877 адам жұмысқа қабылданды, бұл жыл соңында қызметкерлердің нақты санының 14%-ын құрайды.





## 2020 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ


| Көрсеткіш                                      | Барлығы<br>(адам) | соның ішінде гендерлік топтар бойынша |         | соның ішінде жас топтары бойынша |           |                  |
|--|-------------------|---------------------------------------|---------|----------------------------------|-----------|------------------|
|  |                   | ерлер                                 | әйелдер | 30 жасқа дейін                   | 30-50 жас | 50 жастан жоғары |
| Персонал саны, барлығы                         | 22 395            | 14 155                                | 8 240   | 6 410                            | 10 788    | 5 197            |
| Басқарма                                       | 9                 | 9                                     | 0       | 0                                | 7         | 2                |
| Әкімшілік-басқару персоналы                    | 1 654             | 529                                   | 1 125   | 200                              | 1074      | 380              |
| Мамандар                                       | 8 609             | 5 867                                 | 2 742   | 2 318                            | 4 474     | 1 817            |
| Жұмысшылар                                     | 5 136             | 4 887                                 | 249     | 1 663                            | 2 008     | 1 465            |
| Өндірістік персонал                            | 18 741            | 13 673                                | 5 068   | 5 357                            | 6 985     | 6 399            |
| 2020 жылы Компаниядан кеткен жұмыскерлер саны  | 2 716             | 1 913                                 | 803     | 1 294                            | 904       | 518              |
| 2020 жылы жұмысқа қабылданған жұмыскерлер саны | 2 877             | 2 011                                 | 866     | 1 890                            | 825       | 162              |

## БӨЛІМШЕЛЕР МЕН ФИЛИАЛДАР БОЙЫНША ПЕРСОНАЛ САНЫ

| Бөлімше   | Жұмыскерлердің нақты саны, адам |              |
|---|---------------------------------|--------------|
|   | Барлығы                         | ӘБП          |
| Орталық аппарат   | 358                             | 269          |
| Орталық өңірлік телекоммуникация дирекциясы                           | 2 865                           | 70           |
| «Алматытелеком» өңірлік телекоммуникация дирекциясы                   | 2 836                           | 54           |
| Шығыс өңірлік телекоммуникация дирекциясы                             | 2 249                           | 54           |
| Батыс өңірлік телекоммуникация дирекциясы                             | 2 243                           | 70           |
| Оңтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы                          | 2 183                           | 56           |
| Сервистік фабрика   | 2 158                           | 491          |
| Телекоммуникацияның Солтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы     | 1 811                           | 59           |
| «Алыспен байланыс» бірлестігі   | 1 338                           | 37           |
| Телекоммуникация желілерін бас басқару орталығы                       | 971                             | 24           |
| Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион                               | 525                             | 107          |
| Ақпараттық жүйелер дирекциясы   | 432                             | 52           |
| Бөлшек сауда жөніндегі дивизион                                       | 309                             | 104          |
| «Телеком Жинақтау» дирекциясы   | 256                             | 20           |
| «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы      | 57                              | 11           |
| Телекоммуникациялар және инфрақұрылым объектілері құрылысы дирекциясы | 31                              | 12           |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>  | <b>20 622</b>                   | <b>1 490</b> |




## 2020 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЛДЫҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ



- Ерлер
- Әйелдер

## 2020 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЛДЫҢ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ



- 30 жасқа дейін
- 30-50 жас
- 50 жастан жоғары

## Персоналды тарту және бейімдеу

2020 жылы персоналды іріктеу және бейімдеу қашықтағы форматта жалғасты. Жалпы алғанда персоналды іріктеу және бейімдеу үдерісінде айтарлықтай өзгерістер орын алған жоқ.

Компания қашықтан жұмыс жасау форматына дайын болды, 2 жыл бұрын рекрутинг атқарымы барлық бөлімшелер мен филиалдар үшін орталықтандырылды және бірыңғайланды.

Барлық өңірлер үшін мамандарды бос жұмыс орындарына іріктеу Алматыдан жүргізілді.

Рекрутерлер мен тапсырыс берушілер үміткерлермен аудио/видео сұхбат жүргізеді. Үміткерлер онлайн-режимде тестіленді.

Персоналды іріктеуге өтінім қабылдаудан бастап, маманның жұмысқа шығуына дейінгі барлық үдеріс автоматтандырылған. Қашықтан қолжетімділік берілудің арқасында қызметкеріміз қай жерде екені маңызды болмай қалды.

2020 жылы бос лауазымдарға жұмысқа қабылдау мақсатындағы 3 460 конкурс аяқталды.

### Персоналды іріктеу қағидаттары


1. Бизнестің қажеттіліктерін ескере отырып, персоналды іріктеуді жоспарлау.
2. Лауазымның және Құзыреттілік моделінің талаптарына негізделген іріктеудің ашық әрі айқын критериилері.
3. Айқын конкурстық процедуралар.
4. Үміткердің кәсіпқойлығы, жеке қасиеттері және лауазымға қойылатын біліктілік талаптары мен құзыреттілікке сәйкестігі.
5. Меритократия қағидатының негізінде қабылданып отырған шешімдердің негізділігі.
6. Әр лауазым үшін релевантты, персоналды жұмысқа қабылдаған кезде объективті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін үміткерлерді бағалау әдістерін пайдалану.
7. Кемсітушіліктің болмауы, барлық үміткерлерге кәсіпби, ашық және сыпайы қарым-қатынас.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік.
9. Персоналды тарту және іріктеу үшін ресурстарды ұтымды пайдалану.

«Қазақтелекомда» осымен үшінші жыл бойы жас мамандарға арналған «PROTelecom» тағылымдама бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы уақыт ішінде Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде 400-ден астам студент тағылымдамадан өтті, олардың 80-нен астамы жұмысқа қабылданды және бүгінгі таңда Компаниялар тобында еңбек етіп, ең ірі байланыс операторының ғана емес, сондай-ақ отандық телекоммуникациялық сектордың дамуына өз үлесін қосуда.

2020 жылы бағдарламаға қатысуға өтінімдер үшінші және төртінші курстардың студенттері үшін сәуір айында басталды. Іріктеу қорытындылары бойынша 1 000 үміткердің арасынан 219 ізденуші тағылымдамадан өту туралы ұсыныс алды.

### PROTELECOM БАҒДАРЛАМАСЫ



Тәжірибе 1 шілдеден бастап 28 тамыз аралығында өтті. Осы кезең ішінде үміткерлер «Қазақтелекомның» біліктілігі жоғары мамандарынан тәлім алып, тәжірибе жинақтады.

Барлық тағылымгерлер сертификаттар алды, бұл сертификаттар «Қазақтелекомға» жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. 2020 жылы 37 түлек

Компанияға қабылданды және есепшілер, сату жөніндегі мамандар, электр байланысының инженерлері, телекоммуникация желісі жабдығының электр механиктері және т. б. болып еңбек етуде.

Конкурстар мен тағылымдама бағдарламаларының басталуы туралы барлық ақпарат корпоративтік сайтта жарияланады.

## АЯҚТАЛҒАН КОНКУРСТАР

5% МЕНЕДЖЕРЛЕР

32% МАМАНДАР

63% ЖҰМЫСШЫЛАР

# PROTELECOM

### БАРЛЫҚ ӨҢІРЛЕР

|                              | 2018 | 2019 | 2020 |
|------------------------------|------|------|------|
| Жарияланған вакансиялар саны | 696  | 846  | 1092 |
| Жауаптар саны, мың           | 33   | 42   | 67   |
| Жауаптардың орташа саны      | 48   | 50   | 76   |
| Қаралған түйіндемелер саны   | 287  | 441  | 590  |



**3460** АЯҚТАЛҒАН КОНКУРС

**19** ВАКАНСИЯЛАРДЫҢ ОРТАША ЖАБЫЛУ МЕРЗІМІ

**1092**

Вакансия жарияланған

**67.000**

Жауап

**76**

Жауаптардың орташа саны

**590.000**

Түйіндеме қаралған

*«Менің тәлімгерім менімен үнемі байланыста болды және тағылымдаманың барлық кезеңдерінде маған қолдау көрсетті. «PROTelecom» бағдарламасы маған өз әлеуетімді ашуға көмектесті, тәжірибе мен баға жетпес білім алуыма мүмкіндік берді деп сенімділікпен айта аламын», – дейді С. Демирель атындағы университеттің 3-курс студенті Айнұр Рсалина.*

*«Бағдарламада таңдауға берілетін жобалар саны көп және кез келген сәтте көмектесуге дайын тәлімгерлер болды. Мұндай тәжірибе университетте берілмейді», – деп өз пікірін білдірді С. Демирель атындағы университеттің 3-курс студенті Гафур Абдирахман.*

*«PROTelecom білікті қызметкерлерді іріктеудің негізгі көзіне айналғанына куә болып отырмыз. Біздің негізгі міндетіміз – мамандарды студенттік кезден дайындау және ең үзідктерін өз Компаниямызға тарту болып табылады», – деп атап көрсетті «Қазақтелеком» АҚ персонал жөніндегі басқарушы директоры Берік Битабаров.*



## Сыйақы

«Қазақтелеком» АҚ-да қабылданған уәждеу жүйесі жұмыскерлерімізге олардың жұмысының нәтижелері бойынша сыйақы беруді, соның ішінде қызметті бағалау мен сыйақы берудің енгізілген жүйесін қамтамасыз етеді. Жұмыскерлерді тарту, ұстап қалу және уәждеу үшін қажет сыйақы беру жүйесінің экономикалық тиімді жүйесін жасау басымдық болып табылады. Бірлескен сыйақыға басты назар аударылады, соның ішінде еңбекақы мен сыйақы төлеуден басқа, жеңілдіктер мен ақшалай емес сыйақы кіреді.

«Қазақтелеком» АҚ-да Компанияның барлық филиалы грейдке толық ауыстырылды. ОА мен филиалдардың еңбекақы төлеу жүйесі үйлестірілді, еңбекақы төлеу, қосымша төлемдер, үстеме төлемдер, ағымдағы және бір реттік сыйлықақылар бойынша тәсілдемелерді бірегейлендіру, лауазымның разрядын/санатын әртараптандыру жүргізілді.

**«Қазақтелекомның» қызмет бабына сәйкес сыртқы тұтынушылармен үнемі қарым-қатынаста болатын жұмыскерлеріне қолдау көрсету үшін 2020 жылғы карантин және ТЖ жағдайында лауазымдық айлықақысына 20% мөлшерінде үстемеақы төленді.**

**Қызмет Жұмыскерлерде COVID-19/вирустық пневмония расталған жағдайда, белгілі тәртіпте берілген еңбекке жарамсыздық парағының негізінде еңбекақыны 100% мөлшерде төлеу қамтамасыз етілді.**

V2C және V2B дивизиялық басқару моделіне ауыстыру жүргізілді, Дивизиондардағы коммерциялық атқарым (инсталляциялар, сатуды қолдау, маркетинг, сервис-менеджмент, дебиторлық берешек, клиентермен есеп айырысу) кезең-кезеңмен орталықтандырылды.

### Қызметкерлерді бағалау жүйесі

Өнімділікті басқару жүйесі қызметкерлердің алдына тиісті кезеңде қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚБК) түрінде нақты, өлшемді мақсаттар мен тапсырмаларды қоюға негізделеді, оларды орындау алатын сыйақыға әсер етеді. Сондай-ақ дербес даму жоспарының (ДДЖ) жүйесі енгізілді, соның арқасында әр жұмыскер өз білімі мен дағдыларын дамыту, жеке тиімділігі мен нәтижелігін дамыту мүмкіндігін алады.

Жұмыстың тиімділігін бағалау үдерісі сыйақы алу, көтермелеу, бонустар алу, оқу және кәсіби даму үшін негіз болып табылады, сондай-ақ жұмыскерлерді ұстап қалу мақсатында жүргізіледі. Жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін жұмыскерлер жұмысының нәтижелеріне, дағдыларына, біліміне және құзыретіне қойылатын талаптарды анықтауға мүмкіндік береді.

#### Персоналды бағалау жүйесі мына қағидаттарға негізделеді:

1. Компанияның мүдделеріне сай келетін міндеттерді орындау мен сыйақының өзара байланыстылығы;
2. сыйақының мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен айқындығы;
3. Компания қызметінің нәтижелеріне және жұмыскерлерінің нәтижелігіне сыйақы мөлшерінің тәуелділігі.

#### Компанияда мыналар қолданылады:

- V2C және V2B сегменттеріндегі Бірыңғай уәждеу бағдарламалары (БУБ).
- V2B сегментінде телекоммуникация қызметтерін инсталляциялау үшін және V2C сегментінде енгізу кезеңінде еңбекке ақы төлеудің бірыңғай кесімді жүйелері.
- «Қазақтелеком» АҚ-ның көшу кезінде және тұрғын үйді жалға алу үшін жұмсалған шығындарды өтеудің, өтемақылар төлеудің бірыңғай қағидалары.
- Алынған экономикалық тиімділікті ескере отырып, «Негізгі жобаларды» жүзеге асыру үшін бірыңғай көтермелеу сыйлықақысын төлеу қағидалары.
- Грейдтердің негізінде еңбекке ақы төлеудің бірыңғай тәсілдемесі.

Компания қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуді, сыйақыға әділ әрі тең тәсілдеме қамтамасыз етілуін қадағалайды. Әйелдердің орташа жалақысы мен ерлердің орташа жалақысының ара қатынасы 2020 жылы 108,2% құрады.

ҚБК жүйесін басқару Стратегияда, Бизнес-жоспарда және басқа да басшылыққа алынатын құжаттарда белгіленген Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған және ұзақ мерзімді, орташа мерзімді және операциялық жоспарлауды қамтиды.

Қызметтің негізгі бағыттары бойынша нәтижелерге жету үшін жұмыскерлердің жауапкершілігі және олардың стратегиялық мақсаттарды, міндеттер мен бастамаларды орындауын бақылау анықталады. Бұл ретте Компания қаржылық және қаржылық емес ҚБК теңгерімді сақтауды қадағалайды. Мониторингінің міндеттілігі және жоспарланған ҚБК жетуді тұрақты негізде (тоқсан сайын/жылдық) бағалау, соның ішінде факторлық талдау жүргізіледі және ұсынымдар шығарылады.

Жоспарлау циклі және қызметтің нәтижелігін бағалау күнтізбелік жыл ішінде жұмыскерлер қызметінің нәтижелігін үздіксіз бақылауға бағытталған. Сыйақыларды төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген есептік кезең ішіндегі шоғырландырылған қорытынды пайда есептік кезең ішінде жұмыстың қорытындылары бойынша сыйақыларды төлеудің негізгі шарты болып табылады.

## Персоналды оқыту

Компанияда стратегиялық мақсаттарға сәйкес ұйымдастырушылық тиімділікті арттыруға бағытталған, жұмыскерлерді оқыту және дамыту бағдарламасына көп деңгейлі тәсілдеме қолданылады.

Компания цифрлық трансформация аясында көшбасшыларды дамыту үшін оқытуды ұсынады, қызметкерлерге қойған мақсаттарына жету үшін оқудың тиімді құралдарын ұсынады және ішкі бастамашылықпен өзін-өзі оқыту мәдениетін дамытады.

2020 жылы Компанияның басшылары үшін «Қазақтелекомның цифрлық технологияларының көшбасшылары» бағдарламасының аясында цифрлық трансформация бойынша шетелдік бизнес-мектептерді тарту арқылы жобалық оқыту бастамаланды, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті дамыту бойынша сессия ұсынылды.

ДДЖ және одан әрі дамыту аймақтарын белгілеу үшін барлық кадрлық резервтегілермен қ COR коуч-сессиялары өткізіледі. Жоғары нәтижелілікті көрсеткен, сондай-ақ ішкі іріктеуден өткен кадрлық резервтегілер Назарбаев Университетінде Executive MBA бағдарламасы бойынша оқи алады. 2020 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның 10 қызметкері Назарбаев Университетінде оқуды бастады.

### Компанияда атқарымдық академиялар белсенді әрекет ете бастады:

- «Сату академиясының» аясында 2020 жылы 351 тыңдаушы B2B және B2C директорларына, желілік басшыларға арналған негізгі құзыретті бағыттар бойынша, сондай-ақ 404 тыңдаушы ИКТАД 28 оқыту іс-шаралары бойынша тренингтен өтті.
- «Техникалық академияның» аясында 18 тыңдаушы ЖЖТТ директорлары мен директорларының орынбасарларына арналған «Тиімді көшбасшылық негіздері» бағдарламасы бойынша оқудан өтті; ӨТД және ТЖББО үшін 3 484 тыңдаушы «Желілік технологиялар», «Бағдарламалық жасақтама», «Жаңа технологиялар», «Қатынау желілері», «Мобильді байланыс», «SAP», «Энергетика және климаттық техника», «ЕҚЕҚ» және «Қоғамның қызметтері» ӨТД және үшін 152 ИКТАД оқыту іс-шараларынан өтті.
- «IDNet және GPON», «Телефония және Megaline», «ЭКО», Tier 1 бағыттары бойынша қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін 2 410 қызметкер ИКТАД негізінде сертификатталды.
- 178 жұмыскер Tier2, Tier3 ТЖББО бір реттік ішкі сертификаттаудан өтті.
- «Қаржылық академияның» аясында 235 тыңдаушы ИКТАД негізінде Қаржылық ОҚО мен филиалдарға арналған ИКТАД «Қаржы»,

«Экономика» бағыттары бойынша 20 іс-шара бойынша оқудан өтті.

- Білім алу жүйесінің маңызды компоненті болып «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясының АИКТАД негізінде ішкі корпоративтік оқу табылады.

COVID-19 салдары бойынша дағдарысқа қарсы бағдарламаның аясында Компания ИКТАД негізінде «Төтенше жағдайлар кезінде үрей мен қорқынышты еңсеру және басқару», «Қашықтан жұмыс жасау өнімділігі», «Зейінді белсендіру» тренингтері бойынша 904 тыңдаушы үшін оқу өткізілді.

### Филиалдар үшін мынадай тренингтер қосымша өткізілді:

- «Дағдарыс кезінде қаржылық емес менеджерлерге арналған қаржы: ілгеріленген деңгей» модульдік оқу,
- «Тұрақты даму негіздері»,
- «Тұрақты даму негіздері және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік»,
- «Нарықтың немесе ортаның перспективаларының белгісіздігі жоғары дәрежеде болған кезде топ-менеджерлердің психологиялық төзімділігін дамыту бағдарламасы».

2020 жылы цифрлық трансформация кезінде қызметкерлерді қажет құзыреттермен және дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында Компанияның барлық қызметкерлеріне LABA, Eduson сияқты онлайн-оқыту платформаларына қол жетімділік беріледі.

Компанияда міндетті оқыту жоспарлы негізде ұйымдастырылады. Жұмыскерлердің біліктілігін арттырудың бірыңғай жоспарына «Корпоративтік оқу орталығында оқыту», «Бөгде оқу орталықтарында оқыту», сондай-ақ «Техникалық және коммерциялық менторларды оқыту» бөлімдері кіреді. Жоспар «70:20:10» қағидатының негізінде қалыптастырылады. Коронавирус пандемиясына байланысты Компанияда 2020 жылдың наурызынан бастап желтоқсан аралығында барлық оқулар онлайн-форматта ғана өткізілді.

Компанияда қашықтан оқыту жүйесі енгізілді, ол ішкі корпоративтік желі мен интернет желісі арқылы барлық жұмыскерге қолжетімді. Қолжетімділік еркін, шектеулерсіз, бұл жұмыскерлерге өз біліктілігін өзіне ыңғайлы уақытта арттыруға мүмкіндік береді. 2020 жылы оқу материалының негізгі бөлігі жаңартылды. Жұмыскерлерге Академияның аясында 5 бағыт бойынша 98 курс ұсынылды. 2020 жылы қашықтан асинхрондық оқыту жүйесінде жұмыскерлерге 98 курс қолжетімді.

**2020 жылы қашықтан асинхрондық оқу жүйесіне Компанияның 1 912 қызметкері қатысты, оқудың орташа ұзақтығы 41,6 сағатты құрады.**



## 2020 ЖЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіш  | Барлық қызметкерлер бойынша | Гендерлік топтар бойынша |        |
|--|-----------------------------|--------------------------|--------|
|  |                             | Әйелдер                  | Ерлер  |
| Ұйымның қызметкерлері есептік кезең ішінде өткен оқу сағаттарының орташа мөлшері | 49,85                       | 58,27                    | 45,08  |
| Оқудан өткен қызметкерлердің саны  | 20 730                      | 7 049                    | 13 681 |

### Жастар саясаты

Осымен көптеген жылдар бойы «Қазақтелекомның» ұйымдық құрылымында Z-telecom жастар ұйымы әрекет етеді. Жұмыскерлердің өмірін жақсарту үшін және бизнес-үдерістерді оңтайландыру үшін Z-telecom ұйымының жас көшбасшыларының алдында жаңашыл идеялардың генераторлары болу және өртүрлі жобалардың бастамашылары болу міндеті тұр.

Өткен жылдың желтоқсан айында Z-telecom жастар ұйымының кезекті форумы онлайн-форматта өтті, онда Компанияның жас көшбасшылары «Үздік инновациялық бизнес-өнім», «Үздік әлеуметтік жоба» және «#PRO людей үздік жобасы» номинациялары бойынша филиалдарда жүзеге асырылған үздік жобалардың таныстырылымдарын көрсетті, сондай-ақ өңірлердегі белсенді волонтерлер марапатталды. Барлығы 20 жоба ұсынылды.

ҚР-да төтенше жағдай кезеңінде Z-Telecom командасы корпоративтік волонтерлік қызметті дамыту аясында Birgemiz ауқымды қайырымдылық акциясын өткізді, оның аясында Z-Telecom командасы халықтың әлсіз топтарының 250-ден астам өкіліне (зейнеткерлер, ардагерлер) азық-түлік себеттерін жеткізуді. Жыл бойы Z-Telecom командасы корпоративтік волонтерлік аясында үш бағытты дамытты: эко-волонтерлік, балаларды оқыту және қайырымдылық.

- **«Балаларды оқыту»** – «Замандас» «ӘӘКО» ЖМ-мен білескен волонтерлік жоба. Мектеп оқушыларын оқытуға арналған тақырыптар «Көшбасшылық және эмоционалдық интеллект», математика мен қазақ тілінен сабақтар болды.
- **«Эко-волонтерлік»** – «Таза Алем» жобасы, оның аясында Z-Telecom командасы қалалардың аумақтарын және қала сыртындағы аумақтарды эко-жинастыру қызметін, сондай-ақ жыл соңында басталған және филиалдар арасында челлендж түрінде жүзеге асырылатын эко-марафонды жүзеге асырады. Марафонның мақсаты Компанияның экологиялық мәдениет деңгейін дамыту және арттыру болып табылады.

- **«Қайырымдылық»** – «Qolganat» жобасы, оның аясында жағдайдың қиындық дәрежесін көрсету арқылы екі ішкі (Компанияның ауыр жағдайдағы қызметкерлері үшін) және сыртқы (өртүрлі өңірлердегі аз қамтылған отбасылардың тізімі) база жасалды. Материалдық көмек көрсету үшін Компания қызметкерлерінің қатысуымен қайырымдылық онлайн-марафон іске қосылды. Нәтижесінде 365 мыңнан астам теңге жиналды, жағдайы ауыр қызметкерлерге қажет тиісті сома берілді.

Шығыс ӨТДӨТД-де «Волонтер жылын» қолдау үшін «Қамқор» бағдарламасы жүзеге асырылды. Бағдарламаның аясында ШҚО және Павлодар облысының белсенділері көп балалы және мұқтаж отбасыларға қайырымдылық көмегін көрсетті, Өскемен қаласында Психикалық денсаулық орталығында ұзақ мерзімді емдеудегі балаларға материалдық көмек ұйымдастырылды. Олар «Z-марафон» қайырымдылық марафонына қатысты. ШҚО және Павлодар облыстық орталықтарының қайырымдылық ұйымдарымен бірлесіп өнімдерді жеткізді. Шығыс ӨТД ұжымын Компания құндылықтарын енгізу және ілгерілету мақсатында «CREDO – табыс мәдениетіне апарар жол» жобасында өз идеяларын бастамалады және жүзеге асырды. 2020 жылы ШӨТД Z-telecom командасының мүшесі «ҚАЙРАТТЫ ЖАСТАР – 2020 ONLINE» облыстық фестивалінде номинант атанды.

2020 жылы Батыс өңірлік телекоммуникация дирекциясының қызметкерлері «Самұрық-Қазына» АҚ «Үздік волонтер» конкурсының жеңімпаздары атанды. Конкурстың өділ қазылары Қор компанияларының қызметкерлері ұйымдастырған 87 үздік волонтерлік бастаманы қарады. «Үздік корпоративтік волонтер» номинациясында екінші орын Маңғыстау ЖЖТТ электр қондырғыларын жөндеу және күтім жасау жөніндегі электр монтері Мейір Жайлиевке берілді. «Үздік волонтерлік команда» номинациясында «Қазақтелеком» АҚ жанындағы Z-Telecom командасына үшінші орын берілді. Конкурса қатысқаны үшін Атырау ЖЖТТ Кросстық коммутация цехының аға байланыс электр механигі Елена Қуанышева да атап өтілді.



## Дарындарды басқару

Персоналды басқару стратегиясына сәйкес «Дарындарды басқару» жобасы жүзеге асырылады, оның мақсаты негізгі лауазымдарды ауыстырудың негізгі ішкі көзі ретінде кадрлық пулды қалыптастыру және дайындау болып табылады. Осы жоба кәсіби деңгейі жоғары дарынды жұмыскерлерді анықтау және ұстап қалу құралы болып табылады.

Жобаның аясында «Көшбасшылық мектебі» жұмыс жасайды, бұл резервтегілердің басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерін дамыту бойынша кезең-кезеңмен оқудан өту бағдарламасы. 2016 жылдан бастап 2020 жылдар аралығында 220 кадрлық резервтегі жұмыскер түлек атанды. «Көшбасшылық мектептері 2020» аясында 54 қызметкер білім алды. Өткен жылдардағы «Көшбасшылық мектептерінің» түлектері 2020 жылы MiniMBA бағдарламасы бойынша одан әрі оқудан өтті.

Кадрлық резервтегі жұмыскерлердің басқарушылық құзыреттерін дамыту бағдарламалары бойынша оқу сағаттарының саны 2020 жылы 2 208 сағатты құрады.

Есептік кезең ішінде негізгі бос лауазымдарға 75 негізгі бос лауазымға 54 резервтік қызметкер тағайындалды, бұл 72%-ды құрады.

### Корпоративтік мәдениет

Компанияда бірнеше жылдан бері Корпоративтік мәдениет трансформациясы бойынша жоба табысты жүзеге асырылып келеді. Корпоративтік мәдениеттің ағымдағы жағдайына диагностика жасалды, құндылықтар моделі қалыптастырылды және корпоративтік мәдениет – Жетістік мәдениетінің мақсатты бейнесін енгізу бағдарламасы жасалды.

Барлық 5 жаңа құндылық бір акронимге – CREDO-ға біріктірілді және «Қазақтелеком» АҚ-ның әрбір қызметкері үшін маңызды пайымдама мен бағдардан құралады:

### CLIENT/ КЛИЕНТ –

Клиенттің үміт өткенінен де асып түсу.

### RESPONSIBILITY/

Нәтиже үшін жауапкершілік–

Шешімдер қабылдауда дербес бола білу.

### ENTREPRENEURSHIP/ Кәсіпкерлік рух –

Нарық көшбасшысының кәсіпкерлік батылдығы.

### DIGITAL CULTURE/ Цифрлық мәдениет –

Цифрлық коммуникация технологиялары жұмыста және өмірде.

### OUTSTANDING DECISIONS/

Көрнекі шешімдер –

Табысты бизнес үшін сапалы шешімдер.

Корпоративтік құндылықтар «Қазақтелеком» персоналының арасында белсенді насихатталады. Қызметкерлердің бастамалары арқылы корпоративтік мәдениетті трансформациялауға бағытталған «CREDO: табыс мәдениетіне жол» аясында 120 жобаға 100-ден аса қызметкер қатысты. Жоба ТЖББО, АЖД, ӨТД Орталық ӨТД, Оңтүстік ӨТДӨТД, КБД, ӨТДШӨТД-де жүзеге асырылды, сондай-ақ ӨТДСӨТД, СФ, АӨТД, БӨТД –де іске асыру жоспарланды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның 50 негізгі басшысының қатысуымен SKOLKOVO Мәскеу басқару мектебінің Цифрлық трансформация орталығында корпоративтік мәдениетті трансформациялау бойынша Интеграциялық сессия өткізілді. Компанияның бағыттары мен филиалдарының топ-менеджерлері мен басқарушы персоналы екі күн бойы «Қазақтелекомның» корпоративтік мәдениетімен байланысты талқылауларға белсенді қатысты.

2020 жылы персонал жөніндегі басқарушы директор Б.Ә.Битабаров корпоративтік құндылықтарды түсіндіру және корпоративтік мәдениетті тарату мақсатында коммуникациялық сессия өткізді, оған Компанияның шамамен 1 000 қызметкері қатысты. Кездесу барысында басшы қызметкерлердің сұрақтарына онлайн-режимде жауап берді.

## Қызметкерлерге қатысты әлеуметтік саясат

«Қазақтелеком» өз жұмыскерлерінің әлеуметтік қорғалуы, жұмыскердің ертеңгі күнге деген сенімділігін қолдау мәселелеріне жауапты қарайды. Компания жұмыскерлері мен зейнеткерлерінің әлеуметтік қорғалуы Компанияның персоналды басқару жөніндегі саясатының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

2020 жылы Компания жұмыскерлерінің 96%-ы ұжымдық шартпен қамтылды.

Ұжымдық шартқа сәйкес Компания жұмыскердің жұмыспен қамтылу сипатына (тұрақты немесе уақытша) қарамастан, мынадай әлеуметтік қолдау көрсетеді:

- некені тіркеу кезіндегі материалдық көмек;
- бала туылуына/жаңа туған баланы асырап алуға байланысты материалдық көмек;
- жыл сайынғы еңбек демалысын ұсыну кезіндегі сауықтыру үшін материалдық көмек;
- уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу;

- бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты қосымша демалыс үшін ақы төлеу;
- мерейтой күніне байланысты жұмыскерлерге бағалы сыйлық беру;
- алғаш рет зейнетке шыққан кезде біржолғы жәрдемақы беру;
- жұмыскерге 1 немесе 2-ші топ мүгедектігі берілген жағдайда біржолғы жәрдемақы беру;
- жұмыскердің жақын туысы қайтыс болуына байланысты жерлеу рәсімін ұйымдастыру үшін материалдық көмек;
- ерікті медициналық сақтандыру аясында жұмыскерлерге медициналық көмек көрсету;
- зейнетке шығатын жұмыскерге біржолғы жәрдемақы төлеу;
- моральдық-психологиялық көмек көрсету үшін Компанияның жұмыс жасамайтын зейнеткерлерін Компания өткізетін мерекелік және салтанатты іс-шараларға шақыру.

ҚР Еңбек кодексі бойынша ұйымның қызметіне маңызды өзгерістер енгізуге қатысты хабарлаудың ең аз кезеңі 4 аптаны (30 күнтізбелік күнді),

ұжымдық шарт бойынша 45 күнтізбелік күнді құрайды.

Бүгінгі күні Компания 9 мыңнан астам зейнеткерге әлеуметтік қолдау көрсетеді. Оларға жыл сайын адресі қайырымдылық көмек көрсету, байланысшылардың кәсіптік мерекесіне және Қарттар күніне орай кездесулер өткізу қарастырылған.

Қазақстан Республикасында ТЖ енгізуге байланысты, жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау аясында Компания 2020 жылы COVID-19 диагнозы қойылған және вирустық пневмонияға шалдыққан жұмыскерлерге бір ай ішіндегі орташа айлық жалақының 100% мөлшерінде (Компаниядағы жұмыс өтілін ескермегенде) төлемдер төлеу туралы шешім қабылданды және бүгінгі күнге дейін төленіп келеді.

Бала күтімі бойынша жалақасы сақталмайтын демалыстағы жұмыскерлердің саны есептік кезеңнің соңында 1 265 адамды құрады, бұл ретте әйелдердің үлесі 97,8%, ерлердің үлесі 2,2%-ды құрады.

## 2020 ЖЫЛЫ АНА/ӘКЕ АТАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

| Көрсеткіш   | Мәні<br>(адам) | соның ішінде |         |
|---|----------------|--------------|---------|
|   |                | ерлер        | әйелдер |
| 2020 жылы бала күтімі бойынша демалыс алған қызметкерлердің саны  | 1 265          | 28           | 1 237   |
| Есептік кезеңде бала күтімі бойынша демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлердің саны (2020 жыл)   | 175            | 9            | 166     |
| Өткен есептік кезеңде бала күтімі бойынша демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және жұмысқа оралғаннан кейін 12 ай өткен соң әлі жұмыс жасап жүрген қызметкерлердің саны | 63             | 2            | 61      |

## Салауатты өмір салтын насихаттау

Карантин кезінде Компанияның жұмыскерлеріне қолдау көрсету мақсатында #TelecomOnPositive акциясы іске қосылды. Осы акцияның аясында әртүрлі филиалдардың жұмыскерлері өткізген таңғы жаттығуларды онлайн-трансляцияға қосу үшін «Әріптестермен бірге жаттық» таратылымы жүргізілді.

Корпоративтік волонтерлікті дамыту аясында Компанияда жүгіруден «Z-marathon» жарысы ұйымдастырылды. Бір ай бойы барлық филиалдың жұмыскерлері марафонға белсенді қатысты. Бұл ретте қатысу қосымша арқылы қадағаланды. Ең белсенді қатысушылар шамамен 250 км жүгіріп өтті. Филиалдар бойынша ТЖББО жұмыскерлері 1 325 км жүгіріп, көшбасшы атанды.

Компанияның жұмыскерлері әртүрлі спорттық жарыстарға белсенді қатысады. Атап айтқанда, 2020 жылдың наурыз айының басында (карантин мен ТЖ режимі жарияланғанға дейін) «Қазақтелекомның» футбол командасы QAZAQSTAN QYZMET CUP: TUNGI FUTBOL LIGASY қысқы кубогын ұтып алды. Бұл футбол турнирі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың командалары арасында жыл сайын өтеді. Биыл министрліктердің, ведомстволардың, ұлттық компаниялардың және т. б. 24 командасы қатысты. «Қазақтелеком» АҚ футбол командасы турнир бойына көшбасшы атанып, кубок иеленді.

Пандемияға және енгізілген карантинге байланысты одан кейінгі спорттық іс-шаралар өткізілген жоқ.



ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІ



## Әлеуметтік тұрақтылық

Қордың Компаниялары тобында өндірістік ұжымдарда әлеуметтік жағдайға жыл сайын мониторинг өткізіледі. Бұл мақсаттарда «Samruk Research Services» зерттеуі (бұдан әрі – SRS) жүргізіледі.

2020 жылы Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығы COVID-19 салдарынан туындаған түбегейлі жаңа сыртқы жағдайларға негізделген әлеуметтік ақпаратты жинау және өңдеу барысында негізгі индекстер бойынша сабақтастық сақталған жаңа әдістеме әзірленді.

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да әлеуметтік тұрақтылықтың жалпы көрсеткіші 78%-ды құрады, мөндердің дәрежелік межелігіне сәйкес бұл оны тұрақты дамып келе жатқан компаниялардың санатына жатқызады.

SRS жиынтық мәнінде 3 индекссамтылған: Қатысу индексі, Әлеуметтік әл-ауқат индексі және Әлеуметтік тыныштық индексі.

- Қатысу индексі – 83%
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі – 47%
- Әлеуметтік тыныштық индексі – 87%

Компанияның 2020 жылы қатысу индексі өткен жылмен салыстырғанда 32 қ.т. ұлғайды. Сонымен қатар, барлық филиал бойынша ҚИ көрсеткіштері соңғы 7 жыл ішінде ең жоғары деңгейге жетті және мөндердің дәрежелік межелігінде «оң» деңгейге сәйкес келеді.

### Ішкі коммуникациялар

«Қазақтелекомда» ішкі коммуникациялар жүйесін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізіледі: кері байланысты күшейту, өндірістік персоналға жүйелі әрі тұрақты ақпарат беруді қамтамасыз ету. Карантиндік шараларға салдарынан белгісіздіктің ұлғаюына байланысты 2020 жылы бұл жұмыстың өзектілігі артып отыр.

ӨТДӨТД, АББ, СФ, ББД және КБД филиалдарына дайджесттер енгізілді. Mail.sdp есептік жазбалары – барлық қызметкерге арналған баламалы пошта іске қосылды, соның арқасында 22 000 қызметкер әртүрлі пошталық сервистер арқылы қосылу мүмкіндігін алды.

Дағдарысқа қарсы коммуникациялар жоспары жүзеге асырылды, соның аясында Компания Басқармасының төрағасымен 7 онлайн-конфе-

ренция өткізілді, карантин кезінде Компания қабылдаған шараларды түсіндіру бойынша ақпараттық графикалар сериясы іске қосылды, АЖД-мен бірлесіп қашықтан қосылу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді, #TelecomOnPositive әлеуметтік қолдау жобасы іске қосылды.

Кері байланыс бойынша жұмыс белсенді жүргізіледі, осы кезең ішінде қызметкерлердің 500-ден астам сұрақтары пысықталды.

Қолданыстағы 4telecom.kz корпоративтік порталы, LN корпоративтік пошталық сервиси коммуникациялар арналарымен қатар, корпоративтік media, филиалдарда әлеуметтік желілерді пайдаланылумен коммуникациялық арналар енгізілді.

Сұхбаткерлердің 94%-ының пікірі бойынша жұмыс беруші 2020 жылы, соның ішінде карантиндік шаралар кезінде барлық қажетті еңбек жағдайын жасады. Сонымен қатар Компанияның барлық филиалы бойынша осындай пікір білдірген сұхбаткерлердің саны 90%-дан асады.

Компанияға деген әділдік, сенімділік пен ниеттестікке қатысты да қызметкерлер жоғары берді.

Қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастар мен тапсырмаларды түсінумен байланысты негізгі көрсеткіштер бойынша проблемалық тұстар анықталған жоқ.

Әлеуметтік тыныштық индексі 2020 жылы «оң» деп бағаланды, осылайша өткен жылмен салыстырғанда 13 қ.т. артты. Сұхбаткерлердің көпшілігі ұжымда шиеленіскен қарым-қатынас жоқ екенін атап өтті.

2020 жылы SRS нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша Компания жайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ ұжымдардағы салауатты және сындарлы қарым-қатынастарға қолдау көрсету бойынша жоспарлы және табысты жұмыс жүргізгенін атап өткен жөн.

ӘАИ қорытындылары бойынша Компания жұмыскерлердің жұмыс жағдайы деңгейіне қанағаттану джақсарту үшін іс-шаралар жүргізілуде.

## DIGEST

---

ӨНДІРІСТІК  
ПЕРСОНАЛДЫ БАРЛЫҚ  
ЖЕРДЕ ХАБАРДАР ЕТУ

## 4TELECOM.KZ

---

<http://4telecom/>  
ҚАШЫҚТАН ҚАТЫНАУ  
МҮМКІНДІГІНСІЗ КҮНІНЕ 3-5  
МЫҢ КІРУ

## SOCIAL NETWORKS

---

WHATSAPP, TELEGRAM, YOUTUBE,  
FACEBOOK, INSTAGRAM БАРЛЫҚ  
ФИЛИАЛДАРДА

## ЭДО ТАРАТЫЛЫМ

---

NEWS KT  
+ MAIL.CDN.TELECOM.KZ  
21 328 ПАЙДАЛАНУШЫ

## Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік

Компания адам өмірі мен денсаулығын ең жоғары құндылық деп қарастырады, өз жұмыскерлері үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау, сондай-ақ өз жұмыскерлеріне денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты ақпарат беру, оқыту, қадағалау, консультация беру үшін тікелей жауапты. Компания жұмыскерлердің, мердігерлік ұйымдардың және тұрғындардың денсаулығына және қауіпсіздігіне зиян келтіруге жол бермеудің немесе салдарын жеңілдетудің маңыздылығын ұғынады.

«Қазақтелекомда» үнемі әдістемелік нұсқаманы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды талдау мен бақылауды қамтамасыз ететін еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды басқару жүйесі бар. және. Жүйе ХЕҰ ЕҚХЖ 2001 ILO-OSH 2001

Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің нұсқамасына және OHSAS 18001 халықаралық стандартына сәйкес еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыруға бірыңғай талаптарды белгілейді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі, соның ішінде:

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау үшін жауапты басшылар мен мамандарды оқыту;
- жұмыс орындарын аттестаттау;
- жұмыскерлердің медициналық тексеруден өтуі;
- жұмыскерлерді арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету.

## ЖАРАҚАТТАНУДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ

| Іс-шараның атауы   | Орындау  | Ескертпе |   |
|--|--|----------|---|
| Оқыту  | Оқытуға тиіс барлық жұмыскер                               | 15 570   |   |
|  | Жұмыскерлерді оқыту  | 15 581   | Оқытылды 100,1%                             |
|  | Емтихан тапсырған жұмыскерлер                              | 15 581   |   |
| Медициналық тексерулер                                   | Медициналық тексерілуге жататындар                         | 9 601    |   |
|  | Медициналық тексеруден өтті                                | 9 622    | Медициналық тексеру толық көлемде өткізілді |
| Нұсқаулық  | Кіріспе нұсқаулық  | 1 271    | (Жұмысқа қабылданған кезде)                 |
|  | Жұмысқа шығу алдындағы бұрынғы нұсқаулық                   | 18 968   | Күнделікті                                  |
|  | Қайталама нұсқаулық  | 15 853   | Тоқсанына 1 рет                             |
| Қауіпті қиылысулар                                       | Жоспардан тыс нұсқаулық                                    | 11 964   | Қажеттілігіне қарай                         |
|  | Қауіпті қиылысулар жойылды                                 | 967      |   |
| Апаттық тіректерді және темірбетон сүйеулерді ауыстыру   | Жаңаларына ауыстырылды: апаттық тіректер және т/б сүйеулер | 5 268    | Жұмыс жоспарларына сәйкес                   |
| Филиалдың ішіндегі жоспарлы тексерулер                   | Ескертулер жасалды   | 2 618    |   |
|  | Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер түзетілді            | 2 226    | 85%   |
| ОА ПД бас менеджерінің ЕҚЕҚ бойынша жоспарлы тексерулері | Ескертулер жасалды   | 607      |   |
|  | Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер түзетілді            | 473      | 77%   |

2020 жылы Компанияның бес филиалында (Шығыс ӨТД, Батыс ӨТД, Оңтүстік ӨТД, Орталық ӨТД,

«Алматытелеком» ӨТД, Сервистік фабриканың филиалдары: Шығыс өңірінің, Батыс өңірінің, Оңтүстік

өңірінің, Орталық өңірдің, Алматы өңірінің) еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ішкі бақылау жүргізілді.

2020 жылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі бойынша анықталған бұзушылықтарды түзету шараларын қабылдау туралы 18 нұсқау берілді. Бұл ретте ескертулердің жалпы саны 2 429 бұзушылықты құрады, олардың 2 078 түзетілді.

Жазатайым оқиғаларға жол беруі мүмкін өрескен бұзушылықтар анықталған кезде олар түзетілгенге дейін жұмыстар уақытша тоқтатылады.

Электр монтерлері үшін үйрету бейнеролигін түсіру жұмыстары жүргізілді. Осы бейнероликте ӘБЖ және кәбәлдік кәрізде кжұмысты дайындау және қауіпсіз жүргізу тәртібі көрсетілді. Бейнеролик еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық жүргізген кезде және оқыту кезінде жұмыскерлерге көрсету үшін филиалдарға таратылды.

2020 жылы «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында үдерістерді цифрландыру үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу жұмыстарын сатып алуға қойылатын техникалық талаптар» әзірленді және бекітілді.

#### **БЖ енгізу аясында мынадай модульдер әзірленді:**

- Жоғары қауіптілік жұмысына қатысты электрондық рұқсат-жүктелімді беру жүйесі. Аталған модуль қауіптілігі жоғары жұмысқа қатысты рұқсат-жүктелімді электрондық түрде беруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ модульде дашборд қарастырылған, мұнда ағымдағы

және жабылған жүктелімдер туралы ақпарат көрсетіледі:

1. Электр қондырғыларында жұмыс жасау үшін электрондық рұқсат-жүктелімдерді беру жүйесі. Электр қондырғыларында жұмыс жасау үшін электрондық форматта рұқсат-жүктелімдер беруге мүмкіндік береді.
2. Еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздікті қорғау бойынша нұсқауларды тіркеу жүйесі. Бұл модуль ЕҚЕҚ инженеріне ұялы телефонның көмегімен 10 минут ішінде қосымша арқылы БЖ-ға кіруге, бұзылымды фотоға түсіруге, жүктеуге, қажет жолдарды толтыруға және жұмыстардың жауапты басшысына жою үшін жолдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ модульде дашборд қарастырылды, мұнда орындалды/орындалған жоқ/тексерісте статусы көрсетілген нұсқаулар бейнеленетін болады.

Жүйелерге қол жетімділік web-шешім және мобильді қосымша (iOS, Android) арқылы берілуі мүмкін. Сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалану арқылы немесе оны пайдаланбай БЖ құжаттарына қол қою мүмкіндігі бар.

БЖ енгізу жазатайым жағдайлардың, апаттардың, оқыс оқиғалардың, тәуекелдердің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және электр қауіпсіздігі саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындамау салдарынан келтірілетін экономикалық залалды төмендетуге мүмкіндік береді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша ішкі бақылау деңгейі жоғарылайды.

## **Жарақаттану статистикасы**

Компанияда ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттарына сәйкес Интеграцияланған менеджмент жүйесі енгізілген, жол берілмейтін қауіп-қатерлер мен тәуекелдер «Қауіп-қатерлерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау. Басқару шараларын анықтау тәртібі» атты бекітілген құжатталған процедураға сәйкес бағаланады.


Қауіп-қатерлерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау процедурасы барлық персоналдың күнделікті және ерекше қызметін, адамның мінез-құлқы мен қабілеттерін, жұмыстар орындалатын аймақтардан тыс немесе жанында анықталған қауіп-қатерлерді, инфрақұрылымды, жабдықтар мен материалдарды, технологиялық үдерістерді ескереді.

Тәуекелдер тізілімінде «Жұмыс берушінің кінәсі бойынша өндірісте өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар» тәуекелі тіркеледі және қадағаланады. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар анықталып жүргізіледі.

Тәуекелдерді басқару қызметіне «Өндірістегі жарақаттар және апаттар бойынша есеп» тоқсан сайын жолданады.

2020 жылы өндірістік жарақаттану коэффициенті 22 453 адамды, яғни 0,025% құрады. 2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да 4 жазатайым оқиға болды, оның ішінде 2 – жеңіл дәрежелі, 1 – орташа дәрежелі және 1 – ауыр дәрежелі.

### **ӨНДІРІСТІК ТРАВМАТИЗМНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ,%**





## Орташа мерзімді перспектива жоспарлары

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы үдерістерді цифрландыру үшін мынадай модульдер бойынша бағдарламалық жасақтаманы енгізу:
  - Арнаулы киімді, арнаулы аяқ киімді және жеке қорғаныс құралдарын есепке алу модулі;
  - Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқудан өту және білімін тексеруді есепке алу модулі;
  - «Жүйелі медициналық тексеруіс» модулі.
- Жұмысты орындау барысында тәуекелдері бар жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістері және оларды басқару әдістері туралы нұсқаулық берілген жұмыскерлердің хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының Энергетика және климаттехника орталықтарының (ЭКО) жұмыскерлері үшін жұмыстарды қауіпсіз орындау бойынша оқыту бейнеролигін түсіру қызметін сатып алу қарастырылған.
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 19 жоспарлы тексеріс жүргізу.
- ISO 45001:2018 «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты бойынша сертификаттаудан өту үшін Іс-шараларжоспарын орындау.
- «Мінез-құлық аудиті», «Оқиғалар бойынша тергеу-тексеру», «Тәуекелдерді бағалау» курстары бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.
- Нәлдік жарақаттану іс-шараларының жоспарын орындау.
- Еңбекті қорғауды басқару жүйесін (ЕҚБЖ) өзірлеу және енгізу.
- Қолданыстағы стандарттар мен қағидаларды қайта қарау және өзекті ету.
- «Қазақтелеком» АҚ өндірісінде 2021 жылы жазатайым оқиғаларға жол бермеу бойынша Алдын алу іс-шаралары жоспарын жүзеге асыру.

## Әлеуметтік жауапкершілік

«Қазақтелеком» тұрақты дамудың әлеуметтік аспектісі аясында әлеуметтік және білім беру бағдарламаларының көмегімен қатысу орындарындағы халықтың өмірсапасын жақсартуға, қызметтің айқындылығына, экологиялық мәселелерге теріс әсер етуді төмендетуге ерекше назар аударады.

2020 жылы коронавирустық инфекция пандемиясы тұтас елмен бірге біз үшін де басты әлеуметтік мәселеге айналды, оның таралуымен күресу үшін елімізде төтенше жағдай енгізіп, карантиндік іс-шаралар өткізілді. Осындай күрделі кезеңде «Қазақтелеком» өз клиенттері мен жалпы қазақстандық қоғамға барынша көмек көрсетті.

Карантин кезеңінде «Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен меморандумға қол қойды, оған сәйкес 5 000-нан астам қазақстандық медицина қызметкерлері тегін ұялы байланыспен, сондай-ақ Tele2, Altel, Kcell/Activ желілерінде интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілді.

«Qlang» қазақстандық онлайн-мектебі «Қазақтелекоммен» бірлесіп, коронавирусқа шалдыққан науқастарды емдеп жүрген медициналық қызметкерлердің балаларына ағылшын тілін тегін үйрету жөніндегі жаңа әлеуметтік жобаны 2020 жылғы 27 шілдеден бастап енгізді. Барлық оқуға ниет білдірген қазақстандық медицина қызметкерлерінің балалары [www.med.qlang.kz](http://www.med.qlang.kz) платформасында ағылшын тілін онлайн-режимде тегін үйренуге мүмкіндік алды. «Qlang» онлайн-мектебінің курстары платформасында жарияланған интерактивті тапсырмаларды балалар өзіне ыңғайлы кез келген уақытта өз бетінше орындай алады, сондай-ақ әрбір

бала үшін тәжірибелі және білікті оқытушылармен барынша ыңғайлы кестені келісу мүмкіндігі берілген. Сондай-ақ тілдесу онлайн-клубында ағылшын тілінде сөйлесуге машықтану, басқа ортада жаңа достар табу, курс соңында «Qlang» онлайн-мектебі курсына қатысқаны туралы сертификат алу мүмкіндігі бар. «Қазақтелеком» АҚ жобаның техникалық серіктесі болумен қатар, балаларға онлайн-сабақтар өткізетін оқытушылардың жұмысына ақы төлеу міндеттемесін өз мойнына алады. Сонымен қатар, Компания медициналық қызметкерлердің ұялы телефондарының нөмірлеріне дербес кодтарды смс-таратылыммен жіберді.

Карантин кезінде «Қазақтелеком» барлық iD TV абоненттері үшін қолжетімді «Премиум» пакетін жасады. Осылайша «Қазақтелеком» ұсынған iD TV қызметінің барлық абоненттері қосымша ақы төлемей, премиалық пакеттің телеарналарын көре алды. 380 мың абонент арналардың тізілімін кеңейту мүмкіндігін пайдаланды.

«Қазақтелеком» АҚ мен «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ АҚ еншілес компаниясы QazCloud компаниясы елде төтенше жағдай режимін жариялауға байланысты қашықтан жұмыс жасау форматына ауысуға мәжбүр болған компанияларға қолдау көрсету үшін Cisco Meeting Server (CMS) конференциясының бірегей платформасына тегін қолжетімділік ашты.

Cisco Meeting Server – вебинарларды, web-конференцияларды өткізуге арналған және ақпаратпен көп жақты алмасу мүмкіндіктері мол платформа. Шешім еліміздегі ең ірі «Қазақтелеком» АҚ дата-орталығының базасында Қазақстанның аумағында таратылды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

бойынша ҚР заңнамасының барлық талаптарына сәйкес келеді. Осы платформаға қолжетімділік қазақстандық компанияларға өз қызметкерлеріне құжаттармен, таныстырылымдармен бірлесіп жұмыс жасау үшін бірқатар ыңғайлы және тәжірибелік құрал-саймандарды, сондай-ақ бейнечатпен, хабарламалармен алмасумен, қорғалған кибер-ортада одан әрі қарау үшін web-сессия жазбаларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

«Қазақтелеком» карантин кезеңінде берешегі бар абоненттерге телекоммуникациялық қызметтер ұсынуды өшірмеу туралы шешім қабылдады. Осы шешім қазақстандықтарға туыс-жақындайрмен байланыста болуға көмектесті.

## Қоршаған ортаны қорғау

«Қазақтелеком» АҚ қоршаған ортаға келтірілетін зақымды барынша азайту, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану және әлеуметтік жауапты ұйым мәртебесін қолдау арқылы тұрақты дамуға ұмтылады.

### Экологиялық саясат қағидаттары

1. Компанияның қызметі барысында ҚР заңнамасында белгіленген және халықаралық шарттармен ратификацияланған қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды, нормаларды, міндеттемелерді ұстану.
2. Компанияның қызметін жоспарлау және жүзеге асыру барысында тұрақты даму қағидаттарын ұстану: Компанияның өз экономикалық мүдделерін жүзеге асыруы экологиялық ахуалды, өмір сапасын және халықтың денсаулығын нашарлатпауы, қоршаған ортаға және оның жекелеген компоненттеріне залалдар келтірмеуі тиіс.
3. Көшбасшылық және Компанияның барлық деңгейдегі басшыларының ұйымның қызметі барысында табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану және қоршаған ортаға теріс әсерін төмендетуге ұмтылуы.
4. ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына негізделген экологиялық менеджменттің корпоративтік жүйесін үздіксіз жетілдіру.
5. Компанияның даму стратегиясын айқындайтын басқарушылық шешімдерді қабылдаған кезде әлеуетті экологиялық тәуекелдерді есепке алу.
6. Барлық мүдделі тұлғалар үшін экологиялық ақпараттың ашықтығы және қолжетімдігі.

## Инвестициялар

«Қазақтелеком» Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларының шекті ұйғарынды нормативтері жобаларын әзірлеуге және атмосфераға стационарлық ластану көздерінің ластағыш заттарын шығару, қоршаған ортаға әсерді бағалау жобаларын әзірлеуді инвестици-

ялайды. Атмосфераға шығарындылар үшін бюджетке ақы уақтылы төленеді.

Карантин кезінде халыққа қолдау көрсету мақсатында «Қазақтелеком» ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп, «Карантиндегі жұлдыз» жобасының аясынла онлайн-концерттер топтамасын өткізді. «Карантиндегі жұлдыз» жобасының онлайн-концерттері «Қазақтелеком» компаниясының Telecomkz тобының YouTube арнасындағы тікелей эфирде өтті. Сондай-ақ трансляция «Қазақтелеком» АҚ-ның Facebook және Instagram ресми парақтарында ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қайталаулар ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Facebook ресми парағында және «Қазақ концерт» РМҚК YouTube арнасында ұйымдастырылды. Онлайн-концерттер тегін және интернеттің әр пайдаланушысына қолжетімді.

7. Компанияда экологиялық мәдениетті, экологиялық құндылықтарды жасау және дамыту, экологиялық бағдарланған Компания ретінде Компанияның имиджін қалыптастыру.

Қоршаған ортаға келтірілген теріс әсерді барынша азайту мақсатында біздің Компаниямыз автономиялық жүйелерді жаңғыртуға қаражат инвестициялайды және оларды отынның анағұрлым экологиялық түрлеріне ауыстырады, байланыс желіжолдарын салып жүргізу кезінде топырақ міндетті түрде қалпына келтіріледі, жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде қоршаған орта үшін қауіпсіз материалдар мен технологияларды пайдалануға тырысады, сондай-ақ ерікті, волонтерлік табиғат қорғау акциялары мен іс-шараларын ұйымдастырады.

Компанияда ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілді. Стандарттың талаптарына сәйкестікті растау үшін Компанияға тәуелсіз бөгде ұйым жыл сайынғы аудит жүргізеді.

2020 жылы экологиялық менеджмент саласында Ұзақ мерзімді мақсаттарға жету жоспары бекітілді. Жоспарда энергияның тиімділігі, ресурстарды оңтайлы тұтыну, қалдықтарды басқару және Компания жұмыскерлерінің экологиялық сауаттылығын қалыптастыру бойынша іс-шаралар мен бастамалар қамтылған.



## 2020 ЖЫЛЫ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

| Шығын баптары  | Сомасы, мың теңге |
|--|-------------------|
| ҚОӘБ жобаларын, шығарындылардың нормативтерінің жобаларын әзірлеу және өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу | 28 587            |
| жерлерді қалпына келтіру   | 30 480            |
| санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алуға жұмсалатын шығындар  | 7 763             |
| зиянды шығарындылар үшін ақы төлеу шығыстары   | 1 108             |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b>   | <b>67 938</b>     |

Экология департаменті тексеру барысында табиғатты қорғау заңнамасының бұзылғанын анықтады және 898 мың теңге сомасында айыппұл санкцияла-

ры салынды. Есептік жылы табиғатты қорғау нормативтері бұзылғаны үшін қаржылай емес санкциялар салынған жоқ.

## Энергия тиімділігі

«Қазақтелеком» АҚ өз қажеттіліктері үшін тікелей жаңғыртылмайтын отын-энергетикалық ресурстарды пайдаланады, атап айтқанда: бензин, дизельдік отын,

көмір, табиғи газ. Тікелей жаңғыртылатын энергия көздері пайдаланылмайды.

## ОТЫН РЕСУСТАРЫН ТҰТЫНУ, ГДж

| Отын түрі      | 2018 жыл       | 2019 жыл       | 2020 жыл       | 2021 жылға болжам |
|----------------|----------------|----------------|----------------|-------------------|
| Бензин         | 713 649        | 795 553        | 443 940        | 769 229           |
| Дизельдік отын | 125 881        | 112 890        | 106 724        | 110 640           |
| Көмір          | 1 032          | 1 044          | 1 033          | 10 30             |
| Газ            | 10 107         | 10 009         | 10 110         | 10 102            |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b> | <b>850 669</b> | <b>919 496</b> | <b>561 807</b> | <b>891 001</b>    |


2020 жылы отын ресурстарын жалпы тұтыну 516,8 ГДж құрады, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 39%-ға төмен. Отынның барлық дерлік түрлері бойынша төмендеу байқалды. COVID-19 пандемиясына және карантинге байланысты бензинді тұтыну айтарлықтай төмендеді.

Бүгінгі күні Компания бойынша автономиялық жылыту жүйелерімен 257 жылжымайтын мүлік нысандары жылытылады, с.і. дизельдік отынмен – 129, газбен – 99, қатты отынмен – 29 жылжымайтын мүлік нысаны жылытылады. 2019 жылы 12 нысан дизельдік отыннан газға ауыстырылды. 2020 жылы 2 нысан дизельдік отыннан газға ауыстырылды және 1 нысан дизельдік отыннан орталық жылытуға ауыстырылды. Бұл дизельдік отынның пайдаланылуын азайтады.

Компанияның бөлімшелері Компанияның нысандарын жылыту маусымына дайындау іс-шаралары аясында ғимараттар мен құрылыстарда жылудың шығуын болдырмау, автономды жылыту жүйелеріне техникалық күтім жасау арқылы жылу-энергетикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жыл сайын өткізеді. Сондай-ақ «Жылжымайтын мүлікті басқаруды оңтайландыру» жобасын жүзеге асыру аясында жылжымайтын мүлік нысандарын есептен шығару жөніндегі іс-шаралар да жылуды үнемдеу көрсеткіштеріне оң әсер етті.

Компанияның электр энергиясын тұтынуы 2020 жылы 639 633 ГДж құрады. 2020 жылы энергия тиімділігі бойынша жүргізілетін іс-шаралардың нәтижесінде энергия тиімділігін үнемдеу 2%-ды құрады.

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ ҚАРҚЫНЫ



2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының нысандарында техногендік және табиғи сипаттағы бірнеше төтенше жағдай тіркелді. 22-30 м/с жылдамдықпен желдің ұйытқуымен байланысты төтенше жағдайлардың, нөсер жауындар мен қар жауу салдарынан 2020 жылы Солтүстік, Орталық және Оңтүстік ӨТД аумағында электр берілісі желілері зақымдалды, бұл электр энергиясының жаппай өшуіне, сәйкесінше, абоненттердің жаппай өшірілуіне әкеп соқты. Байланыс нысандарының үздіксіз жұмысын қолдау үшін қолда бар ДГА толық іске қосылды, алайда, олардың саны барлық телекоммуникация нысандары үшін жеткіліксіз. Телекоммуникация желісінің үздіксіз

жұмысын қамтамасыз ету және байланыстың тоқтап қалуына жол бермеу мақсатында қуаттылығы әртүрлі 244 мобильді электр генераторы, суды айдауға арналған 20 мотопомпа және 120 аккумуляторлық батарея сатып алынды.

Жалпы Компания бойынша қызмет нәтижесіндегі шығарындылар есептелген жоқ. Алайда, автономды жылыту жүйелерінің жұмысы үшін шекті ұйғарынды шығарындылардың жобалары әзірленеді және тоқсан сайынғы өндірістік экологиялық мониторинг жүргізіледі.

## Су ресурстары

Компанияның қызметі су жинауға айтарлықтай әсер етпейді, алайда, біз суды оңтайлы пайдалануға ұмтыламыз.

Компанияның бөлімшелерін сумен қамту үшін негізінен сумен қамту ұйымдарының желілерінен алынған су пайдаланылады. Су Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қорғауындағы екі су көзінен – жерасты суларынан (ұңғымалар) және беткі сулардан (өзендер, көлдер, теңіз) жиналады.

Жалпы 2020 жылы Компанияның бөлімшелерінен жылына 369 456 м<sup>3</sup> су жиналды, бұл алдыңғы көрсеткіштен 1,8%-ға төмен. Ұйымның су жинауы барлық су нысандарының орташа жылдық көлемінен 5% кем, сондықтан су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді.

Компанияның бөлімшелері су ресурстарын оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуге, сапалы ауыз

суды үнемдеп жұмсауға, сумен қамту желілерінде өндірістік емес жылыстауларды болдырмауға бағытталған іс-шараларды (су құбырларының ескі учаскелерін ауыстыру, сумен қамту желілерінде құрылғыларды жөндеу арқылы) жыл сайын өткізеді.

«Жылжымайтын мүлікті басқаруды оңтайландыру» жобасын жүзеге асыру аясында жылжымайтын мүлік нысандарын шығару жөніндегі іс-шаралар су жинау көрсеткіштеріне оң әсер етті.

Компанияның телекоммуникациялық бөлімшелеріне қызметтер көрсету бойынша өндірістік үдерісте суды қайталап қолдану пайдаланылмайды. Компания суды санитарлық-тұрмыстық және шаруашылық қажеттіліктер үшін ғана пайдаланылады. Тұтынылатын суды есепке алудың орнатылған аспаптары техникалық жарамды күйде.

## Қалдықтарды басқару

Компанияның жұмысы барысында негізінен есептен шығарылған жабдық түріндегі қалдықтар, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтар түзіледі.

Қалдықтарды шығаруға және көмуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйым коммуналдық қалдықтарды шығарады.

Телекоммуникация және кеңсе техникасы құралдарын кәдеге жарату және өңдеу үшін есептен шығару және өткізу «Есептен шығарылған телекоммуникация құралдарын бөлшектеу және кәдеге жарату қағидалары» ұйым стандартының негізінде жүзеге асырылды.

2020 жылы телекоммуникация құралдарының (PCM, АКМ, клиенттік, цифрлық жабдықтар (STB приставкалары, CDMA терминалдары, модемдер, маршрутизаторлар, мультиметрлер, модульдер, басқару платалары, терминалдар және өзге жабдықтар)) және кеңсе техникасының 35 986 бірлігі кәдеге жаратуға өткізілді. Есептен шығарылған жабдықтар, кәбілдер мен кеңсе техникасы түрлі-түсті және қара металдарды жинау, сақтау және кәдеге жарату үшін лицензиясы бар мамандандырылған ұйымға өткізіледі. Қажет болса, пайдалану қызметі жабдықтың бір бөлігін алдағы уақытта қосалқы бөлшек ретінде пайдалану үшін қалдыруға шешім қабылдайды.

Келесі жылы компаниялардың кеңселерінде қалдықтарды бөлек жинауды енгізу жоспарлануда.

## Биоалуантүрлілік

Компанияның инфрақұрылым нысандары 12 ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына жақын орналасқан, олардың аумағында ХТҚО қызыл тізіміне және ұлттық қорғалатын тізіміне енгізілген флора мен фаунаның қорғалатын нысандарының шамамен 179 түрі бар. Компанияның қызметі флора мен фаунаның күзетілетін нысандарына қауіп төндірмейді.

2020 жылы құрылыс, жұмыстар және басқа жұмыс түрлері флора мен фаунаның күзетілетін нысандары мекендейтін жерлерде, қорғалатын табиғи аумақтарда жүргізілген жоқ.

Құрылыстың теріс әсерлерін болдырмау және бейта-раптандыру мақсатында тіршіліктің жерүсті ортасына



бұру жолақтарында «Қазақтелеком» АҚ мынадай шараларды қолданады:

- тіркелген байланыс инфрақұрылымы объектілері мен өзге желілік инфрақұрылымды кіреберіс жолдарды, желіжолдар мен мұнараларға арналған орындарды негізгі табиғи аумақтарға тимей, мүмкіндігінше қолданыстағы инженерлік коммуникациялық трассалар мен көлік дәліздерді пайдалану арқылы орналастыру;
- өсімдіктердің жергілікті түрлерін пайдалану арқылы бұзылған жер телімдерінде өсімдік жамылғысын қалпына келтіру.

Құстардың инфрақұрылым нысандарына қақтығысуын барынша азайту үшін мынадай бақылау-профилактикалық шаралар қабылданады:

- инфрақұрылымды негізгі биотоптардан тыс орналастыру;
- жаңа мұнараларды жобалаған кезде болашақта қосымша пайдаланушыларды жалғаудың құрылымдық және электртехникалық мүмкіндіктерін қарастыру арқылы қолданыстағы мұнараларға немесе өзге стационарлық құрылыстарға орналастырылған антенналардың кумулятивтік әсеріне жол бермеу.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне қатысты заңнамасының талаптарын орындайтынын, әлеуетті экологиялық залал тұрғысынан аумақты тиісті бағалауды қарастыратынын және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізетінін атап өту маңызды. «Қазақтелеком» АҚ жобаларының құрамына жер телімін қалпына келтіру және қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚО-ОӘБ) сияқты келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кіреді.

## Экологияны қорғау жөніндегі жобалар

### «Жасыл кеңсе» бағдарламасы

Экологиялық саясатты жүзеге асыру, экологияға келтірілетін теріс әсерді азайту, сондай-ақ жұмыскерлерге экологиялық жайлы ортаны жасау мақсатында 2020 жылы «Жасыл кеңсе» жобасы әзірленді және бекітілді, ол 2021 жылы енгізіледі деп жоспарлануда.

Жасыл кеңсе – бұл ұйымды басқару тұжырымдамасы, ол компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға және ресурстарды оңтайлы пайдалануға ықпал етуге бағытталған.

2020 жылы компанияның қызметкерлеріне экологиялық білім беру бойынша жұмыстар басталды. «Тұрақты дамыту және экологиялық сауаттылық» онлайн-курсы әзірленді және қашықтан оқыту порталына енгізілді. Курс тұрақты даму, ғаламшардың заманауи күйі және экология мәселелері туралы қысқаша түсінік береді. Үйде және жұмыста қалдықтарды бөлек жинау бөлімі енгізілді, қалдықтарды қайта пайдалану, өңдеу және кәдеге жарату мүмкіндіктері туралы түсінік беріледі. Еншілес ұйымдар мен барлық филиалдың жұмыскерлері үшін вебинарлар өткізілді.

### Электрондық құжат айналымы жүйесі

Компанияда электрондық құжат айналымы жүйесі пайдаланылады, барлығы ішкі құжаттама алмасу электрондық түрде жүзеге асырылады. 2020 жылы жүйенің атқарымдары кеңейтілді – сыртқы құжат айналымының бір бөлігі электрондық түрге келтірілді.

Корпоративтік клиенттер үшін құжаттаманы ISMET.KZ порталы арқылы электрондық түрде жүргізу мүмкіндігі бар. Бұл электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану есебінен мүмкін болды. Порталда 15 мыңнан астам заңды тұлға тіркелді. Мыналар электрондық түрде жүргізіледі: электрондық шарттар мен қосымша келісімдерді жасасу; электрондық шот-фактураларды, орындалған жұмыстар актілерін және салыстыру актілерін алу; нақтылауды телефонмен қоңырау шалу арқылы және интернет-трафигі арқылы алу; байланыс қызметтері үшін ақы төлеу. Дәл осындай мүмкіндік Компанияның сайтындағы жеке кабинет арқылы бөлшек сегмент клиенттеріне беріледі. Бұл қағаздың, шығын материалдарының айтарлықтай көлемін үнемдейді, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың жұмысын жеңілдетеді, ақпаратпен алмасу анағұрлым қарапайым әрі тиімді болды.

### Эко-волонтерлік

Корпоративтік волонтерлік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Компанияның жұмыскерлері Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Орал және Шымкент қалаларының аумағын және қала сыртындағы аумақты жинастыру бойынша жұмыс жүргізілді. 2020 жылдың қараша айында Солтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясының филиалында экологиялық әдеттерді қалыптастыруға бағытталған челлендж форматындағы эко-марафон іске қосылды. Мысалы, полиэтилен пакеттерінен бас тарту, қоқысты сұрыптау. Филиалдың белсенді жұмыскерлері жергілікті эко-қоғамдастықтармен үнемі өзара әрекеттеседі.







КОРПО  
РАТИВІТІК  
БАСКАРУ  
ЖЕНІН  
ДЕГІЕСЕН

|                                    |     |
|------------------------------------|-----|
| Корпоративтік басқару жүйесі ..... | 122 |
| Капитал құрылымы .....             | 124 |
| Дивидендтік саясат .....           | 125 |
| Акционерлердің жиналысы .....      | 125 |
| Ақпаратты ашып көрсету .....       | 125 |
| Директорлар кеңесі .....           | 125 |
| Корпоративтік хатшы .....          | 140 |
| Басқарма .....                     | 141 |
| Ішкі аудит .....                   | 152 |
| Комплаенс .....                    | 153 |
| Корпоративтік әдеп .....           | 153 |
| Тәуекелдерді басқару .....         | 154 |

---

*Пандемия кезінде цифрландыру қосымша серпін алды. 2020 шілдеде QasCloud еншілес компаниясы базасында InDigiGo бөлімшесі ашылып, оған «Қазақтелеком» АҚ цифрлық кадрлық қызіреті орталығы мәртебесі берілді. Бұл бөлімше міндетіне клиент жолдарын цифрлау, B2C және B2B клиенттерімен барлық коммуникация арналарын онлайнға көшіру кіреді. Бұл міндеттер басында бірнеше жылға жоспарланғанымен, аса қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылып отыр.*



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компанияны корпоративтік басқарудың негізі менеджменттің тиімді құрылымы болып табылады, ол акционерлік қоғамның қызметіне барлық мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде абырой-беделінің өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдап тұруға көмектеседі.

Тұрақты даму, акционерлердің құқықтары және оларға әділ қарау, Директорлар кеңесінің тиімділігі, ашықтық корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары болып табылады. Корпоративтік басқару кодексінің аталған қағидаттары мен ережелерінің орындалуы жыл сайын Корпоративтік хатшы өзінше Директорлар кеңесіне арналған есепте көрсетіледі.

2020 жылдың қорытындыларын талдау «Қазақтелеком» АҚ қызметі және оның корпоративтік тәжірибесі Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне толық сәйкестікті көрсетеді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару жүйесі акционерлік қоғамның қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін үдерістердің

жиынтығын, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін білдіреді. Органдардың құзыреті және шешім қабылдау тәртібі «Қазақтелеком» АҚ-ның Жарғысында анықталып бекітілген.

Басқарма Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді, соңғысы өз кезегінде Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауап береді. Компанияның әрбір органының толық рөлі мен функциялары «Акционерлік қоғамдар туралы» заңда, Жарғыда және Компанияның басқа ішкі құжаттарында жазылған.

Ішкі аудит қызметі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау саласында бағалауды, сондай-ақ акционерлік қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган болып табылады.

## БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ



**ЖОҒАРҒЫ ОРҒАН**  
Акционерлердің жалпы  
жиналысы




**БАСҚАРУ ОРГАНЫ**  
Директорлар кеңесі



**АТҚАРУШЫ ОРҒАН**  
Басқарма

# КОРПОРАТИВТІК ҚҰРЫЛЫМ

«Қазақтелеком» АҚ





## Капитал құрылымы

«Қазақтелеком» АҚ-ның Жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңгені құрайды және 10 922 876 жай акциядан және 1 213 653 артықшылықты акциядан құралады. Бір акцияның атаулы құны – 1 000 теңге. «Қазақтелеком» АҚ-ның артықшылықты акцияларының айналысқа шығарылған акциялардың жалпы санынан үлесі 10%-ды құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның жай және артықшылықты акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «Қазақстан қор биржасы» (бұдан әрі – Биржа) АҚ ресми тізіміне қосылған, 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылған.

Қазіргі кезде Компанияның жай және артықшылықты акциялары «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми тізімінің «Премиум» санатына кіреді және биржаның негізгі алаңында саудаланады.

2006 жылғы 28 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстанның бірқатар

ірі компанияларының мемлекеттік үлестерін тиімді басқару үшін ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 Қаулысына сәйкес құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерін басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ-на табысталды. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру бойынша іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 Қаулысымен «Қазына» тұрақты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерін басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамдарын біріктіру арқылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық өл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ) құрылды. Бүгінде Қор Компанияның ең ірі акционері болып табылады.

2018 жылдың маусымында «Қазақтелеком» АҚ-ның жаңа ірі акционері болып SKYLINE INVESTMENT COMPANY S.A. компаниясы атанды.

2020 жылы ірі акционерлер құрамында өзгерістер болған жоқ.

## 2021.01.01 жағдайы бойынша «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ

| Акционерлер                                       | Акциялар саны     | Үлесі (%)*  |
|---|-------------------|-------------|
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ                          | 5 570 668         | 51,00%      |
| Skyline Investment Company S. A.                  | 2 671 481         | 24,46%      |
| Депозитарлық қолхаттар (атаулы иесі – BNY Mellon) | 1 046 250         | 9,58%       |
| Үлесі 5%-дан кем өзге акционерлер**               | 1 634 477         | 14,96%      |
| <b>Барлық жарияланған жай акциялар</b>            | <b>10 922 876</b> | <b>100%</b> |

2021.01.01 жағдайы бойынша Қоғамның Басқарма, Директорлар кеңесінің мүшелері жай акцияларының меншік иелері болып табылмайды, акциялардың өзара байланысы жоқ.

\* Үлес орналастырылған жай акциялардың жалпы санынан есептелген

\*\* «Қазақтелеком» АҚ сатып алған акцияларды қоса есептегенде

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның «Қазақстан қор биржасы» АҚ-дағы жай акцияларының құны (ISIN KZ0009093241) 26 700,00 теңгені,

«Қазақтелеком» АҚ-ның артықшылықты акцияларының құны (ISIN KZ0009094645) 12 849,00 теңгені құрады.

## АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫ (ТЕҢГЕ)\*

| Акциялардың түрі                      | 31.12.2019 | 31.12.2020 |
|---------------------------------------|------------|------------|
| Жай акциялар (1 дана), теңге          | 27 100     | 26 700     |
| Артықшылықты акциялар (1 дана), теңге | 13 600     | 12 849     |

\* жылдың соңғы сауда күніндегі жабылу бағасы



## Дивидендтік саясат

«Қазақтелеком» АҚ дивидендтік саясатының мақсаты Компания мен Акционерлер мүддесінің теңгерімін, дивиденд көлемін белгілеген кезде тәсілдің болжамдығы мен ашықтығын, оларды төлеу шарттары мен тәртібін қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияның дивидендтік саясатының негізгі қағидалары айналымда жүрген акциялардың бүкіл пакетіне дивидендтің кепілді төленуін қамта-

масыз ету қағидаты және Компания қызметінің қаржыландырылуын, оның ішінде қызметтің жаңа түрлерін және Компания қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қоса қамтамасыз ету қағидаты болып табылады.

Төленетін дивидендтер көлемі Компанияның қаржылық тұрақтылық және өтімділік көрсеткіштері негізінде анықталатын қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты болады.

## 2018–2019 ЖЫЛДАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША КОМПАНИЯНЫҢ АҚЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ДИВИДЕНДТЕР

| Көрсеткіш                             | 2018   | 2019   |
|---------------------------------------|--------|--------|
| Кезеңдегі таза пайдадан үлесі (%)     | 20%    | 15%    |
| 1 акцияға шаққандағы дивиденд (теңге) | 781,06 | 778,11 |

Компания төлеуге ұсынатын дивидендтер көлемі «Қазақтелеком» АҚ-ның Дивидендтік саясат туралы ережесінде көрсетілген дивиденд есептеу әдістемесіне сәйкес анықталады. Дивидендтердің көлемі туралы ақырғы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

2020 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес дивиденд төлеуге бас компанияның меншік иелеріне тиесілі 2019 жылдағы шоғырландырылған пайданың 15%-ы жұмсалды.

### Ақпаратты ашып көрсету

«Қазақтелеком» АҚ ақпаратты «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «Astana International Exchange Ltd.» және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің талаптарына сәйкес ашып көрсетеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ (kase.kz), «Astana International Exchange Ltd.» (aix.kz) және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ (dfo.kz) интернет-ресурстарында Компанияның басқару органы мен атқарушы органының құрамы, корпоративтік оқиғалар, ірі

### Акционерлердің жиналысы

2020 жылы Акционерлердің 2 жалпы жиналысы өткізілді (кезектен тыс жиналыс 14 қаңтарда және жылдық жиналыс 30 сәуірде). Негізгі қаралған мәселелер тізімінде – 2019 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті бекіту, 2019 жылғы таза пайданы бөлу тәртібі, Компания Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелер.

акционерлердің құрамы, Акционерлердің өткізілетін жалпы жиналыстары және олардың қорытындысы, бағалы қағаздардың шығарылуы, сондай-ақ қаржылық есептілік туралы ақпарат және акционерлер мен инвесторлар мүддесіндегі басқа ақпараттар да жарияланады.

Сонымен қатар акционерлер мен мүдделі тұлғаларды неғұрлым кеңірек қамту үшін ақпарат Компания сайтында ашып көрсетіледі.

## Директорлар кеңесі

**Директорлар кеңесі Компания қызметінің стратегиялық бағыттарын белгілейтін, даму стратегиясын, бюджетті бекітетін, атқарушы органды сайлайтын және өзге өкілеттіктерді жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.**

Директорлар кеңесінің қызметі Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен, Директорлар кеңесі туралы ережемен және Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын басқа да құжаттармен реттеледі.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің рөлдері

**Төраға** Директорлар кеңесін басқарады, жұмысты ұйымдастырады және Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етеді, оның жиналыстарын

жүргізеді, сондай-ақ Жарғымен және Директорлар кеңесі туралы ережемен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшелері – **акционерлердің өкілдері** Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде ірі акционерлердің мүдделерін білдіреді.

Директорлар кеңесінің **Тәуелсіз директорлары** барлық комитеттің құрамына кіреді, барлық мәселені қарастырады және Директорлар кеңесі үшін

ұсыныстар қабылдайды. Тек тәуелсіз директорлардан құралатын аудит жөніндегі комитет қаржылық есептілік, ішкі және сыртқы аудит, тәуекел мәселелерін және қызметтің басқа да маңызды салалары бойынша мәселелерді қарап, шешім қабылдайды. Сонымен қатар тәуелсіз директорларға, олар тәуелсіз болғандықтан жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау жүктеледі.

## Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау

Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, акционерлік қоғамның Жарғысында және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда кезектен тыс жалпы жиналыста қайта сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат дауысқа түсетін жағдайларды қоспағанда, акционерлердің дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып кумулятивті дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне сайланатын кандидатуралар төмендегілердің қатарынан ұсынылуы мүмкін:

1. акционерлер – жеке тұлғалар;
2. Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлануға ұсынылған (кеңес етілген) тұлғалар;
3. компания акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (кеңес етілмеген) жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің кандидаттары мен мүшелерінің өз міндеттерін орындау және бүкіл Директорлар кеңесінің акционерлер мен Компанияның мүддесінде тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік және/немесе салалық саладағы тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және мінсіз беделі болуы тиіс.

## Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесі 9 адамнан тұрады, олардың 4-уі тәуелсіз болып табылады. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы 2018 жылдың мамыр айында акционерлердің жылдық жиналысымен сайланды.

2018 жылдың қарашасында құрамда өзгерістер болды – ДК-нің бір мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылып, жаңасы сайланды. 2020 жылы Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болған жоқ.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің негізгі құзыреттері

**Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы** – Директорлар кеңесіне басшылық жасау, телекоммуникация, стратегия, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;

**Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы** – телекоммуникация, стратегия, бизнес-жоспарлау;

**Алимов Абай Савитұлы** – заң мәселелері, стратегия;

**Құсайнов Ерұлан Айташұлы** – стратегия, кадр және қаржы мәселелері;

**Саудабаев Серік Болатұлы** – стратегия, заң мәселелері, телекоммуникациялар, ірі акционердің шешімдерін іске асыру;

Тәуелсіз директорлар: **Буянов Алексей Николаевич, Заика Дмитрий Александрович, Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы, Гарретт Мартин Джонстон** қаржы, маркетинг, телекоммуникация, стратегиялық менеджмент, кадрлар және басқалар салаларындағы мамандар болып табылады. Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің шеңберінде олар өкілеттіктердің кең ауқымын орындайды.

## Директорлар кеңесінің бағалауы

Компанияда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшының қызметін бағалау ережелері қолданылады. 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің қыз-

меті 17 критериймен өзін-өзі бағалау режимінде өтті. Бұл ретте директорлар алған балдың шамасы бес балдық шкала бойынша 4,5 пен 4,8 аралығында болды, яғни бұл 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ

Директорлар кеңесінің қызметіне оң баға беруге мүмкіндік береді. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі де осындай бағаға ие болды.

## Директорлардың тәуелсіздігі

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны 30%-дан кем болмауы тиіс. Бұл пропорция Компанияда 44%-ды құрайды.

Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі, ол:

- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және оның директорлар кеңесіне сайлануынан үш жыл бұрын да ондай болып табылмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды есептемегенде);
- осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлғасы болып табылмайды;

- осы акционерлік қоғамның немесе ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен – осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларымен бағыныштылықпен байланысты болмаған және оның директорлар кеңесіне сайлануынан үш жыл бұрын да бағыныштылықпен байланысты болмаған;
- мемлекеттік қызметкер болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғамның органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және оның директорлар кеңесіне сайлануынан үш жыл бұрын да ондай болмаған;
- осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және осындай аудитке оның директорлар кеңесіне сайлануынан үш жыл бұрын да қатыспаған.

Компанияның тәуелсіз директорлары 2020 жылы тәуелсіздік критерийлеріне толығымен сәйкес болды.

## Мүдделер қайшылығын басқару

«Қазақтелеком» АҚ-да Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты қолданылады. Саясат мүдделер қайшылығының алдын алу, анықтау және реттеу тәртібі; мүдделер қайшылығы туындаған немесе туындауы мүмкін жағдайда Компания органдарының және/

немесе тұлғаларының өзара әрекеттесу және оларды үйлестіру рәсімдерін белгілейді.

2020 жылы Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қайшылығы анықталмаған.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби құзыретін арттыру

Компанияда Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті арттыру және сыртқы сарапшыларды қатыстыру бойынша саясаты қолданылады. Ол дағдыларды дамыту жүйесін ендіру және Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Директорлар кеңесі қарайтын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап ететін болса, олардың сырт-

қы сарапшыларды қатыстыру құқығын іске асыру арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін артыру мақсатында корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесі ескеріле отырып өзірленді.

2020 жылы пандемия себебінен Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту өткізілген жоқ.

## Директорлар кеңесінің қызметі

2020 жылы коронавирус пандемиясы салдарынан Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырыстары тек 2020 жылдың бірінші тоқсанында ғана өтті, кейін Директорлар кеңесінің отырыстары бейнеконференция өткізуге арналған қолданыстағы платформалардың пайдалану арқылы онлайн-форматқа ауыстырылды.

Жыл бойы Директорлар кеңесінің 13 отырысы өткізілді (11 қатысу тәртібінде және 2 сырттай), онда 98 мәселе қаралды.

2020 жылы негізгі шешімдермен 2021–2025 жылдарға арналған бизнес-жоспар, Топтың инвестициялық қызметінің параметрлері бекітілді. Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің картасы және оларды есептеу әдіс-темелері бекітілді, еншілес компаниялардың жұмысына қатысты мәселелер шешілді. Тұрақты негізде Басқарманың даму жоспарын іске асыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау, стратегиялық жобаларды іске асыру, тәуекелдер, Стратегияны орындау, мобильді операторлардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша есептер тыңдалды.

## Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы

**Туған күні:** 1960 жылғы 1 қыркүйек  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы  
**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы сайланған күні:** 2012 жылғы 8 мамыр

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайланған күні:**  
 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Директорлар кеңесінің төрағасы,  
 «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі  
 (5 570 668 жай (дауыс беруші) акция)

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

### Білімі:

**2017–2019**

Ұлыбритания Директорлары институтының IOD директорларын сертификаттау халықаралық бағдарламасы

**09.1977–06.1986**

Мәскеу теміржол көлігі институты

**Мамандығы:** «Теміржол көлігінде тасымалдау барысын басқару»

### Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

**17.04.2016** – қазіргі уақытқа дейін  
 «Самұрық-Қазына» АҚ – «Қазақтелеком» АҚ  
 Директорлар кеңесінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өкілі, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ  
**(2018.04.12 бастап),**  
 «Qazaq Air» АҚ **(2019.01.04 дейін),**  
 «Эйр Астана» АҚ **(2019.31.05 дейін).**

**02.06.2014–17.04.2016**

«Самұрық-Қазына» АҚ – активтерді басқару жөніндегі бас директор

**27.11.2008–01.06.2014**

«Самұрық-Қазына» АҚ – басқарушы директор



## Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы

**Туған күні:** 1975 жылғы 10 маусым

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы**

**сайланған күні:** 2006 жылғы 16 желтоқсан

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Директорлар кеңесінің мүшесі,

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,

«QazCloud» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі,

«Сандық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС

Бақылау кеңесінің төрағасы

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Білімі:**

**2015 – 2017**

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: Қаржы

Дәрежесі: Executive MBA

**2001–2002**

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы.

Мамандығы: «Менеджмент»

**1991–1995**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы: «Қолданбалы математика»,

математика ғылымдарының кандидаты.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**15.03.2010** – қазіргі уақытқа дейін

«Қазақтелеком» АҚ – Басқарма төрағасы,

Директорлар кеңесінің мүшесі

**23.02.2007–15.03.2010**

Қазақстан Республикасы Байланыс және

ақпараттандыру агенттігі – төраға



## Алимов Абай Савитұлы

**Туған күні:** 1975 жылғы 29 қазан

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 19 қараша

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 19 қараша

**Мәртебесі:** Директорлар кеңесінің мүшесі,

акционер – Skyline Investment Company

компаниясының өкілі

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

### **Білімі:**

**1998-2000** Т. Рысқұлов атындағы Қазақ ұлттық басқару академиясы.

Мамандығы: «Қаржы және кредит»

**1993-1997** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті.

Мамандығы: «Құқықтану»

### **Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**05.2018** – қазіргі уақытқа дейін

Skyline Investment Company – өкіл

**01.2018** – қазіргі уақытқа дейін

«Parasat Advising Group» ЖШС –

басқарушы директор

**08.2016–12.2017**

«КИПРОС» ЖШС – басқарушы директор

**03.2010–12.2015**

«PetroKazakhstan» Мұнай холдингі –

құқықтық мәселелер жөніндегі директор





## Саудабаев Серік Болатұлы

**Туған күні:** 1977 жылғы 8 желтоқсан  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы  
**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы сайланған күні:** 2010 жылғы 12 шілде  
**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр  
**Мәртебесі:** Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі (5 570 668 жай (дауыс беретін) акциялар)  
**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Білімі:**  
**2004–2006**

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ ұлттық басқару академиясы. Мамандығы: «Экономика».

**1995–1999**

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті Мамандығы: «Құқықтану».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**02.05.2018** – қазіргі уақытқа дейін  
 «Самұрық-Қазына» АҚ – «Коммуникациялар» секторының басшысы,  
 Активтерді басқару дирекциясы,  
 «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2010.13.08–2014.01.04, 2016.26.10 бастап қазіргі уақытқа дейін),  
 «QazCloud» ЖШС Қабылау кеңесінің мүшесі (2019.07.11 бастап)

**11.07.2016–01.05.2018**

«Самұрық-Қазына» АҚ – Коммуникациялар дирекциясының директоры

**11.05.2014–10.07.2016**

«Самұрық-Қазына» АҚ – активтерді басқару жөніндегі бас директордың орынбасары

**17.06.2010–10.05.2014**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ – коммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор



## Құсайынов Ерұлан Айташұлы

**Туған күні:** 1976 жылғы 28 қаңтар

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Директорлар кеңесінің мүшесі,

Акционер – Skyline Investment Company

компаниясының өкілі.

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Білімі:**

**2012–2013**

Я. Коменский атындағы университет  
(Прага қ., Чехия). Іскерлік өкімшілік магистрі.

**2001–2005**

О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған  
университеті.

Мамандығы: «Қаржы және кредит».

**1993–1996**

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының Қа-  
рағанды банк колледжі. Мамандығы: «Банк ісі».



**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**12.2014** – қазіргі уақытқа дейін

«Damina» Білім беру орталығы» ЖШС –  
бас директор;

Директорлар кеңесінің мүшесі Khan Tengri  
Holding B.V. (2019.02.08 бастап),

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Бақылаушы  
кеңесінің мүшесі (2019.09.08 бастап)

**04.2016–07.2017**

«Казкоммерцбанк» АҚ – атқарушы директор,  
Басқарма мүшесі, басқарушы директор

**07.2014–10.2014**

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС –  
бас директордың орынбасары

**08.2006–12.2013**

«Темірбанк» АҚ – Басқарма төрағасының  
кеңесшісі, басқарушы директор,  
Басқарма мүшесі, филиал директоры,  
басқарушы директор – Басқарма мүшесі,  
Басқарма төрағасының орынбасары –  
Басқарма мүшесі

## Буянов Алексей Николаевич

**Туған күні:** 1969 жылғы 15 тамыз

**Азаматтығы:** Ресей Федерациясы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы сайланған күні:** 2015 жылғы 30 маусым

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Тәуелсіз директор

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Тәуелсіздік критерийлері**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген санаттарға сәйкес

**Білімі:**

**1986–1992**

Мәскеу физикалық-техникалық институты (МФТИ).

**Мамандығы:** «Қолданбалы физика және математика».

**Біліктілігі:** инженер-физик.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**2016 жылдың қаңтарынан бастап – қазіргі уақытқа дейін**

Bengala Investments SA Инвестициялық компаниясының Директоры;

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2019.25.01 бастап)

**2014–2016**

Redline Capital Management басқарушы директоры, «Московская биржа» ААҚ Биржалық кеңесінің мүшесі



## Гарретт Мартин Джонстон

**Туған күні:** 1968 жылғы 22 шілде

**Азаматтығы:** Ирландия, Ресей Федерациясы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы**

**сайланған күні:** 2015 жылғы 30 маусым

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Тәуелсіз директор

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Тәуелсіздік критерийлері**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген санаттарға сәйкес

**Білімі:**

**1990–1991**

Тринити колледжі, Дублин, Ирландия.

Мамандығы: «Халықаралық сауда», TMI дәрежесі (Postgraduate Diploma International Commerce).

**1985–1990**

Дублин Университеті.

Мамандығы: «Экономика».



**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**15.06.2015** – қазіргі уақытқа дейін  
Macroscopic Consulting –  
Owner and CEO

**01.10.2014** – қазіргі уақытқа дейін  
appselekt.com – Chief Marketing Officer

**15.01.2014–30.09.2014**  
Digicel Caribbean and Central America –  
CEO Enterprise Solutions

**27.12.2011–11.01.2014**  
Rosnano MedInvest (RMI Partners) –  
Маркетинг және стратегия жөніндегі  
вице-президент

## Заика Дмитрий Александрович

**Туған күні:** 1975 жылғы 27 сәуір

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы**

**сайланған күні:** 2015 жылғы 30 маусым

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Тәуелсіз директор

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Тәуелсіздік критерийлері**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген санаттарға сәйкес

**Білімі:**

**2003–2005**

Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті.  
Мамандығы: «Қаржы менеджменті», біліктілігі: экономист (үздік диплом).

**1992–1998**

Алматы энергетика және байланыс институты.

Мамандығы: «Радиотехника»,

біліктілігі: радиоинженер.



**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**29.08.2011 – қазіргі уақытқа дейін**

«Химфарм» АҚ – тәуелсіз директор

**20.04.2012–15.08.2016**

«АЛТЕЛ» АҚ – тәуелсіз директор



## Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы

**Туған күні:** 1983 жылғы 21 сәуір

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы**

**сайланған күні:** 2018 жылғы 30 мамыр

**Мәртебесі:** Тәуелсіз директор

**Акцияны иеленуі:** иеленбейді

**Тәуелсіздік критерийлері**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген санаттарға сәйкес

**Білімі:**

**2014–2015**

Лондон Университет Колледжі (UCL)  
(үздік диплом)

**2005–2007**

Халықаралық бизнес университеті,  
қаржы магистрі (үздік диплом)

**2000–2004**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Математика  
және бизнестегі ақпараттық жүйелер  
бакалавры (үздік диплом)

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**03.2020** – қазіргі уақытқа дейін

«Central Asian Energy Corporation» АҚ,  
Директорлар кеңесінің мүшесі

**10.2017–02.2018**

«Facility Management Group» ЖШС –  
бас директордың кеңесшісі

**04.2016–09.2017**

«Estate Management Company» АҚ –  
Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің  
мүшесі, Ішкі аудит жөніндегі комитеттің,  
Стратегиялық жоспарлау, кадрлар  
және сыйақылау комитетінің мүшесі.

**2020.11.03 бастап** – «Орталық Азия  
Энергетикалық Корпорациясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі  
(тәуелсіз директор).

**08.2016–12.2016**

«БТА Секьюритиз» АҚ («Fincraft Investment  
House» АҚ болып өзгертілді) – Директорлар  
кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

**04.2016–08.2017**

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ – Директорлар  
кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, Страте-



гиялық даму комитетінің персоналға еңбекақы  
төлеу комитетінің төрағасы.

**05.2016–06.2016**

«BP Service» ЖШС – Директорлар кеңесінің  
төрағасы.

**09.2015–04.2016**

«Commercial RE» ЖШС – қаржы директоры,  
бас директор.

**09.2014–09.2015**

Union Bancaire Privee (Ұлыбритания) –  
Қаржылық аналитик/Еуропалық акция  
нарықтары.

**10.2012 – 07.2014**

Ұлттық инвестициялық корпорация –  
Басқарушы директор, Басқарма мүшесі/  
Басқарма төрағасының кеңесшісі.



## Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің жанында төрт комитет жұмыс істейді: аудит жөніндегі, кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі, стратегиялық жоспарлау

жөніндегі және мобильді сегмент бойынша интеграциялық комитет.

### Аудит жөніндегі комитет

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Директорлар кеңесінің шешімімен 2006 жылы құрылды және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады, өз қызметін Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Аудит жөніндегі комитеттің 2020 жылғы құрамы  
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қазіргі құрамы Директорлар кеңесінің шешімімен 2018 жылғы 31 мамырда бекітілді:

*Комитеттің төрағасы:*

- **НАЙЗАБЕКОВ ТИМУР ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ** – тәуелсіз директор

*Комитеттің мүшелері:*

- **БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ** – тәуелсіз директор
- **ГАРРЕТТ МАРТИН ДЖОНСТОН** – тәуелсіз директор
- **ЗАЙКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ** – тәуелсіз директор

«Қазақтелеком» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Аудит жөніндегі комитет толығымен тәуелсіз директорлардан құралады, олар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

1-бабының 20) тармақшасында көзделген директорлар тәуелсіздігін мойындау критерийлеріне сай.

Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес, Комитет төрағасы отырыстарға күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат ұсыну үшін шақырған баяндамашылар:

- Директорлар кеңесінің мүшелері;
- Ішкі аудит қызметінің басшысы;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторының өкілдері;
- Компания жұмыскерлері (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар) және еншілес ұйымдардың жұмыскерлері.

2020 жылғы қызметі

Аудит жөніндегі комитет қатысу тәртібіндегі тұрақты отырыстарын тоқсан сайын кем дегенде бір рет, ал кезектен тыс отырыстарды – қажетінше өткізіп тұрады.

2020 жылы 12 отырыс (8 қатысу тәртібінде және 4 сырттай) өткізілді, онда 31 мәселе қаралды, әр мәселе бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді, оның ішінде: Ішкі аудит қызметінің жұмысы, ішкі бақылау және тәуекелдер, қаржылық есептілік, сыртқы аудит және басқа да маңызды мәселелер.

Комитет 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді.

### Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2015 жылы құрылды.

Өз қызметінде Комитет толығымен Директорлар кеңесіне есепті және қызметін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің 2020 жылғы құрамы

*Комитеттің төрағасы:*

- **БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ** – тәуелсіз директор

*Комитеттің мүшелері:*

- **ҚҰСАЙЫНОВ ЕРҰЛАН АЙТАШҰЛЫ** – Директорлар кеңесінің мүшесі
- **САУДАБАЕВ СЕРІК БОЛАТҰЛЫ** – Директорлар кеңесінің мүшесі
- **ЗАЙКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ** – тәуелсіз директор
- **ГАРРЕТТ МАРТИН ДЖОНСТОН** – тәуелсіз директор
- **НАЙЗАБЕКОВ ТИМУР ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ** – тәуелсіз директор

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Комитет төрағасы отырыстарға бақылаушылар ретінде және күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат ұсыну үшін шақырған баяндамашылар:

- Директорлар кеңесінің мүшелері;
- Компания жұмыскерлері (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар);
- басшы жұмыскерлердің лауазым тізбесіне сәйкес басшы лауазымдарға кандидаттар.

2020 жылғы қызметі

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2020 жылы 8 қатысу тәртібіндегі отырыс өткізді, онда 27 мәселе қаралды, әр мәселе бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Атап айтқанда, Басқарма құрамына жұмыскерлерді сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшылары қызметіне тағайындау, басшы жұмыскерлерге ҚБК, еңбекақы бекіту, персоналды басқару және басқа да мәселелер.

## Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті Директорлар кеңесінің шешімімен 2010 жылы құрылды. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесу органы болып табылады, өз қызметін Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

### Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 2020 жылғы құрамы

#### *Комитеттің төрағасы:*

- **ЗАИКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ** – тәуелсіз директор

#### *Комитеттің мүшелері:*

- **ГАРРЕТТ МАРТИН ДЖОНСТОН** – тәуелсіз директор
- **БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ** – тәуелсіз директор
- **НАЙЗАБЕКОВ ТИМУР ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ** – тәуелсіз директор
- **ҚҰСАЙЫНОВ ЕРҰЛАН АЙТАШҰЛЫ** – Директорлар кеңесінің мүшесі
- **САУДАБАЕВ СЕРІК БОЛАТҰЛЫ** – Директорлар кеңесінің мүшесі
- **АЛИМОВ АБАЙ САВИТҰЛЫ** – Директорлар кеңесінің мүшесі

Комитет төрағасы отырыстарға бақылаушылар ретінде және күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат ұсыну үшін шақырған баяндамашылар:

- Директорлар кеңесінің, Басқарма мүшелері;
- Компанияның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың басқарушы және өзге де жұмыскерлері;
- консалтингтік компаниялардың өкілдері.

### 2020 жылғы қызметі

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет өз отырыстарын Комитеттің шешімімен бекітілген жыл сайынғы жоспар бойынша, бірақ тоқсан сайын кем дегенде бір рет, ал кезектен тыс отырыстарды – қажетінше өткізіп тұрады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2020 жылы 8 қатысу тәртібіндегі отырыс өткізді, онда 14 мәселе қаралды, әр мәселе бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Олардың қатарында бизнес-жоспарлау, консультациялық қызметтерді тарту, стратегиялық жобаларды іске асыру, операторлардың мобильді желілерін интеграциялау мәселелері және Компания қызметінің басқа да маңызды мәселелері бар.

## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2020 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

| Аты-жөні                       | Қатысу пайызы |
|--------------------------------|---------------|
| Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы | 100 %         |
| Гарретт Мартин Джонстон        | 91,6%         |
| Буянов Алексей Николаевич      | 100%          |
| Заика Дмитрий Александрович    | 100%          |

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2020 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

| Аты-жөні                       | Қатысу пайызы |
|--------------------------------|---------------|
| Заика Дмитрий Александрович    | 100 %         |
| Буянов Алексей Николаевич      | 100 %         |
| Гарретт Мартин Джонстон        | 100%          |
| Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы | 100 %         |
| Алимов Абай Савитұлы           | 100 %         |
| Құсайынов Ерұлан Айташұлы      | 100%          |
| Саудабаев Серік Болатұлы       | 100%          |

## Мобильді сегмент бойынша интеграциялық комитет

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Мобильді сегмент бойынша интеграциялық комитеті Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылы құрылды және Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесу органы болып табылады, өз қызметін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Мобильді сегмент бойынша интеграциялық комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Интеграциялық комитет «Қазақтелеком» АҚ-ның мобильді операторларының технологиялық инфрақұрылымдарын интеграциялау кезеңінде құрылды.

Интеграциялық комитеттің құрамы:

Комитеттің төрағасы:

- **БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ** – тәуелсіз директор

Комитеттің мүшелері:

- **ЗАЙКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ** – тәуелсіз директор
- **ҚҰСАЙЫНОВ ЕРҰЛАН АЙТАШҰЛЫ** – Директорлар кеңесінің мүшесі
- **ЛЕЗГОВКО АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ** – «Қазақтелеком» АҚ бас техникалық директоры
- **ХУДАЙБЕРДИЕВ ТИМУР ТЕЛЬМАНОВИЧ** – «Қазақтелеком» АҚ бизнесті қамтамасыз ету және қолдау жөніндегі бас директоры

- **ЛЯН НАТАЛЬЯ ВАЛЕРЬЕВНА** – «Қазақтелеком» АҚ сыртқы активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор
- **ВОЛОДИН РОМАН ВЛАДИМИРОВИЧ** – «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС бас директоры
- **КУКЕЛИС КАСПАРС** – «Кселл» АҚ Басқарма төрағасы

2020 жылғы қызметі

Интеграциялық комитет 2020 жылы 12 отырыс өткізді. Онда 22 мәселе қаралды, оның ішінде жыл аралығында әлеуетті вендорлармен сатып алу рәсімдері бойынша мәртебе жағдайы талқыланды, интеграция бойынша вендорлар арасындағы теңдер сценарийлерін (моносценарий және мультисценарий) ескере отырып, интеграция бойынша бюджет есептері мен олардың мобильді операторлардың инвестициялық бюджеттеріне ықпалы қаралды. Сонымен қатар интеграцияны басқару кеңесінің басшысы тағайындалды, интеграция бойынша сатып алу мерзімдері жылжуын ескере отырып, интеграция бойынша бас жоспар келісілді, «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС өңірлік бөлінісі іске асырылып, мобильді операторлардың технологиялық инфрақұрылымдарын интеграциялау бойынша басқа да маңызды мәселелер қаралды.

## КАДРЛАР, СЫАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2020 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

| Аты-жөні                       | Қатысу пайызы |
|--------------------------------|---------------|
| Буянов Алексей Николаевич      | 100 %         |
| Заика Дмитрий Александрович    | 100%          |
| Саудабаев Серік Болатұлы       | 100%          |
| Гарретт Мартин Джонстон        | 87,5%         |
| Құсайынов Ерұлан Айташұлы      |               |
| Найзабеков Тимур Құрманғазыұлы | 100%          |

## МОБИЛЬДІ СЕГМЕНТ БОЙЫНША ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ 2020 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

| Аты-жөні                    | Қатысу пайызы |
|-----------------------------|---------------|
| Буянов Алексей Николаевич   | 100 %         |
| Заика Дмитрий Александрович | 100%          |
| Құсайынов Ерұлан Айташұлы   | 83%           |

## Директорлар кеңесін сыйақылау

Тәуелсіз директорлардың жылдық бекітілген сыйақысы мен 2020 жылы Директорлар кеңесі комитетінің әр қатысу тәртібіндегі отырысына қатысу сыйақысының көлемдері «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес анықталады.

Тәуелсіз директордың жылдық бекітілген сыйақысының көлемі төмендегідей:

- Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін – 45 000 АҚШ доллары;

- Қазақстан Республикасының резиденті үшін – 16 650 000 теңге.

Тәуелсіз директордың Директорлар кеңесі комитетінің әр қатысу тәртібіндегі отырысына қатысу сыйақысының көлемі:

- Қазақстан Республикасының бейрезиденті үшін – 500 АҚШ доллары;
- Қазақстан Республикасының резиденті үшін – 185 000 теңге.

## Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді, өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің, өзге ішкі құжаттардың нормаларына, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесіне дайындықты және оның өткізілуін бақылайды, іс жүргізуді ұйымдастырады және Директорлар кеңесінің құжат айналымын қамтамасыз етеді, осы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді және Директорлар кеңесінің мүшелеріне қажетті ақпаратты береді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы Б.Қ. Әбдіхалықов мемлекеттік марапаттарға, «Үздік байланысшы» салалық атағына ие. «Самұрық-Қазына» Қорының компаниялар тобының корпоративтік хатшыларының бірі болып танылды, корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру бойынша түрлі іс-шаралардың тұрақты қатысушысы.

Корпоративтік хатшы туралы ережемен «Корпоративтік басқару» бөліміндегі Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында танысуға болады.

## Басқарма

Басқарма акционерлік қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында ағымдағы қызметке басшылық ететін алқалық атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметі Акционерлердің мүддесін барынша сақтау қағидаты негізінде және Акционерлердің

жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есептілік жағдайында құрылады.

Басқарма 9 мүшеден – Басқарма төрағасынан және Директорлар кеңесі сайлаған басқа да тұлғалардан құралады.

### Басқарма қызметі

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы стратегияға, даму жоспарына және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, ұйым қызметіне күнделікті басшылықты жүзеге асырады.

Басқарма қатысу тәртібіндегі отырыстарды аптасына бір рет өткізеді, қажет болса, қосымша отырыстар белгілейді.

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы 57 қатысу тәртібіндегі отырыс өткізді, онда Басқарманың 299 шешімі қабылданды. Сырттай дауыс беру тәсілімен қабылданған шешімдер болған жоқ.

Есепті кезеңде Басқарма мынадай негізгі мәселелерді қарастырып, олар бойынша шешімдер қабылдады:

1. «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік есеп саясаты, «Қазақтелеком» АҚ қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау саласындағы саясаты, «Қазақтелеком» АҚ басшы жұмыскерлерінің 2023 жылға дейінгі қызметінің ұзақ мерзімді басты көрсеткіштерінің картасы және картаны есептеу әдістемелері, «Қазақтелеком» АҚ 2019 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі, «Қазақтелеком» АҚ

2019 жылға арналған кешенді жылдық есебі, «Кселл» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС жобаларының бизнес-жоспарлары қаралып мақұлданды;


2. Бірқатар құжаттар бекітілді: «Қазақтелеком» АҚ еншілес ұйымдарының 2019 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі, «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылға арналған сатып алу бюджеті, «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылға арналған кассалық бюджеті, «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобының акционерлік құнын арттыру стратегиясының жол картасы – «Серпін» бағдарламасы, «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылға арналған басқарушылық есебі мен есептілігін дамыту және жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары және «Қазақтелеком» АҚ автоматтандырылуы тиіс басқарушылық есептілігі пакетінің құрамындағы қызмет бағыттары бойынша есептердің тізімі, «Қазақтелеком» АҚ тұрақты даму саласындағы нұсқаулық және «Қазақтелеком» АҚ мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша 2020 жылға арналған коммуникация жоспары, «Қазақтелеком» АҚ-да алаяқтыққа қарсы әрекет ету саясаты.

## Басқарманы сыйақылау

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындысы бойынша сыйақылар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) «Қазақтелеком» АҚ басқарушы жұмыскерлеріне есепті кезеңдегі жұмысының қорытындысы бойынша сыйақылау қағидаларына сәйкес қол жеткізілген табысы үшін материалдық марапаттау және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді. Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындысы бойынша сыйақылаудың негізгі шарты ретінде сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген, есепті кезеңдегі шоғырландырылған қорытынды пайда қарастырылады.

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы есепті кезең үшін аудиттелген қаржылық есептіліктің негізінде қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін Компания бюджетінде осы мақсатқа көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

## 2020 ЖЫЛЫ ӨТКІЗІЛГЕН ОТЫРЫСТАР



■ Қатысу тәртібіндегі отырыстар

■ Сырттай отырыстар



## Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы

**Туған күні:** 1975 жылғы 10 маусым

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:**  
2010 жылғы 15 наурыз

**Басқарма құрамына ағымдағы сайланған күні:**  
2019 жылғы 6 ақпан

**Мәртебесі:** Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы

**Білімі:** жоғарғы.

Математика ғылымдарының кандидаты.

**2015–2017 –**

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: «Қаржы».

Ғылыми дәрежесі: Executive MBA.

**2001–2002 –**

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы.

Мамандығы: «Менеджмент».

**1991–1995 –** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы: «Қолданбалы математика»,  
математика ғылымдарының кандидаты.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**23.02.2007–15.03.2010 –**

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпараттандыру агенттігі, Төраға;

**15.03.2010 –** қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ, Басқарма төрағасы,  
Директорлар кеңесінің мүшесі.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:**

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,

«QazCloud» ЖШС Бақылаушы кеңесінің мүшесі,

«Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС Бақылаушы кеңесінің төрағасы.

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:** иелік етпейді.



# БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

## Өзбеков Асхат Архатұлы

**Туған күні:** 1980 жылғы 18 маусым

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:** 27.09.2016

**Басқарма құрамына ағымдағы сайланған күні:** 14.03.2017

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

**Білімі:** жоғарғы.

**1996–2000 –**

Тұран Университеті.

Мамандығы: «Халықаралық экономика».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**02.2012–12.2014 –**

KMG EP International,  
қаржы директоры;


**01.2015 –** қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ, басқарушы директор – бас қазынашы, басқарушы директор – қаржы бақылаушысы, бас қаржы директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:**

«Цифрлық экономиканы дамыту орталығы»  
ЖШС Бақылаушы кеңесінің мүшесі

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:**  
иелік етпейді.



## Маханбетәжиев Батыр Әпенұлы

**Туған күні:** 1972 жылғы 15 наурыз

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:** 07.06.2010

**Басқарма құрамына ағымдағы сайланған күні:** 17.03.2017

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

**Білімі:** жоғарғы.

**2015–2017 –**

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: «Қаржы».

**Дәрежесі:** Executive MBA

**1989–1994 –**

М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті

Мамандығы: «Экономикалық кибернетика», біліктілігі: «Экономист-математик»

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**04.2010 –** қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ, бас әкімшілік директор,

«Қазақтелеком» АҚ стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:** жоқ

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:** иелік етпейді.



## Әбділдәбеков Марат Мұхтарұлы

**Туған күні:** 1967 жылғы 13 қазан

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:** 08.06.2007

**Басқарма құрамына ағымдағы сайланған күні:** 14.03.2017

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры.

**Білімі:** жоғарғы.

**1984–1991 –**

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы: «Механика және қолданбалы математика».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**05.2007 –** қазіргі уақытқа дейін – «Қазақтелеком» АҚ, вице-президент – ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директор, «Қазақтелеком» АҚ ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:**

«KT Cloud Lab» ЖШС Бақылаушы кеңесінің төрағасы,

«QazCloud» ЖШС Бақылаушы кеңесінің мүшесі.

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:** иелік етпейді.



## Абыханов Рафаэль Еламанұлы

**Туған күні:** 1971 жылғы 7 маусым

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:** 09.09.2013

**Басқарма құрамына ағымдағы сайланған күні:** 14.03.2017

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, корпоративтік сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры.

**Білімі:** жоғарғы.

**1990–1996 –**

Қазақ ұлттық техникалық университеті.

**Мамандығы:** «Радиотехника».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**07.05.2009–08.09.2013 –**

«Қазақтелеком» АҚ, операторлармен жұмыс жөніндегі басқарушы директор;

**09.09.2013 –** қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ, корпоративтік сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:** жоқ

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:** иелік етпейді.



## Лезговко Александр Владимирович

**Туған күні:** 1961 жылғы 15 қыркүйек

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:** 26.03.2007

**Басқарма құрамына ағымдағы сайланған күні:** 14.03.2017

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас техникалық директоры.

**Білімі:** жоғарғы.

**1978–1983 –**

Алматы энергетика институты.

Мамандығы: «Автоматты электр байланысы».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**03.2007 –** қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ вице-президент –

бас техникалық директор, «Қазақтелеком» АҚ

бас техникалық директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:** жоқ

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:**

«Қазақтелеком» АҚ-ның акцияларына ие.





## Погребицкий Игорь Евгеньевич

**Туған күні:** 1978 жылғы 19 мамыр

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына алғашқы сайланған күні:** 29.03.2019

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ  
Басқарма мүшесі, бөлшек сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры.

**Білімі:** жоғарғы.

**1995–2000** –

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.

**Мамандығы:** «Радиотехника».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

**01.2009–01.2018** –

«Кселл» АҚ өңірлік филиалының басшысы;

**01.2018** – қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионының сату жөніндегі директоры, бөлшек сегмент жөніндегі бас директоры – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңесіндегі мүшелігі:**

«НҰРСАТ+» ЖШС Бақылаушы кеңесінің мүшесі

**Компанияның акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:**  
иелік етпейді.



## Мейірманов Нұрлан Кемалұлы

**Туған күні:** 1972 жылғы 3 тамыз

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына  
алғашқы сайланған күні:** 02.05.2019

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма  
мүшесі, инновациялар жөніндегі бас директор.

**Білімі:** жоғарғы.

**2011** – Халықаралық бизнес академиясы  
Мамандығы: «Іскерлік әкімшілік докторы».

**2008–2011** –  
Ресей Федерациясының Президенті жанындағы  
Ресей халық шаруашылық және мемлекеттік  
қызмет академиясы.  
Мамандығы: «Іскерлік әкімшілік докторы».

**1989–1995** –  
Қазақ химия-технологиялық институты.  
Мамандығы: «Химиялық өндірістің негізгі  
процестері және химиялық кибернетика».

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс  
орны және атқарған лауазымдары:**

**01.2012–05.2019** –  
«Қазақтелеком» АҚ, инновациялар жөніндегі  
басқарушы директор;

**05.2019** – қазіргі уақытқа дейін –  
«Қазақтелеком» АҚ, инновациялар жөніндегі  
бас директор.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың  
директорлар кеңесіндегі мүшелігі:**

«НҰРСАТ+» ЖШС Бақылаушы кеңесінің  
төрағасы.

**Компанияның акцияларына,  
жеткізушілердің және компания  
бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:**  
иелік етпейді.



## Худайбердиев Тимур Тельманович

**Туған күні:** 1981 жылғы 25 наурыз

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**«Қазақтелеком» АҚ Басқарма құрамына  
алғашқы сайланған күні:** 02.05.2019

**Мәртебесі:** «Қазақтелеком» АҚ  
Басқарма мүшесі, бизнесті қамтамасыз  
ету және қолдау жөніндегі бас директор –  
«Қазақтелеком» АҚ филиалы – «Телеком  
Жинақтау» дирекциясының бас директоры.

**Білімі:** жоғарғы.

**1998–2002** –

ҚР Ішкі істер министрлігінің академиясы

**Мамандығы:** «Заңгер»

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдардағы жұмыс  
орны және атқарған лауазымдары:**

**03.2011–04.2014** –

«Темірбанк» АҚ филиалы,  
филиал директорының орынбасары;

**01.2015–02.2016** –

«Тұрғын үй Құрылыс Жинақ Банкі» АҚ,  
Проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі  
бастық;

**02.2016–03.2017** –

«Qazag Financial Group» АҚ, атқарушы  
директор және «Global Building Contract» ЖШС  
Бақылаушы кеңесінің мүшесі;

**04.2017** – қазіргі уақытқа дейін –

«Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ  
филиалы – «Телеком Жинақтау»  
дирекциясының бас директоры,  
«Қазақтелеком» АҚ басқарушы директоры,  
бизнесті қамтамасыз ету және қолдау жөніндегі  
бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы –  
«Телеком Жинақтау» дирекциясының бас  
директоры.

**Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың  
директорлар кеңесіндегі мүшелігі:**

«ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС Бақылаушы  
кеңесінің мүшесі

**Компанияның акцияларына,  
жеткізушілердің және компания  
бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:**  
иелік етпейді.



## Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі Компанияда ішкі аудиттің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Аудит жөніндегі комитеттің жетекшілігіндегі орган болып табылады.

ІАҚ қызметі «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережесіне және аудиттің жылдық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Өз жұмысында Қызмет тәуелсіздік, объективтілік, құзыреттілік және жұмысқа кәсіби көзқарас қағидаларын, сапалы стандарттарды және Ішкі аудиторлар институтының Халықаралық кәсіби

ішкі аудит стандарттарымен белгіленген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын басшылыққа алады.

2020 жылы негізгі қызметі аясында ІАҚ Жылдық аудиторлық жоспарға және Директорлар кеңесінің тапсырмаларына сәйкес 15 аудиторлық шара өткізді.

Қызметті жетілдіру аясында 2020 жылы ұсынатындардың орындалуына мониторинг жүргізу бойынша нұсқаулық әзірленіп бекітілді, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.



## Комплаенс

Компанияда COMPLAENS қызметі құрылды. Бөлімшенің негізгі міндеті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әдепті сақтау және Компанияның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша халықаралық тәжірибенің және міндетті реттеу талаптарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияда мынадай ішкі құжаттар енгізілген:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Болжамды әдепсіз/заңсыз іс-әрекеттер туралы хабарлау саясаты;
- Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты;
- Іскери әдеп кодексі;
- Корпоративтік басқару кодексі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Компанияда мынадай басты қағидаларға негізделеді:

- Компания қызметінің заңдылығы;
- Компания қызметінің жариялығы мен ашықтығы;
- жұмыскерлер, серіктестер мен клиенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен, сондай-ақ серіктестермен және Компанияның клиенттерімен ынтымақтасу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Компанияның ішкі саясаттарын бұзу деректері бойынша міндетті қызметтік тексерулер өткізу.

2020 жылы Директорлар кеңесі сатып алу қызметі және персоналды басқару бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша құрылған есепті бекітті.

Өткен жылы комплаенс-мәдениетті арттыру мақсатында Компанияның сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа қарсы әрекет ету, мүдделер қақтығысы және т. б. бойынша тәртіптемелерін білуі тұрғысынан «Мінез-құлық әдебі» 2 оқу турнирі өткізілді, онда 1 500-ден астам жұмыскер онлайн-ойын түрінде (геймификация) арнайы әзірленген жарыс тәртібінде ішкі құжаттарды зерделеді, кейін тест өткізіліп, жеңімпаздар анықталды.

Компания жұмыскерлерінің халықаралық деңгейдегі комплаенс қызметі туралы хабардарлығын арттыру үшін Samsung және Siemens компанияларының Ком-

плаенс қызметтерінің басшылары қатыстырылған «Халықаралық компанияларда сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша тәжірибе» тақырыбына вебинар өткізілді, оған 300-ден астам жұмыскер қатысты.

Тұрақты негізде Компанияның барлық жұмыскерлеріне COMPLAENS қызметтің жұмысы туралы ақпараттық таратылым жасалады, онда шағымдар мен сауалдарды қарау нәтижелері және ішкі құжаттардың талаптарын бұзған жұмыскерлерге қабылданатын шаралар көрсетіледі.

2020 жылы қашықтықтан оқыту жүйесінде «Қазақтелеком» АҚ Коммерциялық құпиясы» атты курс әзірленіп, орналастырылды, курс соңында тестілеу өткізіледі.

Директорлар кеңесі «Қазақтелеком» АҚ 2020–2021 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру бойынша «Қазақтелеком» АҚ Іс-шаралар жоспарын бекітті.

2020 жылы сыбайлас жемқорлық жағдайлары анықталмаған.

Әдепсіз немесе заңсыз мінез-құлық деректері туралы хабарлау тетіктері Болжамды әдепсіз/заңсыз іс-әрекеттер туралы хабарлау саясатына сәйкес реттеледі, осыған сәйкес Компания ондағы болып жатқан күрделі мәселелер туралы хабарлаған жұмыскерлерге, іскерлік серіктестерге және басқа да мүдделі тұлғаларға толық құпиялылықты, сондай-ақ кейін құдалау және/немесе дискриминациялау деректерінің болмауына кепілдік береді.

Компанияның ішкі және корпоративтік сайттарында «Жедел желі» және COMPLAENS қызметтің байланыс деректері көрсетіледі, ол бойынша кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқықбұзушылық түрлері жөнінде хабарлауға болады.

2020 жылы төмендегідей тақырыптарда 115 сауал қаралды:

- келісімшарттық міндеттемелердің орындалмауы;
- әділетсіз еңбекақы;
- жұмысқа алу және еңбек жағдайының теңсіздігі;
- рәсімдердің бұзылуы, теріс пайдалану;
- сатып алу саласындағы бұзылыстар.

## Корпоративтік әдеп

Корпоративтік әдеп мәселелері Іскери әдеп кодексімен және Корпоративтік басқару кодексімен реттеледі. Іскерлік әдеп кодексінің ережелері жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың барлық санаты орындауы міндетті.

Компанияның іскери әдебінің негізгі қағидалары болып табылады:

- заңнама талаптарын орындау;
- әділдік;
- адалдық;

- ашықтық;
- жауапкершілік;
- құзыреттілік және кәсіпқойлық;
- сенім;
- меритократия.

Омбудсмен – іскери әдеп қағидаларының орындалуын және әлеуметтік-еңбек дауларының оңтайлы реттелуін қамтамасыз етеді.



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

## Тәуекелдерді басқару жүйесі

«Қазақтелеком» АҚ-да Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (бұдан әрі – ТБКЖ) – Қоғамның барлық деңгейінде тәуекелдерді басқару процесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін рәсімдер мен бірыңғай қарым-қатынас жүйесін құрайтын қағидалардың, әдістер мен процедуралардың жиынтығы.

ТБКЖ-ның тиімді жұмыс істеуі мақсатында Компания өз қызметінің барлық деңгейінде бизнестің

өмірлік цикліне сәйкес өзара байланысқан мынадай құрамдастарды басшылыққа алады:

- басқару және мәдениет;
- стратегия және мақсат қою;
- қызмет тиімділігі;
- өзгерістерді мониторингілеу және енгізу;
- ақпарат, коммуникация және есептілік.

## Тәуекелдерді басқару процесінің қатысушылары

ТБКЖ-ның ұйымдық құрылымы бірнеше деңгейде беріледі және Тәуекелдерді басқару процесінің келесі қатысушыларынан құралады:

|  |  |
|--|--|
| <b>ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ</b>  | Компанияда тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша акционер(лер) алдында жауап беретін басқарушы орган.  |
| <b>БАСҚАРМА</b>  | Компанияның атқарушы органы болып табылады және Компанияда тәуекелдерді басқару саясатын іске асыру үшін жауап береді.   |
| <b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ</b>                      | негізгі мақсаты мен міндеті тәуекелді басқару мәселесі бойынша сапалы ақпаратты және Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасындағы тиісті коммуникация арналарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Басқарма деңгейінде келісімдеуді/бекітуді талап ететін мәселелерді жұмыс талқылауы болып табылатын Басқарма жанындағы кеңесу органы болып табылады. |
| <b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ</b>                                | Компания деңгейінде КТБЖ-нің барлық қатысушыларына тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша қажетті аналитиканы және әдіснамалық қолдау мен үлесімділікті қамтамасыз ететін КТБЖ-дегі негізгі құрылымдық бөлімше болып табылады.  |
| <b>ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР</b>                                       | КТБЖ-нің маңызды қатысушылары болып табылады, себебі олар өздерінің өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде тәуекелдерді басқару үшін жауапты.   |
| <b>ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ</b>  | тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыру және бағалауға жүйелі және бірізді тәсіл арқылы Компанияның қызметін жетілдіруге бағытталған, Директорлар кеңесіне тәуелсіз және объективті кеңестер беретін қызмет болып табылады.  |
| <b>ІШКІ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ</b>  | Компания бизнесінің ауқымы мен күрделілігіне барабар ішкі бақылау мен процесі басқарудың тиімді жүйесін енгізу және оның жұмысын қолдау үшін жауап береді.   |
| <b>ТӘУЕКЕЛДІ ҰЙЛЕСТІРУШІЛЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТОПТАРЫ</b> | Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде бірінші қорғаныс желісіндегі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін тағайындалады.  |



## 2020 жылы ТБКЖ дамуы

Компания Басқармасы бекіткен «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобы ІБ және ТБЖ негізгі даму бағыттарымен көзделген 2019–2021 жылдарға арналған іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырып келеді.

Тәуекелдерді басқару қызметі жыл бойы тәуекелдерді басқару бойынша әдіснамалық және нормативтік құжаттарды өзектендіру/өзірлеу жұмыстарын жүргізді:

- «Қазақтелеком» АҚ-ның банк-контрагенттеріне шектеу қою қағидалары.
- «Қазақтелеком» АҚ-ның қызмет үздіксіздігін басқару бойынша қағидалары.
- «Қазақтелеком» АҚ жобасының тәуекелдерін басқару бойынша әдістемелік нұсқаулар.

ҚР-да төтенше жағдай әрекет еткен кезеңде Компанияда ТЖ кезіндегі тәуекелдер картасы қалыптастырылған. Бұл картаны өзірлеу барысында COVID-19 жағдайына тән тәуекел факторлары ескерілді.

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, процестік басқару жүйесі бойынша «Қазақтелеком» АҚ-да қабылданған ішкі нормативтік құжаттарды білу тұрғысынан жұмыскерлерге тест өткізілді. Тесттен өткен жұмыскерлердің жалпы саны 1 438 адамды құрады.

Іске асырылған тәуекелдер мен инциденттердің жаңа деректер базасын өзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

## ТБКЖ дамыту бойынша жоспарлар

Тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару саласындағы әлемдік үрдісті ескере отырып, Компания халықаралық стандарттарға, Қордың талаптарына, корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес ТБКЖ мен ІБЖ дамуын қамтамасыз етіп, Топтың қойылған мақсаттарға жетуіне, өсу мүмкіндіктеріне қол жеткізуіне кедергі келтіруі мүмкін тәуекелдерді азайтуы тиіс үш негізгі міндетті белгіледі:

1. Компанияда және ЕҰ-да тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйелерін дамыту және

2. оларды стратегиялық/тактикалық жоспарлау процестерімен, инвестициялық қызметпен және бизнес-шешім қабылдау процестерімен біріктіру; Бизнес иелерінің тәуекелдерді басқаруды жақсартуы үшін жауапкершілігін арттыру және олардың елеулі тәуекелдер, түйген сабақтары мен түзету шаралары туралы ДК-ға хабарлаудағы рөлін күшейту;
3. Топтағы ТБКЖ және ІБЖ кемелдігі мен тиімділігінің деңгейін арттыру.

## Негізгі тәуекелдер

Жыл сайын Компания тәуекелдерін сәйкестендіру жүргізіледі, оның нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі. Тәуекелдер тізіліміне ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға және Даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштеріне жетуге ықпал етуі мүмкін тәуекелдер енгізілді.

Тәуекелдер тізілімі мен Компанияның тәуекелдер картасына сәйкес 2020 жылдың соңында Компанияда 42 тәуекел анықталды.

Тәуекелдерді басқару қызметі негізгі тәуекелдер қарқынына тұрақты мониторинг жүргізіп, тәуекел-

дерді жеңілдетуге бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылап отырады. Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын тәуекелдер бойынша есептілік түрінде Басқармаға және Директорлар кеңесіне жолданады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның тәуекелдері негізгі қызмет көрсеткіштерінің ауытқуының (толеранттылығының) ұйғарынды шегінде. Компания негізгі тәуекелдердің кезең мақсатына әсерін азайту үшін оларды проактивті басқару бойынша іс-шаралар өткізеді.

## 2020 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

| Негізгі тәуекелдер   | Компания тәуекелді азайту бойынша қолданған шаралар  |
|--|--|
2017 жылдың мамыр айында ҚЕХС жөніндегі кеңес сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа, жан-жақты қамтылған стандарты 17 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) шығарды. Ол ақпаратты тану мен бағалау, ұсыну мен ашу мәселелерін қарастырады. 17 ҚЕХС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) алмастыратын болады. 17 ҚЕХС (IFRS) оларды шығаратын ұйым түріне қарамастан, сақтандыру шарттарының барлық түріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу шарттары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолдану саласынан бірнеше ерекшелігі бар. 17 ҚЕХС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін анағұрлым тиімді және бірізді болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсынудан тұрады. 17 ҚЕХС (IFRS) алдыңғы жергілікті есеп саясаттарына негізделетін 4 ҚЕХС (IFRS) талаптарынан ерекшелігі есепке алудың барлық орынды аспектісін қамты отырып, сақтандыру шарттарының жан-жақты есепке алу моделін ұсынады. 17 ҚЕХС (IFRS) негізінде мыналармен толықтырылған жалпы модель бар:

- Тікелей қатысу талаптары бар сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақылау әдісі).
- Негізінен қысқа мерзімді шарттар үшін жеңілдетілген амал-тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі амал-тәсіл).

17 ҚЕХС (IFRS) 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етіледі. Ұйым 17 ҚЕХС (IFRS) алғашқы қолдану күніне немесе оған дейін 9 ҚЕХС (IFRS) пен 15 ҚЕХС (IFRS) да қолданған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

### 1 «Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер

ҚЕХС жөніндегі кеңес міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеуге қатысты талаптарды түсіндіру үшін 2020 жылғы қаңтарда ҚЕХС (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулерді шығарды. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы неі білдіреді;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында жүзеге асырылуы қажеттігін;
- ұйым міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын жүзеге асыруы ықтималдығы міндеттемелерді жіктеуге ықпал етпейтінін;
- егер айырбасталатын міндеттемедегі кіріктіріме туынды құрал үлестік құрал болып табылса ғана, міндеттеме талаптары оның жіктелуіне ықпал етпейді.

Бұл түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті қолданылады. Қазіргі уақытта Топ

осы түзетулердің ағымдағы міндеттемелер жіктеуіне ықтимал әсеріне және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша талаптарды қайта қарау қажеттілігіне талдау жүргізуде.

### 3 «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер

2020 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес 3 «Бизнесті біріктіру» – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулерді шығарды. Бұл түзетулердің мақсаты – 1989 жылы шыққан «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді 2018 жылғы наурызда шыққан «Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздеріне» сілтемелерге ауыстыру және бұны стандарт талаптарына айтарлықтай өзгеріс енгізбей жүзеге асыру.

Сондай-ақ кеңес «2-ші күннің» әлеуетті пайдасы немесе залалы туындауын болдырмау үшін 37 ҚЕХС (IAS) қолдану немесе олар жекелеген операциялар шегінде туындаған жағдайда 21 «Міндетті төлемдер» ХҚКТК (IFRIC) түсініктемелері саласына қатысу болуы мүмкін міндеттемелер мен шартты міндеттемелерге арналған 3 ҚЕХС-да (IAS) тану қағидатынан ерекшелікті қосты.

Сонымен қатар кеңес «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді ауыстыру ықпалын тигізбейтін шартты активтерге қатысты 3 ҚЕХС (IAS) қолданыстағы талаптарына түсініктеме беруді шешті.

Аталған түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және перспективті қолданылады. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

### 16 «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланылғанға дейінгі түсімдер» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер

2020 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланылғанға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды. Ол ұйымдарға негізгі құралдардың объектісінің бастапқы құнынан осы объектіні орналасқан орнына дейін жеткізу және оны басшылықтың талабына сай пайдалану үшін қажетті жағдайға келтіру барысында өндірілген бұйымдарды сатудан қандай да бір түсімдерді ұстап қалуға тыйым салады. Бұның орнына ұйым осындай бұйымдарды сатудан түсімді, сондай-ақ осы бұйымдарды өндіру құнын пайда немесе залал құрамында таниды.

Бұл түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданып отырған, қаржылық есептілікте ұсынылған ең бірінші кезеңнің басталу күніне (немесе содан кейін) пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдардың объектісіне ретроспективті қолданылады.

Аталған түзетулер Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

##### **37 «Ауыртпалықты шарттар – шартты орындау шығындары» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер**

2020 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес ұйым шарттың ауыртпалықты әлде залалды болып табылатынын бағалау кезінде қандай шығындарды ескеруі қажеттігі түсіндірілетін 37 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулерді шығарды.

Түзетулер «шартқа тікелей байланысты шығындарға» негізделген тәсіл қолдануды көздейді. Тауарлар немесе қызметтер ұсыну бойынша шартқа тікелей байланысты шығындар осы шартты орындауға қатысты қосымша шығындарды және шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды қамтиды. Контрагент шарт бойынша өтеуі тиіс жағдайларды қоспағанда, шартқа тікелей қатысы жоқ жалпы және әкімшілік шығындар тиісініше алынып тасталады.

Бұл түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ осы түзетулерді аталған түзетулерді алғаш рет қолданып отырған жылдық есепті кезеңнің басталу күніне өз міндеттерін әлі орындамаған шарттарға қолданылатын болады.

##### **1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғашқы қолдану» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер – Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғашқы қолданып отырған еншілес ұйым**

2018–2020 жылдар аралығында ҚЕХС жыл сайын жетілдіру үдерісі аясында ҚЕХС жөніндегі кеңес 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғашқы қолдану» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулерді шығарды. Осы түзетуге сәйкес 1 ҚЕХС (IFRS) D16(a) тармағын қолдану туралы шешім қабылдаған еншілес ұйым бас ұйымның ҚЕХС-ға көшкен күніне сүйене отырып, жинақталған бағамдық айырмашылықтарды бас ұйымның қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалану арқылы бағалауға құқылы. Сондай-ақ бұл түзетуді 1 ҚЕХС (IFRS) D16(a) тармағын қолдану туралы шешім қабылдаған қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар да қолдана алады.

Аталған түзету 2022 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға болады. Бұл түзету Топқа қатысты қолданылмайды.

##### **9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер – қаржылық құралдарды танду тқтатқан жағдайда «10% тест» өткізу кезіндегі комиссиялық сыйақы**

2018–2020 жылдар аралығында ҚЕХС жыл сайын жетілдіру үдерісі аясында ҚЕХС жөніндегі кеңес 9 ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулерді шығарды. Түзетуде ұйым жаңа немесе модификацияланған қаржылық міндеттеме талаптарының бастапқы қаржылық міндеттеме талаптарынан айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғын бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақының сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға екінші тараптың атынан кредитор немесе қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қосқанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақылар

жатады. Ұйым өзі бұл түзетуді алғаш қолданған кездегі жылдық есепті кезең басталған күнге (немесе содан кейінгі) модификацияланған немесе алмастырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолдануы тиіс.

Аталған түзету 2022 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға болады. Топ бұл түзетуді өзі бұл түзетуді алғаш қолданған кездегі жылдық есепті кезең басталған күнге (немесе содан кейінгі) модификацияланған немесе алмастырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданады.

Бұл түзету Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

##### **41 «Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер – әділ құнын бағалау кезінде салық салу**

2018–2020 жылдар аралығында ҚЕХС жыл сайын жетілдіру үдерісі аясында ҚЕХС жөніндегі кеңес 41 «Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулерді шығарды. Бұл түзету 41 ҚЕХС-ның (IAS) ұйым 41 ҚЕХС (IAS) қолдану саласына қатысты активтердің әділ құнын бағалау кезінде салық салуға байланысты ақша ағындарын есепке қоспайды делінген 22-тармағын жоққа шығарады.

Ұйым бұл түзетуді 2022 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есепті кезең басталатын күнге (немесе содан кейінгі) әділ құнды бағалауға қатысты қолдануы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға болады. Бұл түзету Топқа қатысты қолданылмайды.

##### **9 ҚЕХС (IFRS), 39 ҚЕХС (IAS), 7 ҚЕХС (IFRS), 4 ҚЕХС (IFRS), 16 ҚЕХС (IFRS) «Базалық пайыздық мөлшерлемеге» түзетулер – 2-кезең»**

2018 жылы ҚЕХС жөніндегі кеңес күн тәртібіне қаржылық есептілік үшін реформаның салдарын қарастыру бойынша жобаны қосты. Ол қаржылық есептілікке ықпалын тигізуі мүмкін екі топ бухгалтерлік есеп мәселелерін анықтады. Атап айтқанда:

- 1-кезең: ауыстырғанға дейінгі салдары – қолданыстағы базалық пайыздық мөлшерлемені балама базалық пайыздық мөлшерлемеге ауыстырғанға дейінгі кезеңнің қаржылық есептілігіне ықпал ететін мәселелері;
- 2-кезең: ауыстырғаннан кейінгі салдары – қолданыстағы базалық пайыздық мөлшерлеме балама базалық пайыздық мөлшерлемеге ауыстырылған кезде қаржылық есептілікке ықпал етуі мүмкін мәселелер.

ҚЕХС жөніндегі кеңес ең алдымен 1-кезеңнің мәселелеріне көңіл бөлді. Себебі олар аса тығыз болатын және оларды шешу үшін 2019 жылғы қыркүйекте Кеңес «Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасын», 9 ҚЕХС, 39 ҚЕХС және 7 ҚЕХС-ға түзетулерді (1-кезеңнің түзетулері) шығарды. 1-кезеңнің түзетулері 9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС-да (IFRS) және 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» ҚЕХС-да (IAS) хеджирлеу есебіне белгіленген талаптарды қолданудағы бірқатар уақытша ерекшеліктерді қарастырады, сондай-ақ 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» ҚЕХС-да (IFRS) ақпаратты ашуға кейбір қосымша талаптарды қосты.

2020 жылғы тамызда ҚЕХС жөніндегі кеңес Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасының 2-кезеңін, 9 ҚЕХС (IFRS), 39 ҚЕХС (IAS), 7 ҚЕХС (IFRS), 4 ҚЕХС (IFRS), 16 ҚЕХС (IFRS) (2-кезеңнің түзетулері) шығарды. 2-кезеңнің түзетулерінде реформада тікелей талап етілетін қаржылық құралдарға қатысты мынадай өзгерістер қарастырылады:

- тиімді пайыздық мөлшерлемені түзетуді талап ететін қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша шарттық ақша ағындарын анықтау негізіндегі өзгерістерді есепке алу кезіндегі практиквалық құрал;
- хеджирлеу қатынастарын тоқтатудан босату;
- базалық пайыздық мөлшерлеме құралы тәуекел құрамдасын хеджирлеу ретінде анықталған кезде жеке сәйкестендірілетін талапты орындау қажеттілігінен уақытша босату;
- 7 ҚЕХС-ға сәйкес ақпаратты қосымша ашу.

Сондай-ақ 2-кезеңнің түзетулері 16 «Жалдау» және 4 «Сақтандыру міндеттемелері» ҚЕХС-ны қозғайды.

2-кезеңнің түзетулері 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және мерзімінен бұрын қолдануға болады. Бұл түзетулер Топқа айтарлықтай ықпалын тигізбейді деп күтілуде.

### **1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ҚЕХС-ға (IAS) және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» ҚЕХС бойынша 2-практикалық нұсқауға түзетулер**

2021 жылғы ақпанда ҚЕХС жөніндегі кеңес 1 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулерді және 2-практикалық нұсқауды (Practice Statement 2) шығарды. 1 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер компа-

## **Шетел валютасын қайта есептеу**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның негізгі еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды. Теңге негізгі экономикалық айналымның валютасы болып табылады, онымен Компания және оның негізгі еншілес ұйымдары жұмыс істейді. Топқа кіретін әрбір компания өзінің функционалдық валютасын белгілейді және әр компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осындай функционалдық валютамен бағаланады.

### **Операциялар мен қалдықтар**

Шетел валюталарындағы операцияларды ең алдымен Топтың компаниялары операция тану критерийлерін қанағаттандыратын күні қолданыстағы спот-бағам бойынша олардың функционалдық валютасында ескереді. Шетел валютасымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») белгілеген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») жариялаған есепті күні қолданыстағы ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмашылық жиынтық кіріс

ниядан есеп саясатының негізгі қағидаттарын емес, өзінің маңызды есеп саясаты туралы ақпаратты ашуын талап етеді. Практикалық нұсқауға түзетулер маңыздылық тұжырымдамасын есеп саясатына сәйкес ақпаратты ашуға қатысты қолдану бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Түзетулер Топқа айтарлықтай ықпалын тигізбейді деп күтілуде.

### **8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер: бухгалтерлік бағалауды анықтау» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер**

2021 жылғы ақпанда ҚЕХС жөніндегі кеңес 8 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулерді шығарды. Түзетулер компания есеп саясатындағы өзгерістерді бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерден қалай ажыратуы тиістігін түсіндіреді. Бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер болашақтағы операцияларға және алдағы өзге жағдайларға қатысты перспективті қолданылады, бірақ әдетте есеп саясатындағы өзгерістер өтіп кеткен операциялар мен бұрынғы жағдайларға да қатысты ретроспективті қолданылады.

Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Түзетулер Топқа айтарлықтай ықпалын тигізбейді деп күтілуде.

туралы шоғырландырылған есепте пайда мен залалдарда көрсетіледі.

Шетел валютасында тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелерді жасау күнінде қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құнымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын белгілеу күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды есептеу кезінде туындайтын пайда немесе залал баптың әділ құны өзгерісінен пайда немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни, әділ құны бойынша қайта бағалаудан пайдасы мен залалы БЖК немесе пайда не залал құрамында танылатын баптар бойынша бағамды қайта есептеуден бағам айырмашылықтары тиісінше БЖК немесе пайда не залал құрамында танылады).

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Мына кестеде шетел валюталарының теңгеге шаққандағы бағамы берілген:

|             | 2020 жылғы 31 желтоқсан | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|-------------|-------------------------|-------------------------|
| АҚШ доллары | 420,91                  | 382,59                  |
| Еуро        | 516,79                  | 420,00                  |
| Ресей рублі | 5,62                    | 6,16                    |

«КТ-АЙИКС» ЖШҚ (Ресей) шетелдегі бөлімшенің функционалдық валютасы ресей рублі болып табылады. Шоғырландыру барысында шетелдік бөлімшелердің активтері және міндеттемелері есепті күнде қолданыстағы теңгеге шаққандағы бағам бойынша қайта есептеледі, ал мұндай

бөлімшелердің жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есептің баптары мәміле жасау сәтіндегі қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеуде туындаған бағамдық айырма өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

#### Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алынатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесі және сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған берілген өтеу сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша әрбір мәміле үшін Топ сатып алатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесін қалай бағалау туралы шешім қабылдайды: не әділ құны бойынша, не сатып алынатын компаниядағы таза активтерге сәйкесетін бара-бар үлес бойынша. Сатып алумен байланысты шығындар олар келтірілген сәттен бастап жалпы және өкімшілік шығыстар құрамына қосылады.

Сатып алынған қызмет түрлері мен активтер жиынтығы салымды және өте маңызды үдерісті қамтып, олар бірге қайтарымды қалыптастыруға айтарлықтай ықпал еткен кезде, Топ бизнес сатып алынды деген қорытындыға келеді. Егер сатып алынған үдеріс қайтарымды қалыптастыруды жалғастыру мүмкіндігі үшін өте маңызды болып, ал сатып алынған салымдар мұндай үдерісті орындауға қажетті дағдыларға, білім немесе тәжірибеге ие, ұйымдас-тырылған жұмыс күшін қамтыса немесе қайтарымды құруды жалғастыру мүмкіндігіне айтарлықтай ықпал етсе, онда сатып алынған үдеріс өте маңызды болып есептеледі және бірегей немесе сирек кездесетін не ауқымды шығындарсыз, күш немесе кейінге қалдырылған қайтарымды құруды жалғастыру мүмкіндігінсіз ауыстырылмайтын болып есептеледі.

Егер Топ бизнес сатып алса, онда ол шарт талаптары, экономикалық жағдай және сатып алу күніне тиісті жағдайларға қарай сатып алынған қаржылық активтер мен қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді және белгілейді. Бұған туынды құралдардың негізгі шарттарына кіргізілген сатып алынатын компанияға бөлу қажеттілігіне талдау жатқызылады.

Сатып алуға тиесілі шартты өтеу сатып алу күніне әділ құны бойынша танылады. Мәншікті капитал ретінде жіктелген шартты өтеу қайта бағаланбайды, ал оның келесі өтеуі капитал құрамында ескеріледі. Қаржылық құрал болып табылатын актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтеу 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) қолдану

#### Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар

Қауымдастырылған ұйым – бұл қызметіне Компания елеулі ықпал ететін ұйым. Елеулі ықпал – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдерді қабылдауға қатыса алатын, бірақ осы саясатты бақылай алмайтын немесе бірлесіп бақылай алмайтын өкілеттік.

саласына жатады және әділ құны бойынша бағаланады. Ал әділ құнының өзгерістері 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) сәйкес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) қолдану саласына жатпайтын өзге шартты өтеу әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнының өзгерісі пайда мен залал құрамында танылады.

Гудвил әуелден бастапқы құны бойынша бағаланады (берілген өтеу сомасының және танылған бақыланбайтын қатысу үлестерінің және бұдан бұрын сатып алушыға қатысу үлесінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан артуы ретінде анықталатын). Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтеу сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтің және барлық қабылданған міндеттеменің анықталуының, сондай-ақ сатып алу күні танылуы тиіс соманы бағалау кезінде қолданылған іс-жосықтардың дұрыстығын қайтадан талдайды. Егер қайтадан бағалаудан кейін берілген өтеу таза сатып алынған активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, пайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан келетін жиналған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді тестілеу үшін гудвил Топ еншілес ұйымды сатып алған күнінен бастап сатып алынатын еншілес ұйымның өзге де активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бірліктерге жатуына немесе жатпауына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда көретін, ақша қаражатын өндіретін Топтың әрбір бірлігіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша қаражатын өндіретін бірліктің бір бөлігін құраса және осы бірліктің бір бөлігі шығарылатын болса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан түсетін пайда немесе залал анықталған кезде осы қызметтің баланстық құнына қосылады. Бұл жағдайларда шыққан гудвил шығарылған қызмет құны мен ақша қаражатын өндіретін бірліктің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Бірлескен кәсіпорын – бұл қызметті бірлесіп бақылайтын тараптардың қызметтің таза активтеріне құқықтары бар екенін білдіретін ортақ кәсіпкерлік. Бірлесіп бақылау – маңызды қызметке қатысты шешімдер қабылдау бақылауды бөлісетін тараптардың бірауыздан келісімін талап

ететін жағдайда орын алатын, шартпен қарастыра отырып, қызметті бақылауды бөлу.

Елеулі ықпалдың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарды бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас. Топтың қауымдас-тырылған ұйымдарына инвестициялары және бірлескен кәсіпорын үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған ұйымға инвестиция басында бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны нәтижесінде сатып алу күнінен кейін туындаған қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтерінде Топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі. Қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына қосылады және құнсыздануға бөлек тестіленбейді.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдас-тырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қызмет нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Осындай инвестиция объектілерінің БЖК өзгерістері Топтың БЖК құрамында ұсынылады. Мұнымен қатар егер қауымдасты-рылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс болса, Топ осы өзгерістегі өзінің үлесін таниды және орынды жерде бұл фактіні меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғыр-ландырылған есепте ашып көрсетеді. Қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен байланысты Топтың операциялары бойынша туындайтын іске асырыл-маған пайда және залалдар Топтың қауымдастырылған ұйымдағы бар қатысу үлесі деңгейінде алынып тасталған.

Қауымдастырылған ұйымның және бірлескен кәсіпо-рынның пайдасындағы немесе залалындағы Топ үлесі операциялық пайдадан тыс жиынтық кіріс туралы шоғыр-

### **Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ ұзақ мерзімді деп жіктеу**

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп-те активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді деп жіктеу арқылы ұсынады. Актив мына жағдайларда айналымдағы болып табылады:

- егер оны сату қарастырылған немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған болса;
- ол негізінен сатуға арналған болса;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде сату қарастырылса; немесе
- ол есепті кезеңнен кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болу жағдайларын қоспағанда, ақша қаражаты немесе оның баламалары болса.

Барлық өзге актив айналымнан тыс актив ретінде жікте-леді.

Міндеттеме:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделген;
- ол негізінен сауда үшін ұсталған;
- ол есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде өтелуге жатқан; немесе
- Топтың есепті кезеңнен кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыруға

ландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол қауымдас-тырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлестеріне салық салынғаннан кейінгі және есепке алынғаннан кейінгі пайда немесе залалды білдіреді.

Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорын-ның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі жа-салатын есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдас-тырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салған өзінің инвестициясы бойынша құнсызданудан қосымша залалды тану қажеттілігін анықтайды. Әр есепті күнге Топ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салған инвестициялардың құнсыздануына объективті растаулардың болуын белгілейді. Осындай растаулар болған жағдайда, Топ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестицияның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде құнсыздану сомасын есептейді және «Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның залалындағы үлесі» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырланды-рылған есепте залалды таниды.

Топ қауымдастырылған ұйымға елеулі ықпал етуді немесе бірлескен кәсіпорынды бірлесіп бақылауды жоғалтқан жағдайда қалған инвестицияны әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалды немесе бірлесіп бақылауды жоғалту кезіндегі қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығудан түсім-дер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

шартсыз құқығы болған жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады.

Контрагенттің қарауы бойынша үлестік құралдарды шыға-ру және тапсыру арқылы реттеуге болатын міндеттеме та-лаптары аталған міндеттеменің жіктелуіне ықпал етпейді.

Топ барлық өзге міндеттемені ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттеме-лер ретінде жіктеледі.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Әділ құны бойынша бағалау

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдары мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу 50-ескертпеде көрсетілген.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі операция аясында активті сату немесе міндеттемелерді беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құн бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция мынадай жағдайларда өтетінін қарастырады:

- не аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмағанда, аталған актив немесе міндеттеме үшін мейлінше оңтайлы нарықта.

Топқа негізгі немесе мейлінше оңтайлы нарық қолжетімді болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушыларының актив немесе міндеттеме бағасын анықтау кезінде пайдалануы мүмкін жорамалдарды қолдану арқылы бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделері үшін әрекет ететіні көзделеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдалану арқылы немесе аталған активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық тиімділікті өндіру мүмкіндігін ескереді.

Топ бұл ретте орынды қадағалайтын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және қадағаламайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдалана отырып, туындаған жағдайларда қолдануға болатын және олар үшін әділ құны бойынша бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді осындай бағалау модельдерін пайдаланады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын барлық актив пен міндеттеме жалпы алғанда әділ құны бойынша бағалау үшін айтарлықтай болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде берілген иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарық котировкалары (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – бағалау модельдері, онда әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде нарықта бақыланатын болып табылады.
- 3-деңгей – бағалау модельдері, әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылады.

Мерзімді түрде қаржылық есептілікте қайта бағаланып отыратын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әр есепті кезең соңына жіктеуді қайтадан талдай отырып, оларды иерархия көзі деңгейлерінің арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (жалпы әділ құн бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде).

Топтың тиісті бөлімшесі («Жұмыс тобы») инвестициялық жылжымайтын мүлікті және сату үшін қолда бар котировкаланбайтын қаржылық активтерді әділ құны бойынша мерзімді бағалаумен қатар, мысалы, тоқтатылған қызмет құрамында бөлуге арналған активтер сияқты активтердің әділ құны бойынша біржолғы бағалауға арналған саясат пен іс-жосықтарды анықтайды. Жұмыс тобының құрамын Компания басшылығы анықтайды.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік объектілері мен қаржылық активтер сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді жыл сайын Компанияның Аудит комитеті талқылап, бекіткеннен кейін Жұмыс тобы қабылдайды. Нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі іріктеу критерийлері болып қабылданады. Бағалау комитеті сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін әрбір жағдайда қандай бағалау моделі мен бастапқы деректерді қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Әр есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайтадан талдауды немесе қайтадан бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелер құнының өзгерісін талдайды. Мұндай талдау аясында Жұмыс тобы бағалау кезінде қолданылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалауда қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары да әрбір активтің әділетті құнының және міндеттемелердің өзгерісін өзгерістің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы ақпарат көздерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары мерзімді түрде нәтижелерді Топтың Аудит комитетіне және тәуелсіз аудиторларына ұсынып отырады, бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі кемшін тұстар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді оларға тиесілі сипаттамалары мен тәуекелдерінің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын сипаты негізінде жіктейді.



## Сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтерді және шығатын топтарды олардың баланстық құны ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін ұсталатын деп жіктейді. Сату үшін ұсталатын деп жіктелген айналымнан тыс активтер және шығатын топтар екі мәннің мейлінше аз мәні бойынша – баланстық құны және сату шығындарын шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады. Сату ықтималдығы жоғары болып, ал актив немесе шығатын топ өзінің ағымдағы жағдайында дереу сатылуы мүмкін болғанда ғана сату үшін ұсталатын объектіні жіктеу критерийі сақталған болып саналады. Басшылықтың жіктеу күнінен кейін бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану критерийіне сәйкестік күтілетін сатылымды жасауға мықты ниеті болуы тиіс.

Жіктеуден кейін сатуға арналған деп анықталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Бөлу үшін ұсталатындар деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің айналымдағы/қысқа мерзімді баптары ретінде жеке ұсынылады.

### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар болған жағдайда, олар жинақталған амортизацияны және құнсызданудың жинақталған залалдарын шегергендегі бастапқы құны бойынша есептеледі. Мұндай құн жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобаларын тану критерийлері орындалған жағдайда қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Белгілі уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болғанда, Топ оларды пайдалы қолданудың тиісті жеке мерзімдеріне сәйкес бөлек амортизациялайды. Елеулі техникалық байқауды өткізу кезінде баламалы түрде оларға байланысты шығындар, егер тану критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықтарды ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу мен техникалық күтім жасаудың барлық өзге шығындары жатқызылу сәтінде пайда немесе залал құрамында танылады. Активті оны қолданудан кейін пайдаланудан шығару бойынша күтілген шығындардың берілген құны, егер бағалау міндеттемелерін тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған бағалау міндеттемесі туралы мейлінше толық ақпарат «Активтерді пайдаланудан шығару міндеттемелері» бөлімінде беріледі (31-ескертпе).

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде жүйелік әдіспен есептеледі:

|                          | Жылдар |
|--------------------------|--------|
| Фимараттар               | 50     |
| Құрылыстар               | 10-20  |
| Телекоммуникация жабдығы | 3-20   |
| Өзгелері                 | 3-20   |

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар объектісін және негізгі құралдардың кез келген бастапқыда танылған маңызды объекті компонентін тану олар шығарылғаннан кейін немесе олардың шығуы барысында немесе болашақта пайдаланудан экономикалық пайда болмайтын жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын пайда немесе залал (істен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің

Кетуші топ, егер ол компанияның кеткен немесе сатуға арналған деп жіктелетін құрамдасы болып табылса, тоқтатылған қызмет ретінде жіктеме критерийлерін қанағаттандырады және:

қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірді білдіреді;

қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірдің немесе қызметтің жеке негізгі бағытының кетуін жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай үйлестірілген жоспарға кіргізілген; не

қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейін алынған пайда немесе залал ретінде бөлек баппен ұсынылады.

баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) активті тануды тоқтату кезіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Негізі құралдардың жою құны, пайдалы қолдану мерзімдері мен олардың амортизация әдістері әрбір қаржы жылының аяғында талданып, қажетіне қарай перспективалы негізде түзету енгізіледі.

### Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс қондыру күтіліп отырған машиналар және жабдықтар құрылысы барысында негізгі құралдармен берілген және бастапқы құны бойынша есептеледі. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, жабдықтың өзіндік құны және өзге де тікелей шығындар қосылады. Активтерді салу аяқталғаннан кейін немесе жабдықты пайдалануға беру сәтінде құрылыс объектілері тиісті санатқа көшіріледі. Құрылыс объектілері амортизацияға жатпайды.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік әуелден мәміле бойынша шығындарды қоса отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер шығындарды тану критерийлері орындалса, баланстық құнға осындай шығындардың туындау кезіндегі бар инвестициялық жылжымайтын мүліктің бір бөлігін ауыстыру құны қосылады және инвестициялық жылжымайтын мүліктің ағымдағы қызмет көрсету шығындары алынып тасталады. Бастапқы танудан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздандуды шегергендегі бастапқы құны бойынша есептелінеді. 50 жылды құрайтын тозу пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіспен есептелінеді.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану мынадай жағдайда тоқтатылады: ол істен шықса немесе ол пайдаланудан шығарылса және оны пайдаланудан болашақта

#### Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тануда бастапқы құнымен бағаланады. Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданду салдарынан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен көрсетіледі. Өнімдерді дайындауға капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топтың ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығындар олар туындаған кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімдері шектеулі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық емес активтің ықтимал құнсызданду белгілері болған жағдайда құнсыздандуға бағаланады. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизация мерзімі мен әдісі ең аз дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімін немесе активте жасалған болашақтағы экономи-

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздандуы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсызданду белгілерінің бар-жоғын тексереді. Егер осындай белгілер болса немесе жыл сайынғы активті құнсызданду мәніне тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің (ақша қаражатын өндіретін бірлік) өтелетін сомасы мынадай мөлшерлердің ең үлкені: істен шығу шығындарын шегергендегі активтің (ақша қаражатын өндіретін бірліктің) әділ құны және активті (ақша қаражатын өндіретін бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн негізінен өзге де активтер немесе активтердің топтары өндіретініне қарамастан, актив ақша ағынын өндірмейтін жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асса, ондай актив құнсыздандырылып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

ешқандай экономикалық пайда болмаса. Істен шығудың таза түсімдері мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық оны тану тоқтатылған есепті жылдың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылатын болады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің санатына немесе оның санатынан ауыстыру жылжымайтын мүлікті пайдалану сипаты өзгергенде ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі орын алған жылжымайтын мүлік объектісіне ауыстырған кезде кейінгі есепке алудың шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту кезіндегі әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі болса, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаты өзгергенге дейінгі негізгі құралдарды есептеу саясатына сәйкес есепке алады.

калық пайданың болжалды құрылымын өзгерту амортизация мерзімін немесе әдісін өзгертеді және есеп бағасының өзгерістері ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтердің функциясы сәйкес келетін шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан пайда немесе залал активтің шығуынан таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады және осы активті тануды тоқтату сәтінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылады.

Материалдық емес активтер пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіс бойынша амортизацияланады.

|                         | Жылдар |
|-------------------------|--------|
| Лицензиялар             | 3-20   |
| Бағдарламалық жасақтама | 1-14   |
| Клиенттік база          | 8-10   |
| Өзгелері                | 2-15   |

Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнына дейін дисконтталады. Шығуы бойынша шығындарын шегере отырып, әділ құнын белгілеу кезінде жақын мерзімде болған нарықтық операциялар есепке алынады. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер акциялар нарығында еркін айналатын баға белгілеуімен, бағалау коэффициенттерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жатқызылатын ақша қаражатын өндіретін әр бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сәйкес құнсызданду сомасын анықтайды. Бұл жоспарлар мен

болжамды есептеулер негізінен 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқындары бесінші жылдан кейінгі болашақтағы ақша ағындарына қатысты қолданылады және есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған залалдар құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыс санаттарының құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Топ гудвилді қоспағанда, әрбір есепті күнге активтің құнсыздануынан бұдан бұрын танылған залалдардың белгісінің бар-жоғын немесе қысқарғандығын анықтайды. Егер мұндай белгі орын алса, Топ активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құнын есептейді. Құнсыздандудың бұдан бұрын танылған залалдары құнсызданудан болған залалды соңғы таныған мерзімнен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған жорамалдарда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтын жолмен шектелген, сондай-ақ алдыңғы

## Қаржылық активтер

### Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтер амортизацияланған құны, өзге жиынтық құн (ӨЖҚ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу қаржылық актив және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес модель бойынша ақша ағындары шартында көзделген сипаттамаларға байланысты. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда қаржылық активтерді пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес анықталған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеп бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары «борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебі болып қана табылатын» ақша ағындарын алумен негізделген болуы қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құралдың деңгейінде жүзеге асырылады. «Ақшалай ағындар» критерийіне сәйкес келмейтін қаржылық активтер, ақша ағыны бизнес-модельге байланыссыз пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындай жіктеледі.

Қаржылық активтерді бағалау үшін Топ қолданатын бизнес-модель ақша ағындарын өндіру мақсатында Топтың өзінің қаржылық активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды.

жылдары құнсызданудан болған залал танылмаған жағдайда аталған актив танылатын амортизация шегерілгендегі баланстық құннан аспайды. Мұндай құнды қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

### Гудвил

Гудвил құнсыздануға жыл сайын 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ оқиғалар немесе жағдайлар оның баланстық құны құнсызданатынын білдірсе, тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қатысы бар ақша қаражатын өндіретін әр бірліктің (немесе осындай бірліктер тобының) өтелетін құнын бағалау жолымен анықталады. Егер ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құны оның баланстық құнынан кем болса, онда оның құнсыздануы залалы танылады. Гудвилдің құнсыздануы залалы болашақ кезеңдерде қалпына келтірілмейді.

Бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді немесе екеуін де сату нәтижесі болатынын болмайтынын анықтайды. Амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер, шартта көзделген ақша ағынын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталады, ал өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындай жіктелетін қаржылық активтер, мақсаты шартта көзделген ақша ағынын алу әрі қаржылық активтерді сату жолымен келетін бизнес-модель аясында ұсталады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықтағы қағидаларға сәйкес («стандартты талаптарда» сату) белгіленген мерзімдерде жеткізу қажет етілетін активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операция мәміле жасау күні, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күні танылады.

Топтың қаржылық активтеріне ақша құралдары және олардың баламалары, сауда дебиторлық берешек, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық актив кіреді.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Қаржылық активтер (жалғасы)

#### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау үшін қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта жіктеу мен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- тану тоқтатылған жағдайда жинақталған пайда мен залалды қайта жіктеусіз өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ұйымның қалауы бойынша жіктелетін қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- пайда немесе залал арқылы бағаланатын қаржылық активтер.

#### Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

Бұл санат топ үшін мейлінше өзекті. Топ мынадай екі шарт орындалса, қаржылық активтерді амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- борыштың негізгі сомасына және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз есебіне төлемдер болып қана табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алумен негізделген қаржылық активтің шарттық талаптары.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залалдар активті тануды тоқтатқан, ол өзгерген немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына Топ сауда және басқа дебиторлық берешекті, жұмыскерлерге берілетін қарызды, банк депозиттері мен басқа да айналымнан тыс және айналымдағы қаржылық активтерді жатқызады.

#### Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

Бастапқы тану кезінде Топ кейіннен күшін жою құқығынсыз өз қарауы бойынша шешім қабылдай алады, егер 32 «Қаржылық активтер: түсінік» ҚЕХС (IAS) сәйкес инвестициялар меншікті капитал анықтамасына жауап беретін болса және саудаға арналмаған болса, оларды өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға жіктей алады. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша жеке қабылданады.

Мұндай активтер бойынша пайда мен залал ешқашан пайда мен залал құрамына жіктелмейді. Топ қаржылық актив құнының бір бөлігінің өтеуі ретінде түсімдерден пайда алатын жағдайларды қоспағанда, дивидендтерді алу құқығы белгіленген кезде дивидендтер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өзге кіріс ретінде танылады.

Бұл жағдайда мұндай пайда өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

Топтың қарауымен жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген борыштық құралдар құнсыздану тұрғысынан бағаланбайды.

Топ бағасы белгіленбейтін борыштық құралдарды аталған инвестиция санатына кейіннен күшін жою құқығынсыз жатқызу туралы шешім қабылдады.

#### Тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе – қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтердің бір бөлігін) мынадай жағдайларда тану тоқтатылады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданыс мерзімі өтіп кетсе; не
- Топ активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын тапсырса немесе үшінші тарапқа алынатын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кешіктірмей беру бойынша міндеттемені өзіне алса; не (а) Топ іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде тапсырса, не (б) Топ тапсырмаса, бірақ активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде өзінде сақтамай, осы активтің бақылауын тапсырса.

Егер Топ активтен ақша ағынын алудың барлық құқығын тапсырса немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданың сақталуын бағалайды, егер сақтаса, қандай көлемде сақтағынын бағалайды. Егер Топ тапсырмаса, оған қоса іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын өзінде сақтамаса, сондай-ақ активтің бақылауын тапсырмаса, Топ тапсырылған активті ондағы өзінің қатысуын жалғастырып отырған деңгейде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Тапсырылған актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең аз шамасымен бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төлемі Топтан талап етілуі мүмкін төлемді өтеудің жоғарғы сомасы.

#### Қаржылық активтердің құнсыздануы

##### Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Топ бағалау резервін пайда немесе залал арқылы әділ емес құнымен бағаланатын барлық борыштық құралға қатысты болжалды кредиттік залалдармен (БКЗ) таниды. БКЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен алуды Топ күтіп отырған барлық ақша ағыны арасындағы бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамалас мәнін пайдалана отырып дисконтталған айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындары ұсталатын құнсыздануды сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны көтерудің басқа механизмдерінен түсетін ақша ағындарынан тұрады.

БКЗ екі кезеңмен танылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артпаған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде ықтимал (12 айлық болжалды кредиттік залалдар) дефолттардың салдарынан пайда болуы мүмкін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артқан қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзіміне қарамастан (барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдар), осы қаржы құралының қалған қолданыс мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады.

### **Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер**

Топ сауда дебиторлық берешекке қатысты БКЗ есептеу кезінде жеңілдетілген амал-тәсілді қолданады. Олай болса, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерісін қадағаламайды, мұның орнына әр есепті күнге барлық мерзімге болжалды кре-

## **Қаржылық міндеттемелер**

### **Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредиттер мен қарыздар және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттеме мәміле бойынша оларға тікелей жататын шығындарды шегере отырып (кредиттер,

## **Кейінгі бағалау**

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктелуіне байланысты болады:

### **Кредиттер мен қарыз**

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыз тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру бойынша шығыстар құрамына қосылады.

Ең бастысы бұл санатқа пайыздық кредиттер мен қарыз кіреді. Толық ақпарат *26-ескертпеде* берілген.

диттік залалдарға тең сомада залалмен бағалау резервін таниды.

Топ қарыз алушыларға арналған болжалды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындауына қатысты өзінің өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, Топ қаржылық активтер бойынша дефолт болды деп санайды. Егер ішкі және сыртқы ақпарат Топ ұстайтын, шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын кредиттік сапаны көтеру механизмдерін ескермей, Топтың алатыны екіталай екенін көрсетсе, белгілі бір жағдайларда Топ қаржылық актив бойынша дефолт болды деген қорытындыға да келуі мүмкін. Егер Топта шартта көзделген ақша ағындарын өтеуге қатысты негізді болжамдар болмаса, қаржылық актив есептен шығарылады.

қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында), бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті, қарыздар мен кредиттерді, қаржылық жалдау міндеттемелерін, қаржылық кепілдік шарттары мен артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін қамтиды.

### **Қаржылық кепілдік бойынша міндеттемелер**

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары борышкерлік құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкер уақытылы төлемді төлей алмауы салдарынан осы шарт иесі көтерген залалды өтеуге төлемді жүзеге асыруды талап ететін шарттар болып табылады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдікті шығаруға тікелей қатысы бар мәміле бойынша шығындар ескерілген әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдарға» сәйкес анықталған күтілетін кредиттік залалдардың ең үлкен сомасы және бастапқыда танылған, қажет болған жағдайда, ҚЕХС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімге» сәйкес танылған жиынтық кіріс сомасы шегерілген сома бойынша бағаланады.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Кейінгі бағалау (жалғасы)

##### *Міндеттемелер құрамында көрсетілетін артықшылықты акциялардың борышкерлік құрамдасы*

Міндеттемелер құрамында көрсетілетін және міндеттеменің сипаттамасын көрсететін артықшылықты акциялардың борышкерлік құрамдасы мәміле бойынша шығындарды шегергендегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі міндеттемелер құрамында танылады. Аталған акцияларға кепілдік берілетін дивидендтердің тиісті минималды мөлшері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығыстарының құрамында көрсетіледі. Міндеттемелер құрамында көрсетілген үлестің әділ құны бастапқы тануда ұқсас борышкерлік құрал бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша күтілетін келешектегі ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады. Капиталдың құрамында көрсетілетін акциялар үлесінің әділ құны бастапқы тануда барлық құралдың бастапқы баланстық құнынан міндеттеме құрамында көрсетілген үлес үшін анықталған әділ құнды шегергеннен кейінгі қалдық құн ретінде танылады. Кейіннен міндеттемелер құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кредиттер мен займдарға қатысты қолданылатын қағидаттарға сәйкес

#### Қаржылық құралдарды өзара есепке алу

Танылған сомаларды өзара есепке алуға қазіргі сәтте заң жүзінде қорғалған құқық болғанда және нетто-негізде есеп айырысуға, активті сатуға және мұнымен бір мезетте міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда, қаржылық активтер

#### Тауарлы-материалдық қорлар

Қорлар мына екі шаманың мейлінше кішісімен бағаланады: бастапқы сатып алу құны және таза ықтимал сату бағасы.

Шығындар қорларды межелі орынға жеткізу кезінде келтірілген және оларды тиісті жағдайға келтіру шығыстарынан тұрады. Таза ықтимал сату құны әдеттегі қызмет

#### Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктегі кассадағы ақша қаражаты және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз, ақша

#### Жалдау

Шарт жасасу сәтінде Топ келісім жалдау болып табылады ма немесе ол жалдау белгілеріне ие ме деген сұрақтарға қатысты бағалайды. Басқаша айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығын белгілі кезең мерзімі ішінде өтеу орнына беретінін немесе бермейтінін анықтайды.

#### Жалға алушы ретіндегі Топ

Топ қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тануға жіне бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базальық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқы нисанындағы активтерді таниды.

есепке алынады, ал капитал құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кейінгі жылдары қайта бағаланбайды.

#### Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шоттардың қойылуына қарамастан, алынған тауарлар мен қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс әділ құн бойынша есепке алынады.

#### Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса, немесе оның қолданыс мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме сол кредитор алдында айтарлықтай айырмашылығы бар талаптардағы басқа міндеттемемен ауыстырылатын болса, не қолда бар міндеттеменің талаптары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тану ретінде есепке алынады, ал олардың баланстық құнындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға, ал нетто-сума қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетуге жатады.

барысындағы өндірісті аяқтауға есептік шығындарды және сатудың ықтимал шығындарын шегергендегі есептік сату бағасы ретінде анықталады. Сипаты мен міндеті ұқсас барлық тауарлы-материалдық қорларға қатысты бір ғана құнды есептеу формуласы қолданылады. Барлық қор орта есеппен алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

қаражатының белгілі сомасына жеңіл аударылатын және құнның өзгеруіне қатысты тәуекел төмен қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер кіреді.

#### Пайдалану құқығы нисанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базальық актив пайдалану үшін қолжетімді болып табылатын күнге) пайдалану құқығы нисанындағы активтерді таниды. Пайдалану құқығы нисанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауды түзетумен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.



## Жалға алушы ретіндегі Топ (жалғасы)

### Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (жалғасы)

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша танылған міндеттемелер шамасы, бастапқы көтерген тікелей залал және жалдау басталған күнге немесе осындай күнге дейін жүргізілген жалдау төлемдері кіреді, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегеріледі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мынадай кезеңдердің мейлінше қысқа кезеңдерінде сызықтық тәсілмен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтерді пайдалы қолданудың жорамал мерзімі. Топ пайдалы қолданудың мынадай мерзімдерін белгіледі:

|                           | Жылдар |
|---------------------------|--------|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 5-10   |
| Жабдық                    | 3-15   |

Егер жалдау мерзімі соңында жалданған активке меншік құқығы Топқа өтсе немесе активтің бастапқы құны оны сатып алу опционының орындалуын көрсетсе, актив оны пайдалы қолданудың жорамал мерзімінде амортизацияланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздануға қатысты тексеріледі. Есеп саясатының сипаттамасын «Қаржылық емес активтердің құнсыздануы» бөлімінен қараңыз.

### Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдауды бастау күніне Топ жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін таниды. Жалдау төлемдеріне алуға арналған жалдау бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін шегерумен бекітілген төлемдер (соның ішінде іс жүзінде бекітілген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленеді деп күтілетін сомалар кіреді. Жалдау төлемдеріне сондай-ақ Топ сатып алу опционын орындайтынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опционы және егер жалдау

## Бағалау міндеттемелері

### Жалпы

Егер Топтың өткен оқиғаның нәтижесінен туындаған (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) қолданыстағы міндеті болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндетті өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болып табылады және осындай міндет сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Топ бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлық бағалау міндеттемесінің өтелуін көздесе, мәселен, сақтандыру шарты бойынша, мұндай өтеуге қол жеткізу ешқандай күдік тудырмайды деген жағдайда ғана өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі. Бағалау міндеттемесіне жататын шығыс өтеуді шегергенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін төлемдер де кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері мұндай төлемдерді жүзеге асыруға алып келетін оқиға немесе шарт орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайларды қоспағанда).

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталған күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, себебі жалдау шартына салынған пайыздық мөлшерлемені анықтау оңай болмайды. Жалдаудың басталған күнінен кейін жалдау бойынша міндеттеме шамасы пайыздарды есептеу үшін ұлғаяды және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды. Сонымен бірге Топ жалдаудың түрленуі, жалдау мерзімінің өзгеруі, жалдау төлемдерінің өзгеруі (мысалы, мұндай төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекс немесе мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты келешектегі төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алу опционының өзгеруі жағдайында жалдау бойынша баланстық құнды қайта бағалауды жүргізеді.

### Қысқа мерзімді жалдау

Топ жалдау мерзімі жалдау басталған күннен 12 айдан аспайтын базалық стансылардың қысқа мерзімді жалдауына қатысты қысқа мерзімді жалдауды танудан босауды қолданады және жалға беруші шартты бұзу үшін сөзсіз құқыққа ие. Қысқа мерзімді жалдау шарттары бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде шығыстарға бір-келкі жатқызылады.

### Топ жалға беруші ретінде

Топта активке қатысты меншік құқығына байланысты іс жүзіндегі барлық тәуекел мен пайда қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде келтірілген бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдаудан түскен кірістегі негізіндегідей жалдау мерзімі ішінде танылады. Шартты жалдау төлемі алынған кезеңдегі пайда мен өзге кіріс құрамында танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы айтарлықтай болса, онда бағалау міндеттемелері салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, олар бұл қолданымды болғанда, нақты бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, онда бағалау міндеттемесінің ұлғаюы уақыт өте келе қаржыландыру шығыстары ретінде танылады.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Бағалу міндеттемелері (жалғасы)

##### *Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер*

Орын алып отырған учаскеде пайдаланудан шығару бойынша бағалау міндеттемесі объектілерді жабу және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге (инфрақұрылымды бөлшектеу және жоюды қоса алғанда, қоқыстарды шығару және түртілген учаскелерді қалпына келтіру) көзделген болашақтағы шығындарға қатысты қоршаған ортаны тиісті бұзу орын алатын есепті кезеңде қалыптасады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығын-

#### Жұмыскерлерге сыйақы беру

##### *Әлеуметтік салық*

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болуы кезіндегі шығыстарға жатқызылады.

Мұнымен қатар Топ жинақтаушы зейнетақы қорларға жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін жұмыскерлердің жалақысынан 10% ұстайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өз зейнетақы төлемдері үшін жауапты болады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға қосымша сыйақы беру бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелері жоқ.

##### *Зейнетақы төлемдері*

Топ өз қызметкерлеріне еңбек қызметі аяқталғаннан кейін зейнетақы немесе басқа жәрдемақы төлеумен байланысты ешқандай шығыстарды көтермейді. Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес Топ жұмыскерлердің жалақысынан зейнетақы салымын ұстап қалады және өз жұмыскерлері атынан оларды мемлекеттік немесе жеке зейнетақы қорларына аударады. Зейнетақы жарналары жұмыскерлердің міндеті болып табылады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға төлемдер бойынша ағымдағы және келешектегі міндеттемелері жоқ. Жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін барлық зейнетақы төлемдерін тікелей зейнетақы қорлары жүзеге асырады.

##### *Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар*

Компания өз жұмыскерлерімен жасайтын ұжымдық шарт белгілі бір жұмыскерлер үшін бірқатар ұзақ мерзімді сыйақылар мен жұмыстан босағанда алатын жәрдемақыларды көздейді (бұдан әрі – «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар»).

#### Меншікті сатып алынған акциялар

Топ сатып алған меншікті үлестік құралдар (меншікті сатып алған акциялар) бастапқы құны бойынша танылады және капиталдан алынып тасталады. Пайда немесе залал құрамында Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе жоюға байланысты пайда немесе залал танылмайды. Меншікті сатып алынған акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату кезінде алынған

дардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құны бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

Ұзақ мерзімді сыйақылар белгілі жылдар бойы жұмыс істеген жұмыскерлерге төленеді, ал жұмыстан босағанда алатын жәрдемақылар Компанияның ұжымдық шартында көзделген еңбек қызметінің аяқталуына байланысты біржолғы төлемдерді білдіреді. Көрсетілген сыйақылар көлемі жұмыскердің орташа жалақысы мен жұмыс өтіліне қарай өзгереді.

Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны «болжамдалатын шартты бірлік» әдісін пайдаланумен анықталады.

Актуралы пайда мен залалды қамтитын қайта бағалау нәтижелері, сондай-ақ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда, активтің шекті шамасының ықпалы және бағдарлама активтерінің кірістілігі (белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда) тиісті пайда мен залал туындаған кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс арқылы бөлінбеген пайда құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте тез арада танылады. Қайта бағалау нәтижелері келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына жіктелмейді.

Бұрынғы қызметтер құны мына даталардың мейлінше ертерегіне пайда немесе залал құрамында танылады:

- жоспарды өзгерту немесе секвестрлеу күні; және
- топ қайта құрылымдауға тиісті шығындарды танитын күн.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы анықталады. Компания белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттеменің көрсетілген өзгерістерін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өткізудің өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» баптары құрамында таниды.

өтеу сомасы арасындағы айырмашылық капиталда танылады.

## Ақша қаражатымен төленетін дивидендтер және бас компания акционерлеріне ақшалай емес активтерді бөлу

Бөлініс бекітіліп, одан әрі Топтың қарастыру мәні болып табылмайтын жағдайда Топ Бас компания акционерлеріне ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Заңнамаға сәйкес бөліністі акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу міндеттемесі бөлінуге жататын активтердің әділ құны бойынша бағаланады, ал

### Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға берілетін жағдайда және осы тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде Топ алуды күтіп отырған өтеуді көрсететін сомада таниды.

Топтың қызметі негізінен деректер беру қызметтерін, тіркелген және ұялы байланыс қызметтерін, байланыс арналарын жалға беру, жергілікті, қалааралық және халықаралық қоңыраулар бойынша қызметтерді, желіаралық қосылыстарды ұсынумен/басқа операторларға трафикті берумен, қосымша қызметтерді және жабдық пен мобильдік құрылғыларды сатумен байланысты.

Шарттың басында Топ сатып алушымен жасалған шартта уәде етілген тауарларды және қызметтерді бағалайды және орындауға міндет ретінде сатып алушыға уәде етілген белгілі бір тауарды немесе қызметті немесе белгілі бір тауарлардың немесе қызметтердің жиынтығын анықтайды.

Топ өзі жасасқан және түсім алуды көздейтін барлық шарт бойынша принципал болу туралы қорытындыға келді. Себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша міндетті өзіне қабылдаған негізгі тарап болып табылады және тауарлар мен қызметтер сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылайды.

### Қызметтер көрсету

Сымсыз және тіркелген жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланысы қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Өңделетін трафиктің нақты минут саны ескеріле отырып, жергілікті және шетелдік операторларға желіаралық қосылыс үшін төлем қызмет көрсетуіне қарай танылады.

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерінен және ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен қосылу қызметтерінен кіріс Топ желісі бойынша қоңырау жасалған сәтте танылады.

Кеңжолақты және басқа интернет қызметтеріне немесе дауыс қызметтеріне қол жеткізу үшін негізінен ай сайынғы төлемдерден тұратын абоненттік төлем уақыт өте келе кіріс ретінде теңдей танылады. Интернетке коммутацияланатын қатынаудан кіріс клиентке ұсынылатын нақты эфирлік уақыт негізінде танылады.

Аналогты және цифрлық байланыс арналарын және жеке желілерді жалға беруден кіріс, сондай-ақ көтерме қатынаудан кіріс уақыт өте келе кіріс ретінде танылады. Себебі Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындауы барысында сатып алушы бір уақытта пайда түсіреді және тұтынады.

осы активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Жаңа абоненттерді тіркелген және сымсыз байланыс желілеріне қосу кезінде алынған өтелмейтін аванстық төлемдер клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде танылады. Клиентпен қарым-қатынастың болжалды кезеңі бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.

### Клиенттерге ұсынылатын жабдық

Топ интернет және деректер беру бойынша басқа қызметтерді, сондай-ақ модемді, роутерлерді және басқаларды қоса алғанда, аталған қызметтерді көрсету үшін жабдық ұсынады.

Топ ағымдағы операциялық көрсеткіштер талдауын негізге ала отырып, абонент Топтың қызметтерінен бөлек пайдалана алмайтын жабдық орындау үшін жеке сәйкестендірілетін міндеттеме болып табылмайды деген қорытынды жасады.

Топ шартты орындау шығындары ретінде тегін ұсынылатын жабдық құнын ақшаға айналдырады. Шартты орындау шығындары клиентке қызмет көрсетілетін кезең ішінде амортизацияланады.

### Жабдықты және мобильді құрылғыларды өткізу

Топ клиенттер үшін қызметтер мен тауарларды бір ұсыныс топтамасына біріктіре алады. Ұсыныста бірнеше тауарды, қызметті немесе активтерге құқықты жеткізу немесе ұсыну (кешенді ұсыныстар) қамтылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда келісімдерге бастапқы орнату, қосу немесе активация қосылуы мүмкін және бекітілген төлеммен немесе келешекте жалғасатын төлемдер жиынтығымен бекітілген төлемді көздейді. Жабдықпен байланысты шығындар өткізуден түсетін кірісті тану сәтінде танылады. Кірістер жеке сатудың салыстырмалы бағасы негізінде жабдық пен қызметтер арасында бөлінеді.

Жекелеген сату бағасы Топ мобильдік құрылғылар мен байланыс қызметтерін сататын бағанамалық баға негізінде анықталады. Топ ұсынатын қызметтерді немесе тауарларды алумен ғана байланысты пайдаланыла алатын мамандандырылған жабдық жеке есепке алынбайды, қызметтерді ұсыну бойынша келісімнің жалпы кезең ішінде біркелкі танылады.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім (жалғасы)

##### *Жабдықты және мобильді құрылғыларды өткізу (жалғасы)*

Клиенттерге біреуден артық қызмет ұсынатын шарттар бойынша қызмет сомасы оқшауланған сатудың салыстырмалы бағасын пайдаланумен тауарлар мен қызметтер арасында бөлінеді. Әр жекелеген орындау міндеттемесі үшін операция құнын есептеу күрделі бағалауды талап етеді. Топ әрбір жекелеген орындау міндеттемесі үшін оқшауланған сату бағасын әдетте қажет жерінде көлемі үшін шегерімдерді ескере отырып, тұрақты түрде оқшауланған негізде сатылатын тауарлар немесе қызметтер бойынша бағалар негізінде анықтайды.

##### *Роуминг бойынша шегерімдер*

Топ роумингтік шегерімдерді ұсыну туралы келісімді бірқатар ұялы байланыс операторларымен жасайды. Келісімдердің талаптарына сәйкес Топ шегерім беруге міндетті, сондай-ақ оларды негізінен операторлар арасында роумингтік трафик көлеміне байланысты алуға құқылы. Топ тарихи деректерге негізделген және тиісті өзгерістерді ескере отырып түзетілген, алуға немесе ұсынуға арналған шегерімдер сомасын анықтау үшін түрлі бағалау мен жорамалдарды пайдаланады. Бағалау деректері жаңадан пайда болған ақпаратты көрсету үшін ай сайын түзетіліп отырады.

Топ алынған шегерімдерді роуминг бойынша шығыстардың азаюы, ал шегерім беруді – роуминг қызметтері түсімі көлемінің азаюы ретінде есепке алады. Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте роуминг бойынша серіктестер алдында тиісті дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету тәсілін анықтаумен роумингтік шегерімдерді ұсыну туралы түрлі келісімдердің шарттарын талдайды.

#### Шарт бойынша қалдықтар

##### *Сауда дебиторлық берешек*

Егер шартты болып табылатын сыйақы сомасы клиенттен алынатын болса (яғни, мұндай өтем төленуге тиіс болатын сәттің басталуы уақыт ағынына ғана байланысты болады), дебиторлық берешек танылады. Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты Қаржы активтері – бастапқы тану және кейінгі бағалау бөлімінде қаралады.

##### *Шарт бойынша міндеттемелер*

Төлем клиенттен алынған немесе Топ тиісті тауарлардың немесе қызметтерді клиентке бергенге дейін (қайсысы бірінші болуына қарай) төленуі тиіс болса, Шарт бойынша міндеттеме танылады. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда шарт бойынша міндеттеме түсімі ретінде танылады (яғни тиісті тауарлар немесе қызметтерді бақылауды клиентке береді).

##### *Қаржыландырудың елеулі компоненті*

Топ негізінен сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдер алады. Егер шарт жасасу сәтінде уәделі тауарды немесе қызметті сатып алушыға тапсыру мен мұндай тауар немесе қызмет үшін төлем арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтілсе, 15 ҚЕХС-де (IFRS) көзделген практикалық сипаттың жеңілдігін пайдалану нәтижесінде Топ қаржыландырудың елеулі компоненті есерін ескере отырып, уәделі өтем сомасын түзетпейді.

Сондай-ақ Топ халықаралық желіге қосылысты іске қосу үшін ұзақ мерзімді аванстар алады. Қаржыландырудың елеулі компонентін көрсету үшін мұндай шарттар бойынша мәміленің тіркелген бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушылар арасындағы жеке қаржыландыру операциялары үшін қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

##### *Шарт жасасу шығындары*

Топ төлем скретч-карта, сим-карталардың және мобильдік телефондардың бір бөлігін сауда агенттері арқылы сатады. Топ В2С сегментінде жаңадан қосылған абоненттер үшін сату жөніндегі агенттерге комиссиялық сыйақы төлейді. Комиссиялық сыйақы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте шарт жасасу шығындары ретінде ақшаға айналдырылады. Шарт жасасу шығындары клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде жүйелі түрде амортизацияланады.

##### *Шарт бойынша активтер*

Шарт бойынша актив ұйымның сатып алушыға тапсырылған тауарлардың немесе қызметтердің орнына өтем алу құқығы болып табылады. Егер Топ сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді сатып алушы өтемді төлегенге дейін немесе өтем төленуге тиіс болған сәтке тапсырса, онда шартты болып табылатын, алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.

##### *Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтер көрсету үшін өтемақы*

Әмбебап қызметтер көрсету үшін өтемақы алынатынына және оған байланысты шарттар орындалатынына негізді сенімділік болған жағдайда, ол әділ құны бойынша танылады. Егер өтемақы шығыстар бабына қатысты болса, ол мұндай өтемақыны орнына өтемақы алынған шығындарға жүйелік жатқызу үшін қажетті кезеңдердегі кірістер құрамында көрсетіледі. Егер өтемақы активке қатысты болса, онда оның әділ құны алдағы кезеңдердің Кірістер кредит шоттарына қосылады және тиісті активтің болжалды қызмет мерзімі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тең үлестермен жыл сайын есептен шығарылады.

Кірістерге жататын өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен кіріс ретінде жеке баппен көрсетіледі.

## Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы мен сату үшін қолда бар активтер ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралын болжалды пайдалану мерзімі немесе бұл орынды болған жағдайда қаржы активінің не міндеттемесінің таза баланстық құнына дейінгі барынша қысқа

## Шығыстарды тану

Шығыстар жатқызылуына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

### Абоненттерді қосу бойынша шығыстар

Топ клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартуды көрсетеді.

## Табыс салығы

### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Компания басшылығы тиісті салық заңнамасы өртүрлі қарастырылуы мүмкін салық декларацияларында көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытылы жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрайды.

### Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақыт айырмашылықтарын анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты уақыт айырмашылықтарына қатысты, егер уақыт айырмашылығы, қалпына келтіру мерзімдерін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмашылығы көз жетерлік болашақта қалпына келтіріледі деген жағдайда.

кезең ішінде алдағы күтілетін төлемдерді немесе ақшалай қаражат түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісінің құрамына қосылады.

### Дивидендтер

Дивидендтерден кіріс Топтың төлемді алу құқығы белгіленген кезде танылады және бұл әдетте акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде жүргізіледі.

### Қарыз алу бойынша шығыстар

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге де шығын олар жаратылған кезеңдегі шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты Топ тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

Кейінге қалдырылған салық активтері есептелетін уақыт айырмасы, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайда болуы мүмкін деген айтарлықтай ықтималдық дәрежесінде, мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық есептелетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады:

- есептелетін уақыт айырмашылығына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан болмаған және операцияны іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады;
- еншілес ұйымдарға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлік туралы келсімдерге қатысу үлестерімен байланысты есептелетін уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық активі уақыт айырмашылықтары көз жетерлік болашақта пайдаланылуына және уақыт айырмашылықтары қарсы пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар деңгейде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім (жалғасы)

##### Кейінге қалдырылған табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залалдың құрамынан тыс танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда мен залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес немесе өзге жинытық кіріс құрамында, болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған активтер және кейінге қалдырылған салық ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алу құқығы заңды қорғаумен қамтамасыз етілсе және кейінге қалдырылған салық бір салық салынатын компанияға және салық органына қатысты болған жағдайда, бір-біріне қарсы есепке алынады.

#### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайда ағыны мүмкін жерлерде ашылады.

Экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың жылыстауы ықтимал болған жағдайларын қоспағанда, шартты.

#### Байланысты тараптар

ҚЕХС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға» сәйкес тараптар немесе қаржылық немесе операциялық шешімдер қабылдау кезінде бір тарап екінші тарапты бақылау немесе айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне ие болса, олар байланысты тараптар деп саналады.

Байланысты тараптармен операциялар Топтың байланысты тараптары болып табылатын компаниялардан алынған

Бизнесті біріктіру аясында пайда болған, бірақ осы күнге жеке тану критерийлеріне сәйкес келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдаяттардың өзгеруі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда кейіннен танылады. Түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса (егер оның шамасы гудвил мөлшерінен аспаса) гудвилдің азаюы деп танылады, өзге жағдайларда ол пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды өзінде ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңмен қорғалған құқығы болғанда ғана және кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған міндеттемелер бір салық органы салатын және операцияларына салық салынатын бір ұйымға немесе ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша есептеулерді нетто негізде жүргізуді, не бұл активтерді өткізіп, бұл міндеттемелерді бір мезгілде кейінге қалдырылған міндеттемелер немесе активтердің елеулі сомасын өтеу немесе орнын толтыру күтілетін әрбір келешектегі кезеңде өтеу болжанатын, операцияларына салық салынатын бірнеше ұйымдардан алынатын пайда салықтарына жатқызылатын жағдайда ғана жүргізеді.

міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Олар экономикалық пайданы көрсететін ресурстардың жылыстауы үлкен болмаған жағдайларды қоспаған кездерде ашылады.

немесе соларға сатылған мүлік, жұмыс және қызметтер үшін есептесулердің жай-күйін көрсету үшін пайдаланылады. Ұқсас сипаттағы баптар жиынтықпен ашылады, бұған байланысты тараптармен операциялардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін түсіну үшін ақпаратты жеке ашу талап етілген жағдайлар жатпайды.

### 4. Елеулі есептік пайымдаулар, бағалау мәндері мен жорамалдар

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін кірістердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомаларына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдаулары, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары – *50-ескертпе*.
- Сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу – *13 және 28-ескертпелер*.



## Пайымдаулар

Топтың есеп саясатын қолдану барысында басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаларға айтарлықтай әсер ететін мынадай пайымдауларды қолданды:

*Жалға беруді ұзарту опционымен немесе жалға беруді тоқтату опционымен жалдау мерзімін анықтау – Топ жалға беруші ретінде*

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау мерзімі ретінде, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдерімен, немесе орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, оларға қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдерімен жалдау кезеңін белгілейді.

Топта жалдауды ұзарту опционы немесе жалдауды тоқтату опционы кіретін бірнеше жалдау шарттары бар. Топ пайымдауды өзінде жалдауды ұзарту опционын немесе тоқтату опционын орындай алады деген жеткілікті сенімділік бар ма дегенді бағалау үшін қолданады. Бұл ретте ол кез келген опционның орындалуы үшін экономикалық ынталандырудың пайда болуына алып келетін барлық орынды факторларды ескереді. Жалдау басталған күннен кейін Топ елеулі оқиға пайда болған кезде немесе Топтың бақылауындағы және оның жалдауды немесе (жалдауды тоқтату) ұзарту опционын орындау (немесе орындамау) мүмкіндігіне әсер ететін жағдаяттар өзгергенде жалдау мерзімін қайтадан бағалайды.

Топ мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын мейлінше қысқа кезеңмен техника мен жабдықты жалдау шарттары бойынша жалдау мерзімін белгілеу кезінде, оларға қатыс-

## Бағалау мәндері мен жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

*Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі*

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін кемінде әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгерідегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер 8 ҚЕХС(ІАС) «Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер мен қателерге» сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

*Қаржылық емес активтердің құнсыздануы*

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын, оның өтелетін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің

ты ұзарту опционы көзделген кезеңдерді ескерді. Топ әдетте осы жалдау шарттары бойынша ұзарту опционын орындайды, себебі бұл активтерді оңай ауыстыру мүмкіндігінің болмауы өндіріс үдерісіне елеулі кері әсер етеді.

*50-ескертпені қараңыз*, онда жалдау мерзімін анықтау кезінде ескерілмеген, жалдауды ұзарту опционымен немесе жалдауды тоқтату опционымен көзделген кезеңдерге жататын ықтимал келешектегі жалдау төлемдері туралы ақпарат көрсетілген.

*Сатуға арналған активтер*

2019 жылдың 17 маусымында Топтың Директорлар кеңесі екі сатылы ашық тендер өткізу арқылы еншілес ұйымы «КТ Cloud Lab» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100% сату туралы шешімін жариялады. «КТ Cloud Lab» ЖШС сатуға арналған шығатын топ ретінде жіктелді.

Директорлар кеңесі мыналарды басшылыққа ала отырып, еншілес ұйым осы күнге сатуға арналған ретінде жіктеу критерийлеріне сай деп шешті:

- «КТ Cloud Lab» ЖШС тез арада сату үшін қолда бар және өзінің ағымдағы жағдайында сатып алушыға сатыла алады;
- сатумен байланысты іс-шаралар басталды;
- әлеуетті сатып алушы сәйкестендірілді және есепті күнге онымен келіссөздер аяқталуға жақын;
- акционерлер 2019 жылы 17 маусымда сату жоспарын бекітті.

Тоқтатылған қызмет туралы толық ақпарат *47-ескертпеде* берілген.

істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қормақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктердің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат *13-ескертпеде* келтіріледі және түсіндіріледі.

## 4. Елеулі есептік пайымдаулар, бағалау мәндері мен жорамалдар (жалғасы)

### Бағалау мәндері мен жорамалдар (жалғасы)

#### *Болжалды кредиттік залал үшін бағалау резерві*

Топ кредиттік мекемелердегі дебиторлық берешек және қаражат (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) бойынша болжалды кредиттік залалдарға резервтер жасайды.

Болжалды кредиттік залалдарды сауда және өзге дебиторлық берешекке қатысты бағалау кезінде Топ стандартта қарастырылған жеңіл амал-тәсілін қолданды және аталған қаржы құралдарының барлық қызмет мерзіміне болжалды кредиттік залалдарды есептеді. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесін негізінде дайындалған, қарызға алушыларға тән факторлар мен жалпы экономикалық талаптар ескеріле отырып түзетілген бағалау резервтерінің моделін пайдаланды. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзету үшін болжалды ақпарат негізінде матрицаны жаңартып отыратын болады. Мысалы, келесі жыл ішінде телекоммуникациялық секторда дефолт жағдайлары артуына алып келуі мүмкін болжалды экономикалық талаптар нашарлайды деп күтілсе (мысалы, ЖІӨ), онда дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер әрбір есеп күніне жаңартылады және болжалды бағалардың өзгерістері талданады.

Экономикалық талаптар арқылы болжанатын дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері мен БКЗ арасындағы өзара байланысты бағалау маңызды есеп бағасы болып табылады. БКЗ мөлшері жағдайлар мен болжанатын экономикалық талаптардың өзгерістеріне сезімтал болады. Топтың кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптар болжамы сатып алушының болашақтағы нақты дефолты үшін көрсеткіш болмауы мүмкін. Топтың сауда дебиторлық берешегі бойынша БКЗ туралы ақпарат *18-ескертпеде* берілген.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) қатысты Топ 12 айлық кезеңге болжалды кредиттік залалдарды есеп шықты. 12 айлық болжалды кредиттік залалдар – бұл бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдардың бір бөлігі. Олар есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтимал, қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын болжалды кредиттік залалдар болып табылады. Бірақ бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай артқан жағдайда, залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдарға тең сомамен бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдер 30 күннен аса кешіктірілсе, Топ кредиттік тәуекел айтарлықтай артты деп есептейді. Сондай-ақ шарт бойынша төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, қаржы құралы бойынша дефолт деп саналады. Бірақ ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ бекітетін кредиттік сапаны арттыру тетіктерін есепке алмағанда, шартта қарастырылған төлемдердің барлық қалған сомасын Топтың алуы ықтималдығы аз деп көрсетсе, Топ белгілі бір жағдайларда қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытынды жасауы мүмкін.

Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған резервтер 11.040.859 мың теңге сомасында құрылды (2019 жыл:

9.790.812 мың теңге) (*18, 20 және 24-ескертпелер*). Экономикадағы, саладағы өзгерістер және нақты сипаттамалар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген резервтерге ықпал етуі мүмкін.

#### *Шартта қаржыландырудың елеулі компонентінің болуы*

Топтың сатып алушыға қызмет көрсетуі мен сатып алушының мұндай қызметтердің ақысын төлеу сәті арасындағы уақыт аралығына байланысты Топ кейбір ұзақ мерзімді шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылған деген қорытындыға келді.

Мұндай шарттар бойынша мәміле бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушы арасындағы қаржыландырудың жеке операциясына қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

#### *Шарт жасасу шығындары*

Топ делдалдық комиссияны шарт жасасудың қосымша шығыны деп есептейді және мұндай шығындарды сатып алушылармен шарт жасасу шығындары бойынша актив ретінде ақшаға айналдырады. Топ шарт жасасу шығындарын жүйелік негізде амортизациялайды және бұл сатып алушыларға қызмет көрсету мерзімдеріне сәйкес келеді. Қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері өзгерген жағдайда Топ амортизация мерзімдерін қайта қарайды.

#### *Шарт бойынша міндеттемелер*

Кейінге қалдырылған кірістер шарт бойынша міндеттемелер ретінде танылады және клиенттермен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС (IFRS) жазылған клиенттермен шарттар бойынша түсімді танудың егжей-тегжейлі критерийлерін, салалық тәжірибені және Топтағы кетудің тарихи көрсеткішін есепке алды.

#### *Өтелмейтін аванстық төлемдер*

Жеке пайда түсірумен байланысы жоқ, іске қосу қызметтері мен сымды және сымсыз байланыс қызметтері үшін аванстық төлемдер шарт бойынша міндеттемелердің құрамына енгізіледі және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басшылық 15 ҚЕХС-те (IFRS) көзделген қосу қызметтерінен кірісті тану критерийлерін, салалық тәжірибені және клиенттердің қызметтерден бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиентпен қарым-қатынастың орташа кезеңі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 (он үш) жыл және интернет клиенттері үшін 5 (бес) жыл деп бағаланады.

#### *Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме*

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттеме объектілерді жабуға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны тиісті бұзушылық орын алатын есепті кезеңде қоршаған ортаны қалпына келтіруге көзделген болашақтағы шығындарға қатысты танылады. Пайдалану-

дан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

### **Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер**

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жердемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген жұмыскерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған жұмыскерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі жылдық есепті кезең аяқталғаннан кейін Топтың он екі ай ішінде төлеуді жоспарлаған міндеттемелері болып табылады.

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары кірісті корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындарына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат *28-ескертпеде* ашып көрсетілген.

### **Салықтар**

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салудан пайда алынады өрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымдауы қажет.

2019 жылы Топ 1.377.725 мың теңге мөлшерінде кейінге қалдырылған салық залалын таныды. 2020 жылы Топ 306.891 мың теңге мөлшерінде кейінге қалдырылған салық залалын қосымша таныды.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны 1.980.671 мың теңгені құрайды (2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша: 1.818.401 мың теңге). Толық ақпарат *46-ескертпеде* берілген.

### **Жалдау –қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау**

Топ жалдау шартына салынған пайыздық мөлшерлемені оңай анықтай алмайды, сондықтан жалдау бойынша міндеттемені бағалау үшін қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қолданады. Қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі – бұл ұқсас мерзімге және ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив құнына ұқсас құнмен активті алуға қажетті қарыз қаражатын ұқсас қамтамасыз ету кезінде Топ тарта алатын пайыздық мөлшерлеме. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Топ «төлеуге тиіс болатын» пайызды көрсетеді және оның анықтамасы жалдау шарттарын көрсету үшін бақыланатын мөлшерлемелерді түзету қажет болса немесе бақыланатын мөлшерлеме болмаған жағдайда, есептеу бағалауларын талап етеді. Топ бақыланатын бастапқы деректерді, болған жағдайда, пайдаланумен қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін анықтайды (нарықтық пайыздық мөлшерлеме сияқты) және ұйым үшін ерекше белгілі есептеу бағалауларын қолданады.

### **Қаржы құралдарының әділ құны**

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін белгілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат *50-ескертпеде* берілген.

### **Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны**

Топ бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған немесе өзіне қабылдаған сәйкестендірілетін активтерді, міндеттемелер мен шартты міндеттемелерді олардың әділ құны бойынша сатып алу күніне жеке тануы тиіс, бұл бағаларды қолдануды білдіреді. Мұндай бағалаулар болашақтағы ақша ағындарын болжау барысында елеулі пайымдаулар қолдануды талап ететін түрлі бағалау әдістеріне және өзге жорамалдар машықтарына негізделген.

Сатып алу күніне «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» таза активтері әділ құнын бағалау негізінде танылды (*6-ескертпе*).

## 5. Салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу

### Есеп саясатындағы өзгерістер

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шоғырландырылған есепте, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте кейбір сомалар төменде жазылған күн тәртібі бойынша ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитеті шешімінің қабылдануы нәтижесінде есеп саясатындағы өзгерістердің әсерін көрсету үшін қайта қаралды.

#### **ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитеті жойылатын немесе қайта жаңартылатын жалдау және онымен байланысты жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулері бойынша шешімі**

2019 жылы қараша айында ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитеті жойылатын немесе қайта жаңартылатын жалдау және онымен байланысты жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулері бойынша шешімді жариялады. Бұл шешім бойынша қорытынды мынадай түрде берілді:

#### *Жалдау мерзімі*

ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитеті жалдау шартының қолданыс мерзімін анықтау кезінде мыналар ескерілуі тиіс деп атап көрсетті:

- жалдау бойынша төлемдерді тоқтату әсері ғана емес, шарттың мейлінше кең экономикалық мәні. Мысалы, егер тараптың біріне шартты бұзғаны үшін шамалы айыппұл салынатындықтан, жалдауды тоқтатпауға экономикалық ынталы болса, шарт бұзылуы уақытында, шарт мерзімі аяқталғаннан кейін қамтамасыз етілген болып саналады; және
- тараптардың әрқайсысы шамалы айыппұлдан аспайтын төлем жасаумен жалдау шартын біржақты (екінші тараптың рұқсатынсыз) бұзуға құқылы ма. Екі тарап та осындай құқыққа ие болған жағдайда ғана жалдау қорғалмаған. Сәйкесінше, тараптың біреуі ғана екінші тараптың рұқсатынсыз жалдау шартын шамалы айыппұл төлеумен бұзуға құқылы болса, шарт осы тарап шартты бұза алатын мерзім аяқталғаннан кейін шарт қорғалған болып табылады.

Егер ұйым жалдау мерзімінен бұрын тоқтату мерзімі (немесе жаңартылатын бастапқы кезең) аяқталғаннан кейін шарт қорғалған деп қорытынды жасаса, ұйым жалға алушы жалдауды тоқтату опционын орындамайтынына жеткілікті сенімділіктің болуын бағалауы тиіс.

#### **Жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулерін пайдалы қолдану мерзімі**

Ұйым жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулерін пайдалы қолдану мерзімін анықтау кезінде ҚЕХС (IAS) 16 қолданады. Егер тиісті шарттың жалдау мерзімі осы жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулерінің экономикалық қызметі мерзімінен қысқа болса, ұйым жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулерін пайдалануды жоспарлайды ма деген мәселегі қарастырады. Егер ұйым мұны болжамайтын болса, онда ҚЕХС (IAS) 16 қолдана отырып, жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулерін пайдалы қолдану мерзімі жалдау мерзіміне тең деген қорытындыға келеді. Топтың ағымдағы тәжірибесі осы түсіндірмелерге сәйкес келетіндіктен, бұл Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитетінің бұл шешімі ретроспективті қолданылуы тиіс және 2019 жылы қарашада жарияланған күнінен бастап дереу күшіне енеді.

#### *Шешімнің Топтың есеп саясатына әсері*

Топ ілгеріде қысқа мерзімі жалдау шарттары деп танылған, мемлекеттік мекемелермен техникалық сайттарды жалдауға жасалған шарттары есебін қайта қарады, себебі Топ 16 ҚЕХС 5-тармағына сәйкес қысқа мерзімді жалдау үшін танымауды қолданды.

Топ ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитетінің шешімін қолданатындықтан, ол Топ жалдау шарттарын тоқтатуға (немесе тоқтатпауға) жеткілікті сенімділігі бар ма дегенді бағалау кезінде шартты бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын ғана емес, жалға алушы үшін экономикалық ынталандыру беретін барлық тиісті фактілер мен жағдаяттарды ескереді. Топ техникалық сайттарды жалдау шарттарының мерзімін орнатылған базалық стансылардың орташа пайдалану мерзіміне тең етіп белгіледі.

Топ ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитетінің шешімін қабылдады және Топ ҚЕХС (IAS) 16 қабылдау күнінен, 2019 жылы 1 қаңтардан бастап күшін енген мемлекеттік ұйымдармен жасалған жалдау шарттарын ретроспективті қата есептеді. Бастапқы тану күніне қосымша қарыз қаражатын тану мөлшерлемесін пайдалануды қоспағанда, ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитетінің шешімі үнемі қолданылатындай, жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер баланстық құны негізінде танылды. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы тану күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланумен дисконтталған қалған жалға алу төлемдерінің келтірілген құны негізінде танылды.

Есеп саясатындағы өзгерістердің әсері төменде ашып көрсетіледі.

| Мың теңгемен  | Бастапқы усынылғаны  | «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» әділ құнын алдын ала бағалауды аяқтау (6-ескертпе) | Есеп саясатындағы өзгерістер | Түзетулер          | Ескертпе | Түзетілгені          |
|---|----------------------|--|------------------------------|--------------------|----------|----------------------|
| <b>2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп</b> |                      |  |                              |                    |          |                      |
| Айналымнан тыс активтер   |                      |  |                              |                    |          |                      |
| Негізгі құралдар  | 437.315.934          | 806.360  | –                            | –                  | [3]      | 438.122.294          |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер   | 89.670.048           | –  | 2.427.388                    | –                  | [1]      | 92.097.436           |
| Материалдық емес активтер   | 223.340.462          | 7.773.652  | –                            | –                  | [3]      | 231.114.114          |
| Гудвил  | 158.684.705          | (4.192.210)  | –                            | (2.090.250)        | [3], [2] | 152.402.245          |
| Кейінге қалдырылған салық активтері   | 1.766.127            | –  | 52.274                       | –                  | [1]      | 1.818.401            |
| <b>Барлық айналымнан тыс активтер</b>   | <b>930.514.219</b>   | <b>4.387.802</b>   | <b>2.479.662</b>             | <b>(2.090.250)</b> |          | <b>935.291.433</b>   |
| Айналымдағы активтер  |                      |  |                              |                    |          |                      |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем                              | 4.237.313            | –  | –                            | 2.192.254          | [2]      | 6.429.567            |
| <b>Барлық айналым активі</b>  | <b>148.535.831</b>   | <b>–</b>   | <b>–</b>                     | <b>2.192.254</b>   |          | <b>150.728.085</b>   |
| <b>Барлық актив</b>   | <b>1.079.050.050</b> | <b>4.387.802</b>   | <b>2.479.662</b>             | <b>102.004</b>     |          | <b>1.086.019.518</b> |
| Капитал мен міндеттемелер   |                      |  |                              |                    |          |                      |
| Бөлінбеген пайда  | 420.469.917          | 44.998   | (144.080)                    | –                  | [1], [3] | 420.370.835          |
| Бақыламайтын қатысу үлестері  | 35.507.909           | –  | (65.327)                     | 696.750            |          | 36.139.332           |
| <b>Барлық капитал</b>   | <b>462.865.928</b>   | <b>44.998</b>  | <b>(209.407)</b>             | <b>696.750</b>     |          | <b>463.398.269</b>   |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер   |                      |  |                              |                    |          |                      |
| Жалдау бойынша міндеттемелер: ұзақ мерзімді бөлігі                              | 55.236.254           | –  | 2.545.195                    | –                  | [1]      | 57.781.449           |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер                                    | 1.318                | 1.861.290  | –                            | –                  | [3]      | 1.862.608            |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері  | 42.448.856           | 1.159.553  | –                            | –                  | [1]      | 43.608.409           |
| <b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>                                       | <b>467.709.077</b>   | <b>3.020.843</b>   | <b>2.545.195</b>             | <b>–</b>           |          | <b>473.275.115</b>   |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер  |                      |  |                              |                    |          |                      |
| Жалдау бойынша міндеттемелер: қысқа мерзімді бөлігі                             | 15.291.266           | –  | 143.874                      | –                  | [1]      | 15.435.140           |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер                                   | 20.151.913           | 2.087.140  | –                            | –                  | [3]      | 22.239.053           |
| Сауда кредиторлық берешек   | 59.397.839           | (765.179)  | –                            | –                  | [3]      | 58.632.660           |
| Төленетін ағымдағы корпоративтік табыс салығы                                   | 1.345.601            | –  | –                            | (594.746)          | [2]      | 750.855              |
| <b>Барлық қысқа мерзімді міндеттеме</b>   | <b>148.475.045</b>   | <b>1.321.961</b>   | <b>143.874</b>               | <b>(594.746)</b>   |          | <b>149.346.134</b>   |
| <b>Барлық міндеттеме</b>  | <b>616.184.122</b>   | <b>4.342.804</b>   | <b>2.689.069</b>             | <b>(594.746)</b>   |          | <b>622.621.249</b>   |
| <b>Барлық капитал мен міндеттеме</b>  | <b>1.079.050.050</b> | <b>4.387.802</b>   | <b>2.479.662</b>             | <b>102.004</b>     |          | <b>1.086.019.518</b> |

## 5. Салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу (жалғасы)

### Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

**ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитеті жойылатын немесе қайта жаңартылатын жалдау және онымен байланысты жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулері бойынша шешімі (жалғасы)**

Шешімнің Топтың есеп саясатына әсері (жалғасы)

| Мың теңгемен  | Бастапқыда ұсынылғаны | Есеп саясатындағы өзгерістер | Түзетулер          | Ескертпе | Түзетілгені        |
|---|-----------------------|------------------------------|--------------------|----------|--------------------|
| <b>2019 жылғы 1 қаңтардағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп</b> |                       |                              |                    |          |                    |
| <b>Айналымнан тыс активтер</b>  |                       |                              |                    |          |                    |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер                                       | 71.929.617            | 2.861.609                    | –                  | [1]      | 74.791.226         |
| Гудвил  | 58.286.528            | –                            | (2.090.250)        | [2]      | 56.196.278         |
| <b>Барлық айналымнан тыс активтер</b>                                       | <b>692.064.796</b>    | <b>2.861.609</b>             | <b>(2.090.250)</b> |          | <b>692.836.155</b> |
| <b>Айналымдағы активтер</b>   |                       |                              |                    |          |                    |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлеу                          | 1.849                 | –                            | 933.173            | [2]      | 935.022            |
| <b>Барлық айналымдағы активтер</b>  | <b>129.593.842</b>    | <b>–</b>                     | <b>933.173</b>     |          | <b>130.527.015</b> |
| <b>Барлық актив</b>   | <b>821.658.638</b>    | <b>2.861.609</b>             | <b>(1.157.077)</b> |          | <b>823.363.170</b> |
| <b>Капитал мен міндеттемелер</b>  |                       |                              |                    |          |                    |
| Бөлінбеген пайда  | 373.056.587           | (55.757)                     | –                  | [1]      | 373.000.830        |
| Бақыламайтын қатысу үлестері  | 33.742.060            | (39.737)                     | 696.750            |          | 34.399.073         |
| <b>Барлық капитал</b>   | <b>414.276.124</b>    | <b>(95.494)</b>              | <b>696.750</b>     |          | <b>414.877.380</b> |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>  |                       |                              |                    |          |                    |
| Жалдау бойынша міндеттемелер: ұзақ мерзімді бөлігі                          | 43.278.960            | 2.044.498                    | –                  | [1]      | 45.323.458         |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері                                    | 40.902.068            | (39.738)                     | –                  | [1]      | 40.862.330         |
| <b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>                                   | <b>243.502.572</b>    | <b>2.004.760</b>             | <b>–</b>           |          | <b>245.507.332</b> |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>   |                       |                              |                    |          |                    |
| Жалдау бойынша міндеттемелер: қысқа мерзімді бөлігі                         | 9.922.609             | 952.343                      | –                  | [1]      | 10.874.952         |
| Төленетін ағымдағы корпоративтік табыс салығы                               | 3.319.656             | –                            | (1.853.827)        | [2]      | 1.465.829          |
| <b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>                                  | <b>163.879.942</b>    | <b>952.343</b>               | <b>(1.853.827)</b> |          | <b>162.978.458</b> |
| <b>Барлық міндеттемелер</b>   | <b>407.382.514</b>    | <b>2.957.103</b>             | <b>(1.853.827)</b> |          | <b>408.485.790</b> |
| <b>Барлық капитал мен міндеттемелер</b>                                     | <b>821.658.638</b>    | <b>2.861.609</b>             | <b>(1.157.077)</b> |          | <b>823.363.170</b> |



| Мың теңгемен  | Бастапқыда ұсынылғаны | «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» әділ құнын алдын ала бағалауды аяқтау (6-ескертпе) | Есеп саясатындағы өзгерістер | Қайта жіктеу     | Ескертпе        | Түзетілгені         |
|---|-----------------------|--|------------------------------|------------------|-----------------|---------------------|
| <b>2019 жылдың 31 желтосқанына аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп</b>                    |                       |  |                              |                  |                 |                     |
| Өткізудің өзіндік құны  | (292.479.664)         | (374.404)  | 277.138                      | –                | [1], [3]        | (292.576.930)       |
| <b>Жалпы пайда</b>  | <b>135.601.010</b>    | <b>(374.404)</b>   | <b>277.138</b>               | <b>–</b>         |                 | <b>135.503.744</b>  |
| <b>Өткізу бойынша шығыстар</b>  | <b>(12.770.588)</b>   | <b>772.682</b>   | <b>–</b>                     | <b>–</b>         | <b>[3]</b>      | <b>(11.997.906)</b> |
| Негізгі құралдардың істен шығуынан түсетін кіріс, нетто   | –                     | –  | –                            | 386.915          | [4]             | 386.915             |
| Өзге де операциялық кірістер  | –                     | –  | –                            | 3.442.931        | [4]             | 3.442.931           |
| Өзге де операциялық шығыстар  | –                     | –  | –                            | (310.298)        | [4]             | (310.298)           |
| <b>Операциялық пайда</b>  | <b>82.365.403</b>     | <b>398.278</b>   | <b>277.138</b>               | <b>3.519.548</b> |                 | <b>86.560.367</b>   |
| <b>Қаржылық шығыстар</b>  | <b>(42.484.296)</b>   | <b>–</b>   | <b>(416.641)</b>             | <b>–</b>         | <b>[1]</b>      | <b>(42.900.937)</b> |
| Валюталық баптарды қайта бағалаудан таза кірістер   | (1.269.021)           | (7.503)  | –                            | –                | [3]             | (1.276.524)         |
| Қауымдастырылған ұйымдарға бұрын тиесілі үлесті қайта бағалау кірісі  | 17.310.113            | (267.623)  | –                            | –                | [3]             | 17.042.490          |
| Негізгі құралдардың істен шығуынан түсетін кіріс, нетто   | 386.915               | –  | –                            | (386.915)        | [4]             | –                   |
| Өзге де кірістер  | 3.442.931             | –  | –                            | (3.442.931)      | [4]             | –                   |
| Өзге де шығыстар  | (310.298)             | –  | –                            | 310.298          | [4]             | –                   |
| <b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>   | <b>69.774.450</b>     | <b>123.152</b>   | <b>(139.503)</b>             | <b>–</b>         |                 | <b>69.758.099</b>   |
| <b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>  | <b>(9.429.152)</b>    | <b>(78.154)</b>  | <b>25.590</b>                | <b>–</b>         | <b>[1], [3]</b> | <b>(9.481.716)</b>  |
| <b>Табыс салығын шегергендегі бір жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс</b>   | <b>60.345.298</b>     | <b>44.998</b>  | <b>(113.913)</b>             | <b>–</b>         |                 | <b>60.276.383</b>   |
| <b>Бір акцияға шаққандағы пайда</b>   |                       |  |                              |                  |                 |                     |
| Базалық және бытыраңқы, бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға қатысты жыл үшін таза пайдаға қатысты, теңгемен | 5.192,83              | 4,09   | (8,02)                       | –                | [1], [3]        | 5.188,90            |

## 5. Салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу (жалғасы)

### Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

**ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитеті жойылатын немесе қайта жаңартылатын жалдау және онымен байланысты жалға алынған мүліктің ажырамас жетілдірулері бойынша шешімі (жалғасы)**

Шешімнің Топтың есеп саясатына әсері (жалғасы)

| Мың теңгемем   | Бастапқы ұсынылғаны | «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» әділ құнын алдын ала бағалауды аяқтау (6-ескертпе) | Есеп саясатындағы өзгерістер | Ескертпе | Түзетілгені        |
|--|---------------------|--|------------------------------|----------|--------------------|
| <b>2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп</b>             |                     |  |                              |          |                    |
| <b>Операциялық қызмет</b>  |                     |  |                              |          |                    |
| Есепті жыл үшін салық салғанға дейінгі пайда   | 69.774.450          | 123.152  | (139.503)                    | [1], [3] | 69.758.099         |
| <b>Мыналарға түзету:</b>   |                     |  |                              |          |                    |
| Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құралдар мен активтердің тозуына  | 73.481.369          | (18.438)   | 632.451                      | [1], [3] | 74.095.382         |
| Материалдық емес активтердің амортизациясына   | 21.470.527          | 392.842  | –                            | [3]      | 21.863.369         |
| Қаржылық шығыстар  | 42.484.296          | –  | 416.641                      | [1]      | 42.900.937         |
| Қауымдастырылған ұйымдарға ілгеріде тиесілі үлесті қайта бағалау кірісі  | (17.310.113)        | 267.623  | –                            | [3]      | (17.042.490)       |
| <b>Ақша қаражатының операциялық қызметтерден операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы</b> | <b>183.415.859</b>  | <b>765.179</b>   | <b>909.589</b>               |          | <b>185.090.627</b> |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс   | (12.242.827)        | –  | (811.877)                    |          | (13.054.704)       |
| <b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының келуі</b>  | <b>197.268.519</b>  | <b>765.179</b>   | <b>97.712</b>                |          | <b>198.131.410</b> |
| Төленген пайыздар  | (35.690.260)        | –  | (416.641)                    | [1]      | (36.106.901)       |
| <b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағыны</b>   | <b>141.121.959</b>  | <b>765.179</b>   | <b>(318.929)</b>             |          | <b>141.568.209</b> |
| <b>Қаржылық қызмет</b>   |                     |  |                              |          |                    |
| Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу  | (11.332.544)        | –  | (446.250)                    | [1]      | (11.778.794)       |
| <b>Қаржылық қызметтен алынған таза ақша ағыны</b>  | <b>138.556.943</b>  | <b>–</b>   | <b>(446.250)</b>             |          | <b>138.110.693</b> |
| <b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза өзгерісі</b>   | <b>26.287.286</b>   | <b>765.179</b>   | <b>(765.179)</b>             |          | <b>26.287.286</b>  |

[1] Топ ҚЕХС (IFRIC) Интерпретация комитетінің мерзімінен бұрын өтеу құқығымен немесе жаңартылатын құқығымен және онымен байланысты, мерзімінен бұрын қтеу құқығынсыз, жалға алынатын мүліктің жақсартуларымен жалдау шарттары бойынша шешімді бекітті және ҚЕХС (IAS) 8 талаптарына сәйкес салыстырмалы қаржылық есептілікті түзетті.

[2] 2020 жылы «Кселл» АҚ еншілес ұйымы 2015–2018 жылдардағы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде 2015–2018 жылдар кезеңдері үшін табыс салығы бойынша қайта декларация ұсыну мақсатында табыс салығын есептеуді қайта қарады. Нәтижесінде «Кселл» АҚ 2015–2018 жылдардағы кезеңдерге қатысты табыс салығын есептеуде белгілі бір түзетулерді анықтады. Анықталған түзетулер негізінен фискалды құжаттарды алуға кешіктірумен және «Кселл» АҚ мен оның контр-

агенттері арасындағы ұзақ процестермен байланысты. Нәтижесінде гудвил 2.090.250 мың теңгеге азайды.

[3] 2020 жылдың маусым айында «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» сәйкестендірілген активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалау аяқталды; 2019 жылғы салыстырмалы ақпарат алдын ала бағалаудың түзетулерін көрсету үшін жаңартылды (6-ескертпе).

[4] Негізгі құралдардың істен шығарылуынан түскен кіріс, өзге кірістер мен шығыстар операциялық емес бөліктен жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің операциялық бөлігінің жеке жолдарына қайта жіктелді. Қайта жіктеу 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қабылданған көрсетілімге сәйкестендіру үшін жасалды.

## Ашып жазудағы қайта жіктеу (37-ескертпе «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім»)

| Мың теңгемен  | Бастапқы ұсынылғаны | Қайта жіктеу | Ескертпе | Түзетілгені        |
|---|---------------------|--------------|----------|--------------------|
| <b>Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім</b>      |                     |              |          |                    |
| <i>Мобильді байланыс</i>                            |                     |              |          |                    |
| Деректер беру бойынша қызметтер                     | 62.664.151          | 26.076.587   | [1]      | 88.740.738         |
| Сым арқылы және сымсыз телефон байланысы қызметтері | 116.592.951         | (26.076.587) | [1]      | 90.516.364         |
|   | <b>215.977.168</b>  | <b>–</b>     |          | <b>215.977.168</b> |

[1] Топ деректер беру бойынша топтамалық қызметтерді бөлуге және тірклеген және сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге көзқарасын өзгертті. Қайта жіктеу 2020 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Сатып алушылармен түсім туралы ақпаратты ашуда қабылданған көрсетіліміне сәйкестік үшін жүргізілді.

Салыстырмалы ақпараттың барлық сомалары сәйкесінше шоғырландырылған қаржылық есептілікке берілген ескертпелерде өзгертілді.

## 6. Бизнесті біріктіру

### 2019 жылы сатып алу

#### «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» сатып алу

2016 жылғы 29 ақпанда Топ Қазақстан Республикасында Tele2 және Altel брендiмен GSM және LTE стандартында мобильді телекоммуникациялық қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасындағы мобильдік оператор «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС жалғыз қатысушысы болып табылатын «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының акционерлік капиталының 51% және дауыс беру акцияларының 49,48% сатып алды. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» – биржада айналымда жоқ, жекеменшік ұйым. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» 2019 жылдың 28 маусымына дейін Топтың қауымдастырылған ұйымы болды (12-ескертпе).

Топ пен Tele2 арасындағы келісімге сәйкес Топ 2016 жылғы 29 ақпанда мәміле жасалған күннен үш жыл өткеннен кейін кез келген уақытта Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлестерінің 49% сатуды талап етуге сөзсіз құқығы болды («колл» опционы). Tele2-нің Топтан «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлестерінің 49% сатып алуды талап етуге симметриялы құқығы болды («пут» опционы).

2018 жылы желтоқсан айының соңында «Кселл» АҚ акцияларының 75% сатып алу бойынша мәміленің жабылуына байланысты 2018 жылдың 28 желтоқсанында Топ Tele2 А.В. «пут» опционын орындау туралы хабарлама алды.

2019 жылдың 1 наурызынан бастап Топқа Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» өз акцияларының 49% сатуға талап етуге құқық беретін «колл» опционын кез келген уақытта орындауы мүмкін еді. 2019 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша «колл» опционы да, «пут» опционы да Топқа «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» елеулі қызметін басқаруға құқық берген жоқ, себебі Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларын Tele2-ден 49% сатып алу мәмілесі жабылғаннан кейін 12 ай ішінде тәуелсіз компанияға сенімгерлік басқаруға беруге міндетті; оны таңдауды да Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті бекітуі қажет.

2019 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» басқаруға ие болған жоқ.

2019 жылы 23 мамырда Топ Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акционерлік капиталының қалған 49% және айналымдағы барлық акциялары бойынша дауыс беретін акцияларының 50,52% сатып алу бойынша мәміле жасады, сатып алу үдерісін 2019 жылы 28 маусымда аяқтады. Топ сатып алған қалған 49% үлесі үшін сыйлықақы 181.534.893 мың теңгені құрады, оған 101.118.483 мың теңге мөлшеріндегі төленген ақша қаражаты мен сатушы Tele2-ге сыйлықақы төлеу мақсаттарына «Мобайл Телеком-Сервис ЖШС берген 80.416.410 мың теңге мөлшеріндегі қарыз кіреді.

2019 жылы маусымда Топ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінен сенімгерлік басқару туралы келісімнің шарттарына мақұлдау алды және онда Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» бақылайды деп көрсетілген.

2016 жылы 25 ақпанда Топ 2024 жылғы 19 желтоқсанға дейінгі мерзімге 10.008.780 мың теңгеге дейінгі кредиттік лимитпен «Қазақстан Даму банкі» АҚ-дағы кредиттік желі бойынша «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйым міндеттемелері бойынша кепілдік ұсынды.

937.145 мың теңге мөлшерінде берілген кредиттік желі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйымдағы қалған акцияларды сатып алуға байланысты бизнесті біріктіру бойынша мәміле құнына қосылды.

Топтың «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қатысу үлесі бақылауды алу күніне дейінгі қатысу үлесі әдісін пайдаланумен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілді.

Сатып алу күніне «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мынадай түрде берілген:

## 6. Бизнесті біріктіру (жалғасы)

### 2019 жылғы сатып алу (жалғасы)

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» сатып алу (жалғасы)

| Мың теңгемен  | Бұрын көрсетілген әділ құнды алдын ала бағалау | Алдын ала бағалауды түзету | Ескертпе | Сатып алу кезінде танылған әділ құн |
|---|--|----------------------------|----------|-------------------------------------|
| <b>Активтер</b>   |  |                            |          |                                     |
| Негізгі құралдар  | 99.771.598                                     | 787.921                    | [А]      | 100.559.519                         |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер   | 26.457.939                                     | –                          |          | 26.457.939                          |
| Материалдық емес активтер   | 112.272.032                                    | 8.166.494                  | [Б]      | 120.438.526                         |
| Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар                                | 2.061.017                                      | –                          |          | 2.061.017                           |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары   | 5.391.581                                      | –                          |          | 5.391.581                           |
| Өзге де айналымнан тыс активтер   | 77.640   | –                          |          | 77.640                              |
| Сауда дебиторлық берешек  | 14.921.849                                     | –                          |          | 14.921.849                          |
| Тауар-материалдық қор   | 909.245  | –                          |          | 909.245                             |
| Аванстық төлемдер   | 2.439.609                                      | –                          |          | 2.439.609                           |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем                            | 614.125  | –                          |          | 614.125                             |
| Өзге де қаржылық емес активтер  | 2.023.828                                      | –                          |          | 2.023.828                           |
| Өзге де айналымдағы қаржылық активтер   | 887.739  | –                          |          | 887.739                             |
| <b>Барлық активтер</b>  | <b>267.828.202</b>                             | <b>8.954.415</b>           |          | <b>276.782.617</b>                  |
| <b>Міндеттемелер</b>  |  |                            |          |                                     |
| Сауда кредиторлық берешек   | (27.070.515)                                   | –                          |          | (27.070.515)                        |
| Қарыз   | (8.799.548)                                    | –                          |          | (8.799.548)                         |
| Жалдау бойынша міндеттемелер  | (26.913.327)                                   | –                          |          | (26.913.327)                        |
| Шарттар бойынша міндеттемелер   | (8.094.854)                                    | –                          |          | (8.094.854)                         |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері                                      | (9.058.099)                                    | (1.081.398)                | [Г]      | (10.139.497)                        |
| Активтерді тарату бойынша міндеттемелер                                       | (4.826.230)                                    | –                          |          | (4.826.230)                         |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер                                  | –  | (1.861.290)                | [В]      | (1.861.290)                         |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер                                 | (2.460.538)                                    | (2.087.140)                | [В]      | (4.547.678)                         |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер                            | (1.193.897)                                    | –                          |          | (1.193.897)                         |
| <b>Барлық міндеттеме</b>  | <b>(88.417.008)</b>                            | <b>(5.029.828)</b>         |          | <b>(93.446.836)</b>                 |
| <b>Әділ құны бойынша сәйкестендірілетін таза активтер</b>                     | <b>179.411.194</b>                             | <b>3.924.587</b>           |          | <b>183.335.781</b>                  |
| 2019 жылы 28 маусымда сатып алынған қатысу үлесінің 49% үшін берілген сыйақы* | 181.534.893                                    | –                          |          | 181.534.893                         |
| Сатып алу күніне қатысу үлесінің бастапқы 51% пайызының әділ құны             | 99.211.623                                     | (267.623)                  |          | 98.944.000                          |
|   | <b>280.746.516</b>                             | <b>(267.623)</b>           |          | <b>280.478.893</b>                  |
| Сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілген активтердің әділ құны        | 179.411.194                                    | 3.924.587                  |          | 183.335.781                         |
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берген кепілдік                                   | 937.145  | –                          |          | 937.145                             |
| <b>Гудвил</b>   | <b>100.398.177</b>                             | <b>(4.192.210)</b>         |          | <b>96.205.967</b>                   |
| <b>Сатып алу кезінде ақша ағынын талдау</b>                                   |  |                            |          |                                     |
| Еншілес ұйымда сатып алынған ақша қаражатының таза сомасы                     | 5.391.581                                      | –                          |          | 5.391.581                           |
| Берілген сыйақы*  | (181.534.893)                                  | –                          |          | (181.534.893)                       |
| <b>Ақша қаражатының таза жылыстауы</b>  | <b>(176.143.312)</b>                           | <b>–</b>                   |          | <b>(176.143.312)</b>                |

\* Топ сатып алған 49% қатысу үлесі үшін берілген сыйақы 181.534.893 мың теңгені құрады. Оған 101.118.483 мың теңге мөлшерінде төленген ақша қаражаты және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС 80.416.410 мың теңге мөлшерінде ұсынған қарыз кіреді.

2019 жылы 31 желтоқсанға шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған таза активтер олардың әділ құнын алдын ала бағалауға негізделеді, ал Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының меншігіндегі активтерге тәуелсіз бағалау жүргізеді. Бұл бағалау 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Басқарма төрағасы бекітуі сәтіне аяқталған жоқ.

2020 жылы маусымда бағалау аяқталды және сатып алу күніне әділ құн мынадай баптар бойынша өзгерді:

[А] Негізгі құралдар: 100.559.519 мың теңге. Ғимараттар мен құрылыстар және жабдықтың әділ құны ұлғаюы нәтижесінде алдын ала бағалаудың 787.921 мың теңгеге ұлғаюы;

[Б] Материалдық емес активтер: 120.438.526 мың теңге. Tele2 мен Altel сауда таңбаларының әділ құны мен абоненттік базаның ұлғаюы нәтижесінде алдын ала бағалаудың 8.166.494 мың теңгеге ұлғаюы;

[В] Өзге де қаржылық міндеттемелер: 6.408.968 мың теңге. Сауда таңбасын пайдалану үшін роялти төлеу бойынша міндеттемелерді тану нәтижесінде алдын ала бағалаудың 3.948.430 мың теңгеге ұлғаюы;

[Г] Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері 10.139.497 мың теңге. Алдын ала бағалаудың 1.081.398 мың теңгеге ұлғаюы.

2019 жылғы салыстырмалы ақпарат алдын ала бағалаудың түзетулерін көрсету үшін жаңартылды. Нәтижесінде гудвил 4.192.210 мың теңгеге азайды және сатып алу сәтінде 96.205.967 мың теңгені құрады. Қауымдастырылған ұйымдағы бұрын сатып алынған үлесті қайта бағалау кірісі 267.623 мың теңгеге азайды және 17.042.490 мың теңгені құрады. Негізгі құралдардың және материалдық емес активтер сомасының ұлғаюы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар сомасының азаюы бойынша түзетулер сатып алу күнінен бастап 2019 жылдың 31 желтоқсаны аралығында сәйкесінше 374.403 мың теңгеге және 74.881 мың теңгеге жүргізілді. Топ сатып алу сәтінде сауда таңбасын пайдалану үшін міндеттемелерді танумен байланысты 153.036 мың теңге мөлшерінде тиісті кейінге қалдырылған салық әсерімен 2019 жылдың екінші жартыжылдығы үшін роялти бойынша шығыстар сомасын өзгертті.

Материалдық емес активтердің құрамдастары лицензиялар, тауар белгілері, бағдарламалық жасақтама және абоненттік база болып табылады.

Сатып алу күніне сауда дебиторлық берешектің әділ құны 14.921.849 мың теңгені құрады. Сауда дебиторлық берешектің баланстық құны 14.921.849 мың теңгені құрайды және шарттық сомалар толық көлемде өндіріліп алынуы мүмкін деп күтіледі.

Сатып алу күніне сауда таңбасын пайдалану үшін роялти төлеу бойынша міндеттемелердің әділ құны 3.948.430 мың теңгені құрады, бұл Tele2 тауар таңбасын пайдалану үшін Топтың міндеттемесін көрсетті. 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойына Топ шарт бойынша бірінші төлемді 2.087.140 мың теңге сомаға жүргізді (29, 33-ескертпелер).

Топ сатып алу күніне қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құнды пайдаланумен сатып алынған жалдау бойынша міндеттемелерді бағалады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер нарық талаптарымен салыстырғанда жалдаудың оң шарттарын көрсету үшін түзетілген жалдау бойынша міндеттемелерге тең сомада бағаланды.

1.167.150 мың теңге сомасындағы мәміле бойынша шығындар жалпы және өкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері негізінен салық салу мақсаттары үшін негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің жылдам амортизациясынан салық әсеріне байланысты.

96.205.967 мың теңгеге тең гудвил сомасына сатып алудың күтілетін синергетикалық әсерінің құны кіреді. Барлық гудвил сомасы мобильді телекоммуникациялық байланыс сегментіне жатқызылды. Танылған гудвил салық салу мақсаттары үшін толық көлемде де, ішінара да шегерілуге жатпайды деп күтілуде.

2019 жылы Топ қатысу үлесі әдсімен есепке алынатын, қауымдастырылған ұйымға қатысудың қолданыстағы үлесін қайта бағалаудан түскен кірісті таныды, ол үлестік қатысу әдісі бойынша анықталды және бақылауды алу күніне 98.944.000 мың теңгені құрайтын оның әділ құнына дейін 81.901.510 мың теңгені құрады.

Сатып алу күнінен бастап «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының Топ түсіміне үлесі 75.553.128 мың теңгені құрады, салық салғанға дейінгі Топ пайдасына қосқан үлесі – 13.211.745 мың теңге. Егер бірігу жыл басында жүзеге асса, Топтың түсімі 468.651.157 мың теңгені, ал салық салғанға дейінгі пайда 80.653.198 мың теңгені құраған болар еді.

## 7. Шоғырландыру

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес ұйымдар қосылды:

|   | Тіркелген ел | Қатыс үлесі                |                            |
|---|--------------|----------------------------|----------------------------|
|   |              | 2020 жылғы<br>31 желтоқсан | 2019 жылғы<br>31 желтоқсан |
| Хан Тенгри Холдинг Б.В.   | Нидерланды   | 100,00%                    | 100,00%                    |
| «КТ-АЙИКС» ЖШҚ  | Ресей        | 100,00%                    | 100,00%                    |
| «КТ Cloud Lab» ЖШС  | Қазақстан    | 100,00%                    | 100,00%                    |
| «Востоктелеком» ЖШС   | Қазақстан    | 100,00%                    | 100,00%                    |
| Цифрлық экономиканы дамыту орталығы ЖШС<br>(бұрынғы –«Info-Net Wireless» ЖШС) | Қазақстан    | 100,00%                    | 100,00%                    |
| «Нурсат+» ЖШС   | Қазақстан    | 100,00%                    | 100,00%                    |
| «Кселл» АҚ  | Қазақстан    | 75,00%                     | 75,00%                     |

2019 жылы 28 маусымда Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясын бақылауға ие болды, ол бұған дейін 6-ескертпеде жазылғандай, Топтың қауымдастырылған ұйымы болған.

## 8. Ішінара меншіктегі елеулі еншілес ұйымдар

### «Кселл» АҚ

Төменде «Кселл» АҚ еншілес ұйымы туралы қаржылық ақпарат берілген, онда елеулі бақыламайтын қатысу үлестері бар.

|            | Тіркелген ел | Бақыламайтын қатысу үлесі  |                            |
|------------|--------------|----------------------------|----------------------------|
|            |              | 2020 жылғы<br>31 желтоқсан | 2019 жылғы<br>31 желтоқсан |
| «Кселл» АҚ | Қазақстан    | 25,00%                     | 25,00%                     |

Төменде аталған еншілес ұйым бойынша жалпылама қаржылық ақпарат берілген, оған елеулі бақыламайтын қатысу үлестері тиесілі. Бұл ақпарат Топ ұйымдары арасындағы операцияларды алып тастағанға дейінгі сомаларға негізделген.

Сатып алу сәтінен бастап 2020 және 2019 жылдардағы «Кселл» АҚ-ның жиынтық кірісі туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

| Мың теңгемен   | 2020 жыл          | 2019 жыл          |
|--|-------------------|-------------------|
| Сатып алушылармен шарттар түсімі                                       | 174.683.563       | 156.656.861       |
| Өткізудің өзіндік құны   | (132.257.468)     | (122.052.416)     |
| Сот кінәрат-талаптары бойынша провизия құру шығыстары                  | (4.385.785)       | –                 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстары   | (10.426.147)      | (8.924.684)       |
| Қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдар                           | (1.547.115)       | (2.256.120)       |
| Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдар                      | (5.223.925)       | (1.844.104)       |
| Өткізу бойынша шығыстар  | (1.964.949)       | (2.887.221)       |
| Салық және онымен байланысты айыппұлдар мен өсімақыларға түзетпе жасау | 683.901           | 5.816.045         |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар  | (11.749.583)      | (11.894.471)      |
| Қаржыландырудан кіріс  | 2.300.398         | 1.415.357         |
| Валюталық баптарды қайта бағалаудан таза кірістер (шығыстар)           | 986.942           | (91.454)          |
| Өзге де кірістер   | 807.545           | 317.052           |
| Өзге де шығыстар   | (410.009)         | (84.469)          |
| <b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>                                    | <b>11.497.368</b> | <b>14.170.376</b> |
| Табыс салығы бойынша шығыс   | (4.418.647)       | (1.237.342)       |
| <b>Есепті жылдағы пайда</b>  | <b>7.078.721</b>  | <b>12.933.034</b> |



| Мың теңгемен   | 2020 жыл         | 2019 жыл  |
|--|------------------|-----------|
| Бас компанияның меншік иелеріне келеді                         | <b>5.309.051</b> | 9.699.775 |
| Бақыламайтын қатысу үлестеріне келеді                          | <b>1.769.670</b> | 3.233.259 |
| Есеп саясатындағы өзгеріс                                      | –                | (171.503) |
| Бақыламайтын қатысу үлестерінің пайдасына төленген дивидендтер | <b>2.250.000</b> | 1.493.000 |

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Кселл» АҚ қаржылық жағдайы туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

| Мың теңгемен                   | 2020 жыл            | 2019 жыл     |
|--------------------------------|---------------------|--------------|
| Айналымнан тыс активтер        | <b>218.992.458</b>  | 237,093,834  |
| Айналымдағы активтер           | <b>73.253.134</b>   | 46.371.130   |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер    | <b>(88.909.214)</b> | (99,732,744) |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер   | <b>(60.700.371)</b> | (39.174.894) |
| <b>Барлық меншікті капитал</b> | <b>142.636.007</b>  | 144,557,326  |

| Мыналарға тиесілі:             | 2020 жыл           | 2019 жыл    |
|--------------------------------|--------------------|-------------|
| Бас компанияның иелеріне       | <b>106.977.005</b> | 108.417.994 |
| Бақыламайтын қатысу үлестеріне | <b>35.659.002</b>  | 36.139.332  |

Сатып алу күнінен бастап 2020 және 2019 жылдардағы «Кселл» АҚ ақша қаражатының қозғалысы туралы жалпылама шоғырландырылған есеп:

| Мың теңгемен  | 2020 жыл            | 2019 жыл     |
|---|---------------------|--------------|
| Операциялық қызмет  | <b>52.259.104</b>   | 35.061.346   |
| Инвестициялық қызмет  | <b>(36.621.393)</b> | (18.182.552) |
| Қаржылық қызмет   | <b>(1.887.190)</b>  | (14.032.498) |
Жекелеген активтер мен міндеттемелердің бағасына қатысты болашақтағы ықтимал ықпал қазіргі уақытта талдануда. Топ пайдаға әлеуетті ықпалды жеңілдету үшін шығындарды қысқарту бойынша шаралар енгізді.

Әділ құны бойынша бағаланбайтын Топтың қаржылық активтері бойынша болжалды кредиттік залалдарды тану COVID-19 пандемиясының ықпалын ескереді. Контрагенттердің рейтингісі бар, рейтинг агенттіктері жариялаған қаржылық активтер бойынша болжалды кредиттік залалдарды есептеу үшін Топ пандемияның салдарын көрсететін ақпаратты пайдаланды. Тұтас алғанда, басқа қаржылық активтер үшін COVID-19 пандемиясының күтілетін салдары қадағаланатын деректердің негізінде дефолт ықтималдығының өзгерістерін анықтау жолымен күтілетін кредиттік залалдардың есебіне қосылды. Топ мәнді нәтиже анықтамады.

Топ 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның ұзақ мерзімді қаржылық емес активтерінің құнсыздану белгілері болмады деп есептейді. COVID-19 тарау ұзақтығы мен еліміз қабылдайтын қарсы әрекет ету шараларын ескере отырып, нарықтық тенденциялар мен экономикалық жағдайларға қатысты белгісіздік тұрақты болып қалатындықтан, кез келген болашақтағы кезеңдердегі нақты нәтижелер бағалаудан елеулі ерекшеленуі мүмкін. Топ ахуалды одан әрі мұқият қадағалауды жалғастыратын болады.

желісін салумен байланысты ҚҚС қоса алғанда, жалпы сомасы 33.543.751 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 38.186.280 мың теңге) шарт міндеттемелері болды.

### Лицензиялық міндеттемелер

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензияның талаптарына сәйкес Топтың өз желісін қамту аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелері бар. Топ Қазақстан Республикасының негізгі магистральдар

бойымен өтетін аудандарды, шағын қалалар мен қалалық типтегі кенттерді қамти отырып, мобильді желінің қамту аймағын кеңейтуге міндетті. Топ басшылығы Топ лицензия талаптарын сақтайды деп есептейді.



## Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және түрлі түсіндірулерге жол береді. Мұнымен бірге басшылық Халықаралық электр байланысы одағына кіретін бейрезиденттермен Топ жұмыс істейтін және белгілі салықтық босатуды беретін халықаралық шарттар ұлттық салық заңнамасы алдында басымдылыққа ие деп есептейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір қайшылығы жиі кездесетін жағдай. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзудың айыппұлы мен өсімақысының қолданыстағы тәртібі қаталдықпен ерекшеленді. Айыппұл мөлшері есептелген салық сомасының 50%-ден 80%-ға дейінгі көлемін құрайды, ал өсімақы Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген, 1,25-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде есептелінеді. Осының нәтижесінде айыппұл мен өсімақының сомасы есептелген салық сомасынан бірнеше рет жоғары болуы мүмкін. Салық тексерулері тікелей тексеру жылы алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамти алады.

Қазақстандық салық жүйесімен байланысты екіұштылықтың себебінен есептелген салықтың, өсімақы мен айыппұл мен пайыздардың қорытынды сомасы, егер мұндайлар бар болса, осы күнге жұмсалған және 2020 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте басқа түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Басшылықтың пікірінше, 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері дұрыс талданып берілген және Топтың салық ұстанымдары расталатынына ықтималдық бар.

### *2012 жыл – 2015 жылдың 3-тоқсаны үшін салық тексеруі*

2017 жылғы шілдеде салық органы 2012 жыл – 2015 жылдың 3-тоқсаны үшін «Кселл» АҚ бойынша кешенді салық тексеруін аяқтады. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша 9.008.002 мың теңге мөлшеріндегі салық және өсімақы толық есептелді, оның 5.789.678 мың теңгесі – салық және 3.218.324 мың теңгесі – өсімақы. «Кселл» АҚ ішінара сұрақтар бойынша салық органының талаптарымен келіспеді, сондықтан сотқа жүгінді.

2018 жылғы қаңтарда «Кселл» АҚ алғашқы инстанция сотында салық органының хабарламасына шағым түсірді, сот «Кселл» АҚ талаптарын қанағаттандырудан бас тартты. 2018 жылғы маусымда апелляциялық инстанция соты

## Техникалық регламенттің жаңа талаптары

*«Жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды қамтамасыз ету бойынша телекоммуникациялық жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы»* Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №91 бұйрығы 2017 жылғы 7 ақпанда жарияланып, 2018 жылғы 8 ақпанда күшіне енді. Жаңа регламентке сәйкес телекоммуникациялық жабдыққа жедел-ізвестіру шараларын өткізу, абоненттер туралы

апелляциялық шағымды қарап, «Кселл» АҚ пайдасына шешілмеген алғашқы инстанция соты шешімін күшінде қалдырды. Сот шешімі заңды күшіне енгеніне қарамастан, «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында көрсетілген сот актілеріне шағым түсіру құқығын сақтады. 2018 жылғы 5 қарашада «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының кассациялық инстанциясына өтінішхат түсірді. 2018 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өтінішхатты кері қайтарды.

2019 жылғы ақпанда «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына апелляция берді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 23 шілдедегі шешімі негізінде «Кселл» АҚ апелляциясы ішінара қанағаттандырылды. Атап айтқанда, алғашқы инстанция сотының шешімі мынадай істер бөлігінде кері қайтарылды:

- 2.196.555 мың теңге мөлшеріндегі резидент емес заңды тұлғаларға көрсетілген қызметтер бойынша төлем көзінен төленетін қосымша есептелген салық;
- 779.916 мың теңге мөлшеріндегі резидент емес заңды тұлғаларға ұсынылған бағдарламалық жасақтамаға қашықтан техникалық күтім жасау қызметтеріне қосымша есептелген ҚҚС;
- осы салықтармен байланысты 2.839.574 мың теңге мөлшеріндегі айыппұл және өсімпұл.

«Кселл» АҚ 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте салықты түзетуден кірісті және онымен байланысты жалпы сомасы 5.816.045 мың теңге айыппұл және өсімпұлды таныды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Кселл» АҚ салық және салық міндеттемелері бойынша талап қою мерзімінің өтіп кетуіне байланысты танылған 683.901 мың теңге мөлшеріндегі тиісті айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша резервті қалпына келтіруден кірісті таныды.

## Салық тәуекелдерін бағалау

2020 жылдың басында Топ өткен жылдары өзі таныған қосылған құн салығы және жеке табыс салығы бойынша салық тәуекелімен резервтерге қайта есептеу жүргізді. Нәтижесінде 2020 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін қосылған құн салығы және жеке табыс салығы бойынша резервті қалпына келтіруден кірісті, тиісінше, 256.782 мың теңге және 210.827 мың теңге мөлшерінде таныды.

ақпарат жинау және сақтау (бұдан әрі – ОРА) үшін техникалық мүмкіндіктерін кеңейтуден тұратын қосымша талап қойылады. Қазіргі уақытта Топ техникалық регламенттер талаптарын сақтау мақсатында «Кселл» АҚ желісінің телекоммуникациялық жабдығын жаңғырту үстінде.

## 51. Шарт және талап міндеттемелері (жалғасы)

### Басым жағдайын асыра пайдалануға қатысты іс

#### Кселл мобильді интернеті қызметтерін тарифтеу

2018 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) «Кселл» АҚ 2017 жылы басым жағдайын асыра пайдалануымен байланысты болжалды өкімшілік бұзушылық үшін өкімшілік іс қозғады. Сот салуы мүмкін әлеуетті айыппұл 2.000.000 мың теңгеге жуық.

Комитеттің пікірі бойынша «Кселл» АҚ қосылған интернет-трафик көлемі аяқталған соң немесе ай сайынғы абоненттік төлемді есептен шығармаған кезде Kcell бренді бойынша интернетке мобильді қатынау қызметіне түрлі тарифтер белгіленген. Комитет сонымен қатар «Кселл» АҚ-ға анықталған бұзушылықтарды жоюға және соның ішінде қосылған интернет-трафик көлемі аяқталған соң немесе ай сайынғы абоненттік төлемді есептен шығармаған кездегі Kcell бренді абоненттерінің шотынан 2017 алынған соманы қайтаруды міндеттейтін ұйғарым шығарды.

«Кселл» АҚ Комитет қаулысымен келіспейді. 2019 жылғы 3 шілдеде сотқа талап түсірді.

2019 жылғы 25 қазанда Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құқық бұзушылықтың болмауына байланысты өкімшілік іс жүргізуді тоқтатуға қаулы шығарды. Дей тұрғанмен Комитет қаулы жарияланғаннан кейін 180 күн ішінде талап түсіруге құқылы. 2020 жылғы 14 сәуірде Комитет кассациялық тәртіппен сот шешіне шағым түсірді. 2020 жылғы 14 сәуірде Комитет Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешіміне апелляция берді. 2020 жылғы 4 мамырда құқық бұзушылықтың болмауына байланысты Комитеттің апел-

#### Kcell Solution кедендік ісі

2018 жылы салық органдары КТС және ҚҚС бойынша «Кселл Солюшнз» ЖШС-ға (Kcell Solutions) қатысты салық тексеруін бастамаға алды. Аудит қорытындылары бойынша салық залалдарына жатқызылған салық және 2013–2017 жылдары Kcell Solutions енгізіп танылған ҚҚС, тиісінше, 427.245 мың теңге және 165.266 мың теңге жалпы сомаға азайтылды.

Kcell Solutions Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасында салық органының қорытындыларымен келіспеді. 2020 жылғы 29 қаңтарда Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасы Kcell Solutions апелляциясын қабыл алмады. Kcell Solutions

#### Кедендік тексеру

2019 жылғы 13 қыркүйекте Алматы Кедендік бақылау департаменті (КБД) 2014–2019 жылдар аралығындағы «Кселл» АҚ қызметіне қатысты кедендік аудитті бастау туралы бұйрық шығарды. КБД тауарлардың кедендік құнының дұрыс анықталмауымен және оның дұрыс жіктелмеуімен байланысты ықтимал бұзушылықтарға «Кселл» АҚ салық есептілігінің құжаттарын тексереді. 2019 жылғы 9 қазанда КБД «Кселл» АҚ қажетті құжаттарды дайындауына мүмкіндік беру үшін кедендік аудитті уақытша тоқтатты. 2020 жылғы 9 қыркүйекте «Кселл» АҚ КБД сұраған құжаттардың бар пакетін ұсынды, оларды қазіргі уақытта КБД аудиторлары тексеруде. Бұл кедендік аудит кедендік қағидалардың ықтимал бұзушылықтарымен, тауарлардың кедендік құнын дұрыс анықтамаумен

ляциясын қабылдамау туралы Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының шешімінен кейін өкімшілік іс жүргізу тоқтатылған. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының шешімі (ең жоғарғы өкілеттік деңгейіне ие орган ретінде) қайта қарауға жатпайтын соңғы шешім болып табылады.

#### Мобильді телефондар үшін тарифтік жоспарлардың биллингтік циклі

2019 жылғы 27 желтоқсанда «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінен (Комитет) хабарлама алды, онда «Кселл» АҚ мобильді телефондарға арналған қолданыстағы және ескірген тарифтік жоспарларды Мобильді байланыс қызметтерін ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкестікке келтіру, атап айтқанда «есептілік кезеңі» терминінің анықтамасынан шығатын күнтізбелік жылды әдепкілік бойынша биллинг циклі ретінде белгілеуі қажет. Комитеттің есептеуінше, «Кселл» АҚ тарифтік жоспарлардың біркүндік, апталық, жиырма сегіз күндік немесе отыз күндік биллингтік цикл белгілей отырып, Қазақстан Республикасы Іскери кодексінің 174.1-бабын бұзып отыр. Сонымен қатар Комитет биллингтік циклді қысқартуды тұтынушылар құқығын бұза отырып, басым жағдайын асыра пайдалану ықтималдығы деп қарастырып отыр. 2020 жылғы 15 шілдеде «Кселл» АҚ Комитеттің тексеру жүргізу туралы өкімінің көшірмесін алды. Тексеру барысында «Кселл» АҚ Комитет сұраған тиісті деректер мен ақпаратты ұсынды. 2020 жылғы 7 қыркүйекте «Кселл» АҚ тексеру туралы есепті алды. Осы есепке сәйкес мобильді оператордың әрекеттерінде заңды бұзу болмады. «Кселл» АҚ қызмет фактісі бойынша тергеу жүргізу тоқтатылды.

қорытындымен келіспей, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына апелляция берді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 25 тамыздағы қаулысымен Kcell Solutions апелляциясы толықтай қанағаттандырылды, нәтижесінде, тиісінше, 427.245 мың теңге және 165.266 мың теңге сомаға бұрын ауыстырылған салық залалдары азайтылды және ҚҚС түсуі толықтай қалпына келтірілді. Тиісінше, Kcell Solutions ауыстырылған салық залалдарына және қалпына келтірілген ҚҚС бойынша басқа да пайдаға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін, тиісінше, 427.245 мың теңге және 107.846 мың теңге сомасында таныды.

байланысты және «Кселл» АҚ бұзушылықтары анықталған жағдайда өкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін және импортқа ҚҚС және төлем комиссиясын кешіктіруді қоса алғанда, тиісті кедендік алымдарды төлеуге міндетті болады. «Кселл» АҚ ықтималдықты және болуы мүмкін қосымша есептеулер сомасын, айыппұлдар мен өсімақыларды бағалай алмайды. 2020 жылғы 15 қазанда Кедендік бақылау департаменті «Кселл» АҚ кедендік тексеруді белгісіз мерзімге ауыстыру туралы хабарлама шығарды. «Кселл» АҚ экономикалық пайдадан тұратын ресурстардың жылыстау ықтималдығын жоғары деп бағалады және қосымша шығыстар, айыппұлдар мен өсімақылар бойынша резервті 701.004 мың теңге мөлшерінде таныды (35-ескерте).

## 5G қызметтері

Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің бұйрығына сәйкес Топ 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей 5G қызметтерін ұсынуды бастауға міндетті (егер 5G стандарты 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін

Халықаралық электр байланысы одағында және 3-ші буын әріптестік (3GPP) жобасында бекітілсе, онда 2021 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей).

## 52. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2021 жылғы 6 қаңтарда Топ «Альфа-Банк» АҚ-дан 2024 жылғы 5 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен жылдық 10,7% пайыздық мөлшерлеменен 12.000.000 мың теңге сомаға қарыз алды.

2021 жылғы 8 қаңтарда Топ «Еуразия даму банкі» АҚ-дан 12.000.000 мың теңге мөлшерінде алған қарызды жарым-жартылай өтеді.

2021 жылғы 27 қаңтарда Топ 2.979.637 мың теңге сомаға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің векселін қосымша сатып алды.

2021 жылғы 24 ақпанда Топ 2024 жылғы 22 ақпанға дейін өтеу мерзімімен жылдық 11,2% пайыздық мөлшерлеменен жалпы сомасы 7.000.000 мың теңгеге «Қазақстан Халық жинақтаушы банкі» АҚ-дан 2013 жылғы 24 қыркүйектегі кредиттік желі шеңберінде екі транш алды.

2021 жылғы 24 ақпанда Топ 20.364 мың теңге мөлшерінде купондық сыйақымен 3.000.000 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нотасын іске асырды.







# КОСЫМ ШАУЯР

|  |     |
|--|-----|
| Байланыс ақпараты.....                                   | 256 |
| Глоссарий.....   | 256 |
| Есеп туралы.....   | 258 |
| GRI индексі.....   | 259 |
| Қызығушылық туындайтын мәмілелер туралы<br>ақпарат ..... | 262 |

---

*Тұрғындарды пандемия кезінде қолдау мақсатында «Қазақтелеком» АҚ ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, қазақстандық шоу-бизнес жұлдыздарының қатысуымен «Карантиндегі жұлдыз» жобасы аясында онлайн-концерттер сериясын өткізді. Онлайн-концерттер тегін және әрбір интернет пайдаланушысына қолжетімді болды. Жоба «Қазақтелеком» АҚ YouTube арнасында 20 млн астам көрілім жинады.*



# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## «Казактелеком» акционерлік қоғамы

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы,

Заңды мекенжайы: Есіл ауданы, Сауран к-сі, 12-үй

Байланысу орталығы: 160

Кеңсе:

Нұр-Сұлтан қ.: 8(717) 259 16 00, 258 08 39;

Алматы қ.: 8(727) 258 72 19, 258 72 15.

Электрондық мекенжайы: telecom@telecom.kz

## Орын алған немесе болжалды ұрлық, алаяқтық және сыбайлас

жемқорлық мәселелері бойынша: 8 (800) 080 19 94, sk.hotline@deloitte.kz

www.sk.deloitte-hotline.com

## Сатып алу мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштерді

жинау бойынша тікелей желі: 8(727) 226 82 61

Инвесторлармен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша: +7 (7272) 581 175

БАҚ-мен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша: +7 (7172) 59 15 04

Кадрлық мәселелері бойынша: +7 (7272) 64 50 21

Сатып алу порталын техникалық қолдау: +7 (7172) 55 2266

support2@skc.kz

## КЕРІ БАЙЛАНЫС

Біз үшін сіздің пікіріңіз өте маңызды.

Егер сіз тұрақты даму бойынша серіктестік үшін немесе есепке қатысты

жаңа идея немесе жаңа мүмкіндіктерді

ұсынғыңыз келсе, бізбен хабарласуыңызды өтінеміз:

### Асия Жайляубаева

Корпоративтік басқару қызметі

Email: assiya.zhailyaubayeva@telecom.kz

Тел: +7 717 259 14 14

### Айым Әблекенова

Корпоративтік басқару қызметі

Email: aiym.ablekenova@telecom.kz

Тел: +7 717 58 71 54

# ГЛОССАРИЙ

**3G** (third generation) – үшінші буындағы мобильді байланыс технологиялары – интернет желісіне жоғары жылдамдықты мобильді қатынау қызметімен, сондай-ақ деректер беру арнасын құратын радиобайланыс технологиясын біріктіретін қызметтер жиынтығы.

**4G** (fourth generation) – талаптары жоғары мобильді байланыс буыны. Әдетте төртінші буынға қозғалатын абоненттерге жылдамдығы 100 Мбит/с-тен асатын және стационарлық абоненттерге 1 Гбит/с-тен асатын жылдамдықпен деректер таратуға мүмкіндік беретін перспективалы технологиялар жатқызылады.

**5G** (fifth generation) – бесінші буындағы жоғары жылдамдықты сымсыз интернет технологиясы, ол деректерді қабылдау/беру жылдамдығының ұлғаюуы және диапозонның кеңеюі есебінен деректер мен байланыс қызметіне қолжетімділікті және неғұрлым тиімді байланысты қамтамасыз етеді.

**ADSL** (Asymmetric Digital Subscriber Line) – асимметриялық цифрлық абоненттік желі – кіріс және шығыс трафик арасында арнаның қолжетімді өткізу жолағы асимметриялық түрде бөлінген модемдік технология.

**AMPS** (Advanced Mobile Phone Service) – бірінші буын желілеріне жататын ұялы байланыстың аналогтық стандарты.

**API** (Application programming interface) – бір компьютерлік бағдарлама басқа бағдарламамен өзара әрекеттесе алатын тәсілдердің сипаттамасы.

**ARPU** (Average Revenue Per User) – бір абонентке шаққандағы орташа айлық түсім.

**B2B** (ағылш. Business-to-Business) – заңды тұлғалар арасындағы коммерциялық қарым-қатынасты білдіретін термин.



**B2C** (ағылш. Business-toConsumer) – заңды тұлға мен тұтынушы арасындағы коммерциялық қарым-қатынасты білдіретін термин.

**B2G** (ағылш. Business-toGovernment) – заңды тұлға мен мемлекет арасындағы коммерциялық қарым-қатынасты білдіретін термин.

**B2O** (ағылш. Business-toOperators) – заңды тұлға мен байланыс операторлары арасындағы коммерциялық қарым-қатынасты білдіретін термин.

**Big Data** – үлкен көлемді деректерді өңдеу.

**Blockchain** – ақпарат қамтылған блоктардың белгілі ережелер бойынша құрылған үздіксіз бірізді тізбегі. Көбіне блок тізбектерінің көшірмелері көптеген түрлі компьютерлерде бір-біріне тәуелсіз сақталады.

**BSS** (base station subsystem) – базалық стансылардың қосалқы жүйесі – абоненттің мобильді терминалы мен желі және коммутация қосалқы жүйесі арасында дауыстық және сигналдық трафикті таратылуы үшін жауапты жылжымалы радиотелефон байланысы жүйесінің негізгі элементтерінің бірі, GSM core network.

**CDMA** (Code Division Multiple Access) – кодты бөлініспен көптік қатынау, цифрлық ұялы байланыс (сымсыз) желісі. CDMA сымсыз байланыс жабдығын халықаралық байланысты стандарттау ұйымы үшінші буын желілерін салуда ең перспективалы деп ұсынған.

**Cost Per Action (CPA)** – әрекет үшін төлем – интернет-жарнама үлгісі, онда жарнама беруші өз пайдаланушысының оның сайтында жасаған амалдары үшін ақша төлейді.

**DWDM** (Dense Wave Division Multiplexing) – тығыз толқынды мультиплекстеу технологиясы, мультисервистік және мобильді желілердің тірек инфрақұрылымы үшін неғұрлым сенімді технология болып табылады, желінің өткізу қабілетінің күрт жоғарылауын қамтамасыз етеді және түбегейлі жаңа байланыс қызметінің кең жиынтығын ұсынады.

**EDGE** (Enhanced Data rates for GSM Evolution) – 2G және 2.5G (GPRS)-желілері үстінде қондырма ретінде жұмыс істейтін мобильді байланыс үшін сымсыз дерек таратудың цифрлық технологиясы.

**ESG факторы** (Environmental, Social, Governance) – қоршаған орта факторлары, әлеуметтік факторлар және басқару факторлары.

**EVDO** (Evolution Data Optimized) – CDMA стандартындағы ұялы байланыс желілерінде қолданылатын жоғары жылдамдықпен дерек тарату технологиясы.

**Firewall** – компьютерлік желілер немесе хосттар арасында рұқсатсыз немесе жағымсыз хабарламаның алдын алуға арналған технологиялық кедергі.

**FMC** – One contact (fixed mobile convergence) – бекітілген және ұялы байланысты біріктіретін технология, кейін коммерциялық қолданысқа көшіріледі.

**FTTH** (Fiber to the Home) – үйге дейінгі оптикалық талшық (жеке үй мағынасында).

**FTTx** (fiber to the x) – оптикалық-талшықты қосу технологиясы.

**GRPS** – интернет желісіне қатынау үшін қолданылатын деректер беру технологиясы.

**GSM** – арналары уақыт және жиілік бойынша бөлінетін цифрлық мобильді ұялы байланыстың ғаламдық стандарты, жоғары қауіпсізділігімен ерекшеленеді және 2G типті желілерде жұмыс істейді. Негізгі мақсаты – қоңырау соғу және хабарламалармен алмасу.

**GPON** (Gigabit passive optical network) – гигабитті пассив оптикалық желілер.

**IaaS** (Infrastructure as a Service) – қызмет ретіндегі инфрақұрылым, мысалы, виртуалдық серверлер және виртуалдық желі; клиент кез келген бағдарламалық жасақтамалар мен қосымшаларды орната алады.

**IPTV** (Internet Protocol Television) – интернет протоколы бойынша телевидение, цифрлық көбілдік теледидар операторлары пайдаланатын IP протоколы бойынша деректер беру желісіндегі цифрлық телевидение технологиясы (стандарт), жаңа буын телевидениесі.

**IP-транзит** – BGP хаттамасы бойынша заманауи оптикалық деректер беру желісі арқылы интернет желісіне басқарылатын және жоғары жылдамдықты қатынау ұсыну қызметі. BGP – интернет желісінде қолданылатын автономды жүйелер арасында динамикалық маршруттау хаттамасы.

**IoT** (Internet of things) – бөлек объектілерге кіріктірілген құрылғыларға интернет арқылы (сымды немесе сымсыз) ақпарат жолдауға және алуға мүмкіндік беретін технологиялардың жалпы атауы.

**LoRa** (ағылш. Long Range) – бұл технология және осы аттас модуляция әдісі.

**LPWAN** – телеметрия, машинааралық өзара әрекеттесу және заттар интернеті бөлінген желілері үшін әзірленген шағын көлемді деректерді алыс қашықтықтарға таратудың сымсыз технологиясы.

**LTE** (Long-Term Evolution) – мобильді телефондар және деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдар үшін деректерді сымсыз жоғары жылдамдықта беру стандарты.

**M2M** (Machine-to-machine) – машинааралық өзара іс-қимыл (машина-машинааралық өзара іс-қимыл) – машиналарға бір-бірімен ақпарат алмасуға немесе біржақты тәртіппен ақпарат беруге мүмкіндік беретін технологиялардың ортақ атауы. Бұл датчиктерді немесе қандай да бір құрылғылардың параметрлерін мониторингілеудің сым арқылы және сымсыз жүйелері болуы мүмкін.

**NPS** (Net Promoter Score) – тұтынушылардың тауарға немесе компанияға берілгендігін анықтау индексі (ұсынуға дайын болу индексі), екінші қайтара тауар сатып алуға дайындықты бағалау үшін қолданылады. Клиенттің ниеттестігін өлшеудің негізгі индекстерінің бірі болып табылады.

**SaaS** (Software as a Service) – қызмет ретіндегі бағдарламалық жасақтама, мысалы, электрондық пошта немесе офистік қосымша; клиент қосымшаны, қосымшаның базалық теңшеулерін пайдаланады, провайдер басқарады.

**SDN/NFV** – бағдарламалық-конфигурацияланатын желі (Software – Defined Networks, SDN) және желілік функцияларды виртуалдау (Network Function Virtualization, NFV).

**VAS** (ағылш. Value-Added Services) – қосымша құны бар қызметтер.

**VoIP** (Voice over Internet Protocol) – немесе IP-телефония – бұл интернет арқылы дауысты байланыс.

**VPN** (Virtual Private Network – виртуалдық жеке желі) – басқа желі үстінен (мысалы, интернет) бір немесе бір-неше қосылысты (логикалық желіні) қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологиялардың жалпыланған атауы.

**VPS** (virtual private server) – виртуалдық бөлінген сервер, аталмыш виртуалдық бөлінген серверді жалға ұсыну қызметі.

**WAP** (Wireless Application Protocol) – сымсыз деректер беру протоколы. Протокол GSM желілері үшін арнайы құрылған, онда интернет желісімен шағын құрылғылар

байланысын орнату керек. WAP көмегімен мобильді құрылғыны пайдаланушы интернет желісінен кез келген цифрлық деректерді жүктеп алуына болады.

**АЕМ ТОВЖ** – ауылдық елді мекендердегі талшықты-оптикалық байланыс желілері.

**АКТ** – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

**КЖҚ** – кеңжолақты немесе жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділік – жалпы қолданыстағы модем немесе телефон желісін пайдалана отырып коммутацияланған қолжетімділікті пайдаланған кезде барынша мүмкін деңгейден асатын деректер беру жылдамдығымен интернетке қолжетімділік.

## 1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

«Қазақтелеком» АҚ-ның осы кешенді жылдық есебі (бұдан әрі – Жылдық есеп, Есеп) Компанияның 2020 жылғы қызметінің қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштері туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Компания ашықтық қағидатын ұстанып, барлық негізгі мүдделі тараптар үшін мәселелердің кең аясы бойынша ақпаратты тиімді ашуға тырысады.

Қаржылық көрсеткіштер тұрғысынан есеп «Қазақтелеком» АҚ Компаниялар тобын, қаржылық емес көрсеткіштер тұрғысынан – Орталық аппарат пен Компанияның 15 филиалын қамтиды.

Қаржылық ақпарат 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған ҚЕХС стандарттарына сәйкес шоғырландыру периметріне кіретін компаниялар тобы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде әзірленді.

Тұрақты даму саласындағы есептілік GRI стандарттарына сәйкес дайындалды (сәйкестік нұсқасы «негізгі»).

Есеп тиісті қызметін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін сипаттайды, есептілік циклы – жылдық.

«Қазақтелеком» АҚ жыл сайынғы қаржылық емес жария есептерін 2017 жылдан бастап шығарып келеді. Компанияның барлық есебі «Қазақтелеком» АҚ-ның ресми сайтында қолжетімді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша есеп 2020 жылғы 26 мамырда жарияланды.

Есепте ең өзекті тақырыптарды ашып көрсету үшін Компания ішкі және сыртқы ортаға шолу және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу негізінде GRI стандарттарында көрсетілген жекелеген көрсеткіштер мен тақырыптар бойынша тұрақты даму аспектілерінің маңыздылығына талдау жүргізді. Есепке арналған ақпарат маңыздылықты талдау нәтижелері ескеріле отырып, GRI талаптары бойынша корпоративтік есептілік жүйесі мен арнайы ақпараттық сауалдарды пайдалана отырып жиналды.

Жылдық есепті дайындау барысында «Қазақтелеком» GRI стандарттары белгілеген есептің мазмұнын анықтау қағидаларын басшылыққа алды:

- **Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл** – ақпаратты ашып көрсету барысында біз мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруге тырыстық.
- **Тұрақты даму мәнмәтіні** – Компания өз жұмысын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қамтитын сыртқы орта мәнмәтіні аясында белгілейді.
- **Маңыздылығы** – жылдық есепте басты назар Компанияның ішкі немесе сыртқы мүдделі тараптарымен неғұрлым маңызды деп танылған тақырыптарға бөлінді.
- **Толықтығы** – Компания тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптарды жан-жақты көрсетуге тырысады.

Есепті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекітті. Есеп сыртта куәландырылмаған.

## 2. GRI ИНДЕКСІ

| Көрсеткіш индексі   | Көрсеткіштің атауы  | Есеп/Түсініктеме бөлімі   |
|---|---|---|
| <b>GRI 101. Жалпы қағидалар мен тәсілдер</b>              |   |   |
| <b>GRI 102. Есептіліктің жалпы стандартты элементтері</b> |   |   |
| <i>Ұйымның бейіні</i>                                     |   |   |
| 102-1   | Ұйымның атауы   | Компания туралы   |
| 102-2   | Ұйымның қызметі, брендтері, өнімдері мен қызмет түрлері               | Бизнес-портфель   |
| 102-3   | Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері                                | Байланыс ақпараты   |
| 102-4   | Қызметті жүзеге асыру географиясы                                     | Компания туралы   |
| 102-5   | Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны                            | Компания туралы   |
| 102-6   | Ұйымның жұмыс істейтін нарықтары                                      | Компания туралы   |
| 102-7   | Ұйымның ауқымы  | Негізгі көрсеткіштер  |
| 102-8   | Жұмыскерлер және басқа жұмыскерлер туралы ақпарат                     | Персоналды басқару/Құрылымы мен саны  |
| 102-9   | Жеткізілімдер тізбегі   | Компания туралы   |
| 102-10  | Ұйымда немесе оның жеткізілімдер тізбегінде болған маңызды өзгерістер | Компания туралы   |
| 102-11  | Сақтық қағидасын қолдану  | Тұрақты даму/Тұрақты даму саласында тәуекелге бағдарланған тәсіл  |
| 102-12  | Сыртқы бастамалар   | Қауымдастықтарға мүшелік  |
| 102-13  | Қауымдастықтарға мүшелік  | Қауымдастықтарға мүшелік  |
| <i>Стратегия және талдау</i>                              |   |   |
| 102-14  | Шешім қабылдайтын ең үлкен лауазымды тұлғаның өтініші                 | Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі, Басқарма төрағасының үндеуі, бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі, 6-бет. |
| <i>Әдеп және адалдық</i>                                  |   |   |
| 102-16  | Құндылықтар, қағидалар, стандарттар және мінез-құлық нормалары        | Компания туралы/Құндылықтар   |
| <i>Корпоративтік басқару</i>                              |   |   |
| 102-18  | Корпоративтік басқару құрылымы  | Корпоративтік басқару құндылықтары/Корпоративтік басқару жүйесі   |
| <i>Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу</i>               |   |   |
| 102-40  | Мүдделі тараптар топтарының тізімі                                    | Тұрақты даму/Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу   |
| 102-41  | Ұжымдық шарт  | Персоналды басқару/Персоналға қатысты әлеуметтік саясат   |
| 102-42  | Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу қағидалары                    | Тұрақты даму/Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу   |
| 102-43  | Ұйымның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі                   | Тұрақты даму/Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу   |
| 102-44  | Негізгі тақырыптар және мүдделі тараптар көтерген қауіптенулер        | Тұрақты даму/Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу   |
| <i>Есептілік практикасы</i>                               |   |   |
| 102-45  | Есептілігі шоғырландырылған қаржы есептілігіне кірген заңды тұлғалар  | Есеп туралы   |
| 102-46  | Есептің мазмұнын және тақырып шектерін анықтау                        | Тұрақты даму/Маңыздылық талдауы, Есеп туралы  |
| 102-47  | Маңызды тақырыптар тізімі   | Тұрақты даму/Маңыздылық талдауы   |

| Көрсеткіш индексі                                | Көрсеткіштің атауы   | Есеп/Түсініктеме бөлімі                         |
|--|--|---|
| 102-48   | Бұрынғы есептерде жарияланған ақпараттағы өзгерістер   | Маңызды өзгерістер болған жоқ                   |
| 102-49   | Бұрынғы есептік кезеңдермен салыстырғанда тақырыптың қамтылуы мен шектерінің маңызды өзгерістері | Маңызды өзгерістер болған жоқ                   |
| 102-50   | Есепті кезең   | Есеп туралы                                     |
| 102-51   | Бұрынғы есептің жарияланған күні   | Есеп туралы                                     |
| 102-52   | Есептілік циклы  | Есеп туралы                                     |
| 102-53   | Осы есепке қатысты мәселелермен хабарласуға болатын байланыстағы тұлға                           | Байланыс ақпараты                               |
| 102-54   | GRI стандарттарына сәйкес есептілікті дайындау нұсқасы туралы өтініш                             | Есеп туралы                                     |
| 102-55   | GRI көрсеткіштерінің кестесі   | GRI индексі                                     |
| 102-56   | Сыртқы куәландыру  | Есеп туралы                                     |
| <b>GRI 103. Менеджмент тәсілдері</b>             |  |   |
| 103-1  | Материалдылық және шектер  | Тұрақты даму/Маңыздылық талдауы, Есеп туралы    |
| 103-2  | Менеджмент тәсілдері   | Тұрақты даму/Тұрақты даму саласындағы стратегия |
| 103-3  | Менеджментті бағалау   | Тұрақты даму/Тұрақты даму саласындағы стратегия |
| <b>МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР</b>                        |  |   |
| <b>Санат: Экономикалық</b>                       |  |   |
| <b>201 – Экономикалық нәтижелілік</b>            |  |   |
| 201-1  | Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн  | Қаржы есептілігі                                |
| <b>203 – Тікелей емес экономикалық әсер</b>      |  |   |
| 203-1  | Инфрақұрылымға инвестициялардың дамуы мен әсері және тегін қызметтер                             | Әлеуметтік маңызды инвестициялық жобалар        |
| <b>204 – Сатып алу тәжірибесі</b>                |  |   |
| 204-1  | Қызмет жүзеге асырылатын маңызды өңірлердегі жергілікті жеткізушілерге бөлінетін шығын үлесі     | Сатып алу тәжірибесі                            |
| <b>205 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл</b> |  |   |
| 205-1  | Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер бағаланған бөлімшелер                                | Комплаенс                                       |
| 205-2  | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабарлау және оларға үйрету      | Комплаенс                                       |
| 205-3  | Расталған сыбайлас жемқорлық жағдайлары және қолданылған шаралар                                 | Комплаенс                                       |
| <b>Санат: Экологиялық</b>                        |  |   |
| 103-1  | Материалдылық және шектер  | Тұрақты даму/Маңыздылық талдауы, Есеп туралы    |
| 103-2  | Менеджмент тәсілдері   | Қоршаған ортаны қорғау                          |
| 103-3  | Менеджментті бағалау   | Тұрақты даму/Тұрақты даму саласындағы стратегия |
| <b>302 – Энергия</b>                             |  |   |
| 302-1  | Ұйым ішінде энергия тұтыну   | Қоршаған ортаны қорғау /Энерго-тиімділік        |
| 302-4  | Энергия тұтынуды қысқарту  | Қоршаған ортаны қорғау /Энерго-тиімділік        |
| <b>304 – Биоалуантүрлілік</b>                    |  |   |
| 304-2  | Биоалуантүрлілікке елеулі ықпал  | Қоршаған ортаны қорғау/ Биоалуантүрлілік        |
| <b>303 – Су</b>                                  |  |   |

| Көрсеткіш индексі  | Көрсеткіштің атауы  | Есеп/Түсініктеме бөлімі                                  |
|--|---|--|
| 303-3  | Алынатын судың жалпы мөлшері  | Қоршаған ортаны қорғау/Су ресурстары                     |
| <b>307 – Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестік</b> |   |  |
| 307-1  | Табиғатты қорғау заңнамасы мен нормативтік талаптарды орындамау   | Қоршаған ортаны қорғау /Инвестициялар                    |
| <b>Санат: Әлеуметтік</b>   |   |  |
| <b>103 – Басқару тәсілдері</b>                                   |   |  |
| 103-1  | Материалдылық және шектер   | Тұрақты даму/Маңыздылық талдауы, Есеп туралы             |
| 103-2  | Менеджмент тәсілдері  | Персоналды басқару /Персоналды басқару тәсілдері         |
| 103-3  | Менеджментті бағалау  | Тұрақты даму/Тұрақты даму саласындағы стратегия          |
| <b>401- Жұмыспен қамтылу</b>                                     |   |  |
| 401-1  | Жаңадан қабылданған жұмыскерлер және кадрлардың тұрақтамауы   | Персоналды басқару/Құрылымы және саны                    |
| 401-3  | Бала күтімі бойынша демалыс   | Персоналды басқару /Персоналға қатысты әлеуметтік саясат |
| <b>402 – Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қатынасы</b>          |   |  |
| 402-1  | Ұйым қызметінде маңызды өзгерістерге қатысты хабарламаның ең қысқа мерзімі, сондай-ақ оның ұжымдық шартта белгіленуі          | Персоналды басқару /Персоналға қатысты әлеуметтік саясат |
| <b>403- Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік</b>           |   |  |
| 403-1  | Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі  | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-2  | Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеу   | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-3  | Денсаулықты қорғау қызметтері   | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-4  | Жұмыскерлердің қатысуы, еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша консультациялар және қарым-қатынас | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-5  | Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіби дайындық  | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-6  | Жұмыскерлердің денсаулығын жақсарту   | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-7  | Іскерлік қатынаспен тікелей байланысты еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық үшін салдарын жұмсарту және алдын алу                 | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-8  | Басқару жүйесінің еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер         | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| 403-9  | Өндірістік жарақаттар   | Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік               |
| <b>404 – Оқу және білім беру</b>                                 |   |  |
| 404-1  | Оқу сағаттарының орташа саны  | Персоналды басқару/Персоналды оқыту                      |
| 404-2  | Дағдыларды дамыту бағдарламалары және жұмыскерлерді бейімдеу бағдарламалары   | Персоналды басқару/Персоналды оқыту                      |
| 404-3  | Персоналды бағалау  | Персоналды басқару/Персоналды бағалау жүйесі             |
| <b>405 – Тең мүмкіндіктер</b>                                    |   |  |
| 405-1  | Басқарушы органдар мен жұмыскерлердің алуан түрлілігі   | Персоналды басқару/Құрылымы және саны                    |
| 405-2  | Әйелдер мен ерлер ақысының арақатынасы  | Персоналды басқару/Сыйақы                                |

## 3. ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУЫНДАЙТЫН МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы Басқарманың 2 шешімін мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына енгізді және Компания қызығушылық танытқан мәмілелерді жасауға қатысты Басқарманың 12 шешімі бекітілді, атап айтқанда:

1. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасу туралы» Басқарманың 2020.13.09 № 2/9 шешімі**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ және «Кселл» АҚ арасында 2020.19.02 № 32-08-ДУ-84693 сатып алу қызметін ұйымдастыру және сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету шарты жасалды.
2. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәмілені жасасу туралы» Басқарманың 2020.24.02 № 7/40 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «Кселл» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ арасында 2020.01.04 № 90/21-112-24-ДУ талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарына техникалық күтім жасау шартына қол қойылды.
3. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле – 2012.14.12 № 743/12-ДО/1171-03-ДСД бірлескен қызмет туралы шартқа № 10 қосымша келісімді жасасу туралы» Басқарманың 2020.10.03 № 10/56 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен 2012.14.12 № 743/12-ДО/1171-03-ДСД бірлескен қызмет туралы шартқа № 10 қосымша келісім жасалды.
4. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәмілені жасасу туралы» Басқарманың 2020.30.03 № 14/72 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында 2020.07.04 № 51-08-ДУ Сатып алу қызметін ұйымдастыру және сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету шарты жасалды.
5. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасу туралы» Басқарманың 2020.13.04 № 16/85 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «Qazcloud» ЖШС-мен жасалған 2018.06.08 № 523-24-ДЗ бірлескен қызмет туралы шартқа «QazCloud» ЖШС-мен № 2 қосымша келісім жасалды.
6. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасу туралы» Басқарманың 2020.20.04 № 17/92 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес төмендегі құжаттар жасалды:  
1) 2020.08.06 № 145/55-02-Т-2020 «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен тауар сатып алу туралы шарт;  
2) 2020.08.06 № 146/55-02-Т-2020 «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен қызмет көрсету шарты.
7. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле – «НҰРСАТ+» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы 2018.24.10 № 778-27-ДСД шартқа № 1 қосымша келісімді жасасу туралы» Басқарманың 2020.04.05 № 19/104 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «НҰРСАТ+» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында жасалған 2018.24.10 № 778-27-ДСД «НҰРСАТ+» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы шартқа № 1 қосымша келісім жасалды.
8. **«Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле – «НҰРСАТ+» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы 2017 жылғы 28 наурыздағы № 104-27-ДСД шартқа № 3 қосымша келісімді жасасу туралы» Басқарманың 2020.27.07 № 32/157 шешімі.**  
Басқарманың шешіміне сәйкес «НҰРСАТ+» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында жасалған 2017 жылғы 28 наурыздағы № 104-27-ДСД «НҰРСАТ+» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы шартқа № 3 қосымша келісім жасалды.



9. «Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле – «КТ-Телеком» ЖШС-ның жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шартын жасасу туралы Басқарманың 2020.17.08 № 35/172» шешімі. Мәселе «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік стандартының ережелеріне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ ИСК мәселені келісімдегеннен кейін белгіленген тәртіппен «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына жолданады.
10. «Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле-лерді жасасу туралы» Басқарманың 2020.24.08 № 36/179 шешімі. Басқарманың шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ және «Кселл» АҚ арасында төмендегілерге қол қойылды:
- 1) 2020 жылғы 27 қарашадағы № 204-15-СГ Қоғамның Банк алдындағы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның пайдасына «Кселл» АҚ кепілдік беруі талаптары көрсетілген кепілдік беру туралы келісім;
  - 2) Кепілгерді «Самұрық-Қазына» АҚ-дан «Кселл» АҚ-ға өзгерту себебінен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 1220-и «Самұрық-Қазына» АҚ және Банк арасында жасалған 2016 жылғы 25 ақпандағы № 30-ДГ-z/05 кепілдік шартының бұзылуына байланысты, Қоғам мен «Самұрық-Қазына» АҚ арасында 2016 жылғы 25 ақпандағы № 570-и/234-15-ДПГ кепілдік беру туралы шартты бұзу және шығындарын өтеу туралы келісім.
11. «Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле-лер – консультанттар, «Қазақтелеком» АҚ және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ арасында мандаттық хат пен шарт жасасу туралы» Басқарманың 2020.25.09 № 40/191 шешімі. Мәселе «Қазақтелеком» АҚ Басқармасымен бекітілді, шартқа қол қою үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның осы мәселе бойынша шешімі күтілуде.
12. «Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле-лерді жасасу туралы» Басқарманың 2020.19.10 № 44/213 шешімі. Басқарманың шешіміне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ арасында «Қазақтелеком» АҚ-ның купондық облигацияларын сатып алу бойынша мәміле жасалды. Облигациялар 2020 жылғы 10 желтоқсанда сатып алынды.
13. «Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле-лер – желіні бірлесіп пайдалану туралы шарттың жасалуын мақұлдау туралы» Басқарманың 2020.9.10 № 44/217 шешімі. Шешімге сәйкес мәселе «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырысына шығарылып қаралды, 2020.05.11 № 12 хаттама. Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2020 жылғы 13 қарашада «Қазақтелеком» АҚ, «Кселл» АҚ, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС, «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС және «КаР-Тел» ЖШС арасында желіні бірлесіп пайдалану туралы шарт жасалды.
14. «Қазақтелеком» АҚ жасалуына мүдделі мәміле-лер – «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС-мен жасалатын ақпараттық жүйені демеу және техникалық қолдау бойынша қызмет көрсету шартын жасасу туралы» Басқарманың 2020.19.10 № 47/238 шешімі. Шешімге сәйкес «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында 2020 жылға арналған 2020.10.11 № 239-23-ДЗУ шарт жасалды.



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

# БОЛА ШАҚТЫ ЖЕТКІЗЕ '20

БОЛАШАҚТЫ **ЖЕТКІЗЕ**  
**DELIVERING** THE FUTURE

Біріктірілген ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

---